

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ӘОЖ [339.924:334.726](574)

Қолжазба құқығында

ХОЙЧ АЙЖАН

**Қазақстан өндірісінің трансұлттануының әлеуметтік-экономикалық
салдары**

6D050600-Экономика

Философия докторы (PhD)

ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері
профессор, э.ғ.д.
Д.М.Мадиярова

PhD, профессор
Джоул Бруно

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2013

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР	3
КІРІСПЕ	4
1 ӨНДІРІСТІҢ ТРАНСҰЛТТАНУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Өндірістің трансұлттануының мәні мен теориялық негіздері	8
1.2 Өндірістің трансұлттануының даму тұжырымдамалары және әдістемелік негіздері	19
1.3 Трансұлттану үрдісінің әлеуметтік экономикалық салдарын бағалаудың әдістемелік тәсілдері	35
2 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАДА ӨНДІРІСТІҢ ТРАНСҰЛТТАНУ ҮРДІСІ МЕН КАПИТАЛДЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ	
2.1 Ұлттық өндірістің трансұлттануы мен капиталдың жаһандық қозғалысы және негізгі тенденциялары	46
2.2 Әлемдік трансұлттық компаниялар және оның әлеуметтік-экономикалық салдары	60
2.3 ҚР экономикасына шетелдік трансұлттық компаниялардың инвестициялау процесін талдау	71
3 ҚАЗАҚСТАНДА ӨНДІРІСТІҢ ТРАНСҰЛТТАНУЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ	
3.1 Қазақстандағы өндірістің трансұлттануы және оның әлеуметтік-экономикалық салдары	86
3.2 Қазақстанда өндірістің трансұлттануын жетілдіру жолдары	98
3.3 Өндірістің трансұлттануын жетілдіру және оның жағымсыз әлеуметтік-экономикалық салдарларын жою жолдары	109
ҚОРЫТЫНДЫ	124
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	127
ҚОСЫМШАЛАР	133

Қысқартылған сөздер мен шартты белгілер тізімі

АҚ	Акционерлік қоғам
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
БК	Біріккен кәсіпорын
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ГФР	Герман Федеративтік Республикасы
ҒТП	Ғылыми Техникалық Прогресс
ҒЗТКЖ	Ғылыми-Зерттеу және Тәжірибелік Конструкторлық Жұмыс
ЕО	Европалық Одақ
ЖАӨ	Жалпы Аймақтық Өнім
ЖИЕ	Жаңа Индустралды Елдер
ЖІӨ	Жалпы Ішкі Өнім
ЖШС	Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі
КСРО	Кеңес Социалистік Республикалар Одағы
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР СА	Қазақстан Республикасы Статистика Агентігі
ҚРИА	Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі Агенттігі
млн.доллар	Миллион АҚШ доллары
млрд.	Миллиард АҚШ доллары
доллар	
ӨКЭЕ	Өтпелі Кезеңдегі Экономикалы Елдер
ӨТ	Өндірістің Трансұлттануы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТШИ	Тікелей Шетел инвестициялары
ТҰК	Транс Ұлттық компаниялар
ТЭН	Техникалық-экономикалық негіздеме
ҰБ	Ұлттық Банк
ҰМК	Ұлттық мұнай компаниясы
ХВҚ	Халықаралық Валюталық Қор
ХҚДБ	Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі
ШИ	Шетел Инвестициялары
ШК	Шетел Компаниялары
BRICS	Brazilia Russia India China South Africa
FDI	Foreign Direct Investment
WIR	World Investment Reports
UNCTAD	United Nations Conference on Trade and Development

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. ХХІ ғасырдың өзімен ала келген басты жаңалығы жаһандану үрдісі боды. Осы жаһандану үрдісінің қарқынды жүрілуі дамыған мемлекеттерде шаруашылық капиталдың жаңа ұйымдастыру формаларының туындауына алып келді. Әсіресе мұнда капиталдың топтасуы мен интеграциялануын, тіпті кіші фирмалардың алып шаруашылық корпорацияларға, аса ірі өнеркәсіптік, банктік, саудалық, қаржы-өнеркәсіп топтары мен кешендерге айналуын атауға болады. Осындай алан-асыр кезеңмен бірге Қазақстан нарықтық жүйелі экономикаға беталды.

Бұл кезеңде кез-келген мемлекет үшін осы үрдісті бақылаумен бірге өз ұлттық экономикасының дамуына дұрыс бағытқа апарар экономикалық саясатты таңдау үшін маңызды болды. Өйткені осы мемлекеттердің өндірістік көлемі, тұтынуы, экспорт, импорт тіпті ұлттық табыс деңгейі алып трансұлттық күштердің қызметтеріне тікелей байланысты болды. Яғни жаһандану үрдісінің негізгі және қозғаушы күші болып саналатын ТҰК басты рольді атқарады. ТҰК-лардың осылай қарқынды дамуы салалардың біртұтастануын және өндірістің трансұлттану үрдісін қалыптастырды. Өндірістің трансұлттануы яғни өндірістің ұлттық шекарадан тыс шығуы немесе бір жағы инвестор болса екінші жағы инвестицияны қабылдаушы ел болып нәтижесінде бір жағы ұтылып жатса екінші жақ ұтылады немесе тіпті екі жаққа да тиімді болуы мүмкін.

Өндірістің трансұлттануы маңызы мен салдары әрбір елдің ерекшелігіне байланысты әртүрлі деңгейде жүрілуде. Нақтырақ айтқанда әлемде бүгінгі күні өндірістің трансұлттануының деңгейімен бірге оның әлеуметтік-экономикалық салдарынан экономикалық маңызды реформалар жасап жетістіктерге жеткен елдер аз емес. Көптеген елдер үшін қалыптасқан тәжірибелер бар [1].

Отанымыздың қазіргі кезде көптеген экономикалық жетістіктерімен, жаңа саяси құрылымымен экономикалық қарқынды өсу кезеңінде. Экономикалық өсімнің тұрақтануы және шикізат ресурстарын экспорттау арқылы ұлттық экономика дағдарыстан өтіп, соңғы жылдарда экономикалық өсім қарқынын үлкейді. Өткен жылғы экономикалық өсу қарқыны 5 % құрады. Жалпы алғанда, ұлттық экономикамыз 2001 жылдан бастап жылына орта есеппен 10 пайызға өсіп отырды. Бұл өте үлкен жетістік және жоғары қарқын болып саналады. Сонымен бірге үлкен жауапкершілік болып саналмақ өйткені еліміз алдыға қойған үлкен мақсатты стратегия бәрімізге айқын.

“Қазақстан 2050” стратегиясы және ҚР үдемелі индустралдық – инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламалары негізіндегі көздеген мақсатқа жету барысында ішкі қаржыландырудың мүмкіндіктерінің шектеулі жағдайында, экономиканы трансформациялауда үкіметтің әр түрлі бағдарламалары негізінде құрылымдық қайта қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін, сыртқы капиталды тарту және тиімді пайдалану мәселелері өте маңызды орын алмақ. Тіпті жоғарыда аталмыш бағдарламаны қысқа мерзім ішінде қайта өзгертіп жеделдетілген деп

атауымыздың өзі экономикамыздың жүйе ретінде қайта көтеру қажеттілігін көрсетеді.

Тәуелсіздік жылдарының басында еліміз үшін ТҰК-лар капиталы немесе өндірістің трансұлттануы дағдарыстан шығу үшін, экономиканы бір серпінге келтіру үшін маңызды болды. Қазіргі кезде бұл үрдіс өндірістің трансұлттану деңгейін көтеру тіпті оның әлеуметтік-экономикалық салдарының жағымдылығын аттыруды талап етеді. Қазіргі кезде отыз дамыған бәсекегеқабілетті елдер қатарына кіруді мақсат тұтқан отынымыз Қазақстан үшін шетелдік капиталды тарту мен пайдалану саясаты маңызды орын алып қана қоймай көптеген стратегиялық бағдарламаларда орын алып отыр.

Ішкі қаржылық мүмкіндігінің шектеулі жағдайында сыртқы капиталды тарту құрылымын қамтамасыз ету мен ішкі нарықта оны тиімді пайдалану мемлекеттің даму стратегиялық бағдарламаланың негізгі параметрлеріне жету рычагы бола алады.

Қазіргі таңда қарқын алған өндірістің трансұлттану үрдісі жетуге тиісті әлеуметтік-экономикалық салдардың жағымсыз жақтарын жою және жағымды нәтижелерін арттыру жолдарын әзірлеуге негіз болатын жан-жақты зерттеулерді талап етеді.

Сонымен бірге жалпы сипаттағы талдаумен бірге оның факторлары мен негіздерін, ТҰК негізгі феноменімен қатар олардың кең таралған теориялық және тәжірибелік маңызы сияқты ары қарай терең зерттеуді талап етеді.

Айта кету керек, өндірістің интерұлттануы және трансұлттануы мәселелері бойынша зерттеулерде оның экономикалық мәндері жеткіліксіз деңгейде көрсетілген және ол жеке талдауды қажет етеді. Сонымен қатар, бүгінгі тәжірибелік шаруашылықта Қазақстан экономикасында өндірістің трансұлттануын қалыптастыру мақсаттылығы және теориялық мәнін орнату үшін осы үрдісті реттеуге негіз болар теориялық және әдістемелік негіздемелер мен моделдерін талап етеді [2].

Тақырыптың қарастырылуы, зерттелу дәрежесі Өндірістің трансұлттануы және ТҰК шетелдік инвестициялары мәселесіне, олардың методологиясы мен теориясына экономикалық әдебиеттерде үлкен назар аударылған. Олардың қатарында өндірістің трансұлттануы халықаралық еңбек бөлінісінің қызметі ретінде талдауға, оның ұлттық экономикалар мен жаһандық шаруашылық қатынастардың дамуына әсерін зерттеуге А.Чендлер, С.Хаймер, Дж.Даннинг, Р.Вернонның, К.Кодзимнің, Т.Озавтың, М.Портердің, А.Шмитцтің, П.Хелмбергер, Т.Бакли, Ч.Киндлбергер, Р.Кейвз, А.Рагмен және басқалардың еңбектері арналған. Өндірістің трансұлттануы тік желі аясындағы капитал қозғалысының ауқымды мәселелері И.Гидди, П.Фишер, Т.Хорст, С.Хирш, С.Янгтың ғылыми еңбектерін атауға болады.

Біздің елдің ерекшеліктерін ескере отырып, шетелдік тәжірибені пайдалануға негізделген өндірістің трансұлттануының дамуы негіз болған және шетелдік инвестицияларды тартудың нақты формалары мен әдістерін қарастыруға тікелей қатысты ғылыми еңбектер де аз емес. Атап айтсақ Д.М.Мадиярова, У.Б. Баймуратов, А.Н. Саханова, А.Н. Дауренбекова, О.

Сабден, Б. Хусаинов, Э.А. Садвокасова, Л.Макаревич, Б. Маукенова, В.А. Цветкова, Т.И. Минин, А.Х. Галиева, З.С. Кенжебаев, А. Оспанова, А.Д. Шелекбай, У.А. Текенов, Т.А. Әшімбаев, Я.Ә.Әубақіров, Е.М.Арын, А.Е.Есентүгелов, Е.Б.Жатқанбаев, Р.К.Жоламан, Т.Т. Иманбаев, А.К.Канатчинов, К.А.Киреев, А.К.Қошанов, К.Н.Нәрібаев, Н.К.Нұрланова, С.Н.Нысанбаев, С.А.Сағындықова, С.С.Сатыбалдин, Л.Ф.Сухова, Ө.Қ.Шеденовтың және тағы басқа ғалымдардың еңбектері жатады. Нақты мәселелер бұл жерде терең әдістемелік және теориялық негізде ашылып көрсетілген.

Зерттеудің мақсаты ретінде Қазақстан Республикасы өндірісінің трансұлттану үрдісінің теориялық негіздеу және әлеуметтік-экономикалық салдарын анықтау.

Осы аталған мақсатқа жету үшін келесідей **мақсаттар** қойылды:

- өндірістің трансұлттануының қазіргі бағытын теориялық және әдістемелік зерттеу;
- өндірістің трансұлттану үрдісі мен даму этаптарын жалпылау, негізгі ерекшеліктерін толықтыру;
- өндірістің трансұлттануының әлеуметтік-экономикалық салдары және оны жүйелеу факторларын анықтау;
- жаһандық ТҰК-лар даму тәжірибелерін жүйелеу негізінде дамушы мемлекеттерде жаңа ТҰК-лардың пайда болу ерекшеліктерін анықтау және оны өндірістің трансұлттану үрдісін үдету арқылы Қазақстанның даму моделінде пайдалану мүмкіндігін қарастыру;
- отындық экономиканың дамуында тікелей шетел инвестицияларның әсері мен тенденциясын анықтау, Қазақстан экономикасының өсуіне әсерін бағалау;
- Республикадағы өндірістің трансұлттану деңгейін анықтау және оның макроэкономикалық көрсеткіштерге әсерін бағалау.

Зерттеу объектісі Қазақстан Республикасы экономикасында өндірістің трансұлттануы процесі.

Зерттеу пәні Қазақстанда өндірістің трансұлттануының әлеуметтік-экономикалық салдары және оның ұлттық экономикалық трансформацияға әсері.

Ғылыми жаңалығы капитал қабылдаушы мемлекеттердегі трансұлттық компаниялардың қызмет етуін сипаттайтын бірқатар ерекшеліктерді толықтару және анықтау, нақты секторда өндірістік салалық құрылымды қалыптастыру үрдісіне және оның Қазақстан өндірістің трансұлттануының әлеуметтік-экономикалық салдарына әсер етуін бағалау болып табылады. Соның ішінде келесі нәтижелер қорғауға ұсынылады:

- ТҰК- лар және тікелей шетел инвестицияларының тенденциясы анықталып оның әлемдік және отындық экономиканың дамуында әсері бағаланды;
- Ұлттық компаниялар және ТҰК-лардың бірқатар мемлекеттердегі еншілес компаниялары негізінде жеке трансұлттық құрылым ретінде

пайда болып жаһандық компанияға айналу трансформациясына сипаттама берілді;

- Жаһандық өндірістің трансұлттану деңгейінің бағалануы;
- Ұлттық өндірістің трансұлттану деңгейі анықталып өндірістің трансұлттануының Қазақстан экономикасына әсері анықталды;
- Қазақстанда трансұлттық құрылымның пайда болуына кедергі келтіретін және бәсеңдететін себептер мен факторлар анықталып
- ТҰК-дың қызмет ету қайшылықтары мен оның орналасу жеріне байланысты көптеген өсу көрсеткіштері тәуелді болып өңірлік шаруашылық рационализациясынада территориялық диспропорциялар анықталды.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізіне:

- Экономикалық ғылымның классиктерінің еңбектері, жаһандық кәсіпкерліктің дамуы, ТҰК және басқада мәселелер бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері.
- Мемлекеттік ресми құжаттар, заңдық және құқықтық актлер, шетелдік түрлі мемлекеттермен келісімдершарттар, ҚР президентінің жыл сайынғы ресми құжаттары, қабылданған даму стратегиялық бағдарламалар.
- Әлемдік банк және БҰҰ ақпараттары мен есептері, халықаралық ұйымдар ақпараттары, интернеттік желі қорлары.
- ҚР Статистика агентігінің материалдары, “Самұрық-Қазына” ҰӘҚ оперативтік ақпараттары, ҚР министрліктер мен ведомстволарының материалдары, ірі ұлттық және ТҰК ресми есеп берулері және ресми сайттары.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында ғылыми зерттеудің кешенді және жүйелік әдістері, экономикалық және жүйелік талдау, сценарлық болжау әдістері, әлеуметтік және математикалық статистика, эксперттік бағалау мен мониторинг, сонымен қатар басқа да экономикалық зерттеу әсістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы ретінде ұсынылған диссертациялық жұмыстың теориялық және талдау бөлімдері көптеген мемлекеттік органдар мен кәсіпорындарда капиталды қабылдау және құрылымдық модернизациялау кезінде рационалды қолдану және бәсекеге қабілеттілік стратегияларында көптеген мәселелерді реттеуде қолдана алады.

Зерттеу нәтижесі бойынша жариялау Жалпы зерттеу тақырыбы бойынша 15 ғылым жұмыс жарияланған, оның ішінде ҚР ҒБМ білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитетінің ұсынған баспаларында-5, халықаралық конференцияларда-7, соның ішінде 3- шетелде, 1-оқу-әдістемелік кешен жарияланса тағы бір мақала импакт факторлы журналда жарияланды.

1 ӨНДІРІСТІҢ ТРАНСҰЛТТАНУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

1.1 Өндірістің трансұлттануының мәні мен теориялық негіздері

Өндірістің трансұлттану себептерін зерттеуші теориялық мектептер мен өндірістің трансұлттану мәселелері туралы ойға ХХ ғасырдың 60-70-ші жылдардағы трансұлттық бизнестің қарқынды дамуы түрткі болды. Алайда, трансұлттық қызметтің белгілі формалары ертерек кезеңде бас алады, яғни ХХ ғасырдың басында, дәлірек айтқанда, оның екінші жартысында ауқымды түрде дамып, көптеген ұлттық шаруашылықтардың және бүгіндей әлемдік экономиканың даму жолын айқындайтын негізгі фактор болды.

Батыс экономикалық тұжырымдамаларында өндірістің трансұлттануы теориясы экономикалық ойдың бірнеше бағыттарының қиылысында дамыды:

- жекелеген ұйым және фирма теориялары;
- халықаралық еңбек бөлінісі теориялары;
- инвестициялық теориялары.

Ұйым және фирма теорияларында трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) даму ерекшеліктері көрсетілген, ол өндірістің трансұлттануының жетекші ұйымдастыру формасы болып табылады. ТҰК феноменін зерттеуге арналған алғашқы іргелі еңбектер ХХ ғасырдың 60-шы жылдарының басында ең алғаш Е. Пенроуз, С.Хаймер, Дж.Даннинг, П.Хорст және Г.Томпсонның және басқа еңбектерінде жарық көрді, бірақ басылымдардың көп бөлігі 70-жылдар мен 80-жылдардың басына келеді Т.Бакли, Ч.Киндлбергер, Р.Кейвз, А.Рагмен және басқалары.

Өндірістің трансұлттануы халықаралық еңбек бөлінісінің қызметі ретінде талдауға, оның ұлттық экономикалар мен әлемдік шаруашылық қатынастардың дамуына әсерін зерттеуге Р.Вернонның, К.Кодзимнің, Т.Озавтың, М.Портердің және басқалардың еңбектері арналған.

Өндірістің трансұлттануы тік желі аясындағы жаһандық капитал қозғалысы және халықаралық инвестициялаудың ауқымды мәселелері Алибер, Бакли мен Кэссон, П.Фишер, Т.Хорстың, және басқалардың еңбектерінде ашып көрсетілген. Осыған орай ХХ ғасырдың екінші жартысындағы өндірістің қарқынды трансұлттануы себептерін ашатын теориялық мектептердің арасындағы басты бағыттарды қарастыруға болады.

60-жылдары белсенді шетелдік өндірістік қызмет негізінен өнеркәсіптік ұйым теориясы немесе орналастыру теорияларының дамуы деп қарастырады. Өнеркәсіптік ұйым теориясы трансұлттық корпорациялардың басқа фирмалардың алдындағы бәсекелік артықшылықтарымен анықтады. Мәселен, 1960 жылы С.Хаймер ТҰК-лардың Америка Құрама штаттарынан көптеп шығу себептері мен олардың шетелдерде өндірістерді орналастыру жөнінде шешімдерін талдап, келесідей қорытындыларға келеді: ТҰК басқа мемлекеттерде нарықтың жетілмегендігін пайдаланып қалғысы келеді, себебі шетелге өндірістік

инвестицияларды шығару корпорацияның негізгі мемлекетінде өндіріске инвестиция салуға қарағанда жоғарырақ тәуекелдермен және аз шығындармен байланысты болады. Соның ішінде, шетел филиалдарын қашықтықтан басқарудың техникалық және ұйымдастыру шығындарын жабу, дискриминацияның болу мүмкіншіліктерін ескеру, және де лингвистикалық, мәдени кедергілер және т.с.с. байланысты шығындарды ескеру қажет. Сонымен, шетелдік өндірістік-технологиялық желісін жасау жетілмеген нарықтан көрінетін айрықша, нақтырақ айтқанда монополистік артықшылыққа ие болуға байланысты болады. Шетел инвестицияларын талдауда альтернативті көзқарастың негізін қалаушы ретінде шетел инвестицияларының келесі кезеңін анықтаушы Американдық экономист С.Хаймер болып табылады. Автордың ұсынысы нарықтағы үстемділік теорияларына негізделген еді. 1960-жылдары С.Хаймер зерттеу үрдісінде өндіріс факторларының нақты ағынының тенденциясы мен бағытын яғни сол кездегі халықаралық сауда теориясынмен қарама-қайшылықты анықтайды [3].

С.Хаймер және оның жақтастары фирмалардың қызметтерін талдай келе келесіде қорытындыға келді. Сатушының нарықтағы жағдайға ықпал ету қабілеті және нақты тауар түрін өндірудегі делдалдық баға мен өндіріс көлеміне байланысты нарықтағы үстемділіктің нәтижесінде ТҰК-дың қалыптасуы заңды құбылыс дейді. Осы теория бойынша фирмалар дамуының бастапқы кезеңдерінде нарықтағы өз үлестерін сатып алу мен қосылу арқылы кеңейтеді. Кейіннен өз мемлекетінде нарықтағы үстемділікті күшейту мүмкін болмаған жағдайда қызметтерін шекарадан тыс мемлекеттерды кеңейтеді яғни ТҰК-дың қалыптасуы басталады.

Ал К.Койима болса С.Хаймердің тұжырымдамасына, яғни нарықтың жетілмеген кезеңінде алып көпұлтты фирмалар нақты артықшылықтарға ие болады. Тіпті оларға шетел өндірісін ұйымдастырып және оны бақылауға мүмкіндік береді, уақыт өтекеле сала бойынша өндірістің шоғырлануы пайда болып, нарықта бірнеше ғана фирма қаладыда салада максималды үстемділік ету мақсатында өзара келесім жасасады. Сондықтанда С.Хаймердің теориясын фирмалардың нарықтағы үстемділік теориясы деп жиі атайды деп тоқталды [4]. ТҰК-ға монополистік бәсеке теориясын қолдану өндіріс факторларына және тұтынушыларға кең көлемді қол жеткізу, сонымен қатар халықаралық өндіріс, дистрибуция мен жабдықтау аясында үнемдеу элементтерін зерттеуге әкеліп соқтырды. Бұл теория ТҰК табысына мүмкіндік туғызатын факторларды ішкі нарықта да, шетелдік нарықтарда да зерттеу үшін пайдаланылды. 1969 жылы Ч.Киндлбергер Хаймер тұжырымдамасын дамыта отырып, жетілген бәсеке қағидасынан ауытқу түріндегі ТҰК-ның төмендегідей артықшылықтарын бөліп көрсетті [5]:

- тауарларды саралауға, маркетинг саласындағы жетістіктерді қолдануға және басқарылатын бағалар механизмін пайдалануға байланысты тауар нарықтарында қызмет ету артықшылықтары;

- өндіріс факторлары нарығындағы артықшылықтар, яғни патенттерге меншік, капитал көздеріне қол жетерлік, жұмыскерлердің біліктілігі;

- өндіріс ауқымдылығынан ішкі және сыртқы үнемдеулер;
- түрлі елдердегі мемлекеттік қолсұғушылықтың түрлі нысандарын өз мүдделеріне пайдалану мүмкіндігі.

Біздің ойымызша, Хаймер-Киндлбергер тұжырымдамасы бойынша өндірістің трансұлттануы айрықша артықшылықтарды қолдана отырып, ұлттық нарықтарды бір-бірінен бөлетін кедергілерден өте отырып, ТҰК-ды өмірге әкелетін стратегия нәтижесі деп санайды.

Өнеркәсіптік ұйымдар теориясымен қатар 60-жылдардан бастап орналастыру теориясы дами бастады. Ол «Неліктен фирма өндірісін басқа елде емес, нақ осы елде орналастырады?» деген сұраққа жауап беруге тырысты. Осы көзқарас тұрғысынан Батыс Еуропа мен Канададағы американ фирмаларының ТҰК-ы жүзеге асыратын тікелей инвестицияларын талдауға арналған көптеген зерттеулер жүргізілді. Соның ішінде, П.Хорст және Г.Томпсонның сауда тарифтерін есепке алуға байланысты шетелдік өндіріс пен экспорт арасындағы фирманы таңдау үлгісін жасады. Одан әрі орналастыру теориясы шетел экспансиясының уәждері ретіндегі барлық жаңа сыртқы және ішкі жағдайларды талдау негізінде дамыды [6]. Мысалы, Д.Пенроуз [7] деңгейлес және сатылас біріктіруді сұраныстың өзгеру салдарын жеңу құралы ретінде көрсетеді: технология мен шикізатты бақылауға алу, тұтынушылардың адалдығымен қатар корпорацияға салынатын салықтың ең төменгі деңгейі бар елдерді артық көру және т.с.с.

Бұл екі теория (өнеркәсіптік ұйым және орналастыру) бір-бірінен тәуелсіз дамыды, сол себепті, Реддинг университетінің профессоры Дж.Даннинг (Ұлыбритания) бұл дамуды қанағаттанарлықсыз деп есептейді [8].

Біздің пікірімізше, олар өндірістің трансұлттануы серпінін көрсетпеді. Бұл мәселеде, Р.Вернонның 1966 жылы жасаған халықаралық тауар өндірісінің цикл теориясы жоғары мәнге ие болды. Бұл теория сауда мен инвестицияны шетелдік нарықтарды пайдаланудың бірыңғай үдерінісің элементі ретінде қарастырып, сонымен қатар оның уақыт аралығында өзгеретіндігін есепке алды [9, 80 б]. Халықаралық тауар өндірісінің циклі теориясы белгілі бір өнімдерге сұраныс пен ұсыныс сипаттамалары көмегімен өндірістің трансұлттануын түсіндіреді және әзірлеу, жетілдіру, стандарттау сатыларын бөліп көрсетеді. Инновациялар фирмаларға алғашқыда өнімді экспорттауға, содан кейін (өндіріс факторлары бағаларының айырмашылығына байланысты) оның өндірісін импорттаушы елдерге жіберуге мүмкіндік береді. Әрі қарай әзірлеуде бұл үлгіге жаңа саты қосылды, нақтырақ айтсақ, ТҰК шетелдік филиалындағы өндіріс масштабында айтарлықтай үнемдеу деңгейіне жетеді, яғни ол жергілікті нарықты осы өніммен қамтамасыз етіп қана қоймай, оны үшінші елдерге экспорттай алады. Әрі бұл үлгіге олигополия элементтерін енгізді және тікелей инвестициялардың әртүрлі нысандарын қарастырды [9, 190-207 б].

Вернонның бұл әдісін С.Менарди кейбір дайын өнімдер мен географиялық аймақтарға қатысты трансұлттануы үдерісінің алғашқы сатыларын түсіндіру үшін дұрыс деп санайдымысалы ретінде соғыстан кейінгі

жылдары америкалық корпорациялардың өндірістерінің Батыс Еуропаға көшу шешімдерімен түсіндіреді) [10, 452 б].

Жалпы алғанда ХХ ғасырдың 70-ші жылдары индустриалды фирмалар мен ұйым теориясы шеңберінде зерттеулер жалғасты. Бұнда, егер С.Хаймер технология мен инновацияға қатысты артықшылықтарына баса назар аударса, бұл бағытты дамытушы басқа авторлар Р.Алибер компания көлемі, тауар номенклатурасын әртараптандыру (жарнама шығынының компания айналымына қатынасын өлшей отырып) сияқты айрықша артықшылықтарды бөліп көрсетті. Бірақ кейбір авторлар мұндай артықшылықтарды технологияның артықшық, корпоративтік стратегия басқа да артықшылықтар басып тастайды деп есептейді, сол себепті олар өндірістің трансұлттануы факторларын анықтаушы бола алмайды.

Бұл келтірілген мәліметтің дұрыстығын орта және кіші көлемді өсіп келе жатқан ТҰК қызметінің трансұлттануы көрсетті. П.Фишер «.....жоғары технологиялар мен ноу-хауға ие бұл компаниялар жаһандануға қатысудың шешуші факторлары болып қалуда» - деп атап көрсетті [11, 28 б].

Автордың пайымдауынша 70-ші жылдарда қаржылық теориялардың дамуы фирмалардың шетелдік белсенділігінің қаржылық аспектілеріне назар аударуды күшейтті. Мәселен капитал және валюта нарықтарының жетілмегендігіне ерекше көңіл аударған Р.Алибер [12, 17-34 б] және шетелдік белсенділікті салалық және географиялық тарату үшін қоржындық инвестициялар теориясын пайдаланатындар А.Рагмен [13] еңбектері жарық көрді.

Р.Алибер, макроэкономикалық тәсілді қолдана отырып, өндірістің трансұлттану желісінің аясында тікелей инвестициялардың қозғалысын валюталардың айырбас бағамының өзгерістерімен түсіндіруге тырысты. Р.Алибер теориясының кемшілігі - айырбас бағамдардың өзгеруінен басқа көптеген басқа да факторлар капиталдау деңгейіндегі айырмашылықтардың болуын тудыратынын көрсетеді. Бірақ, оның үлгісі өндірістің трансұлттануы үрдісін талдауда макро- және микроэкономикалық әдістерді үйлестіру үшін негіз болып қаланды. Осыдан қысқаша айтқанда 70-ші жылдардың өзіндік негізгі теориялық бағыты ретінде өндірістің трансұлттануының олигополиялық үлгісін бөліп көрсетуге болады. Никкербоккер 187 американдық корпорацияларының халықаралық қызметтеріне эмпирикалық зерттеу жүргізудің негізінде олигополиялық салаларда шетелге инвестициялайтын нарық көшбасшылары артынан автоматты түрде олардың ішкі бәсекелестері келеді деп ашты. Бұл «басшының артынан еру» стратегиясы алғашқы инвестициялаудың үш жыл бойында 45%-ды құрап, жалпы жеті жылда 75% пайыз көлемінде байқалды [14].

П.Фишер өз еңбегінде бұл үлгіні едәуір ілгері жылжытып еуропалық ТҰК-ды АҚШ-тық инвестициялық болмыспен түсіндірді. Еуропалық компаниялардың жедел трансұлттандырылуы Еуропадағы америкалық ТҰК стратегиясына қарсы тұру нысаны болды. Сондықтан да, интернационалдандыру үрдістері әрдайым экономикалық табыстармен

анықталмай, ішкі және шетелдік ТҰК негізгі бәсекелелерін тежеуші бағытындағы белгілі деңгейдегі қарсы шара ретінде қарастыруға болады. Бұл үлгінің түрлендірілген нұсқасын қазіргі таңда үштік АҚШ, Еуропа мен Жапония елдерінің қаржылық қуатты компанияларына қолдануға болады деді [11, 29 б].

Теориялар арасында өндірістің трансұлттануы үрдісін түсіндіруші ретінде «интернализация» теориясына көңіл бөлген жөн. Бұл теория ағылшын П.Бакли мен М.Кэссон[38], канадалық А.Рагмен [13] және басқалар еңбектерінде даму алды. «Интернализация» теориясы жаңа теориялық бағыт – фирмалар теориясы аясында қалыптасты. Жаңа бағыттың дамуына Р.Коузе [15, 331-351 б] және Е.Пенроуз жол ашты [7], кейіннен басқа экономистер фирмалардың тікелей инвестицияларға деген ұмтылысын тәуелсіз сатушылар мен сатып алушылар арасындағы активтерді, тауарларды және ақпаратты айырбастауды нарықтық тиімді жүзеге асыра алмаушылық қабілеттілігімен түсіндіруге тырысты. «Интернализация» термині (internal - "ішкі") «интернационализация» терминіне қарсы қойылған, себебі, теория авторлары ТҰК экспансиясын түсіндіру кезінде сыртқы экономикалық факторлардан трансұлттық құрылымдардың басқарылатын ішкі нарығының артықшылықтарына баса назар аударады.

Теориялық қағиданың келесі бағыты ретінде Дж. Кейнстің экономикалық теориясын негізге алған Р. Дагман, О. Вильямсон и Е. Пенроуздардың трансұлттану теориясына атаймыз. Тұжырымдама өндірістік масштабидеясына негізделген яғни фирмалардың көлемінің ұлғаюы бұрын есепке алынбаған экономикалық ресурстарды өндірісте қолдануға қосымша мүмкіндік береді. Мұндай әртараптану және құрамдастыру үрдістері көптеген артықшылықтарға ие көпсалалы компаниялардың қалыптасуына тікелей алып келеді [16].

О.Уильямсон өндірістің трансұлттануы теориясына американдық институционалды мектебінің қағидаларын біріктірді, соның ішінде келісім-шарттық қатынастар тұжырымдамасы. Бұл өз кезегінде интернализация теориясын сатылас және деңгейлес біріктіруді талдауға ғана емес, сонымен бірге еңбектік дау-дамайлар табиғатына қолданылды [17, 14 б].

Индустриалды экономика теориясы тұрғысынан өндірістің трансұлттануы үрдістерін бағалау кезінде еленбеген фирмаішілік орталықтандырудың тұжырымдамасы М.Тейлор мен Н.Трифтің жұмыстарында даму алады. Авторлар трансұлттық өндірісті басқарудың көптеген нысандарын бөліп көрсетті: атап айтқанда, моноцентрлік үлгіден полицентрлік үлгіге дейін [18, 389 б]. Алайда, бұл көзқарастың кемшілігі бар, ол уақыт факторын ескермегендігі болды.

К.Кодзима мен Т.Озаваның зерттеулерінде ұсынылған өндірістің трансұлттануы талдаудың дербес «жапон» мектебін бөліп көрсетуге болады [19, 1-20 б]. Мұнда авторлар барлық теориялар шетелдік тікелей инвестициялардың капиталды экспорттаушы мен импорттаушы елдердің әл-

ауқатына әсері мәселелеріне толыққанды көңіл аудармайтындығын сөз етеді. Бұл теориялар көбінесе фирмалар үшін инвестициялаудың шығындары мен пайдалары мәселелерін қозғайды дейді. К.Кодзима мен Т.Озава тікелей шетелдік инвестицияларды зерттеуде микро- және макро әрекеттерді біріктіріп қана қоймай, сонымен қатар оларды жүзеге асыру кезінде қоғамдық және жеке мүдделердің сәйкестілігін талдауға тырысты. Сонымен бірге авторлар ТҰК әлемде тек қана капиталды ауыстырып қана қоймай, кәсіпкерлік факторды да қозғалтатыны жөнінде де айтады. Қабылдаушы елдер экономикасына және капитал донорларына тікелей инвестициялардың әсер етуінің бірнеше сызбаларын бөліп көрсетеді [19, 1-20 б].

Осы теорияны бағалай отырып С.Менарди онда кемшіліктер және қарама-қайшылықтар бар екеніндігін айтады. Оның ойынша К.Кодзима мен Т.Озава макроэкономикалық деңгейде талдау жүргізе отырып, салаларды дамытуға назарын аударсада тікелей инвестицияларды импорттаушы елдердің экономикасына қайшы келетін сыртқы жағдайларға оншалықты көңіл бөлмейді. Ақырында, бұл теорияның өте қарапайым құрылымы ретінде жетілген бәсекенің неоклассикалық теориясын сынсыз қолданады [10, 452 б].

Ал атақты ағылшын ғалымы Дж.Даннинг қорытындысы бойынша жоғарыда аталған барлық теориялар өндірістің трансұлттануына ішінара ғана түсінік бергендіктен, өзінің эклектикалық тәсіліне қажеттілік туындайды. Эклектикалық тұжырымдамасы бойынша ТҰК шетелдік өндірісінің жалпы көлемі мыналарға қатысты болады [20]:

1. ТҰК меншігімен байланысты бәсекелік артықшылықтардың көлемі мен түрлеріне;
2. бұл артықшылықтарды өндірістің икемсіз факторларымен ұштастыра алу мүмкіндігі, яғни орналастыруға байланысты артықшылықтар;
3. меншік пен орналастыруға байланысты артықшылықтарды ТҰК-дың басқа да активтерімен біріктіру, бұл жиынтығында үйлестіру немесе интернализация артықшылықтарын құрайды.

Айтылып өтілген барлық артықшылықтар фирманың, саланың, аймақтың, елдің айрықша сипатына байланысты болады. Экс-Марсель (Франция) университетінің экономика профессоры М.Рэнелли Даннингтің эклектикалық теориясының мәнін келесідегідей түрде баяндады: «Бұл теория үш талдау деңгейін - фирманы, саланы және елді қосады. Бұл деңгейлердің әрбірінің халықаралық ағындардың нысаны мен құрылымын анықтайтын өз ерекшеліктері бар. Мысалы, еңбек ақы төлеу деңгейі – бүтіндей ел деңгейінде өндіріс факторларының болуына байланысты болады; өндірісті саралау - саланың ерекшеліктерімен анықталады; орталықтандыру деңгейі - фирманың өз таңдауының нәтижесі болып саналады» [21, 105-106 б].

Дж.Даннинг өз теориясын «ОЛИ (OLI) парадигмасы» ретінде көрсетті, яғни үш типтің артықшылықтардың құрамдастырды: активтерге меншікпен байланысты (O - ownership), өндірісті орналастырумен (L -location) және интернализациямен (I - internalization) байланысты. Тек қана O артықшылығына ие фирма патенттер мен лицензиялар сатады; O және L немесе барлық үш

артықшылыққа ие фирма шетелде инвестиция жүргізе алады деп көреді [22].

Сонымен, Дж.Даннингтің эклектикалық теориясы интернализациялау теориясы мен өндірісті ұйымдастыру және географиялық орналастырудың элементтерін біріктіруге тырысты.

Даннингтің эклектикалық тұжырымдамасы бірнеше батыс экономистерінің жұмыстарында дами бастады. Айтып өтсек, француз зерттеушісі Ж.Л.Мюккюэлли 1985 жылы елдің салыстырмалы артықшылықтары мен фирманың бәсекелестік артықшылықтарын назарына ала отырып, «синтетикалық тұжырымдамасын» жасады. Оның ойы бойынша, тауарлармен халықаралық айырбас пен тікелей инвестициялар келесі алты жалпы факторлардың әрекетімен анықталады:

- 1) өндірістік функциялардың халықаралық айырмашылықтарымен;
- 2) өндіріс факторларымен бірегей қамтылмауымен;
- 3) тұтынушы талғамының әртүрлілігімен;
- 4) масштабтағы үнемдеудің болуымен;
- 5) тауар нарығындағы шарт бұзушылықтармен;
- 6) өндіріс факторлары нарығындағы шарт бұзушылықтармен.

Ал бұны американдық зерттеуші М. Портердің «Халықаралық бәсеке» атты теориясында әрі қарай дами түсті. Елдің бәсекелік артықшылықтары элементтерінің арасында автор қазіргі таңда жаһандық бәсекенің күшеюі барысындағы ТҰК стратегиялық іс-әрекеттері мәселелерін ерекше назар аударған. Мұнда инновацияларға ерекше көңіл бөлінді, олардың іс-әрекеттері халықаралық экспансияны едәуір жеңілдетті [23].

Қолданыстағы теорияларды талдай отырып, бірнеше авторлар олардың біржақтылығына назар аударды, өйткені олар саяси факторлардың әсерін ескермеген. Ф.Шнайдер мен Б.Фрей өздерінің жеке экономикалық-саяси үлгісін ұсынды. Бұл үлгі экономикалық факторлармен қатар саяси факторларды (саяси тұрақтылық деңгейі, үкіметтің саяси бағдарлануы, ұлтшылдық деңгейі, батыс елдерінен көмек көлемі) қосты [24].

Американдық ғалымдар Д.Най мен Г.Шольхаммер [25, 309 б] келесі ғылыми болжам жасады: саяси факторлар ТҰК-дың инвестициялық шешімдеріне әсер етседе олардың саяси оқиғаларға қарсылығы толыққанды барабар болып табылмайды. Бұл болжам он жыл мерзім аралығындағы 62 елдердегі жапондық тікелей инвестицияларын зерттеуге негізделді. Мұнда әртүрлі елдер тобында жапон кәсіпкерлерінің қарсы әрекеті әрқалай болды: өнеркәсібі дамыған елдерде жапон кәсіпкерлері ішкі экономикалық жағдайдың жақсаруына қарағанда нашарлауына көбірек көңіл бөлді; ал еларалық қатынастардың нашарлауы (жақсаруы) кезінде олар симметриялы назар аударды. Дамушы елдерде олар ішкі саяси жағдайдың нашарлауы мен еларалық қатынастардың жақсаруына жеңіл түрде қарады, дегенмен, бұл қатынастардың жай-күйі инвестициялар көлеміне айтарлықтай әсер ете алмады.

Саяси факторлардың өндірістің трансұлттануы үрдісіне әсері мәселелеріне арналған кейбір жұмыстарда «саяси тәуекел» түсінігін анықтауда және оның саяси тұрақсыздықпен байланысында айқындылық болмады.

Американдық ғалым В.Тинг келесідей саяси тәуекел түрлерін бөледі: саяси тұрақсыздық, «оны әдетте соғысты, төңкерісті және басқа саяси сілкіністерді қосқанда қабылдаушы елдердің саяси тәртіптеріндегі кенеттен болатын өзгерістермен ұқсастырады» [26, 26]; қабылдаушы ел үкіметінің экономикалық саясатының тұрақсыздығы, ең алдымен, валюталық тәртіп, жергілікті кәсіпкерлермен серіктестіктің міндеттілігі, өнім құнында импорттық компоненттердің үлесі, валютаның айырбас бағамының тұрақсыздығы, инвестор фирмасының күшейіп келе жатқан осалдығы тәрізді аймақтардағы тұрақсыздығын жатқызды. Қазіргі жағдайларда В.Тинг әсіресе саяси тұрақсыздықпен байланысты макротәуекелдердің мәні төмендейді де, бірінші орынға қабылдаушы елдердің экономикалық саясатының тұрақсыздығынан туындайтын тәуекелдер шығады деп санайды.

Ең алғаш шетел инвестицияларының неоклассикалық теориялар негізін қалаушы Б. Олин капиталдың халықаралық қозғалысын халықаралық сауданың «қосалқыөнімі» (субпродукт) ретінде қарастырған [27]. Ал Р.Нурксе Олинның көзқарасын кеңейтіп капитал қозғалысын пайданы ынталандырушы эндогендік себеп ретінде түсіндіреді [28, 97-116 б].

Бұған қоса С.Иверсон капиталдың қозғалысын өз кезеңінде мемлекеттік және салалық тәуекелге тікелей байланысты мемлекет аралық пайыздық ставкалардың айырмашылығы деп түсіндіреді [29].

Р.Манделл мемлекет аралық тауарлардың қозғалысы мен капитал ағымын тауарлар мен өндіріс факторлары толығымен қозғалысқа енбеген күннің өзінде олардың мемлекет аралық бағаларын теңестіруші тенденциядағы субституттың бір түрі ретінде талқылайды [30, 321-335 б].

Осындай әртүрлі теориялар элементтерін біріктіруге қадам жасап, П.Бакли 1995 жылы «халықаралық бизнес» тұжырымдамаларының негізгі ережелерін жасады. Бұл тұжырымдама халықаралық кәсіпкерліктің экономикалық, саяси және әлеуметтік жақтарын көрсетті. Сонымен бірге, онда саралау мен біріктіру тәрізді сыртқы факторлардың әсерінен құралатын халықаралық ұымдасқан өндірістік жүйедегі процестер зерттелінді. Саралау – бұл сыртқы ортаның біркелкі элементтерінің өзара әрекеттестігі үшін трансұлттық бөлімдер желісінің аясында құру процесі, ал біріктіру – ол осы бөлімдердің қызметтерін үйлестіру процесі. Бұл жағдайда П.Бакли пікірі бойынша ХХІ ғасырдың басында өндірістің трансұлттануы фирмалар арасындағы бәсеке де, ынтымақтастық та біруақытта күш көрсете алады. Ол, біріншіден, бәсекеқабілеттілікті ұлттық, салалық, фирмалық және өнімдік деңгейлерде бәсеке көздері мәселелеріне аса көңіл бөлумен арттыруға тырысудан көрінсе, екіншіден, түрлі одақтар мен альянстардың біріккен кәсіпкерлігін дамытудан, сондай-ақ фирмалар арасындағы ынтымақтастықтың басқа да нысандарын дамытунан байқалады деп атап өтті [31].

Сонымен қатар П.Бакли халықаралық бизнесте технологиялық көшбасшылардың мәні артып келе жатқандығын көрсетеді. Өндірілетін өнімге де, инновациялық үрдістің өзіне де қатысында түбегейлі инновацияларды зерттеу мен дамытуға, басқаруға ұлғайып келе жатқан ресурстарды бағыттау

үлкен мәнге ие болуда.

«Халықаралық бизнес» теориясы аймақтық интеграциялық процестердің дамуының өндірістің трансұлттануына тигізер әсеріне қатысты маңызды үлес қосады. П.Баклидің пайымдауы бойынша, аймақтық интеграциялық нарықтар барған сайын шетелдік тікелей инвестициялар тартудың басты орталықтарына айналуға.

П. Баклидің «халықаралық бизнес» теориясы 1996 жылы американ зерттеушісі Р.Кейвздің зерттеулерімен толықтырылды. Оның пікірі бойынша, «халықаралық бизнестің» жетекші операторы ТҰК-ларды өндірістердің бірлестігі ретінде анықтай отырып, түсіндіруге болады. Өндірістердің бірлестігі ұлттық шекаралар арқылы жайылады, ал егер де осындай анықтама кезінде «трансакциялық шығындар» әдісін қолданатын болсақ, онда осының арқасында территориялық шоғырланған кәсіпорындар қандай себептермен біртұтас активтерді құрайтынын түсіндіруге болады. Бұнда кәсіпорындар бір-бірімен сауда қатынастарымен байланысқанға қарағанда біртұтас бақылау астында болады [32, 108-109 б]. Одан әрі біз өндірістің трансұлттануы желісін құрудың трансакциялық үлгісіне толығырақ тоқталатын боламыз, себебі, бұл сұрақ біздің ойымызша жеке қарастыруды талап етеді. Осында ТҰК табиғаты жөнінде Р. Кейвз ойларын айта кетеміз.

Кейвз көзқарасы бойынша сатылас құрылымды ТҰК, әдетте, қалпына келтірілмейтін ресурстар нарығында бәсекелеседі. Бұл ресурстық ренталарын өздерінің ұлттық табысына барынша аударуға тырысатын қабылдаушы елдердің үкіметтік құрылымдарымен «тартысуға» мәжбүрлейді. Табиғи ресурстарды өндірумен байланысты шығындардың айтарлықтай көп болуы, үкіметтік саясатты жүзеге асыру мүмкіндігі инвестициялау процесін теориялық түрде ұстап тұрады [32, 108-109 б].

Маркстік еңбектерде басты назар ТҰК-лардың қанаушылық мәніне аударылды. Сол уақытта ТҰК әлемдік экономиканың дамуындағы ролін арттыру күшейтілді. Егер ХХ ғасырдың 70-жылдары ТҰК-ларды қарама-қайшылықтардың шиеленісуі факторы ретінде жағымсыз бағалаумен өтсе, ал 80-жылдары бірінші кезекке олардың орасан зор мүмкіндіктері, ғылыми-техникалық үдерісті дамытудағы едәуір рөлі, олардың нарықтық құрылымдарының қалыптасып келе жатқан ғылыми-индустриалды өндіргіш күштер жүйесінің талаптарына сай болуы есепке алынды. Өндірістің трансұлттануы процестерінің орны мен ролін толығымен және жеткілікті түрде талдау 80-ші жылдардағы іргелі жұмыстарда көрсетілген [33].

Айта кету керек, соңғы онжылдықта көптеген әдебиеттерде өндірістің трансұлттануының оң тәжірибесін зерттеуге баса назар аударылды. Ол ұлттық шаруашылықтың тиімділігін арттыру үшін пайдаланылуы мүмкін, ал бұл ТҰК-лардың қазіргі кезеңдегі қызметінің қарама-қайшылықтарын, зардаптарын тереңірек талдауды тоқтатпайды.

Ресейлік зерттеушілердің көптеген теориялық жұмыстардың ішінен Г.Широковтың «Капитализм эволюциясының парадокстары» атты монографиясын атап өтуге болады, онда соңғы жылдары өндірістің

трансұлттануындағы дамудың жаңа тенденциялар талданады [34, 155б]. Сонымен қатар В.Щетининнің жұмысы да қызықтырады. Ол әлемдік шаруашылықтағы ТҰК позицияларының кеңеюі көздерін, олардың ұлттық экономикалық мүддеге әсерін ашып көрсетеді [35].

Ал, Т.Я.Белоус халықаралық өндірістік қатынастар жүйелерінің эволюциясын зерттей отырып, шаруашылық өмірді жаһандандыру жағдайында олардың келесідей ерекшеліктерін бөліп көрсетеді: Интернет-технологиялардың таралуы, қаржылық басымдылықтарды бекіту, «виртуалды империяларды» қалыптастыру тәрізді экономикада күштерді атайды. Ол әртүрлі елдердің компанияларының «бизнесті жаһандандыруға» және халықаралық деңгейдегі нығайған тұрақтылыққа жетуге ұмтылысы тек қана өндіргіш күштердегі, халықаралық еңбек бөлінісінің сипатындағы ірі техника-экономикалық ілгерілеулермен ғана емес, қазіргі капитализмнің экономикалық тұрақсыздығының артуына да байланысты екендігін атап өту керек деп жазды [36, 139б].

Қазіргі таңда әлемдік экономикалық ойдың жетістіктерін меңгерудің қарқынды процесі жүріп жатқанын атап өту қажет. Онда неоклассикалық талдаудың элементтері, эволюциялық экономикалық теорияның элементтері, сонымен бірге институционалды-эволюциялық, әлеуметтік-психологиялық бағыттағы элементтер қолданылады. Соңғы кезде ойындар теориясы - қолданбалы математиканың жаңа саласы кең көлемді қолданылуда. Бұл теория стратегиялық тәуелсіз агенттердің (ойыншылардың) арасындағы теңсіз биліктің, дау-дамайлар мен одақтардың қатынасын нақтылайды. Аталып өткен бағыттар шеңберінде А.Мовсесян және басқалар трансұлттануы бойынша зерттеулер жүргізді.

Соның ішінде А.Мовсесян еңбектерінде трансұлттану ақпараттық-қаржылық аспектілерін әзірлеумен қатар волонтаризм әдістемелері тұрғысынан оның философиялық-идеологиялық платформасы зерттелді, нақтырақ айтсақ, жекелеген адамдардың еркі мен жеке құлшыныстарын жүзеге асыру тұрғысынан. «Мүдделер мен жеке құлшыныстардың соқтығысуы экономикалық эволюцияны білдіріп, соңында әлемдік экономиканың дамуына алып келеді» - деп жазады А. Мовсесян [37, 37 б]. Сонымен, трансұлттану объективті және субъективті үрдістердің құрамдастырылуы ретінде көрсетіледі.

А.Мовсесяанның «қазіргі кезеңде трансұлттану теориясы дамудың жеткілікті түрдегі ұзақ жолын жүріп өтті, дегенмен, оның барлық аспектілерінің толық түсіндірілген және аяқталған жолы әзірге жоқ...» деген пікірімен келісеміз. Бұл тұрғыда П.Бакли мен М.Кэссонның мойындауы бойынша, зерттеушілер алдында «әртүрлі тұжырымдамалар мен талқыламалардан тұратын көптүсті суретте алдымен негізгісі ретінде өндірістің трансұлттану қызметінің қандай да бір ерекшеліктері ұсынылады» деген түсінік туындайды [38]. Одан әрі авторлар «қазіргі таңда ғылым қазіргі жағдайлардағы өндірістің трансұлттануды дұрыс түсіндіре алатын бірыңғай түзу теориясын ұсына алмайды» - деп қосады. А.Мовсесян да жалпы теорияны әзірлеу мүмкіншіліктеріне күмәнмен қарайды.

Ұсынылып отырған өндірістің трансұлттануы тұжырымдамаларының бұрынғы теориялық көзқарастардан айырмашылықтарын қарастырайық.

Өндірістің трансұлттануын зерттеу келесідей өзара байланысты деңгейлерде жүргізіледі: ішкі құрылым деңгейінде; жергілікті зоналардың сыртқы ортасы деңгейінде, мұнда өндірістің трансұлттануы тік құрылымдардың субъектілері жұмыс атқарады яғни ұлттық шаруашылықтар деңгейінде және сыртқы орта деңгейінде. Мұндай көзқарас, біздің ойымызша талдаудың микро-, макроэкономикалық және жаһандық деңгейлерінің үйлесімін қамтамасыз етеді.

Өндірістің трансұлттануын біз халықаралық еңбек бөлінісінің қызметі, әлемдік шаруашылықты түрлендіру нәтижесі деп түйіндейміз. Өндірістің трансұлттануының рөлі әлемдік табыстарды қайта бөлу, еңбекті бақылау әдісі, немесе, басқаша айтқанда еңбекті әлеуметтік ұйымдастыру әдісі ретінде зерттеледі. Өндірістің трансұлттануы жүйесінің ролін, біздің ойымызша, оның едәуір жоғары деңгейдегі жүйеге қосылғыштығы арқылы түсінуге болады және түсіну керек.

Біздің зерттеуіміздің нәтижесінде қазіргі кездегі өндірістің трансұлттануының ең негізгі сипаттары ретінде келесідей тұжырымдар жасауға болады:

- Әлемдік экономикада ТҰК мен құрылымдардың сандары мен активтерінің қарқынды өсуі осы үрдісінің әлдеқайда жылдамдаты;

- ТҰК-лардың жаһандық корпорацияларға айналуы;

- Әлемдік шаруашылықтың интерұлттану үрдісінің жаңа этапы: ТҰК-дың негізгі және еншілес компанияларда өндірілетін өнімдерге қойылатын сапалық талаптарға қарамастан мемлекеттер мен кәсіпорындардың өндірістік үрдіс пен ғылыми-техникалық прогресстің интерұлттануында халықаралық еңбек бөлінісіне өздерінің тартылу мәселесі;

- Шаруашылық өмірді интерұлттанудың формасы ретінде ТҰК-дың шеңберінде халықаралық өндірістің дамуы кіреді. Бұған халықаралық ішкіфирмалық кооперациялауға қатысатын негізгі және еншілес компаниялар өндірістеріде жатады;

- Еншілес компанияларға жекелеген артықшылықтар берді

- Жаңа сапаға көшудегі өндірістің трансұлттануының жаңа жоғары деңгейі.

- Өндірістің трансұлттану үрдісінің ТҰК-дың қызметінің нақты субъектлерін халықаралық экономикалық қатынастарға айналдыру көлеміне тікелей байланысты.

- Шаруашылық құрылымды ұйымдастырудың жаңа формасы өндірістің трансұлттануын қалыптастырады.

Қазіргі таңда әлемдік тәжірибе елдер тек өзінің ерекшелігіне ғана сүйене отырып, өндірістің трансұлттану потенциалын пайдаланып, экономикалық дамуды қамтамасыз ете аламайды деп пайымдаймыз. Басқа елдердің тәжірибелерін механикалық түрде қолдана салу орынсыз болып саналады. Сонымен бірге, өндірістің трансұлттануы үрдісінің түрлі нұсқалары бойынша қалыптасқан бай зияткерлік базаны да елемеуге болмайды.

Өндірістің трансұлттануы процестерін зерттеуші әртүрлі теориялық мектептер мен бағыттардың өкілдерінің көзқарастарын салыстыру төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

1. Трансұлттық қызметтің өзіндегі өзгерістермен байланысты жеделдетілген шаруашылықтың трансұлттануы себептерін ашатын теориялық әдістердің эволюциясы. Теориялық конструкциялар қоғамның индустриалды, постиндустриалды даму кезеңдерінде өндірістің трансұлттануының тиімділігін айқындайтын факторлар спектрін байытуды кескіндейді.

2. Өндірістің трансұлттануы теориялық базасы экономикалық ойлардың келесідей түрлі ағымдарының өкілдерімен жасалынды: неоклассикалық теория, дәлірек айтқанда, оның соңғы жаңартылуы – индустриалды экономика, сонымен қатар марксизм, неoinституционализм, эволюциялық экономикалық теория жақтастарымен жасалынды. Әрине, әрбір тиісті бағытқа және әртүрлі тарихи жағдайларға өз акценттері мен басымдылықтары тән. Барлық тұжырымдамалардың ортақ кемшілігі трансұлттық қызметті жандандыруды анықтайтын бір немесе бірнеше шешуші факторларды мүшелеуге ұмтылу болып саналады. Факторлардың мәнділігі және олардың өзара ара салмағы өзгеріп тұрады, сол себепті барлық өзгерістерді бір кезеңде белгілеп отыру мүмкін емес.

3. Интеграцияның күшеюін, трансұлттық қызметті талдау бойынша әртүрлі теориялық бағыттардың өзара толықтырылымдылығын белгілеуге болады. Бұл жағдайда зерттелінетін объектінің даму заңдылықтарын динамикалық (статикалық емес) ұсынуға құлшынысы байқалады.

1.2 Өндірістің трансұлттануының даму тұжырымдамалары және әдістемелік негіздері

Жоғарыда жаңа институционалды экономикалық теория шеңберінде жасалған «интернализация» тұжырымдамасы туралы айтпай кетпеуге болмайды. Бұл теория ТҰК туралы ғылымда жаңа түсінік болып табылмаса да, ол шаруашылық ұйымдардың балама нысандарын талдау үшін жаңа реттеулер жасаған болатын. Бізге осы теориялық бағыттың потенциалын өндірістің трансұлттануы нұсқаларының тиімділігін бағалау тұрғысынан зерттеуді талап етеді.

«Интернализация» теориясының бастапқы тармағы - ол барлық саудалық келісімдер түрлерін жүзеге асыруға байланысты ерекше шығындар түрлерін, яғни трансакциялық шығындарды (transaction costs) бөліп көрсету болып саналады. Келісімнің әрбір экономикалық нысанының ел ішінде де, халықаралық деңгейде де нарықтардың сипаттамаларына байланысты трансакциялық шығындардың өз шамасы болады. Нарықтың жетілгендік деңгейі неғұрлым төмен болған сайын, іскерлік белсенділік жолында соғұрлым кедергілер көп болады, соған байланысты келісім нысанын таңдау кезінде трансакциялық шығындардың маңызы арта түседі. Осы шығындарды барынша азайтудың ең тамаша құралы - «интернализация», яғни жеке ішкіфирмалық

нарық құру болып табылады.

«Интернализация» тұжырымдамасы авторларының пікірлері бойынша әсіресе, көптеген кедергілер сыртқы экономикалық қатынастар саласында шоғырланған. Сондықтан ТҰК құрудың мәні және бұдан шығатыны өндірістің трансұлттануының маңызды мотиві интернализацияға және ашық нарықта саудалық келісімдер алдында басқарылатын ішкі нарықтың артықшылықтарына ұмтылуда жатыр.

Әдетте, «интернализацияның» екі мәнін бөліп көрсетеді:

- "нарықты интернализациялау" немесе сыртқы нарықтағы келісім-шарттық қатынастарды фирма ішіндегі шешімдерді әкімшілік үйлестірумен алмастыру;

- "экстерналийлерді интернализациялау", немесе нарықтық бағалар жүйесінен тыс болған, өзінің бағасы мүлде болмаған, немесе өндіріс процесіне қатысса да аса «жетілмеген» бағасы бар осындай тауар үшін ішкі нарықты құру. Енді ол сыртқы нарық деңгейінде емес, тек ішкі нарық деңгейінде ғана бағаға ие болады, осы тауарға баға ішкі, «трансферттік» болып саналады. Осындай тауарларға, мысалы, технологияларды, «ноу-хауды және т.с.с. жатқызуға болады [39, 169 б].

Неліктен «интернализация» артықшылықтары кезінде көпшілік фирмалар көп жағдайларда осы қадамға бара бермейді, олар қарапайым сауда қатынастарына, лицензиялауға және т.с.с. жүгіне береді? «Интернализация» тұжырымдамасы былай деп жауап береді: ішкі нарықты құру мен қолдаудың өзі фирмалардың белгілі бір шығындары болуын талап етеді, және де әрбір нақты жағдайда келісімнің нысанын таңдау мәселесі «интернализация» шығындарының шамасын балама трансакциялар шығындарымен салыстыру жолымен шешіледі.

Трансұлттық үрдістің ынталандырулар мен жағдайларын түсіндіретін «интернализация» тұжырымдамасы оны (ТҰК шеңберінде ғана емес, басқа да келісім-шарттық қатынастар түрлерінде, яғни қосалқы мердігерлер, лицензиялық келісімдер, стратегиялық альянстар және т.с.с.) жүзеге асырудың балама нұсқаларын қарастырады. Трансакциялық шығындардың мазмұны мен құрылымын, олардың сандық өлшемдерінің әдістерін нақтылау қазіргі жағдайлардағы өндірістің трансұлттануы ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

«Интернализация» тұжырымдамасының мәні туралы мәселені қарастыру кезінде өндірістің өркендеген трансұлттануын зерттеуге байланысты ең маңызды аспектіні ескеру қажет.

Сонымен, өндірістің трансұлттануын дамыту үшін «интернализация» тұжырымдамасының мәнін талдау келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

а) «Интернализация» теориясы кеңейіп келе жатқан және күрделене түскен трансұлттық қызмет жөнінде түсінік береді, оның тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасайды.

б) Ол зерттелініп отырған объектінің ғылыми-техникалық

үдеріспен күшейіп келе жатқан өзара байланысын кескіндейді, оның әсері арқылы өндірістің трансұлттану нысандары түрленеді, бұнда озық технологиялармен олардың мүлде жаңа даму деңгейін анықтайды.

с) Теориялық қорытындылар өндірістің трансұлттануының өзгеріске ұшырап отырған әлемдік экономикалық кеңістік жағдайларына жоғары бейімделушілік қабілеттілігін, тез жұмылғыштығын айғақтайды.

д) «Интернализация» тұжырымдамасын эволюциялық теория призмасы арқылы, дәлірек айтқанда, экономикалық ұғымдар өзгерісі арқылы қарастыруға болады.

е) Трансакциялық шығындар мәселесін одан әрі тереңірек теориялық зерттеу қажеттілігі өндірістің трансұлттануы шетелдік тәжірибесінің қажеттіліктеріне байланысты болды.

Өндірістің трансұлттануы тік құрылымдар әлемдік шаруашылықтың құрама бөлігі болып табылып, ашық жүйе болып саналады, яғни өндірістің трансұлттануы әлемдік шаруашылықты өзін-өзі ұйымдастырудың қағидаларында дамыту нысаны болып саналады. Бұл үрдіске түрлі ұлттық экономикалар жұмылдырылады. Трансұлттық құрылымдармен қатар әлемдік шаруашылықтың субъектілеріне кәсіпорындар, фирмалар, халықаралық ұйымдар, ұлттық мемлекеттік құрылымдар және т.с.с. жатады. Олар арасындағы өзара әрекеттестіктер қарама-қайшылықтарға толы болып келеді. Қарама-қайшылықтар – бұлар тұтастық диалектикасы заңымен және қарама-қарсылықтар күресімен дәлелденетін дамудың қайнар көзі.

Экономикалық дамудың күрделене түсуімен тиімді өндірістік қызметті қамтамасыз ету үшін қажетті элементтерді іздестіру, тарату, шоғырландыру барысы қиындай түсуде. Элементтердің аса көп шоғырлануы мен экономикалық субъектілердің әрекеттері әлемдік экономиканы өзін-өзі ұйымдастыру нәтижелерін тым қиындатып жібереді. Элементтердің шоғырлануы мен экономикалық ортаның жай-күйімен талап етілетін деңгейден де жоғары әрекеттер оған кіру мен одан шығу кезінде кедергілерді жасау үшін жағдайлар тудырады, сол арқылы процестің барлық қатысушыларының мүдделерін ескеретін әрекеттер жасауға мүмкіндік бермейді. Өндірісті және капиталды жоғары деңгейде шоғырландырумен байланысты кедергілерді жеңіп шығу үшін айтарлықтай шығындар талап етіледі, ал бұл бәсекеге қайшы әсер етеді. Ұлғайған шоғырландыру, сайып келгенде, өндірістің трансұлттануы тің нәтижелілігі тұрғысынан тиімсіз болып табылады, себебі ішкі және сыртқы ортаны қамтамасыз етуге көптеген үлестік интегралды шығындарды талап етеді.

Элементтер мен әрекеттердің экономикалық ортада шоғырлануының ерекше заңдылықтарының болуымен ең алғашқылардың бірі болып көрнекті итальян социологы және экономисі, Лозанн университетінің (Швейцария) саяси экономия профессор Вильфредо Парето (1848-1923) ұшырасты. Біз оның байқауларының нәтижелерін тереңірек қарастырып, сонымен қатар ірі трансұлттық құрылымдардың бір-бірімен, сондай-ақ әлемдік экономикалық кеңістіктің басқа да субъектілерімен өзара әрекеттестігін жаңадан

тұжырымдауға мүмкіндік беретін бірнеше ғалымдардың шешімдеріне тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз.

Солтүстік Италия тұрғындары кірістерінің статистикасын зерттей отырып, В.Парето «оған тең немесе одан жоғары кірісі бар азаматтар саны (жекелеген бақылаушының көзқарасы бойынша оған табысы жағынан тең немесе көбірек қамтамасыз етілген тұрғындар) бір жарымға жақын дәрежелік көрсеткішпен тұрақты түрде көрсетіледі. Яғни осы топ үшін (немесе экономикалық популяция үшін) бірлік немесе одан да көп кірісі бар адамдар санын 1,5 дәрежесіндегі осы кіріс шамасына бөлу тұрақты шама болып табылады. Қарапайым сөзбен айтқанда, адамдар кедей болған сайын, олардың саны көбірек болады, керісінше, бай болған сайын, олар азая түседі. Бұл бір қарағанда оңай сияқты болып көрінгенмен, іс жүзінде олай емес, ең бастысы – секірістер жоқ, ешбір де кенеттен болатын сапаның көшірілуі мен ауысуы жоқ. Байлықтан кедейшілікке өту бірқалыпты ғана емес, ол математикалық тұрғыдан қатаң бірқалыпты және тепе-тең» екендігін анықтаған [40]. «Бизнестегі фракталдар» мақаланың авторы А.Земцов атап көрсеткендей, көпжылдық зерттеулер Паретоның заңы бірегей сипатта екендігін дәлелдеді, және ол тек экономикалық ғана емес, әлеуметтік те, мәдени де жүйелерде кездесетіндігіне көз жеткізді [41].

Осы авторлардың әрбірі кең көлемдегі материалда бәсеке стратегиясын, соның ішінде трансұлттық корпорацияларды талдап, қазіргі жағдайдағы бәсеке мен монополизмнің заңдылықтарын, арақатысының ерекшеліктерін анықтаған. А.Г.Шмелев «Өнім бәсекесі. Біріктіретін тұжырымдаманы құрастыру тәжірибесі» атты жұмысында «өнім бәсекесі» тұжырымдамасын келтірді [42]. Ол бәсекелік өзара әрекеттестіктің төмендегідей түрлерін келтірді:



Сурет 1- бәсекелік өзара әрекеттестіктің төмендегідей түрлерін

Ескерту –мәлімет негізінде автормен құрастырылды [42]

Сайыстық бәсекенің ерекшеліктерін сипаттай отырып, автор бұл бәсекені «жұмсақ түрдегі бәсеке, - дейді. Егер әрбір субъектіге осы кезеңде бірнеше бәсеке объектілері келетін болса, онда бәсекенің қатандығы (уақытша болса да) жұмсара түседі. Ең бастысы – жеңіліс тапқаны бәсекенің жаңа циклдарына

қатысуын жалғастыра беретін болады» [42]. Сайыстық түрдегі бәсекенің тағы бір түрі «серіктестіктік» бәсеке болып табылады, онда жеңіліске ұшырағаны бәсеке барысындағы өз шығындарын өтеп қана қоймай, одан әрі бәсекеге қатысуын жалғастыруға қаражаттар алып, өз «дербес» потенциалын сақтап (объектілерге қарағанда) арттырады. А.Г.Шмелев жасап шығаруға бағытталған серіктестіктік бәсекені екі немесе одан да көп тараптар үшінші адамдар немесе қоғамның есебінен өзара сөз байласу жасасатын паразиттік одақтан (коалиция) айыра білу қажет деп атап айтқан. Бақталастықты А.Г.Шмелев тек жеңімпаз ғана бәсеке объектісін монопольді түрде иеленетін, ал жеңіліске ұшыраған жақ бәсеке алаңынан шығарылып, басқа объектілер үшін бәсекелесуде потенциалын сақтап қала отырып, өз шығындарының аясында ғана ысырап шегетін бәсеке түрін атайды. Бақталастық кезінде жеңіліске ұшыраған тарап бәсекенің басқа түрлерінде (басқа кеңістікте немесе күрес алаңында) жеңіске кез болса, өз потенциалын қалпына келтіре алады. Тайталас, әдетте, жеңіліске ұшыраған адамда да, жеңімпазда да «өз» потенциалының төмендеуіне әкеліп соқтырады. Осындай бәсеке түрінің бүлдіргіш (күйреткіш) сипаты бар. Ол міндетті түрде орын алатын өндірістік емес шығындарды тудырады (ресурстар мен уақыттар игіліктерді жасауға емес, бәсекелестермен күреске жұмсалады), сол себепті қоғамдық әл-ауқат төмендей түседі.

«Өнім бәсекесі» тұжырымдамасында келесідей заңдылық орын алады: контродуктивті, күйреткіш бәсеке экономикалық құлдырауға әкеледі. Керісінше, өнім бәсекесінің нысандары кеңінен таралған сайын, экономикалық даму соғұрлым тұрақты болады.

Осыдан қысқаша өндірістің трансұлттануы үрдісін талдау ТҰК әлемдік экономикалық кеңістіктің басқа объектілерімен өнім бәсекесін дамыту корпорациялар мен қоғамдық игіліктің жиынтық ұтысын барынша арттыруға объективті түрде жағдай туғызады деп айтуға мүмкіндік береді. Нақты-тарихи жағдайларға байланысты трансұлттық құрылымдардың бәсекелік өзара әрекеттестігінің түрлі үлгілері қалыптасты. Бұнда бәсекенің ең «қатал» нысандары элеуметтік-экономикалық даму мүдделері тұрғысынан өнімдік емес болып саналды. Тек «өнім бәсекесі» ғана шаруашылық субъектілердің және қоғамдық әл-ауқаттың экономикалық дамуының мүдделері жақсы орайластырылған жасап шығарушы тұрақты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Өнім серіктестігі» қатынастары тек шаруашылық субъектілерін ғана емес, сонымен қатар ТҰК қамтып қана қоймай, тауар өндірушілердің тұтынушылармен өзара қатынастарына да таралуы мүмкін екендігін атап өту керек. Соның ішінде М.Портер «Халықаралық бәсеке» кітабында бағаларды төмендете отырып және өз тауарларының бағалық бәсекеқабілеттілігінің қорын қамтамасыз ете отырып, ТҰК тұтынушылармен өз пайдаларымен бөлісетіндігін, ал бұл өнім серіктестігі критерийлеріне жауап беретіндігін нақтылап көрсеткен болатын [23].

Бұл заң трансұлттық құрылымдардың басқа экономикалық агенттермен қатынастарында айқын көрінеді. Соның ішінде таза тәжірибелік жолмен шағын кәсіпорындарда жаңа бұйымдарды өнеркәсіптік шығаруды меңгеру немесе

жаңа технологияларды енгізу ірі кәсіпорындарға қарағанда жылдамдырақ және аз шығындармен жүргізілетіндігі белгілі болды. Осыған байланысты ХХ ғасырдың 70-жылдары батыс елдерінде ТҰК-лардың шағын фирмалармен мердігерлік қатынастарының кең желісі жайылған. Олар өнертапқыштарды іздестіру, енгізу бойынша да, жаңа өнімдер мен техниканы дербес түрде жасау бойынша да қызметтерді ойдағыдай атқарып келеді. Қазіргі уақытта шағын және орта кәсіпорындар өнеркәсіптердің «жеңілі» деп аталады. Мердігерліктің тармақталған жүйесінің дамуы ТҰК-ларға көптеген тиімсіз операциялар мен қызметтерден арылуға және одан да тиімдірек және келешегі бар қызмет салаларына назар аударуға мүмкіндік береді.

Бұрын шағын, орта кәсіпорындар, әдетте, бұрын ірі фирмалармен, соның ішінде трансұлттық корпорациялармен игерілген техника мен технологияны енгізетін болатын, яғни қарапайым қуып жетушілік байқалатын. Қазіргі кезеңде екі параллель процесс жүріп жатыр. Өз мердігерлерінен салыстырмалы түрде мықты деген жартылай фабрикаттарды немесе компоненттерді алуға мүдделі ТҰК өз технологиялық суреттемелерін оларға беруге, қызметкерлерін оқытуға, сапаны басқаруға және т.с.с. орындауға мәжбүр болады. Сол себепті қазіргі уақытта кейбір шағын кәсіпорындар жаңа өнімді ірі ТҰК-лармен біруақытта дерлік игеріп жатыр.

ТҰК мен шағын, орта кәсіпорындардың бәсекелігін соңғыларды бәсекелік емес деңгейге дейін түсіру есебінен бірте-бірте төмендету орын алуда. Нәтижесінде шағын өндірісті ысырып тастау тоқтатылып қана қоймай, оның сандық және сапалық жағынан өсуі басталды. Дегенмен, техникалық және экономикалық параметрлердің тұрақты түрде өзгерістерге ұшырауы салдарынан ірі және шағын өндірістің шекаралары қозғалысқа түсіп отырады. Сонымен қатар қатаң бәсеке шағын өнеркәсіп саласының өзінің ішінде де болып тұрады. Осының салдарынан шағын кәсіпорындардың аз уақытқа қана тіршілік ететінін көруге болады: мысалы, АҚШ-та шағын кәсіпорын орта есеппен алғанда 7 жыл ғана әрекет етеді.

Қазіргі заманғы технологиялық төңкеріліс шағын өндірісті жаңа негізде қайта дүниеге келуі үшін техникалық алғышарттар жасап, оның ТҰК-лармен өзара қатынастарын өзгертіп қана қоймай, шағын өндірістің трансұлттануының басталуына әкеліп соқтырды. Яғни қазіргі жағдайларда капитал мен өндірістің қарама-қарсы қозғалысы үшін алғышарттар жасалды: капиталды шоғырландыру мен орталықтандыру шағын өндірістегі қызметпен байланысты болуы мүмкін. Шындығында, шағын өнеркәсіп өзінің әлеуметтік-экономикалық біртектілігін жоғалтып алды. Осы термин астарында қазір ірі және шағын капиталға тиесілі және соның салдарынан мүлде әртүрлі жағдайда тұрған екі сектор жатыр. Технологиялық үрдісті майдалау және оның жекелеген сатыларын трансұлттық құрылымдар аясында шағын кәсіпорындарға орналастыру шағын өндірістің жоғары технологиялық негізін салуды көздейді.

Шағын өндірістің трансұлттануы біртұтас әлеуметтік-экономикалық және технологиялық кеңістікті құруға жағдай жасайды, онда салыстырмалы түрдегі күрделі өнімді шығаруды әр түрлі аймақтағы шағын кәсіпорындар меңгере

алады. Шағын өндірістің трансұлттануы тенденциясы сондай-ақ батыс елдеріндегі шағын кәсіпорындарда еңбекке ақы төлеудің артуына, қатаң еңбек заңының болуына және т.с.с. байланысты шығындардың ұлғаюын жылдамдатты. Кейбір ТҰК қосымша операцияларды немесе аяқталуға жақын сатыларын шетелдерге дамушы елдерге шығара бастады. Г.К.Широков шағын өндірістің трансұлттануы ерекшеліктерін талдай отырып, «ҒТІ шағын өндірістің трансұлттануына жағдай жасайтын немесе қарсы тұратын өзара қарама-қайшы процестерді тудырады. Бұл процестер жалғасып, ТҰК және жергілікті шағын кәсіпкерлердің құрамдасуының маңыздылығын көрсетеді» деп атап өткен болатын [34].

БҰҰ сарапшылары ТҰК «жаңа нәсілі» - шетелдік қызметті белсенді дамытатын кішігірім көлемді компаниялардың пайда болуын атап өтуде. Ұлыбританияда бұл «шағын ТҰК» 20-дан 499-ға дейінгі адамнан тұрып, барлық ТҰК-лардың шамамен 80%-ын құраса, Францияда 1600 «шағын ТҰК» 89% құрайды, АҚШ-та «шағын ТҰК» үлесі шамамен 44%-ды, Жапонияда - 23%-ды құрайды. Өнімнің өмір сүру ұзақтығын және өндіріске, ҒЗТКЖ-ға инвестициялардың өтелімділігін қысқарту өндірістік бірліктерден үлкен икемділік пен өндірісті жылдам жаңартуды талап етеді, әрине, бұны ірі кәсіпорындар қамтамасыз ету қиынға соғады [43].

Менеджмент саласы бойынша әйгілі американдық маман П.Друкердің пікірі бойынша болашақ орта мөлшердегі 200-ден 4000-ге дейінгі жұмысбастылары бар кәсіпорындардың қолында, өйткені олар жеткілікті мөлшерде шағын және ірі қаржыларды инвестициялауға, жаңалықтарды енгізуге жеткілікті мөлшерде икемді болуы шарт. Сол себепті бүгінде компанияларды ірілендіру мен олардың қызметтерін әртараптандырумен қатар өндірістік бірліктерді құру кезінде алпауыт болудан бас тарту байқалуда, олардың көлемдері кішірейіп, мамандандыру деңгейі өсе түсуде. Бір шолушының дәлме-дәл келтіруі бойынша ТҰК көлемдерін азайту үстінде яғни оншалықты ауқымды болмай шағындану беталысында олар үлкен икемділік пен оңтайландыру есебінен күш алуда.

Соңғы онжылдықтарда трансұлттық құрылымдардың тиімділігі халықаралық фирмааралық кооперацияларды дамыту есебінен арта түсуде. Нәтижесінде ұйымның «желілік» үлгісі қалыптасуда. Бұл жағдайда қатаң орталықтанған құрылымдардың орнына фирмааралық келісімдерге негізделген «желілік» құрылымдар келуде. Осындай ұйымның мақсаты – өндіріс шығындарын азайту, сұраныс пен технологияның өзгерістеріне тезірек бейімделу.

Халықаралық бизнестің «кооперативті стратегиясы» (келісімдер мен стратегиялық одақтардың әртүрлі түрлері), бұрын қарастырылып өтілгендей, күрделі зерттеулердің тақырыбы болып саналады. Халықаралық кәсіпкерлік мәселелерімен айналысатын әйгілі мамандар П.Бакли мен М.Кэссон «фирмааралық кооперация» түсінігін «өзара ұстамдылыққа негізделген» фирмалар қызметін үйлестірудің ерекше түрі, серіктестер арасындағы

сенімсіздіктің қайшы зардаптарын жұмсарту құралы, бәсекелес тараптардың өзара келісімінің мүмкіндіктерін көрсететін құрал ретінде көрсетеді. Олардың пікірі бойынша фирмааралық келісімдер «белгілі бір сыртқы әсер ету кезінде туындайтын шығындарды барынша азайтуға әкелетін ымырашылдық келісімдер» болып саналады» [38].

Кейбір батыс ғалымдары фирмаралық ынтымақтастықтың халықаралық деңгейде кеңейіп отырып, ТҰК-лардың классикалық нысандарынан компаниялардың «альянстар желісі» тұжырымдамасына өту қажеттілігін негіздейді. Әйгілі итальян өнеркәсіпшісі К.Бенедеттидің айтуы бойынша «классикалық ТҰК уақыты өтті, бүгінде болашақ фирмалар альянсына тиесілі, олар бірлесе отырып, өнеркәсіптік матаны тоқитын болады». Бәсеке мен ынтымақтастық – қазіргі жағдайда өндірістің трансұлттануына тән ұғымдар болып саналады. Бұлар, егер де қатысушылардың әрбірінің экономикалық жетістіктері мен артықшылықтарына сүйенетін болса, оң нәтиже береді. Бұдан компаниялар үшін мынадай шешім жасауға болады: ынтымақтастық саласында, сөзсіз, мүмкіндіктер мен болашақтар бар, оларды тек орынды пайдалану қажет.

Осыдан түйіндейтініміз ынтымақтастық жасаудың артып келе жатқанын атап өте отырып, кез келген трансұлттық құрылым өз әсер ету аймағын кеңейтуге тырысатынын атап өту керек, және бұны ол ортаның белгілі бір шекараларда қарсылығына тап болғанға дейін жасай беретін болады.

Қазіргі ТҰК-ларға бәсекелестерге түрлі қысымдар жасау тән, тіпті шектелген іскер тәжірибесін қолдануға дейін барушылық тән. Бұндай бәсекеге қарсы тәжірибе ұлттық және аймақтық деңгейлерде қарсылық көрсету үшін және шамалы да болса қайшы зардаптарын әлсірету үшін ескерілуі тиіс.

Сонымен, трансұлттық құрылымдардың қызметі, нарықтық экономикадағы барлық шаруашылық субъектілердің қызметтері де қарама-қайшы мүдделердің үздіксіз күресімен, оң және теріс жағдайлар мен Өндірістің өрдістердің көрінуімен байланысты болады. Өндірістің трансұлттануына бүтіндей елдер мен аймақтар қарсылықтар білдіруде, және де экономикалық факторлар бұндай жағдайларда жиі түрде саяси зардаптар тудыруда.

Көптеген басылымдар ТҰК мен ұлттық мемлекеттердің өзара қатынастарындағы трансұлттық мәселелерді баспа беттерінде жариялауда. Барлық авторлар трансұлттық құрылымдардың екі жақты рөлін, олардың қабылдаушы елге және базалық елге қарама-қарсы әсерін атап өтуде. А.Г.Мовсесянның «Трансұлттық капитал мен ұлттық мемлекеттер» атты жұмысында қызғылықты материал беріледі. Авторлар, бір жағынан, трансұлттық капитал мен, екінші жағынан, ұлттық мемлекеттер арасында қалыптасқан екі жақты билік пен қарқынды тепе-теңдікті сипаттайды. С.И.Долговтың «Экономиканы жаһандандыру: жаңа сөз немесе жаңа құбылыс па?» атты жұмысында ТҰК мен қабылдаушы елдердің арасындағы олардың халқынан, іскер және қаржы топтарынан тұратын өзара күрделі қатынастар

кешеніне талдау жүргізеді; ТҰК мен олардың өз елдерінің барлық уақытта сай келмейтін мүдделері зерттеледі [55].

ТҰК мен түрлі ұлттық мемлекеттердің өзара әрекеттестігінің ерекшеліктеріне тоқталмай-ақ әдіснамалық маңызы бар төмендегідей ережелерді атап өтейік:

- қазіргі әлем өз логикасы мен динамикасы бар біртұтас жүйе шеңберінде дамиды. Трансұлттық құрылымдар мен ұлттық экономикалық кеңістіктердің тіршілік етуі маңызды болып саналады;

- әлемдік экономиканың қалыптасатын тұтас жүйесі ұлттық шаруашылықтар мен ТҰК-лардың жай ғана қосындысы емес, ұлттық мемлекеттер мен ТҰК арасында құрылатын жиынтық өзара қатынастардың өзін-өзі ұйымдастырушы жүйесі болып табылады;

- өндірістің трансұлттануы ұлттық экономикалардың орнын халықаралық еңбек бөлінісінің иерархиялық құрылымында анықтай отырып, олардың дамуына үлкен әсерін тигізеді. ТҰК шеңберінде айналысқа түсетін тауарлар, қызметтер, капиталдар, технологиялар және т.с.с.-лардың фирмаішілік және фирмааралық ағындары кейбір елдердің экспортына (оның ынталандыру, шектеу қою немесе ауыстыру арқылы) күрделі әсер ете отырып және барынша олардың халықаралық мамандануын анықтай отырып, салааралық және еларалық ағымдарды дәстүрлі ұйымдастыруға салынуда;

- өндірістің трансұлттануы өндірістің ұлттық жүйелерін қамтитын өзара тәуелділіктердің жаңа түрлерінің пайда болуына әкеліп соқтырады, олардың өзара байланысын реттеп күшейтеді, себебі түрлі салалардың өндірістік аппаратының көп бөлігі трансұлттық қызмет саласына жұмылдырылуда;

- әрине, трансұлттанудың қарқын алып келе жатқан процесі ұлттық экономикаларды түрлендіріп, қайта құрылымдауға жағдай туғызса да, түбегейлі жойып жібермейді. Өндірістің, бағалардың, тұтынудың, техниканың, ақпараттың, мәдениеттің, өмір сүру қалпының және идеялардың «планеталық» жүйесін қалыптастыру қарқын алу үстінде;

- трансұлттық құрылымдардың және ұлттық мемлекеттердің өзара әрекеттестігінің диалектикалық сипаты бар және олар түрлі нысандарда көріне алады: тікелей қарсы келуден конструктивті және өзара тиімді ынтымақтастыққа дейін;

- трансұлттық капиталдың мүдделері белгілі бір ұлттық мемлекеттердің мүдделеріне объективті түрде сай келген жағдайларда ол оларға еларалық экономикалық бәсекеде айтарлықтай артықшылықтар бере алады. Сонымен қатар кез келген ел өз экономикалық саясаты мен ұлттық және шетелдік трансұлттық құрылымдар стратегиясы арасында орын алуы мүмкін дауларды ескеріп отыруы қажет;

- нақты тарихи жағдайлардан өндірістің трансұлттануы үрдісіне тартылған барлық тараптардың мүдделерінің теңгеріміне жету бағыттарын анықтап алуы, мәселелерді шешудің ең тиімді деген жолдарын іздестіру қажет;

- өндірістің трансұлттануы тік құрылымдардың әлемдік

экономикалық кеңістіктің басқа да субъектілерімен өзара әрекеттестігінің тиімділігінің критерийі корпорациялардың, басқа да экономикалық агенттердің жиынтық ұтысын және қоғамдық игілігін барынша көбейту болып табылады. Бұл жиынтық ұтысқа өнім бәсекесі арқылы объективті түрде жетуге болады.

Өндірістің трансұлттануы өзін-өзі ұйымдастыру механизмі жүйелердің біртұтастығы заңының негізінде сыртқы ортамен де, ішкі ортамен де өзара әрекеттесуі арқылы және оның құраушыларының қарама-қарсы күресі арқылы қамтамасыз етіледі. Бұлар, бір жағынан, трансұлттық желілердің біртұтастығын сақтау есебінен, екінші жағынан, ұйымдастыру-коммуникативті, өндірістік-экономикалық, қаржылық-экономикалық және әлеуметтік-экономикалық салаларда қайшылықтардың туындауы, дамуы және шешілуі есебінен жүзеге асырылады. Бұрын айтылып өтілгендей, өндірістің трансұлттануы кезінде келесідей екі түрлі байланыс дамиды: осы жүйенің субъектілері арасындағы жағдайды үйлестіруді қамтамасыз ететін деңгейлес және барлық элементтердің бағыныштылығын бейнелейтін сатылас байланыстар. Осы өзара байланыстарды оңтайландыруды қамтамасыз етудің және өндірістің трансұлттануы тің сатылы ұйымдастырылған жүйесінің сыртқы әртүрлілігін дамытудың маңызы зор. Бұл едәуір күрделі мәселе болып табылады.

Трансұлттық құрылымдардың дамуына қатыстылығында бұл бүтіндей өндірістің трансұлттануы жүйелерінің еркіндігі деңгейлерін барынша арттыру міндеттерінің қарама-қайшылығын, ішкі құрылымның жұмылғыштығын кеңейту кезіндегі байланыстарды қамтамасыз етуді білдіреді. Байланыстардың қажетті ішкі жүйелік беріктігін сақтау кезінде халықаралық ұйымдастырылған өндірістің икемділігін арттыру мәселесі ішкі құрылымның белгілі бір өзгеруі шеңберіндегі жекелеген бөлімшелердің дербестігін, автономдығын кеңейту арқылы шешіледі. Бұл әрбір басқару деңгейінің өкілеттілігін және құзырлығын нақты айқындауға, жүйе еркіндігінің барлық деңгейлерінің реттелетін байланыстарын қамтуға байланысты болады.

ТҰК, трансұлттық қаржы-өнеркәсіптік топтары шеңберінде өзара әрекеттестік мүдделердің сәйкес келуі деңгейімен ерекшеленеді. Табыстың кепілі – оның барлық қатысушыларының бірлескен қызметтерінің негізінде мүдделерінің ортақтығын қамтамасыз ету. Дәл осы бірлесіп әрекет ету трансұлттық қызметтің барынша тиімділігін қамтамасыз етеді. Оң әсерлердің тыйылуы тиімділіктің төмендеуіне, соның нәтижесінде, құрылымның деградациясына әкеліп соқтырады.

Құрылымдайтын факторларды да бөліп көрсетуге болады, яғни олар оң әсерлерді ұзартады. Сол сияқты құрылымның бұзылуын тудыратын факторлар да кездеседі. Олар жүйенің әрекет етуінің сенімділігін төмендетеді. Құрылымдауды (өзін-өзі ұйымдастыру мен реттестіруді) қызметтің нәтижелілігін физикалық немесе құндық өлшем бірліктерімен, көлемдерімен немесе табыстарымен сипаттауға болады. Өзін-өзі ұйымдастыру салыстырмалы артықшылықтардың экономикалық категориясында барынша кескінделеді. Шығындарды тудыратын құрылымның бұзылғыш қасиеттеріне шығындардың экстенсивті бағыттылығын, мысалы, қорланудан асып кетпейтін табиғи

ресурстарды артығырақ тұтынуды және т.с.с. жатқызу керек. Құрылымдаушы мен бұзушы әрекеттер арасындағы арақатыстар қабылданған басқару шешімдерінің ұтымдылығына байланысты болады.

Трансұлттық шаруашылық субъектілердің маңызды құрылымдайтын қасиеттерінің бірі – байланысқа бейімділігі болып табылады, яғни ұтымды өзара байланыстарды орнатуға, ұдайы өндіріс шарты ретіндегі шоғырландыруды қамтамасыз етуге, ұсыныстарды қалыптастыруға және осыған қажетті ресурстарды талап етуге жүйелердің қабілеттілігі, сонымен қатар балама шешімдерді қабылдау үшін ақпараттарды жинақтау мен беру жылдамдығын арттыруға қабілеттілігі болып табылады. Байланысқа бейімділікті қамтамасыз ету – бұл өзара қатынастар мен өзара байланыстарды, ынтымақтастықты, мүдделердің үйлесімін қамтамасыз ету.

Байланысқа бейімділікті арттыру әдістері әр түрлі болады, ең алдымен, бұл байланыс құралдарын (байланысты, көлікті) дамыту мен ақпараттық технологиялар болып саналады. ТҰК, өндірістің трансұлттануы тің ТҚӨТ байланысқа бейімділігі информатиканың дамуымен айтарлықтай арта түсті.

Ақпараттандыру өндірістік циклдағы уақытты үнемдеуге мүмкіндік берді, өндірісті басқарудағы ғылымның жетістіктерін пайдалану процесін жеделдетті. Осыған байланысты байланыс-ақпараттық саланы жақсартудың арқасында ТҰК құрылымдар қызметтерінің қатты білінетін әсеріне жетуге болады. Бірақ та байланыс құралдарын, ақпараттық жүйелерді пайдалану айтарлықтай шығындарды талап етеді. Өндірістің трансұлттануы ті ақпараттандыруды дамыту – бұл аясы тар мақсат емес. Трансұлттық құрылымдардың әрекет ету нәтижесі олардың қызметтеріне байланысты жиынтық шығындардан жоғары болуы тиіс.

Отандық трансұлттық құрылымдардың ақпараттық құраушыларын дамыту ақпараттандыру процестеріндегі Қазақстанның жалпы артта қалушылығынан өзгеше болуымен ерекшеленетіндігін атап өту керек. Біздің елімізде ескірген техника мен технологияның басым болуынан, дамыған компьютерлік желілер мен басқа да ақпараттық инфрақұрылымның жоқтығынан, дайын кадрлардың болмауынан барлығы айналып келгенде қолайсыз ортаны тудыруда. Дегенменде трансұлттық құрылымдардың ақпаратты қаншалықты деңгейде даму ресурсы ретінде қарастыратындығына байланысты осы жүйелердің өмір сүру қабілеттілігі соншалықты соған тәуелді болады.

Отандық ТҰК қызметтерін экологияландыруды ақпараттық қамтамасыз етуге ерекше назар аудару қажет, яғни экологиялық ақпарат көлемін арттырып, оның жедел пайдаланылуын негіздеу қажет. Осыған байланысты, біздің ойымызша, экологиялық ақпараттандыруды өндірістің трансұлттануы тік құрылымдарды дамытудың ерекше бағыты ретінде бөліп көрсету керек.

Ақпараттық технологияларды қолданудың салдарлары қарама-қайшылықтарға толы. Кейбір авторлар компьютерлерді, бағдарламалық өнімдерді пайдалану еңбек мазмұнын өзгертудің ұзақ мерзімді қарқынының, яғни шығармашылық қызмет компоненттері өсуінің негізі болып

табылатындығын атап көрсетуде. Басқа зерттеушілер компьютерлік технологияларды жұмыскерлерді басқаруға тарту үшін, сонымен қатар көптеген адамдар тобының мүдделері мен шешімдерін жедел келісуді қамтамасыз ететін деңгейде үйлестіру үшін қажетті техникалық алғышарт деп есептейді.

Сонымен қатар ақпараттық технологиялардың әлеуметтік мәселелерді шешу мүмкіндіктеріне сыни көзқараспен қарайтын, жағымсыз әсерлерге назар аударатын бірнеше әдебиет көздері де баршылық. Қазіргі технологиялар «жұмыскерге жақын» жұмыс орындарын ұйымдастыруға мүмкіндік берсе де, еңбекті капиталистік ұйымдастыру көбінесе жаңа технологияларды пайдалану жұмыскерге жүктеменің артуына, еңбек қарқындылығының өсуіне және түңілу қаупінің өсе түсуіне әкеліп соқтыратындығын атап өту керек.

Ақпараттық технологияларды қолдануды еңбекті қанаудың артуымен байланыстыруды неомаркстік бағыттағы ғалымдар одан әрі қатал сынға алады: «Ақпараттық технологиялар кеңсесінде және фабрикасында өнімділік пен пайда арта алады, бірақ біруақытта машиналар жұмысының қарқының күшеюіне және жалпы менеджерлік бақылаудың артуына әкеліп соқтырады». Сонымен қатар жаңа тейлоризм мен фордизмді ұйымдастыратын жаңа білімдер элитасын құру тәрізді салдарлар да аталуда. Жұмыскердің ақпараттық желілерге қол жетерлігі жағдайындағы мәселелермен байланысты қалыптастыру байқалуда.

Бұл ақпараттық технологиялардың қолданылу процестерінің нақты қарама-қайшылығының болуын көрсетеді. Олар жұмыскерді қатаң бақылау мен оның автономиясын шектеу құралы түрінде қолданылуы мүмкін. Немесе жұмыс орнын ұйымдастыру сипатын, бақылау мен басқаруды өзгертуі мүмкін. Бұл жұмыскерлердің өзін-өзі дамытуын ынталандырып, олардың шығармашылық потенциалын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, жаңа ақпараттық технологиялар қарама-қайшы әлеуметтік-техникалық және әлеуметтік технологиялық зардаптар тудыруы мүмкін. Оларды трансұлттық бизнесті дамыту барысында ескеріп отыру қажет және болуы мүмкін ұнамсыз әсерлерін уақтылы «жұмсартып», өтемақы төлеп отыру қажет.

Трансұлттық құрылымдардың ішкі қайшылықтарын дамытудың аса маңызды кешені трансұлттық жүйелердің кірістерін қалыптастыру мен бөлуге байланысты болады. Келесідей қайшылықтар тобын бөліп көрсетуге болады:

- акционерлер мен басқару тобы арасында;
- жұмысшылар мен барлық деңгейдегі әкімшілік арасында;
- трансұлттық жүйенің кейбір құрылымдық бөлімшелері арасында.

Осындай қайшылықтар меншік қатынастарының өзгеруіне және трансұлттық құрылымдарды қаржыландыру ерекшеліктеріне әсер етеді. ТҰК-лардың осы аймақтардағы тәжірибелерінің мәнін түсіну, біздің көзқарасымыз бойынша, ТМД-ның басқа елдерінде қалыптасып келе жатқан трансұлттық компаниялар үшін пайдалы болмақ, себебі оларға осы тәріздес мәселелермен ұшырасуға тура келеді. ТҰК капиталды жаңа

құнды жасай отырып, акционерлермен пайданы бөлісу үшін қолданады. Бұнда «жабық несие жүйесі» деп аталатын ұғым кеңінен таралды, оның мәнісін біздің ойымызша келесідей сипаттады: корпорация акционерлері тобында жетекші орынды иеленетін адамдар ішкі ақша ресурстарын пайдаланудан, активтер құнын жоғарылатудан және кірістерді өсіруден пайда табады; жалдамалы жұмыс істейтіндер болса өз жинақ ақшаларына компания капиталының қандай да бір елеулі үлесін сатып ала алмайды.

Д.Блази мен Д.Круз қазіргі уақытта институционалды инвесторлар мен жалдамалы жұмыскерлер топтарының активтері ТҰК капиталында аса маңызды рөл атқарса да, көптеген жағдайларда жаңа меншік иелері өз мүдделерін қандай да бір келісілген түрде көрсетуге асықпайды деп атап өткен. Жалдамалы жұмыскерлердің меншігі ТҰК-ларға қажетті қаржылық икемділікті береді, олар жаңа капитал көзін табады, ол қосылудың қауіптілігін бір жағынан төмендетеді. Бірақ бұл жағдайда жұмысшылар мен қызметкерлер үшін олардың меншіктері үлкен тәуекелмен байланысты болады, ол ақпараттың болмауымен және басқаруға қатыспаушылықтан қиындай түседі [44].

Қатардағы қызметкерлердің меншігі өзінен-өзі өндірістің трансұлттануының өнімділігін де, табыстылығын да арттыра алмайды. «Жалдама жұмыскерлердің меншігі: көтеріліс пе әлде алдамшылық па?» атты кітабында Д.Блази жалдамалы жұмыскерлердің меншігін кеңейту жағдайындағы экономикалық қызметтің нәтижелері жұмыскерлердің өнімділік пен өтімділік тәуелді болатын компания қызметінің жақтарын жақсартуға бағытталған нақты жұмысқа нақты қатысуынсыз автоматты түрде жақсара алмайтындығын нақты мысалдармен көз жеткізе көрсеткен [44].

Сонымен қатар бірқатар шетелдік экономистер жұмыс берушілер мен жалдамалы жұмыскерлер арасындағы қатынастарда капитал көздерінің өзгеруіне байланысты корпорацияларды басқару сипатының өзгеруінде үлкен мүмкіндіктер бар деп санайды. Мысалы, «Американ кэпитал стратэджис» кеңес беру фирмасының инвестициялық саясаты бойынша маманы Блюменталь қызметкердің акционерлік құқықтарын дамыту туралы былай деп жазды: «Өнеркәсіптік даму тарихына ұқсастық менің ойымша бұл таңқаларлық жағдай. Ертеректегі өнеркәсіп заңына сәйкес жұмысшылардың еңбекке деген қандай да бір күрделі құқықтары болмады, ал басқарушылар оларды жаппай өндіріс шарттары талап еткендей бір жерге жинақтағанда, олар бірігіп алып, де-факто жұмысшылары билікке ие болды. Осылайша кәсіподақ қозғалысы пайда болды. Дәл осылай ертеректегі зейнеткерлік жоспарлар туралы заңы бойынша жұмысшылардың акционерлер ретінде ешқандай құқықтары болған жоқ, бірақ бүгінде олардың меншікке қатысуын басқарушылар ұжымдық акционер ретінде олардың көрінуін қамтамасыз ететіндей ұйымдастырса, олардың билікке ие болуында шек болмайды».

Акционерлердің құқықтары трансұлттық құрылымдардың жұмыс берушілері мен жалдамалы жұмыскерлері арасындағы қатынастарда басты кезеңдердің бірі болып қалатыны даусыз. Бұл экономикалық өмірдің бірнеше салаларына, соның ішінде еңбекке ақы төлеу мен сыйақы төлеуді

ұйымдастыруға, зейнетақымен қамсыздандыруға, қосылулар мен бірігулер процестеріне әсер етуі мүмкін. Сыйақы мен зейнетақы қорларының қаражаттары акцияларға салынған жағдайда жұмысшылардың хал-ахуалы нарықтық ауытқуларға байланысты болады. Қазіргі жағдайларда бірнеше елдердің үкіметтері акцияға салынуы мүмкін бекітілген зейнетақы бағдарламаларына активтер үшін шектерін белгілеп, осы тәуекелдің мөлшерлерін шектеуге тырысуда. Бірақ та көптеген сыйақы бағдарламаларын бұл шектеулер айналып өтуде.

Жұмысшылар мен қызметкерлер меншіктерінің айтарлықтай үлесі қосылулар процестеріне әсер етуі мүмкін, бұл жерде бірігу шарты жұмыскерлер меншіктеріне қол сұғушылықты болдырмау болып табылады. Бұндай «достық» қосылулар қазірде орын алып келеді. Компания капиталына меншік құқының арқасында жалдамалы жұмыскерлер ұжымдық тәртіпте қабылданатын қаржылық шешімдердің кең тобы бойынша басшылықтың серіктестері болып қалады, ал бұл жалақы мәселесі бойынша қатынастарға да әсер етеді.

Қазіргі жағдайларда еңбекке ақы төлеуді акцияның курстық құнының қозғалысына таңу байқалуда. Кейбір бекітілген төлем мен акцияны иеленуден түсетін табыстардың қосындысынан тұратын жалақы төлемі жүйесін дамытуды пайдалану нәтижелері бірнеше факторларға байланысты болады. Олардың арасынан мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- компания акцияларының тәуекелділігінің жалпы деңгейі;
- компания акцияларының бағаларының динамикасы;
- қызметкерлердің компания тиімділігіне өз үлестерін сала алу қабілеттілігі, сондай-ақ қате есептеулердің мүмкіндігін азайту және т.с.с.

Бүгінгі күні қор нарығының тәуекелі анағұрлым артқан, сол себепті: жұмыскерлер мен қызметкерлер өздерін ақталмаған тәуекелден қаншалықты қорғай алады? деген сұрақ туындайды.

ТҰК аясындағы дау-дамайларлар көздерінің бірі жұмысбастылық мәселесі болып табылады. Бәсекелік күрестің күшеюі өндірісті қайта құруға, кейде шетелге ауыстыруға, ал кей жағдайларда оны таратуға әкеліп соқтырады, бұл жұмыссыздықтың өсуінен туындайтын әлеуметтік шиеленісті күшейтеді.

Еңбек пен капиталдың арасындағы қарама-қайшылықтармен қатар трансұлттық құрылымға бақылау орнатуға, капиталды бөлімшелер арасында қайта бөлуге және т.с.с. байланысты дау-дамайлар көрініс табады.

Трансұлттық құрылымдардың басшылығы мен акционерлер арасында ақша қаражаттарын жұмсау туралы мәселелер бойынша түпкі қайшылықтар бар. Ірі корпорациялар өз салымшыларына дивидендтерді ұқыпты төлеп отырады, себебі көптеген инвесторлар тұрақты түрде дивидендтерді төлеуді корпорацияның қаржылық жағдайының тұрақтылығының белгісі деп санайды, және де осыған байланысты олар акцияларды сатып алу керек пе соны шешеді. Сонымен бірге дивидендтік саясатты жүзеге асыра отырып, яғни дивидендтерді төлеу мерзімдері мен өлшемдерін анықтай отырып, ТҰК басшылығы, ең алдымен, өзінің өнімдері мен ұйымдастырылуының ұзақ мерзімді бәсекелік

артықшылықтарын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс, бұл салымшылардың баюына қайшы келуі мүмкін. Жаңа капиталдарды жұмылдыру талап етілген жағдайда дивидендтерді төлеу қысқарады.

Гарвард бизнес мектебінің профессоры М.Дженсен «Қосылыстар себептері мен салдарлары» атты мақаласында төмен дивидендтері бар акционерлердің көңілі толмаушылығы қосылыстарды басты ішкі себептерінің бірі болып табылатындығын көрсетті. Дженсен көптеген менеджерлер корпорацияның байлығын барынша арттыру үшін фирманың көлемін ұлғайтуға тырысуда, сол арқылы өз биліктерін күшейтіп, өздеріне тиесілі сыйақыны арттыруға ұмтылуда деп санайды.

Сонымен қатар мақаланың авторы «басшылықтың қуаты шексіз емес және бағалы қағаздар нарығы – бұл өте тиімді тәртіптік құрал» деп ерекше атап көрсетті. Дженсеннің пікірі бойынша акциялар нарығы – бұл корпорацияларды бақылау құралы болып табылады. Акционерлер меншіктегі өз үлестерін еркін сатып алуға немесе сатуға және өздеріне тиесілі акциялар бойынша дауыс беруге құқылы болады, осы арқылы корпорацияның әкімшілігіне қысым көрсете отырып, оны салынған капиталға кірістерді барынша арттыру талаптарына сәйкес әрекет етуге мәжбүрлейді.

Бірнеше басқа экономистер – Чикаго мектебінің өкілдері акционерлердің бизнес мәселелеріндегі рөлі шектелген деп санайды. Бұл мектептің шешімдері үшін корпорацияның «келісім-шарттық қатынастардың ұйымасы» түрінде қарастырылуы тән болып саналады, онда акционерлер ақырғы меншік иелеріне қарағанда капиталдың донорлары ретінде көрінеді.

Меншікке өзінің қатысуын барынша арттыру бойынша әкімшіліктің мүдделері белгілі бір деңгейде өз капиталын ұсынатын акционерлер мүдделеріне қайшы келеді. Соңғыларына басшылықтың жұмысын қадағалау үшін және капиталдардың өз пайдасына қайта бөлінуін барынша азайту үшін шығындануға тура келеді. Бұндай шығындарға сыртқы аудиторларды, бақылаушыларды тарту және т.с.с. кететін шығындар жатады. Бұл шығындарды қысқартуға, егер де басшылықтың қатардағы акционерлердің табыстарын барынша арттырудағы мүдделілігін арттыратын қолдау жүйесін енгізетін болса, қол жеткізуге болады. Нақ осы жағдаймен акционерлік аукциондардың, жеңілдікті баға бойынша акцияларды сатып алу жоспарының және менеджерлерді қолдаудың осы тәріздес басқа да әдістерінің кеңінен таралуы түсіндіріледі.

Сонымен, шетелдік тәжірибеде кірістердің құрылымын оңтайландыру бойынша белгілі бір тәжірибе жинақталған, оны трансұлттық құрылымдар қолдана алады. Түрлі топтардың (әкімшіліктің, жалдамалы жұмыскерлердің, басқарушылық төбетоптың, инвесторлардың) мүдделерін келістіру міндеттерін шешу кезінде келесідей кезеңдерді ескеру қажет:

- меншік құрылымы бойынша деректердің қол жетерлігін, «ақиқаттылығын» қамтамасыз ету үлкен рөл атқарады; қызметкерлердің өз

меншігіне жауапты қарауының қалыптасуы жолында кедергілердің бірі болып компания үлесінің қай бөлігі жалдамалы жұмыскерлерге тиесілі екендігі туралы түсініктің жоқтығы саналады;

- жұмыскерлерді шаруашылық шешімдер қабылдауға тартудың түрлі сызбаларын пайдалану бірінші кезектегі маңызы бар мәселе болып табылады.

Әдетте, жұмыскерлердің шешім қабылдауға қатысуының кешенді жүйесін жасау, яғни жұмыс орнынан бүтіндей корпорацияға дейін жеткілікті болып саналады. Ол жұмыскерлерге меншік құқы тиесілі болған жағдайда тұрақты негізде іске асырылады. Бұл тенденция кемелденген нарықтық қатынастар жағдайында көрінеді. Өтпелі экономикадағы меншік құрылымы мен бақылау сандық аспекті жағынан да, сапалылық жағынан да ерекшеленеді.

Мынадай сұрақ туындайды: меншік құқықтарының осындай кескін үйлесімі қаншалықты тұрақты? Қазіргі уақытта тиімді емес меншік иелерін «табиғи тазарту» жүріп жатқан жоқ, мүмкін бақталастарды атып тастауға дейін баратын «төбелестер» күшейе түсуде, еңбек ұжымдары әлеуметтік даудамайларға тартылуда. Бұлардың барлығы меншік қатынастарын дамытуды өте айрықша ресми емес жемқорлық сипаты бар әлеуметтік келісім-шарттар жағына бағыттайды.

Меншікке қатысудан басқа трансұлттық құрылымдардың ішінде өзара әлеуметтік әрекеттесуінің басқа да нысандарын пайдаланған жөн болып табылады. Осындай қатынастар механизмі Батыс Еуропа мен АҚШ елдерінде жеткілікті түрде бүге-шүгесіне дейін жасалынған. Мысалы, Ұлыбританияда фирмалар ішінде жұмысшылар мен менеджерлердің кеңес беру комитеті нысанындағы «еңбек пен капиталдың ерікті ынтымақтастығы» жүзеге асырылса, Германияда компания басқармасы жанындағы бақылау кеңестері, Францияда әлеуметтік жоспарларды жасау бойынша кеңестер мен кеңес беру бөлімдері және т.с.с. әрекет етеді. Сонымен, дамыған нарықтық экономикалы қатынастары бар елдерде әлеуметтік серіктестіктер институционализацияланған және жеткілікті дамыған заңдық негізде құрылады. Әлеуметтік қатынастардың түрлі нысандары арқылы «әлеуметтік капитал» қызметі жүзеге асырылады. Әлеуметтік капитал жалдамалы жұмыскерлер ұйымның жалпы организміне қаншалықты деңгейде сіңгенін сипаттайды.

Бұл белгіні пайдалану әлеуметтік даму индикаторларын анықтаумен байланысты болады. Жұмыскерлердің әлеуметтік орныққандығы көрсеткіштерінің арасынан әлеуметтік кепілдіктердің (ең аз табыс мөлшері, ең аз зейнетақы көлемі және т.с.с.) белгілі бір деңгейлерін бөліп көрсетуге болады. Бұл белгі сондай-ақ әлеуметтік құндылықтардағы өзгерістерді көрсетіп, соның ішінде, жұмысқа қанағаттанушылықты қамтамасыз етуі және т.с.с. тиіс. Кейбір әдебиет көздерінде әлеуметтік қажеттіліктерді (яғни тұрғын үймен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілгендік және т.с.с.) анықтау үшін «қол жеткендердің бюджетін» пайдалануды ұсынады.

Трансұлттық құрылымдардың әлеуметтік орнықтылығы мәселелері бойынша көптеген ашық сұрақтардың болуын және оның экономикалық

тиімділікпен үйлесуін атап өту қажет. Мысалы, жас әйелдер үшін жұмысқа қанағаттанушылықтың қажетті компоненті балалар мекемелерімен қамтамасыз етілушілік болып табылады, бұл жағдайда компанияның осындай жағдайды қанағаттандыруға байланысты шығындары осы қызметкерлердің өнімділігінен түсетін «пайдадан» анағұрлым асып түсуі мүмкін. Сол себепті компания бұндай жағдайға бара бермейді. Бұдан шығындарды қысқарту мен пайданы барынша арттыруға ұмтылудан, шекті өнімділікке ұмтылудан да қуатты қандай ынталандырулар бар екендігі түсініксіз болып қалуда. Гипотеза ретінде мынаны ұсынуға болады: бұндай ынталандыру болып трансұлттық құрылымның барынша аз қайта құрылымдалуы немесе құлдырауы кезінде өмір сүру циклының ұзақтығын ұлғайтуға тырысуы болып саналады.

Біздің ойымызша жоғарыда баяндалғандарды қорыта келе мынаны келтіруге болады:

1. трансұлттық құрылымдардың барлығының негізгі мақсаты – болып табылатан өнім сапасын жақсарту, өндіріс тиімділігін арттыру, кірістерді арттыру бұл өз кезегінде әлеуметтік жүйеге әсер ете алатын стратегиялар көмегімен көбірек іске асырылады;

2. трансұлттық құрылым аясында мүдделерді келістіру, экономикалық тиімділік пен әлеуметтік әділеттілік арасындағы қайшылықты шешу үшін шешуші мәнге өзін-өзі дамыту уәждемесімен сырттан мәжбүрлеуді ауыстыру ие болады;

3. ТҰК үшін экономикалық тиімділік пен әлеуметтік тұрақтылық белгілерімен толықтыру маңызды болып келе жатыр. Трансұлттық құрылымдардың өмір сүру ұзақтығын дамыту және арттыру мақсатында экономикалық тиімділікпен қоса «экологиялық қауіпсіздікті және әлеуметтік тұрақтылықты» қамтамасыз етуіне байланысты болмақ.

1.3 Трансұлттану үрдісінің әлеуметтік экономикалық салдарын бағалаудың әдістемелік тәсілдері

Өндірістің трансұлттануын анықтаған кезде көптеген түрлі көзқарастар туындайды және әртүрлі анықтамалармен зерттеу әдістемелері дайындалып жатады. Мәселен бір топ авторлар ТҰК-ларды бүкіл әлемді жаулап алғысы келетін айдаһарларға ұқсатып жатса келесі бір топ оларды ішкі нарықпен салыстырғанда шетелдік нарықтарда өзін әлдеқайда күшті сезінетіндер деп санайды. Алайда біздің ойымызша, Дж.Даннингтің “трансұлттық корпорациялар дегеніміз тікелей шетелдік инвестицияларды арқылы бір немесе одан көп мемлекеттерде қосылған құн салушылар” [45, 3 б] деп анықтауы жоғарыдағы екі топқа негіз бола алады. Бүгінгі күні алып компаниялардың көпшілігі жоғарыда аталған анықтамаға сай келеді деп айтсақ қателеспейміз. Үйден көп мемлекеттерде жұмыс жасайды. Мәселен, Германияның ең ірі 100 компаниясының трансұлттануына жасалған зерттеулерде тіпті ұлттық деңгейдегі аса табысты компаниялардың шетелдік нарыққа шығуына құлшыныссыздығыда байқалады. Керісінше кейбір шағын

және орта кәсіпорындар шетелдік қызметтерін қыздыруда. Сондықтан компаниялардың ірі болуы емес осы трансұлттануы үрдісіне қатысуылары маңызды болып отыр. Алайда трансұлттану деңгейін анықтау дәне оны бағалау әртүрлі көрсеткіштермен бағаланады және түрлі деңгейлерде даму үстінде. Және бұл көрсеткіштердің дамуын келесідей схемада көрсетуге болады:



Сурет 2 - Өндірістің трансұлттануын бағалау жолдары

Ескерту-мәліметтері негізінде автормен құрастырылды [45-52]

Жоғарыда аталғандай трансұлттанудың әртүрлі түсініктері бар. Мәселен бір жағынан оны жалпы үрдіс ретінде қарастырса екінші жағынан жекелеген компаниялардың жетістігі ретінде бағалап жатады.

1. Х. Перлмуттер және Д. Хеененнің пайымдауынша бірінші бағыт бойынша яғни **жекелеген өндірістің трансұлттануы көрсеткіштерін** құрылымдық [46, 16 б], нәтижелік және салыстырмалы көрсеткіштер деп бөлуге болады [47, 331 б]. **Құрылымдық көрсеткіштерге:** нақты уақыт ішінде кәсіпорынның халықаралық кедергілерден өтуін көрсетеді. Мәселен ТҰК-лардың шетелдердегі іс-әрекеттеріне қатысты келесі көрсеткіштермен анықтайды:

- ТҰК-лардың іс-әрекет ететін мемлекеттер саны,

- Шетелдік филалдар үлесі,
- Шетелдік активтер үлесі/көлемі,
- Шетелдегі қосымша құн үлесі/көлемі,
- Қаржыландыру үлесі/көлемі,
- Шетелдік жұмысшылар үлесі/көлемі.

Сонымен қоса бұл категорияға мемлекеттік құрылымға қатысты көрсеткіштерді жатқызуға болады. Бұған:

- ТҰК-лардың қатысушы қор биржаларының саны,
- Шетелдіктердің қоржынындағы акциялар үлесі,
- Директорлар кеңесіндегі шетелдіктер үлесі т.с.с.

Нәтижелік көрсеткіштерге: шетелдерде орналасқан ТҰК-лардың нақты уақыт ішіндегі көбінесе 1 жылдық мерзімдегі жетістіктері деңгейімен бағаланады. Мұнда негізгі көрсеткіш ретінде тауар айналымы мен негізгі табыс саналады. Шетелдік филиалдардың табыстарының жиынтығына негізге мемлекеттен шыққан экспорт көлемінің қосындысымен анықталады.

Салыстырмалы көрсеткіштерге: ТҰК-лардың шетелдерді және шетелдердегі филиалдарына деген позициясына бағытталған көрсеткіштер. Әрине бұл басқарушылық шешімге байланысты алайда ол салыстармалы көрсеткіш. Сондықтан оны басқада қосымша факторлармен анықтаған жөн. Мысалы, шетелдердегі инвестиция көлемі немесе табысы қайта бөлу сияқты сандық көрсеткіштер тиімді бірақ олар жеткіліксіз. Сондықтан Бартлеттің пікірі бойынша ТҰК-лардың трансұлттануын шетелдік филиалдарды басқарудағы негізгі төрт бағыт бойынша қарастыру керек. Оның ойы бойынша ТҰК этно-орталықтандырылған (негізгі мемлекетке бағытталған), поли-орталықтандырылған (қабылдаушы мемлекетке бағытталған), регио-орталықтандырылған (өңірлерге бағытталған) немесе гео-орталықтандырылған (жаһандық бағытталған) болуы тиіс [48]. Осы деңгейлерге байланысты ұйымдастыру, бақылау, жұмыспен қамыту, қарым-қатынас, шешім қабылдау үрдістері өзгереді. Оның ойынша өндірістің трансұлттануы яғни ТҰК этно-дан, поли, регио және гео-орталықтандырылғанға дейін дамуы тиіс. Салыстырмалы көрсеткіштің статистикалық мәні ретінде Силливан [47] топ менеджерлердің халықаралық тәжірибелерімен өлшейді. Мысалы, жалпы жұмыс өтілінде шетелдік жұмыс өтілінің үлесімен.

2. Өңірлік әрараптану көрсеткіштеріне негізгі және шетелдік филиалдар арасындағы географиялық өзгерістер кіреді. Мәселен **өңірлік шоғырлануда** Р.Счмит ТҰК-лар басқа мемлекеттерде өз активтерін біртекті және әртекті орналастыруымен пайымдайды [49, 57-70 б]. Ал М.Перриард бұл тұрғыда Джини –индекс әдістемесін қолданды. Яғни ТҰК-ның нақты бір көрсеткішінің өңірлік таралуы әлемдік нарыққа таралуы деп тоқталады. Трансұлттанудың өңірлік орналасуында қызмет ететін мемлекеттер саны маңызды роль ойнайды. Г. Гиллиестің дамытқан **желілік таралу индексі**) [50, 17-39 б]: (NSI-network spread index)

$$NSI = N / (N^* - 1)$$

Мұнда,

N-шетелдік филиалдар орналасқан мемлекеттер саны

N*-инвестицияларын салып қызмет көрсетуі мүмкін мемлекеттер саны

Соңғысы, географиялық және мәдени қашықтық тұрғыдан компанияның трансұлттану деңгейіне мемлекеттер арасындағы айырмашылықтар әсер етеді деп болжайды. Шет мемлекеттер негізгі мемлекетке географиялық және мәдени қашықтық негізінде салыстырылады. Силливан өз еңбегінде [47] “рухани таралу” деген термин енгізеді. Ол бүкіл әлемді біртекті басқарушылық қағидаға сүйеніп географиялық негізгі 10 бөлікке бөледі. Яғни ТҰК осы 10 бөліктің қаншалықты көп бөлігінде жұмыс жасайды соншалықты трансұлттанған деп саналады.

3. Корпоративті трансұлттану көрсеткіштері Өндірістің трансұлттануын өлшеуге әртүрлі жеке дара көрсеткіштерді қолданғанымен олар осы үрдістің тек бір аспектісінен анықтайды және жүйелік тұрғыдан қателер туындайды. 1995 жылы БҰҰ нұсқауы бойынша “**Трансұлттану индексі**” (TNI-transnationality index) ұсынылды. Оның мақсаты әлемдік экономикадағы ТҰК-лардың әсерін маңызын анықтау және әлемдік жетекші трансұлттық корпорациялардың трансұлттану индекстері арқылы олардың трансұлттану деңгейлерін анықтауға, оларды бір-бірімен салыстыруға және даму тенденциялары мен өзгерістерін бақылау болып табылады. Трансұлттану индексі корпорациялардың активтері, сауда көлемі және жұмысшы күші сандарының негізінде есептеледі яғни аталмыш үш көрсеткіштердің шетелдік үлестеріне қатынастарының арифметикалық орташасымен есептеледі [51, 52]. Трансұлттану индексі 100-ге тең болса ТҰК толығымен қызметтерін шетелдерде жүргізеді немесе керісінше 0-ге жақын болған сайын қызметтері өз мемлекетінде немесе сыртқы нарыққа ұмтылмайды деп айтуға болады. Мысалы ретінде, әлемдік ең ірі ТҰК-лардың қатарынан алып қарасақ активтері бойынша әлемдегі ең ірі ТҰК ол АҚШ-тың General Electric корпорациясының TNI=52,3 болса ең жоғары TNI=97 трансұлттанған корпорация ретінде азық түлік өнеркәсібімен айналысатын Бельгияның Anheuser-Busch InBev NV корпорациясын құрайды. Сәйкесінше корпорациялар 52,3% және 97% қызметтері шетелдік нарықтарда жүріледі. Көріп отырғанымыздай трансұлттанудың жоғары деңгейі ол корпорацияның ірілігін көрсетпейді тек шетелдегі қызмет үлесін пайымдайды. Алайда қазіргі таңда бұл әдіс әртүрлі деңгейдегі зерттеулер мен талдаулар жасаудың негізгі құралы ретінде қолданылады. Трансұлттану индексі (TNI) келесідей есептеледі:

$$TNI = (fa/ta + fs/ts + fe/te) / 3 * 100$$

Мұнда ТҰК-лардың:

TNI- трансұлттану индексі
fa-шетелдегі активтері

ta- жиынтық активтері
fs- шетелдегі саудасы
ts- жиынтық сауда активтері
fe- шетелдегі жұмыс күші саны
te- жиынтық жұмыс күші саны

Г. Гиллиес ТҰК-лардың қызмет етуші мемлекеттер санына аса мән береді. Жоғарыда ол NSI-арқылы корпорациялардың географиялық таралуы туралы сөз қозғаса ендігі кезекте тек географиялық таралу жеткіліксіз болғандықтан **Трансұлттық қызметтің таралу индексі**(Transnational activity Spread index) арқылы активтерінде есепке алған жөн дейді [50, 17-39 б]. Мұнда NSI және TNI үйлестіру арқылы келесідей формула енгізеді.

$$TASI=TNI* n/(n-1)$$

Мұнда,

TNI- трансұлттану индексі

n – ТҰК-лардың қызмет етудегі мемлекеттер саны

Сонымен бірге TASI индексі бойынша құрамындағы әрбір көрсеткіш бойынша жеке есептеуге болады. Мысалы: активтердің таралуы индексі, сатудың және қызметкерлердің таралу индекстері т.с.с.

Интерұлттану өлшемінің деңгейі индексі (IS-internationalization scale)бұл тарнсұлттану индексімен қоса менежерлердің басқарушылық қабілетін есепке алуды ұсынады. Басқарушы қызметтегі топ менежерлердің сыртқы нарықта жұмыс өтілімен бағамдайды алайда, бұл индекс анағұрлым қолданыс таппады.


Өндірістің трансұлттану үрдісінің ТҰК арқылы келіп жатқын шетел инвестициялары бір жағынан инвестициялаушы донор елдер (негізгі инвестициялаушы мемлекеттер) қаржыландыру арқылы үлкен пайда табуды көздеген саяси-экономикалық нысана болса келесі жағынан қабылдаушы мемлекеттердің капиталдың тапшылығын шешетін, шетел инвестициялары мен тәжірибесін тартатын маңызды саяси-экономикалық нысана болып табылады. Яғни екі жақтыңда мүддесін қызықтыратыны айтпасада айқын. Дегенмен трансұлттану үрдісі дамушы елдер мен өтпелі кезеңдегі экономикалы елдер үшін қолайлы саясат ұстану арқылы көптеген мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Тіпті шетел инвестицияларын қажетті салаға тартуда әрі тиімді шешімдер қабылдау нәтижесінде ел экономиксының дамуына көмектесе алады. Жалпы трансұлттану үрдісіне байланысты салынған әлемдік сипаттамаға үңілсек инвестициялаушы жақты қызықтыратан дамушы елдердегі байлық ол табиғи ресурстар болмақ [53].

Сондықтанда болар кез келген мемлекет үшін табиғи ресурстардың көп болуы сол елдің экономикалық дамуына және өндірістің дамуымен жаңа жұмыс орындарының ашылуыны мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай көптеген дамыған және дамушы мемлекеттер табиғи ресурстарды экономикалық өсудің қозғаушы күші ретінде қолдана білді. Дегенменде табиғи ресурстар және бұл бағытта тартылған шетел инвестицияларының іс-

әрекеттерінде ТҰК-дың атқаратын міндеті әсіресе дамушы және экономикасы өтпелі кезеңдегі мемлекеттер үшін олардың экономикалық дамуына маңызды ықпал етеді. Бұл әсер осынау шетел инвестициясын қабылдаушы елдер үшін жағымды және жағымсыз екі түрдеде әсер етуі мүмкін. Табиғи ресурстарды өңдеп пайдалануда дамушы елдер көптеген қиындықтарға тап болады. Мәселен, капитал және шетелдік валюта айналымы, техникалық және менежменттік шыдамдылық, әлемдік нарыққа ену жолдары және өнімді тарату каналдарына байланысты. ТҰК-дың үлесі мемлекет үшін ең болмағанда осы қиындықтарды жеңу арқылы экономикалық тікелей және жанама табыс табуына көмектеседі. Сонымен қоса ТҰК-лар тиімділікті, өнімділік деңгейін арттырумен қатар аталған өндіріс салаларында жаңа инновациялық технологияларды енгізеді. Келесі жағынан алып көрсек олардың іс-әрекеттері экономикалық, экологиялық және әлеуметтік шығындардың өсуіне әсер етеді. Анықтама бойынша шетел инвестициясы дегеніміз инвестициялық әрекетті іске асырудың ТҰК-ның бас мемлекетінің үлесі. Сондықтан ТҰК-лар мен үкімет арасындағы әділетті емес келісім шарттары қабылдаушы елдің үлесіне жағымды нәтижеге апармайды. Нақтырақ айтқанда ТҰК-лардың қысқа мерзімдегі максималды пайдасы қабылдаушы үкіметтің ұзақ мерзімді көздеген мақсаттарына сай келмей қайшылықтар туындатады [53].

Жалпы мына жерде айтакетер бір жай ол бірден осы бөлімде шетел инвестициялары қабылдаушы елдердің экономикалық дамуына қалай әсер ететінін зерттеп отырғандықтан “экономикалық даму” дегенге қысқаша тоқталакетейік. Экономикалық даму дегеніміз ол тек экономикалық көрсеткіштердің өсу процесі емес. Яғни жиырмамыншы ғасырдың соңғы жылдарында өлшегендей адам басына шаққандағы ЖІӨ-нің өсуі ол экономикалық даму болып саналмайды. Адам басына шаққандағы ЖІӨ-өскенімен әлемдегі көптеген елдерде өмір сүру деңгейі экономикалық өсім қалыптаспады. Сондықтан 2001 жылы бекітілген БҰҰ-ның мыңжылдық даму стратегиясында көрсеткендей экономикалық даму дегеніміз ол халықаралық қауымдастық, экономика саласымен бірге әлеуметтік мүмкіндіктер (білім алу, ден саулық сақтау, гендерлік теңдік) және экологиялық қалыптылықты сақтау мәселелерінен құралады [53].

Жоғарыда айтқандай өндірістің трансұлттануы дамушы және өтпелі кезеңдегі экономикалы елдер үшін қалай әсер ететінін көрсетеді. Бұл сызба көптеген елдердегі қалыптасқан тарихи, динамикалық жағдайларды бағалау нәтижесінде құрылған.



Сурет 3 - Өндірістің трансұлттануы қабылдаушы елдердің дамуына әсер ету жүйесі

Ескерту - Автормен құрастырылған

Өндірістің трансұлттануы кез келген мемлекетке формасына және деңгейіне байланысты саяси-құрылымдық, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, заңдық құқықтық тіпті мәдени әсер етеді. Мұның әрине жағымды және жағымсыз әсерлері бар. Сурет 3 – те көрсетілгендей өндірістің трансұлттануы ТҰК-лар арқылы экономикалық тұрғыдан тікелей және жанама түрде әсер етіп қоймай сонымен қоса экологиялық, тіпті әлеуметтік тұрғыдан да көптеген аспектілер бойынша әсер ететіні көрсетілген. Оның барлығына жеке жеке тоқталмаймыз тек зерттеу тақырыбымыздың алға қойған мақсаты ретінде әлеуметтік және экономикалық әсерлерін ашып көрелік.

Енді осы аспектілер экономикалық дамуға қалай байланысатыны жайлы жеке жеке анықтап көрелік.

1. Экономикалық әсер: Табиғи байлықты өндіру барысында ТҰК-лардың қатысуы жергілікті және ұлттық экономикаға ықпал етеді. ТҰК-лар әртүрлі тәсілдер арқылы әртүрлі деңгейде бизнестік іс-әрекетке қатысады немесе инвестициялайды. Бұл қабылдаушы елдің экономикасына тікелей және жанама түрде тіпті ұлттық макроэкономикасына да ықпал етеді. Жергілікті қаржы қоры тапшы инвестициялық тартымдылығы нашар кезде ТҰК-лар қатысу формасы және басқада экономикалық ұйымдар арқылы қабылдаушы елдің маңыздылығын арттыруда көмектеседі. Экономикалық тұрғыдан шетел инвестициялары қабылдаушы елдің экономикасына тікелей, жанама және макроэкономикалық тұрғыдан әсер етеді.

а) Тікелей түрде шетел инвестициясының экономикаға ағыны қаржылық тұрғыдан мүмкіндікті жоғарылатып, осының салдарынан басқару деңгейі көтеріліп технологиялық жетістіктер енгізіліп нәтижесінде еңбек өнімділігі артып табыстың өсуіне алып келеді. Бұл тағы бір жағынан модернизациялануды жылдамдатып отандық өнімнің бәсекелік қабілетіне әсер етеді. Тікелей экономикалық әсер етуде шетел инвестициялары қаржылық көмек, технологиялық жетістік, жұмыс орнын жасау, экспорт көлемін ұлғайту,

мемлекеттік бюджет кірісін көбейту арқылы әсер етеді.

b) Ал жанама түрде шетел инвестициялары қабылдаушы елдің экономикасына тікелей әсер етумен бірге жанама түрде де ықпал етеді. Мұнда инвестор елдердің ТҰК-лары арқылы халықаралық қатынасты нығайту және инфрақұрылымның дамуы жайлы сөз етіледі. Инвестор елдер жаңа инновациялық технология нәтижесінде өнімнің өзіндік құнын төмендетіп экономикалық тиімділікті арттырады. Сонымен бірге жергілікті кәсіпкерліктің әлсіз болуы шетелдік инвестицияларды тартпаған жағдайды өте аз мөлшерде ресурстарды пайдаланып тиімсіз жұмыс жасайды немесе заңсыз әрекеттерге жол береді.

c) Макроэкономикалық әсер ретінде шетел инвестициялары тікелей және жанама түрде ықпал ету арқылы макро деңгейде қандай өзгерістерге апарды? Ең бастысы макро деңгейдегі кейбір жетістіктерге алып келеді. Мәселен, макро экономикалық тұрақтылықты қамтиды сонымен қатар экономикалық өсіммен табыстың тең таралуына себеп болады. Және де макро деңгейде төлем балансына әсер ету арқылы инфляция деңгейі мен валюталық нақты деңгейдің тұрақтануына әсер етеді. Сонымен бірге төлем балансындағы капитал ағыны мен экспорттық табысқа оң ықпалын тигізеді.

2. Әлеуметтік және саяси әсер: өндірістің трансұлттануының әлеуметтік салада әсер етуі аса маңызды және қызықты. Әлеуметтік әсерлер көбінде шетелдік инвесторлар мен жергілікті қоғам арасында болып жатады. Мәселен жұмыс күші немесе көп мөлшерде сырттан келген мигранттар үлесі және де басқа себептер. Сонымен қоса тікелей немесе жанама түрде тапталған адам құқығы, еңбек жағдайларының қайшылықтары да туындап жатады. Ал саяси мәселелерге ресурстар табысының әділетсіз бөлінуі, жемқорлыққа тіпті кей жағдайда бірлескен қылмыстарға әкеліп жатады.

a) Ден саулық және қауіпсіздік ТҰК-лардың инвестициялардың табиғи ресурстарды пайдалануы, салада болуы, сол кәсіпорында жұмыс істейтін қызметкерлердің ден саулығына (мамандыққа байланысты туындайтын аурулар) ғана емес сол өңірде өмір сүретін қоғамға су арқылы, ауа арқылы әсер етуі мүмкін. Еңбек нормаларына бағыну деңгейі сонымен қатар орналасқан елді мекендерде ТҰК-лар корпоративтік жауапкершілік негізінде емделу, шипажайлар салуы осы салада айтарлықтай маңызды.

b) Жергілікті қоғамға әлеуметтік әсер мұндай жағдайда шетелдік инвестициялардан экономикалық тұрғыдан ең көп әсер алатын ол жергілікті қоғам. Жаңа жұмыс орнының шығуы, жоғары табыс, жергілікті инфрақұрылым және қоғамдық қызметтерге үлескер болады. Жалақы деңгейі мен өңірлік даму ерекшеліктерінің пайда болуы.

c) Адам құқығы қабылдаушы елдің жағдайына қарай инвесторлар көбінде жергелекті қоғамда адам құқығын бұзушы болады. Әсіресе төмен деңгейдегі дамушы мемлекеттерде сондай тенденция байқалады.

d) Коррупциялық қайшылықтар және басқада саяси аспектілер шетелдік инвестициялардың табиғи ресурстарды пайдалану салада болу табыстың бөлінуі, коррупциялық қайшылықтар және тағы басқада әсерлерді

алып келеді.

е) Экологиялық әсер: табиғи ресурстарға шетел инвестицияларын тарту экологиялық шығындарға тәуекел ету деген сөз. Кезкелген металл түрін өңдеу экологияға ең көп зиян әкеледі ал мұнай-газ өңдеуде әртүрлі экологиялық мәселелерді туындатады. Отандық қаржының, ахуалдың шектеулі жағдайында шетел инвесторлары мүмкіндіктерін пайдаланғанымен қоршаған ортаға соғұрлым мейірімді қарамайды. Дегенмен техника, технологияның жетістіктері нәтижесімен кейбір инвесторлар қоршаған ортаның ластану деңгейін азайтуға тырысқанымен қоршаған ортаны қорғау, қайта қалпына келтіру жөнінде келісім шартқа қатаң түрде көрсеткен абзал. Қоршаған ортаға зиян әкелуі инвестициялық жобаның түрі, қолданылған технологиясы, жобаның көлемі, орналасқан жеріне байланысты болады әртүрлі деңгейде болады. Ірі қазба жұмысы немесе мұнай өңдеу жобалары ауыл шаруашылығы, балық аулау немесе сулы өңір, немесе кез келген экономикалық зоналарға жақын болуы тиімділікті азайтады. Көбі минералды байлықтар ну орман, суға жақын немесе тағы басқа себептермен қорғауға алынған жерлерде орналасады. Мұндай жағдайда қалай пайдаланады немесе қандай шешім жасайды ол қабылдаушы елдің еншісінде [53]. Сонымен қоса ТҰК қабылдаушы мемлекеттің еңбек нарығын реттеуде және жоғары білікті еңбек күшін қалыптастыруда өз септігін тигізелі делінген [54].

ТҰК-лар арқылы келіп жатқан тікелей шетел инвестициялары және трансұлттану үрдісінің экономикаға әсер ететін жағымды және жағымсыз жақтары, және оның тиімділігін бағалауды сөз қозғағанда, бірқатар келіспеушіліктер туындайды. Өндірістің трансұлттануын жақтастарының аргументтері негізінен экономикалық өсу факторларының дәстүрлі неоклассикалық талдауына негізделеді.

Кесте 1 - Капитал қабылдаушы мемлекетке ТҰК жағымды және жағымсыз жақтары

Капитал қабылдаушы мемлекетке ТҰК жағымды жақтары	Капитал қабылдаушы мемлекетке ТҰК жағымсыз нәтижелері де бар
1) өндірістік ресурстарға, шикізат пен минералды қазба байлықтарды пайдалануда қол жетуі;	1) ұлттық нарықтағы жоғары рентабельділікке ие кәсіпорындарды шетелдік инвестордың төмен бағаға сатып алуы.
2) жаңа нарыққа шығу мүмкіндігінің болуы, нарық айналымында компания үлесін ұлғайту;	2) экологиялық мотивтер яғни қоршаған ортаны қорғау туралы заңдар қатаң емес және либералды;
3) жаңа кәсіби білімге және барқарушылыққа жол ашылуы;	3) тиімсіз келісімшарттар жасау.
4) жаңа технологияларлық өнеркәсіптік негізге көшуі;	4) мемлекетте инвестордың қысқа мерзімде болуы немесе мемлекеттік жеңілдіктерге қайтадан қол жеткізу үшін кәсіпорынды қайта құрылуы;
5) өнім өндірісі бойынша жеке	

Кесте 1 – жалғасы

<p>6) шығындарды үнемдеу арқылы өнімнің өзіндік құнын төмендету; 7) трансфертті баға қалыптастыру мен орташа деңгейлі салық салу есебінен пайданы көбейту; инвестициялық қызметке жергілікті инвесторлардың тартылуы. Тәжірибеде қажетті қорға ие ұлттық инвесторлар оларды салу жолдарын іздестіруде;</p>	<p>5) еңбек шарттарына шығындарды үнемдеу. 6) өнім сапасы заңмен бақыланбайтын елдерге төмен сапалы өнім шығаруы. 7) жеке нарықтың қорғалуы. Көптеген жағдайларда шетел инвесторлары өндірісті жоғары импорттық квоталар мен бірдей өнімдерге жоғары кедендік тарифтер көмегімен, сыртқы бәсекелестіктен қорғауды мемлекеттен талап етеді.</p>
<p>Ескерту –автормен құрастырылған</p>	

Біріншіден, өндірістің трансұлттануы ресурстар тапшылығын толтырады. Екіншіден өндірістің трансұлттануы бюджет түсімдерін ұлғайтады. Үшіншіден, басқарушылық және кәсіпкерлік қабілет, басқару тәжірибесі, кәсіби маман, технологиялық жетістіктермен дефициттің орнын толтырады. Төртіншіден, валюта түсімдерінің көлемін ұлғайтады.

Керісінше келесі жағынан қарап жоғарыда аталған төрт аргументке қарсы пікірлер ретінде: Біріншіден, өндірістің трансұлттануы шетел инвестицияларынан қайта инвестициялануы мүмкін капитал көлемін азайтып, ұлттық жинақтар мен инвестициялар көлемін қысқартуы мүмкін. Екіншіден, ұзақ мерзімде өндірістің трансұлттануы валюталық түсімдердің төмендеуіне әкеледі. Үшіншіден, салық түсімдері есебінен мемлекеттік табыстар азайуы мүмкін. Төртіншіден, бәсекелестікте артықшылықтарға ие болу мақсатында инвесторлар технология, кәсіпкерлік және басқарушылық тәжірибе мемлекеттің экономикалық өсуіне әсер еткенмен бұл потенциалды бермеуі мүмкін, керісінше, осындай артықшылықтарды ішкі нарықта шетел инвесторлардың басым ұстанымдарын қамтамасыз ету және сақтау мақсатында қолдануы.

Кесте 2 -экономикалық даму кезеңдері бағытталған инвестициялар ерекшеліктері

Кезеңдері	ТШИ ішкі ағыны	ТШИ сыртқы ағыны
1-кезең Табиғи ресурстарға бағытталған	Бастапқыда аздаған ТШИ. Орналасу артықшылығы өсуіне байланысты ресурсқа негізделген ынталанып, нарықты кеңіту	Мардымсыз инвестициялар. Стратегиялық маңызы жоқ инвестициялар.

Кесте 2- жалғасы

2-кезең Инвестициялар ға бағытталған	ТШИ өседі. Әлі табиғи ресурстарға негізделген бірақ капитал сыйымдылығы жоғары салаларға тартылады және арзан жұмыс күшін қолданады.	Шектеулі инвестициялар. Басқа дамушы мемлекеттерге ресурс іздеуші және нарық кеңейтуші инвестициялар; кейбір қашқын инвестициялар; көбінесе өңірлік ауқымды инвестициялық жобалар; табиғи ресурс инвестициялары;
3-кезең Инновацияға бағытталған	ТШИ қарқынды өседі. Мұнда ұлттық нарықты күрделі өніммен қамтамасыз ету немесе жоғары білікті жұмыс күшін талап етілседе өңдеуші өнеркәсіптік салада нарық іздеуші және тиімділігі жоғары инвестициялары тартылады.	Инвестициялардың сыртқы ағыны ішкі ағынынан жылдам өседі. Инвестициялардың барлық түрі, мұнда жоғары тиімді және капитал ұлғайтушы инвестициялар сонымен қатар тұтынушылық тауарларға массалық өндіріс, қызмет көрсету т.б.
4-кезең Білім және қызмет көрсетеудің интенсивті өсуі	Нарықты қарқынды кеңейтуші, аса жоғары тиімді және капитал ұлғайтушы инвестициялар тартылады.	Аса жоғары тиімді және капитал ұлғайтушы инвестициялар; өңірлік және жаһандық; бірлесулер мен сатып алулар және альянстар; жоғары технологиялар саласы; биотехнология; нанотехнологиялар;
Ескерту –автормен құрастырылған		

Өндірістің трансұлттануы туралы сөз қозғағанда әрине біз трансұлттық құрылымдар арқылы ағылып жатқан тікелей шетел инвестициялары айтпай қоймамыз. Бұл құбылыстың қабылдаушы және жіберуші негізгі мемлекеттерге жалпы әлеуметтік-экономикалық қалай әсер ететіні туралы кесте 1-де толық айтылса ендігі кезекте осы ТШИ-лар ішкі және сыртқы ағыны экономикалық құрылым яғни ел экономикасының даму деңгейіне қатысты өзгеретіні белгілі болды. Мәселен дамудың ең жоғары деңгейінде немесе білім және қызмет көрсетеудің интенсивті өсуі кезеңінде экономикаға ТШИ ішкі ағыны нарықты қарқынды кеңейтуші, аса жоғары тиімді және капитал ұлғайтушы инвестициялар тартылады. Ал сыртқы ағыны аса жоғары тиімді және капитал ұлғайтушы инвестициялар, өңірлік және жаһандық бірлесулер мен сатып алулар және альянстар, жоғары технологиялар саласы, биотехнолға бағытталады.

2 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАДА ӨНДІРІСТІҢ ТРАНСҰЛТТАНУ ҮРДІСІ МЕН КАПИТАЛДЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ

2.1 Ұлттық өндірістің трансұлттануы мен капиталдың жаһандық қозғалысы және негізгі тенденциялары

Жаһандық шаруашылықта трансұлттық құрылымдардың дамуын тарихи деректер негізінде стратегиялық артықшылықтар мен қойылған міндеттері негізінде дамудың бірнеше кезеңіне бөліп қарауға болады. Алғашқы трансұлттық компаниялар қызметі, ірі қалаларды отарлардан немесе ауылдардан ауылшаруашылық және минералдық шикізаттармен қамтамасыз етуге бағытталды [56]. Сондай-ақ олар шетелдік филиалдары арқылы өз тауарлары мен қызметтерін өткізу нарығын кеңейтуге ұмтылды. Жиырмамыншы ғасырдың бірінші жартысында әлемде көптеген мемлекеттер өздерінің ішкі нарықтарын сыртқы өндірістер мен қызметтерді жеткізушілерге қиын соққан жоғары кедендік кедергілерден қорғады. Басқа мемлекеттерде филиалдарын ашу экспорттер-компанияларға әлдеқайда тиімдірек болды. Басқа нарық ішінде қызмет ете отырып, бұндай филиал компаниялар өнімдерін еш кедендік кедергісіз өткізе алды. Осының нәтижесінде көптеген ұлттық компаниялар трансұлттық компанияларға трансформацияланып бірнеше кезеңнен өтеді:

✓ *бірінші кезеңде* шетелдік экономикалық қызмет компанияның жалпы жағдайына аз әсер етеді. Компания сыртқы экономикалық қызметін экспорт ретінде кеңейте бастайды. Бұл кезеңде компания заңдық-құқықтық тұрғыдан тек негізгі бір мемлекетке ғана тәуелді.

✓ *екінші кезеңде* шетелдік нарықтағы қызметі тәуелсіз бола бастайды. Негізгі және шетелдік филиалының өзара байланысқан күрделі жүйесі қалыптасады және қызметіне жалпы сапалы өзгерістер енгізіледі. Халықаралық қызмет формасы экспорттан шетелдік өндіріске айлалады. Бұл компанияның ұйымдастырушылық құрылымында халықаралық сипат алып келеді.

✓ *үшінші кезеңде* компанияның шетелдік қызметінің маңызы артады. Ішкі нарық өз артықшылығын азайтып, басқада сыртқы нарықтар қатарына кіреді. Дәл осы кезеңде компания толық халықаралық сипаттарға ие болады [57, 54-59б].

Осының нәтижесінде көз жүгіртіп қарасақ *алғашқы буын* ТҰК-лары пайда болу кезеңінен бастап, негізгі халықаралық сипаттары келесідей болды: қызметтерін және өндірісін шетелдік шикізатпен қамтамасыз ету; филиалдар құру арқылы шетелдік нарықта орын алу; негізгі мемлекетке салыстырғанда өндіріс шығыны аз болатын мемлекеттерді таңдау; өндірістік және қаржылық қызметтерін әртараптандыру. Қызметтерін екі дүниежүзілік соғыс аралығында бастаған *екінші буында* әскери-техникалық өндіріспен тікелей байланысты ТҰК-лар саны артты. Осы екі кезеңде де негізгі бәсекелестік артықшылықтар

халықаралық инвестициялар арқылы шет елдерде өндірістік қуатқа ие болу және нарықты кеңейтуге бағытталумен анықтады.

1950-жылдарда халықаралық шаруашылық қатынастарды либерализациялау саясаты, тұтынушылық сұраныстардың өсуі және өзге де факторлар ТҰК әлемдік нарықты жаулап алуына әсер етті. Трансұлттық компаниялардың саны, масштабы және көлемі қарқынды өсуі халықаралық экономикадағы маңызды рөл ойнауына жол ашты. 1970 жылдары қызметінде ұлттық және шетелдік өндірістің көпсалалы кешендерін құрған халықаралық үшінші буын ТҰК-лар орын алды. Негізгі қозғаушы ретінде өндіріс пен капиталдың шоғырлануы, өнеркәсіптің алғашқы жаңа салаларын ерекшелеу, өндірістің әртараптануы, басқаруды орталықтандырудан бас тарту, жеке компаниялар мен қаржылық ұйымдар арасында қаржылық байланыстардың күшеюі, қызмет көрсету саласының артуын айтуға болады.

Өткен ғасырдың 80-жылдарында төртінші буын әлемдік ТҰК өз позицияларын нығайта бастады, олардың ерекше сипаттарына: бәсекелестік артықшылықтарға ұмтылу, қызметтерін тек аймақтық емес жалпы жаһандық деңгейде жүргізу, ақпараттық технологиялар мен ГТП-ге көптеп қаржы бөлу, өзгеде ТҰК-мен интеграциялық келісімдерге келу болып табылады.

БҰҰ сарапшылары бесінші буынды XX ғ. 90-жылдардан қазірге дейінгі ТҰК-ларды қаржылық және экономикалық күші бойынша ұлттық экономикалық жүйе және оған сәйкес мемлекеттермен қатар әлемдік экономикада тәуеліз субъектілеріне айналған кезеңі деп анықтайды. Сонымен қоса қазіргі ТҰК-лар тікелей шетел инвестицияларының 50%-нан көбін қызмет көрсету саласына бағыттап және бәсекелестік артықшылықтарға ие болу мақсатында инновациялар мен ғылыми-техникалық жұмыстарға үлкен шығындар жұмсауда. Қазіргі заманғы ТҰК шаруашылықтың негізгі ерекшелігі трансұлттық банктердің интеграциялануы болып табылады [57].

XXI ғасырдың әлемдік шаруашылыққа алып басты жаңалығы жаһандану, біртұтасу үрдістері болды. Ол әлемнің барлық елдерінде әлеуметтік экономикалық байланысуға, өндірістік салаларына тиісінше әсер етуде. Осының нәтижесінде ғаламдық деңгейде халықаралық қатынас нығайып ашық экономика негізінде бір мемлекет басқа бір мемлекеттің саяси-экономисына әсер етіп қана қоймай, тіпті шешім қабылдауында маңызды роль атқара алатын дәрежеге жетті. Бұл үрдіске өндірістің негізгі қозғаушы күші халықаралық капитал қозғалысы яғни тікелей шетел инвестицияларының ішкі және сыртқы ағындарының ықпалы зор болмақ. Яғни бір жағы негізгі инвестор мемлекет болса екінші жағы инвестицияны қабылдаушы мемлекет болып табылады. Нәтижесінде бір жағы ұтылып жатса екінші жақ ұтылады немесе тіпті екі жаққа да тиімді болуы мүмкін. Сонымен қатар экономикалық даму тұрғыдан бірін-бірі толықтырушы болып келеді.

Шетел инвестициясының маңызы әрбір елдің ерекшелігіне байланысты әртүрлі деңгейде жүргізілуде. Нақтырақ айтқанда әлемде бүгінгі күні шетел инвестицияларын тартып тиімді пайдаланып экономикалық маңызды реформалар жасап жетістіктерге жеткен елдер аз емес. Көптеген елдер үшін

калыптасқан тәжірибелер бар. Ал, мұндай жетістіктерге шетелдік инвестицияларды қабылдаушы мемлекеттер экономикасына ұтымды тарта білгенде және тартылған шетел инвестицияларын тиімді орналастырып, үйлестіре білгенде ғана қол жеткізуге болады [53].

Ұлттық экономиканың негізгі көрсеткіштері болып саналатын халықаралық өндіріс және әлемдік инвестициялық ағындарда айтарлықтай өзгерістер ұшырауда. 2012 жылы әлемдік ТШИ-лары 18% қысқарып 1,35 трлн. долларға жетті. Бұл құлдыраудың нәтижесі ғаламдық экономиканың маңызды көрсеткіштері болып саналатын ЖІӨ, мемлекеттер аралық сауда және еңбек нарықтары сияқты маңызды көрсеткіштерге де әсерін тигізбей қоймады. Бұл құлдыраудың негізгі себебі ретінде бірқатар мемлекеттердегі экономикалық тұрақсыздықтармен саяси шиеленістер көптеген инвесторларға шешім қабылдауына әсер етті. Тіпті кейбір алып ТҰК-лар салынған инвестицияларын қайта қарастыру немесе тіпті кері қайтару әрекеттерінде жасады. Біздің пайымдауымызша 2012 жылғы құлдырау ұзаққа созылуы әбден мүмкін. Алайда бұл тенденцияға қарамастан жинақталған инвестициялар нәтижесінде әлемдік ЖІӨ, экспорт және ТҰК-лардың сату көлемдері өсу үстінде. 2012 жылы ТҰК-лардың халықаралық өндірісі, жиынтық инвестициялар 9% өсіп 23 трлн. долларға жетті. 7,5 трлн. доллар экспорттық үлеспен ТҰК-лардың сатудан түскен пайдасы 2011 жылмен салыстырғанда 7,5% өсіп 26 трлн. долларға жетті. 2011 жылмен салыстырғанда әлемдік ЖІӨ 2,3% және жұмысшылар саныныңда артқанын байқаймыз (Кесте 3). көріп тұрғанымыздай 1990-2012 жылдар аралығында ТШИ ағыны және әлемдік экспорт 5 есе, ЖІӨ және ТҰК жұмысшылар саны, негізгі капиталға салым 3.5 есеге, ТҰК шетел филиалдарының саны 20 есеге көбейген.

Жалпы әлемдік экономикадағы ТШИ-лары 2012 жылдың жағдайымен 1,350 млрд. долларды құрайды. Сурет 3 - көріп тұрғанымыздай тұрақты қарқынды динамика көрінбейді. Әлемдік ТШИ ішкі ағыны 2007 жылы рекорддық 2,005 млрд. долларға жетсе 2008 жылдан құлдырау байқалады. Сонымен қоса әлемдік тенденцияда басты назар аударған тенденция бұл ТШИ-ларды мемлекеттер тобының үлесінде айтарлықтай өзгерістің болуы.

Мәселен, мұнда 1990 жылы әлемдік тікелей шетел инвестицияларының дамыған мемлекеттер 83 пайыз инвестицияларды өздерінің ұлттық экономикасына тартса және осы капитал қозғалысы көпшілігінде тек дамыған мемлекеттер арасында қарқынды ары-бері жүргізілген болса бұл сипат қазір 52 пайыз дамушы мемлекеттердің үлесінде. Өтпелі экономикалы мемлекеттер 2000 жылдан бастап 0,5%-дан 6,5% үлеспен көрінеді. Сәйкесінше дамыған мемлекет үлесінде тек 41% үлес. Яғни халықаралық капитал қозғалысының бетбұрысы дамушы және өтпелі кезеңдегі мемлекеттерге бағытталғанын айталамыз. Сонымен бірге Европа елдеріндегі қаржылық тұрақсыздықпен шығыс мемлекеттеріндегі саяси шиеленісте әлемдік капиталдың қозғалысына өз септігін тигізбей қоймай отыр.


Кесте3 – Ғаламдық өндіріс және инвестициялық негізгі көрсеткіштер 1990-2012 жылдар, (ағымдағы бағамен млрд.доллар)

	1990	2000	2005-2007 орташа	2008	2010	2012
ТШИ ішкі ағыны	207	1271	1472	1744	1409	1351
ТШИ сыртқы ағыны	241	1150	1487	1911	1505	1391
ТШИ ішкі ағыны жиынтығы	2081	6314	14407	15295	20380	22813
ТШИ сыртқы ағыны жиынтығы	2094	5976	15705	15988	21130	23593
Мемлекеттер аралық сатып алу мен бірігу	99	1144	703	707	344	308
Шетелдік филиалдардың саудадан түскен пайда	5105	15680	21293	33300	22574	25980
Шетелдік филиалдардың жиынтық өндірісі	1019	3167	3570	6216	5735	6607
Шетелдік филиалдардың жалпы активтері	4602	21102	43324	64423	78631	86574
Шетелдік филиалдардың экспорты	1498	3572	5003	6599	6320	7479
Шетелдік филиалдардың жұмысшылар саны (мың)	21470	45587	55001	64484	63043	71695
ЖІӨ	22206	31895	50338	61147	63468	71707
Негізгі капиталға салым	5109	6466	11208	13999	13940	16278
Лицензия және роялти түсімдері	29	66	155	191	215	235
Қызметтер мен тауарлардың экспорты	4382	7036	15008	19794	18956	22432
Ескерту - [86].негізінде автормен құрастырылған						

Трансұлттық корпорациялар шетел инвестицияларын тартуда әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай дамыған елдер, дамушы елдер және өтпелі кезеңдегі экономикалы елдердің әрқайсысының өзіндік маңызды ерекшеліктері және жалпы бағыттары қалыптасқан. Тіпті әрбір мемлекет саяси тұрақтылығы, экономикалық даму деңгейі, бәсекелестік қабілеттілігі, инфраструктурасы, технология жетістігі, экспорт және импорт саясаты тіпті табиғи ресурстар орналасу ерекшеліктеріне байлынысты өзіндік инвестиция саясаттарын ұстанады. Осылайша қалыптасқан жағдайлары мен ұстанған саясаттары негізінде әр мемлекет әлемдік шетел инвестициялары төңірегінде өз орнын табады. Сол сияқты Қазақстан Республикасының өзінің жинақталған тәжірибесі және шетел инвесторларын қызықтырарлықтай тартымдылық ерекшеліктері көп деп айталамыз. Жәнеде әлемдік деңгейде айтарлықтай маңызды орны бар екенінде ұмытпай айтаеткен жөн.

Жалпы әлем бойынша инвестициялары көлемі 1990-2012 жылдар аралығында 7 есеге өсті, Шетел инвестицияларының көлемі тұрақты өсіп жатқанымен өсім деңгейінде әртүрлілік бар. 2002 жылы әлемдік көлемде 51.1

пайызға төмендеседе кейінгі жылдарда тұрақты өсу байқалады. 2007 жылы ең шегі 2,002 млрд.долларға жетсе 2008 жылдан кейін аздап құлдырау байқалады.



Сурет 4 - 1990-2012 жылдар аралығында әлемдік ТШИ ішкі ағыны, мемлекеттер тобы бойынша, (млрд.доллар)

Ескерту – [86] негізінде автормен құрастырылған

Бұл туралы осы жерде қайта сөз қозғап отырған себебіміз әлемдік шетел инвестициялары өсу процесі қай дәрежеде және соның ішінде дамыған, дамушы, ТМД және Қазақстан Республикасының өсу жылжамдығын салыстыру болып отыр. Сонымен қоса осы бөлімнің негізгі төңірегінде шетел инвестицияларының әлемдік аренесындағы Қазақстанның орнын анықтау болып табылады. Шетел инвестициялары көлемінің динамикалық және аудандық өсімін төмендегі кестеде жылдар аралық интервал көрсеткен.

Кесте 4- Тікелей шетел инвестицияларының көлемі (млн.доллар)

Аймақтар	1990	2000	2007	2012
Жаһандық	207 362,3	1 413 169,3	2 002 694,6	1 350 925,7
Дамыған мемлекеттер	172 514,4	1 141 586,3	1 319 893,0	560 718,1
Дамушы мемлекеттер	34 777,0	264 544,6	589 430,5	702 825,6
Өтпелі экономикалы мемдекеттер	70,9	7 038,4	93 371,1	87 382,0
ТМД	3,9	5 299,1	78 433,9	82 280,9
Қазақстан	-	1 282,5	11 119,0	14 022,1

Ескерту – [86] негізінде автормен құрастырылған

Жаһандану әрекетінің нәтижесімен бірге шетел инвестициялары

халықаралық қатынасты нығайтып мемлекеттер арасында қаржылық капитал қозғалысын қысқа заман ішінде әрі жылдамдатты әрі ұлғайтты. Жоғарыдағы Кесте 4-ке қарасақ әлемдік деңгейде шетел инвестициясының көлемі өскенімен өсім деңгейі соншалықты тұрақты емес екендігі байқалады. Шетел инвестициялар 2000-2007 жылдар арасында 140 пайызға өссе 2007-2012 шетел инвестициялар көлемі 37.5 пайызға дейін төмендеген. Тіпті кей аудандарда белгілі бір жылдар арасында кері өсім байқалады. Жалпы әлемде ТШИ ішкі ағыны құлдырып жатқанымен дамушы және өтпелі экономикалы елдерде керісінше еселеп артып жатқанын көруге болады. Осы жылдар аралығында өтпелі экономикалы елдер мен ТМД елдерінде шетел инвестицияларының өсу деңгейі өте жоғары деңгейді сақталуда тіпті 15 есеге артқан.

Ал Қазақстанды қарасақ шетел инвестициялар көлемі үнемі өсу процессінде қалыс қалған жоқ мәселен 2002- 2004 жылдары арасында 17 пайызға өсіп 2 еселесе 2012 жылы 14 млрд.долларға жеткені көрініп тұр. Мысалы ең аз деп саналған 2000 жылында 11.5 пайызға өссе екі жыл ішінде яғни 2002 жылы 101.9 пайызға дейін көбейген. Және 2004 және 2007 жылдарында сәйкес 60.5 пайыз және 47.7 пайызға ұлғайды. Бұл көрсеткіштерді тек сандық мәнімен салыстырып қарасақ соңғы жылдары өсім көлемі төмендеген тәрізді көрінеді. Бірақ экономика теория негізінде делелденгендей экономикалық өсім белгілі бір деңгейге дейін қатты қарқынмен өсіп содан кейінгі кезектерде өсу үстінде болғанымен қарқынын баяулататыны заңдылық. Осынау теорияда айтылғандай Қазақстандық шетел инвестициясының өсім қарқынының бәсеңдегенін сол арқылы түсіндіруге болады.

Дамушы мемлекеттерден сыртқа шығушы инвестициялар көлемі рекордтық 426 млрд.долларға жетіп әлемдік инвестициялардың 31% құрады. Әлемдік ТШИ-дың құлдырауына қарамастан дамушы мемлекеттер ТҰК-лары шетелдердегі экспансияларын жалғастырды. Азияның алып мемлекеттеріне дамушы мемлекеттердің 3 / 4 бөлігі тиеселі болды. Ал қарқынды дамушы BRICS мемлекеттері (Бразилия, Ресей, Индия, ҚХР, Оңтүстік Африка) инвестор мемлекеттердің негізгі орны болды. Осы 5 елге ағылған ТШИ-лары 2000 жылдың жағдайымен 7 млрд.доллар болса 2012 жылы 145 млрд.доллар болып жаһандық инвестициялық көлемнің 10% қоржындарында қалдырды. Ал дамыған мемлекеттерге жалпы инвестициялар 32% төмендеп 561 млрд.доллар он жыл бұрынғы деңгейге жетуінің себебін Европа елдеріндегі бюджеттік тапшылықтармен байланыстарылады.

Шетел инвестициясының экономикадағы орны мен экономикалық дамудағы үлесін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің бірі болып шетел инвестициясының ішкі және сыртқы ағындарының ЖІӨ-ге қатынасы жатады. Сонымен бірге бұл көрсеткіш елдердің халықаралық экономикалық қатынастағы дәрежесінде сипаттайды.

Жалпы экономикалық теория бойынша инвестициялық сыртқы әсіресе ішкі ағынның ЖІӨ-ге қатынасы 25 пайыздан көп болуы мемлекет үшін қауіпті (тиімді емес) деп саналады. Осы қағиданың экономикалық қауіпсіздігі тұрғысынан шекті деңгей екендігін баяндайды [58, 31 б]. Толығырақ айтсақ

шетел инвестициясының ішкі ағын көлемі ЖІӨ-нің 25 пайызынан көп болса экономика шетел қаржысына тәуелді деп саналады. Яғни кенеттен шетел инвестициясы (әсіресе ең жылдам портфельдік инвестициялар үшін) тоқтатылған жағдайда инвестицияны қабылдаушы ел экономикасы тығырыққа тірелмек. Яғни сырттан келетін қаржы көзі тоқтатылса экономикалық барлық салаларға бірден соққы болып тиеді. Ал сыртқы ағынның аса көп болуы мемлекет қаражатының сыртқа ауып кетуіне төндіреді және онымен бірге басқа да капитал түрлерінің ауып кету қаупі бар.

Кесте 5 -Шетел инвестицияларының ішкі және сыртқы ағыны ЖІӨ-ге қатынасы 1992-2012 жылдар аралығында (пайызбен)

	Шетел инвестицияларының ішкі ағыны ЖІӨ-ге қатынасы				Шетел инвестицияларының сыртқы ағыны ЖІӨ-ге қатынасы			
	1992	2000	2008	2012	1992	2000	2008	2012
Мемлекеттер								
Әлемдік	2,9	11,1	13,1	8,3	3,6	9,8	14,5	8,6
Дамыған мемлекеттер								
Германия	- 0,4	7,0	1,2	1,1	3,8	10,5	10,8	11,2
АҚШ	1,9	8,1	12,1	7,1	4,2	6,3	12,2	13,9
Жапония	0,2	0,6	2,2	0,1	1,5	3,8	11,8	9,7
Дамушы мемлекеттер								
Египет	5,0	13,9	13,5	9,0	2,2	5,9	7,0	5,5
ҚХР	5,0	3,5	25,8	7,0	0,0	0,1	5,2	0,5
Монғолия	7,1	10,3	5,9	3,3	2,6	1,5	3,0	2,3
Түркия	1,3	22,7	41,5	89,5	0,3	0,9
БАӘ	1,8	10,7	13,6	7,6	0,1	1,6	1,8	2,5
Транзитті экономикалы мемлекеттер								
ТМД	1,0	5,5	20,5	8,8	0,1	1,0	23,7	2,3
Беларусь	1,0	10,3	21,7	14,4	1,3	3,4	11,2	9,6
Қазақстан	1,0	8,8	21,1	14,4	1,3	3,4	11,9	10,2
Ресей	0,2	3,4	10,8	7,2	..	0,0	0,2	0,5
	1,4	53,9	40,0	32,9	..	- 0,5	3,4	3,7
	1,0	4,7	20,2	12,0	1,3	4,3	15,0	11,9

Ескерту – [86, 87] негізінде автормен есептелінді.

Шетел инвестицияларының экономикадағы үлесін әлемдік және экономикалық аудандар бойынша 2000-2012 жылдар аралығындағы өзгерісімен салыстырмалы түрде кесте 5-те көрсетілген. Жалпы әлемдік деңгейде шетел инвестициясының экономикадағы үлесі азайғандығы көрініп тұр. 2000 жылы

әлемдік ЖІӨ-ге әлемдік инвестициялық ішкі ағынның қатынасы 11.3 пайыз болса сыртқы ағын қатынасы 9.7 пайыз болды бұл бейне 2008 жылы сәйкес 13.1 пайыз және 14.51 пайыз болып айтарлықтай өскен. 2012 жылы екі жақты ағын шамамен 8 пайызда тұрақтады.

Осы өзгерісті әлемдік экономикалық аудандар бойынша қарастырсақ мәселен дамыған елдер үшін шетел инвестициясының ішкі ағынмен салыстырғанда сыртқы ағын көлемі әр екі жыл динамикасында жоғары болса дамушы елдер үшін керісінше бағытталған. Яғни дамушы елдер инвестициялаушы емес көбінде қабылдаушы ел болады. Сонымен бірге дамыған елдер де ішкі және сыртқы ағын екеуіде жоғары деңгейде болуы дамыған елдер арасындағы тенденция. Ал дамушы және өтпелі экономикалы мемлекеттер үшін ағын 1992 жылдан бастап түрлі өзгерістер болсада айтарлықтай ауытқулар болмады ерсілі-қарсылы инвестициялар ағыны ЖІӨ салыстырғанда 10-15 пайыз шамасында болды. Ал дамушы елдер сыртқа капиталды соғұрлым шығара алмайды және дамыған елдердің капиталына тәуелдірек келеді.


ТМД елдері көлемінде шетел инвестициясының ішкі ағыны 2000 жылы 9 пайыз 2008 жылы 16 пайызға дейін өскен ал сыртқы ағыны сәйкес жылдарда 3 пайыздың шамасында құрағаны үлесі өскенімен сыртқа айтарлықтай қаржыландыру жоқ деп айталамыз. Ал ТМД елдері ішінде Қазақстан Республикасын жеке алып көру осы бөлімнің ең маңызды міндеттерінің бірі.

Қазақстан Республикасы үшін шетел инвестициясының орны тым бөлек екені тағыда көрініп тұр. Мысалға шетел инвестициясының ішкі ағыны ЖІӨ-ге қатынасы 2000 жылы 53.9 пайыз яғни аса жоғары деңгейде болса 2007 жылы 40.0 пайыз болып 2012 жылы сәйкесінше 32 пайызды құрайды және үлесі түскенімен тәуелділік деңгейі жоғыр қалпын сақтап қалды. Яғни біздің экономикамызда сыртқы қаржы көздері аса маңызды орын алып отыр. Екіншіден бұл деңгей ТМД елдері арасындағы ең үлкен көрсеткіш. Ал сыртқы ағында үлесіміз 2000 жылы не бары -0.5 пайызды ғана құраса 2012 жылы бұл көрсеткіш 3ке жетті.

Сонымен бірге ҚР-сы ТМД елдеріне тартылған барлық шетел инвестицияларының 2000 жылы 23.5 пайызына ие болса 2007 жылы 14.3 пайызға ие болды. Яғни Қазақстанның үлес деңгейі төмендегенімен ол ТМД елдері арасында шетел инвестициясында ең тартымды елдер қатарында көріне бермек. Тағы бір жағынан алып қарасақ Қазақстан үшін шетел инвестициясын тартудың максималды кезеңі өтті енді тұрақтану кезеңіне келіп жатыр деп айталамыз. Дегенменде шетел инвестициясының ішкі ағыны ЖІӨ-де 42 пайызды құрауы әліде болса экономикамызда шетел капиталының ролі ойнап тұрғанын көрсетеді. Сондықтан біз ендігі кезекте экономикада отандық инвестицияны қолдауды көздеп шетел инвестициясына тәуелділікті азайтуға тиіспіз.

Салыстыруды қызықты болдыру мақсатында дамыған және дамушы кейбір Азия елдерінің сипатын кестеге қостық. Әрбір ел өзінің саяси-экономикалық ерекшеліктеріне байлынысты шетел инвестициясын тарта беруді

көздемейді. Тіпті кейбір елдер шетел инвестицияларына белгілі бір деңгейде шектеулерде қояды. Дамыған немесе экономикасы қартынды өсу барысындағы кейбір елдерде шетел инвестициясының үлесі аса маңызды емес екені жоғарыдағы кестеден көрініп тұр. Мәселен АҚШ-тарында шетел инвестицияларының ішкі ағыны 7.1 пайыз, Жапонияда 0.1, ҚХР-сында 3.3, Кореяда 3 ғана пайыз болса Сингапурда 86 пайызды көрсетеді. Өйткені Сингапур және ГонгКонг сияқты елдер шетел инвестициясын аса көп тартып тиімді пайдалану негізінде қарқынды дами алған елдер қатарына жатады. Ал шетел инвестицияларының сыртқы ағындарына тоқталсақ АҚШ-тарында 13.9 пайыз, Жапонияда 9.7, ҚХР-сында 2.3, Кореяда 10.4 ғана пайыз болса Сингапурда 35 пайызды көрсетеді.



Сурет 5 – Әлемдік тікелей шетел инвестицияларының ағыны, 2012 жылы, топ 20 мемлекет, (млрд.доллар)

Ескерту – [86] UNCTAD, FDI/TNC database (www.unctad.org/fdistatistics)

Жоғарыда көрсетілген суретте ТШИ-ларының ең көп қабылдаушы мемлекет және ең көп сыртқа шығарушы топ 20 мемлекеттер көрсетілген. ТШИ ең көп қабылдаушы мемлекет яғни ішкі ағыны бойынша 10 дамыған және 10 дамушы мемлекеттер көшбастаса, капиталды сыртқа шығарушы немесе сыртқы

ағыны бойынша 14 дамыған және 6 дамушы мемлекетке тиеселі. Бұл дегеніміз капиталдың ішкі және сыртқы ағынына дамушы соның ішінде солтүстік және шығыс Азия мемлекеттерінің атсалыса кіріскенін көрсетеді. Қазақстан 2012 жылы тікелей шетел инвестицияларын ең көп тартушы 20 елдің қатарына 2011 жылмен салыстырғанда 9 пункт көтеріліп 14 млрд.доллармен 19 рейтингке кіруде еліміздің инвестициялық тартымдылығымен шетел инвесторларына деген жағымды инвестициялық климаты және ұлттық экономикасының тұрақты дамуын білдіреді. Сонынмен қоса инвестор мемлекет ретінде кестенің оң жағында сыртқы мемлекеттерге инвестициялаушы елдер көрсетілген. 2012 жылы Қазақстан инвестор мемлекет ретінде 1,5 млрд.доллармен 45 орында тұрақтады.

Тағы бір айтакетерлік жай ол 1998 жылы әлемдік жалпы шетел инвестицисы көлемі 690млрд.долларды құраса ҚР-сы соның 0.17 пайызын иеленсе 2012 жылы 1350.9 млрд.доллардың 1.0 пайыз үлесі Қазақстан еншісіне тигені әлемдік деңгейде маңыздылығының сәлде болса артқанын көрсететін тағы бір дәлел. Ал ТМД елдеріне тартылған шетел инвестициялардың 2000-2001 жылдарында 40.3 пайызы Қазақстанға тиісті болса 2007 жылы бұл деңгей 17.3 пайызын ғана құрады. Яғни 2000 жылдарды Қазақстанда инвестициялық қызметтің қызған кезі болды. Алайда халықаралық инвестициялар нарығында Қазақстанның мүддесіде арту үстінде.

Кесте 6 - Дамушы мемлекеттерге капитал ағыны формасы бойынша 2005-2010 жылдар, (млрд.доллар)

	2005	2006	2007	2008	2009	2010
Барлығы	579	930	1650	447	656	1095
ТШИ	332	435	571	652	507	561
Портфельдік	154	268	394	224	93	186
Басқа инвестициялар	94	228	686	39	56	348
	/пайыз/					
ТШИ	57,3	46,8	34,6	69,7	77,3	51,2
Портфельдік	26,4	28,8	23,9	26,1	14,2	17
Басқа инвестициялар	16,2	24,5	41,5	4,2	8,5	31,8
Ескерту - [86, 87] UNCTAD, IMF ақпараттық база негізінде *Басқа инвестицияларға коммерциялық банк несиесі, ресми несие сауда кредиттері жатады.						

Халықаралық өндіріс көлемінің өсуіне және ТҰК-лардың саудасы, жұмыспен қамыту деңгейі және активтерінде қарқынды өсуде. ТҰК-лардың әлемдік шаруашылықтағы орны мен маңызын төмендегі 6 суреттен көруге болады. Сурет 6 - көрсетілгендей әлемдік жалпы ішкі өнімнің құрылымында мемлекеттік сектор мен жеке сектор 24% және 76% құраса 50% жергілікті

өндірушілер үлесінде. Ал, қазіргі әлемдік экономикада ТҰК-лардың қызметі көлеміне тоқталсақ әлемдік ТҰК-лар мен олардың шетелдегі филиалдары 2010 жылы 16 триллион. долларына жуық яғни әлемдік ЖІӨ-нің (25%) ширегін құрайды. Соның ішінде филиалдары әлемдік ЖІӨ-нің 10-пайызын немесе 6,6 триллион. долларын және әлемдік экспорттың үште бірін құрайды. Сонымен қоса ТҰК-лардың ЖІӨ-нің 40-тан аса пайызын шетелдегі филиалдары өндіретендігінде көруге болады, бұл көрсеткіш 2005 жылы 35 пайызды құраған [59, 25 б].

100% (62,9)	24% (15,1)	76% (47,8)	50% (32,2)	25% (15,6)	14% (9,0)	10% (6,6)
Әлемдік ЖІӨ	Мемлекеттік сектор	Жеке сектор	Жергілікті кәсіпкерлік	ТҰК	Негізгі ТҰК	ТҰК шетелдегі филиалдары

Сурет 6 – Ғаламдық ЖІӨ құрылымы, 2010 жылы, (% және трлн.доллар)

Ескерту - [59] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

2008 жылы әлемдік қаржы дағдарысы салдарынан 2009 жылы әлемдік ТШИ-ларының сыртқы ағыны 1911 млрд. долларынан 1171 млрд. долларына дейін азайғаннан халықаралық өндірістің өсу қарқыны төмендегенмен жалпы үздіксіз даму үстінде болды. Мәселен 2010 жылы ТҰК-лар арқылы келетін ТШИ-лары 7,3% өскен. Халықаралық өндірістің бұл даму қарқыны ТҰК-лардың интерүлттану үрдісін жылдамдатты және жаңа ТҰК-лардың туындауына алып келді. Оған келесідей үш фактор себеп болады: біріншіден дағдарыс көптеген ТҰК-лардың корпоративтік құрылымын рационалдауға және шығын-көтермейтін жерлердегі филиалдарын сату немесе басқа мемлекеттерге орналастыру арқылы тиімділікті арттыруға негіз болды; екіншіден ТҰК-лардың дамыған мемлекеттермен салыстырғанда транзиттік экономикалы мемлекеттерде филиалдарын қарқынды ашу арқылы үлкен нарықты жаулап алып пайдалылық деңгейлерін сақтау тенденциялары байқалды; транзиттік экономикалы мемлекеттерде ТҰК-лардың санының артуы соның ішінде мемлекеттік трансүлттық корпорациялардың оң даму тенденциялары.

Әлемдік қаржылық дағдарыс кезеңінде көптеген корпорациялар шығындарды қысқарту мақсатында нақты ұйымдастырушылық шектеулер мен жұмыс күшінің қысқартуларын жасады. Әлемдік ТҰК-лардың 80% тікелей шетел инвестицияларының 70% құраушы дамыған мемлекеттер ТҰК-лары үшін салыстырмалы артықшылықтарға ие болу мақсатында бұл операцияларды өз мемлекеттеріндегі филиалдарында жасау әлдеқайда тиімді болды. Алайда,

барлық ТҰК-лар трансұлттану үрдісіне белсене қатыспады және көптеген қаржылық ТҰК-лар 2010 жылы айтарлықтай қиындақтарға тап болды. Мәселен, мемлекеттік үлесі бар Ұлы Британиялық RBS бірқатар шетелдік активтерін сатса Исландиялық және Ирландиялық банктерде сондай қиындықтарға тап болды. Ал, АҚШ-тың Citigroup банкі пакет банктік активтерін Жапониялық брокерлерге сатты [60, 69-73 б].

Алып ТҰК-лар тап болған осындай қаржылық мәжбүр шешімдер 2010 жылы олардың трансұлттану үрдісін бәсеңдетті. UNCTAD есептеуі бойынша 2010 жылы әлемдік ең алып 50 ТҰК-лардың географиялық таралуы 2009 жылмен салыстырғанда 1.4 пунктке ғана өскен яғни 44.9-ға жеткен. Бұл көрсеткіш бойынша Европалық қаржылық институттары мен АҚШ-тың алып қаржылық ТҰК-ларында азайу тенденциясы байқалса Жапониялық қаржылық ТҰК-лар дағдарыс кезеңінде стратегиялық халықаралық сатып алу арқылы интерұлттану үрдісін арттырды. Айта кету керек интерұлттану үрдісі немесе ТҰК-лардың географиялық таралуы шетелдегі филиалдардың барлық филиалдардағы үлесін ТҰК-лардың өз мемлекетіндегі филиалдар санымен кебейтіндісін түбірден шығару арқылы есептелінеді [61, 26 б].

Халықаралық сатып алулар мен бірігулер жақын болашақта қаржылық өндірістің жаңа толқыны болуы мүмкін алайда, дамыған мемлекеттер ТҰК-лары өз филиалдарын дамушы мемлекеттерде қарқынды ашу арқылы осы мемлекеттерде қаржылық бақылау жасауда. Әйткенмен, дағдарыс кезеңінде көптеген дамушы мемлекеттер үкіметтері мемлекеттік қаржылық институттар мен мемлекеттік ТҰК-ларды сенімді қаржылық көздері деп санады. Өйткені дамушы мемлекеттерде қаржылық ТҰК-лар үшін ірі әрі қарқынды дамушы нарықтарға ену және трансұлттану теңдігін ұзақ мерзімде сақтау қиынға соғады. Нақтырақ айтсақ Бразилия, ҚХР, Ресей және Индия (BRICs) сияқты қарқынды дамушы экономикалы мемлекеттер инвестициялық тиімділікті арттыру мен нарықты кеңейту үшін маңызын арттырды. Бұл нарық тек арзан жұмыс күші көзі емес инвестициялық тартымдылығы жоғары кең нарық болып саналады. Мәселен дағдарыс кезеңінде Сосо-cola (АҚШ), Holcim (Швейцария), Toyota Motors (Жапония) сияқты алып ТҰК-лардың корпоративтік табысы белгілі деңгейде азайғанымен дәл осы кезеңдегі жалпы табысының үште бір бөлігі дамушы мемлекеттерден құралған. Яғни алып ТҰК-лардың осы дамушы мемлекеттер нарығына тікелей қатысты екенін айтуға болады.

Сонымен бірге әлемдік ең ірі 100 ТҰК-лар құрамына да дамушы мемлекеттерден ТҰК-лары ене бастады. Осы дамушы мемлекеттерде 2007-2008 жылдармен салыстырғанда 2011-2012 жылдары жаңа халықаралық жобалар 23% өскен ал дамыған мемлекеттерде бұл көрсеткіш 4% құрайды. Мысалы Metro AG (Германия) корпорациясы дамушы және транзитті экономикалық мемлекеттерде қызметін кеңейтсе дамыған мемлекеттерде қысқарту үстінде. 2010 жылы Ресей Федерациясында 17, ҚХР 7, Қазақстанда 4, Вьетнамда 4 ірі сауда желілерін ашқан ал Европадағы бірқатар дүкендерін жапқан. Ал, шетелдік активтері көлемі бойынша әлемнің ең ірі ТҰК-ларының бірі General Electric (АҚШ) шығындарды азайту және табыс деңгейін сақтау мақсатында

өндірістік табысының 40% құраушы дамушы мемлекеттердегі филиалдарына күш салуды көздегенін айтады. Қорытынды ретінде ТҰК-лар әлемдік экономиканың айырылмас бір бөлігі екені және үздіксіз бақылап зерттеу отыру керек екенін айта кету керек [60, 69-73 б].

Жалпы жиырмабірінші ғасырдың басынан ұлттық экономикалардың дамуы мен олардың экономикалық-саяси қатынастарындағы ерекшеліктері күрт өзгерді. Замануи әлемдік экономиканың дамуындағы мұндай өзгерістерді жаһандану үрдісінің қарқын алуымен түсіндіруге болады. Әрине әр мемлекеттер жаһандану үрдісі әртүрлі кезеңдерде жүрілуде. Сондықтанда болар әлемдік экономиканың интерұлттануы, әлемдік шаруашылық қатынастардың бірегей даму жүйесінің қалыптасуы, мемлекеттердің атқаратын қызметтеріндегі өзгерістермен трансұлттық корпорациялар (ары қарай ТҰК) қызметтерінің белсен алуы сынды маңыздықұбылыстар пайда болды. Сондай-ақ капитал мен өндірістің трансұлттануы әлемдік экономиканың жаһандану үрдісінің негізгі қозғаушы факторлары болды. Яғни бұл факторлар ТҰК-лардың өз өндірістік үрдістерінің кейбір сатыларын немесе қызметтерінің бір бөлігін басқа мемлекеттерде орналастыру арқылы қарқынды жүріле бастады. Олар тек корпоративті бизнесте күш алып қана қоймай халықаралық масштабда қызмет көрсетіп және әлемдік шаруашылық қатынастарды жетілдіруде маңызды роль атқарды.

Сонымен әлемдік экономикалық аудандар бойынша шетел инвестициясының өсу тенденциясын және әрбір экономикада үлесін салыстырмалы түрде талдап көрдік. Ендігі кезекте осы аталған экономикалық аудандардың ерекшеліктеріне сай шетел инвестицияларының тартылған салалар бойынша алып керген жөн.

Бұл жөнінде салыстырманы қолайлы әрі нәтижелі болдыру мақсатында жалпы шетел инвестициясы салынған салаларды БҰҰ-ның топтамасы бойынша негізгі 3 салаға бөліп қарастырдық.

Біріншісі “бастаушы сала” мұнда негізінен шикі зат түрлері ауыл шаруашылық, аңшылық және соған байланысты қызмет көрсету, балық аулау, балық өсіретін жердің және балық фермасының қызметі және тау кен өнеркәсібі соның ішінде көмір мен лигнит өндіру, торф өңдеу, өңделмеген мұнай және табиғи газ өндіру уран кенін өндіру, металл кенін өндіру және тау-кен өнеркәсібінің басқа салалары кіреді.

Екіншісі “өндірістік сала” мұнда дайын өнім өндірудің барлық түрі мәселен ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу, тоқыма және тігін өнеркәсібі, тері, теріден бұйым өндіру, ағаш өндірісі, баспа жұмысы және кокс өндіру, мұнай айдау, ядролық материалдарды өндіру және өңдеу, химия өнеркәсібі мен өзге металл емес минерал өнімдер өндіру, металлургия өнеркәсібі және металл өңдеу, машина және жабдық өндіру сияқтылар жатады.

Ал үшінші топ “қызметтік сала” мұнда қызметің барлық түрлері кіреді. Мысалы электр қуатын, газды және суды өндіру, құрылыс, сауда, қонақ үйлер мен мейрамханалар қызметі, көлік және байланыс қызметтері, қаржылық қызметтер мен жылжымайтын мүлік тағы басқалар жатады.

Сонымен жалпы әлемдік деңгейде 2006 жылы шетел инвестициясы салынған жаңа 11813 жобалардың 4.2 % бірінші топқа, 53.8% екінші топқа қалғаны яғни 42%і қызметтік топқа тиісті болған. Ал салынған шетел инвестицияларының көлемін экономикалық аудандар бойынша иеленген пайызымен 1990 және 2012 жылдарда динамикалық өзгерістерді талдап төмендегі кестеде көрсеттік.

Кесте 7 - Шетел инвестициялары сала бойынша 1990, 2012 жылдар, (%)

Салалар	1990			2012			
	Дамыған	Дамушы	Әлемдік	Дамыған	Дамушы	ТМД	Әлемдік
Бастаушы	9.6	8.4	9.4	6.0	12.4	17.6	9.4
Өндірістік	40.4	43.6	41.0	22.1	25.4	17.6	23.3
Қызмет	49.3	46.6	48.8	65.2	60.3	64.0	63.0
Меншікті сату	0.0	0.0	0.0	1.4	0	0.3	0.7
Жіктелмейтін басқа	0.7	1.4	0.8	5.2	2.0	0.3	3.5
ЖИЫНТЫҒЫ	100.0	100.0	100.0	100.0	100.0	100.0	100.0
Ескерту – [86] мәліметтері негізінде құрастырылды							

Жаһандық деңгейде тартылған шетел инвестицияларының сала бойынша құрылымына 1990-2012 жылдар аралығында аса көп өзгеріс кірген. Жалпылай алып көрсек 1990 жылы бастаушы сала үлесі 9.4 болса 2007 жылы 7.9 пайыз, 2012 жылы 6% болып түскен. Ал өндірістік саланың үлесіде сәйкес жылдарда 41 пайыздан 23.3 болып 18 пункт азайған. Ең көп өзгеріс үшінші яғни қызмет саласының маңыздылығы жоғарылаған. 1990 жылы 48.8 пайыз болса 2007 жылы 60.8 пайызға дейін 2012 жылы 63 пайызға дейін жалпы көлемнің жартысынан көбін иеленді. Яғни әлемде қызмет саласының дамуы басым болғандығын көрсетеді. Бұл тенденция дамыған және дамушы мемлекеттерге тартылған ағындада байқалады.


Ал аудандардың ерекшеліктеріне тоқталсақ дамыған елдерде 1990 жылы өндірістік сала мен қызметтік сала екеуіде басым болса 2012 жылы қызмет саласы дамыған елде ең жоғары 65.2 пайызды құрады. Бастаушы саланың үлесі тіпті 6 пайызға дейін тіскені дамыған елдер көбінде шикізатты өндіруші емес тұтынушы болу саясатын ұстанатынын тағыда бір рет дәлелдейді. Бұл жағдай дамушы елдерде де жаман емес себебі ондада қызмет саласының үлесі өсіп тартылған шетел инвестицияларының жартысы қызмет саласына жұмсалған және шикізат өндіру саласының үлесі соншалықты жоғары емес. ТМД елдерінде жағдай басқаша. 1990 жылға арналған талдауды жасауға мәліметтің жеткіліксіздігіне байланысты тек 2012 жылғы деректер есептелінді. ТМД елдерінде тартылған шетел инвестициясының 64 пайызы қызмет саласының еншісінде болуы басқалармен салыстырғанда шамалас көрсеткіш болып отыр. Ал 17.6 пайызы өндерістік салада болуы салыстырмалы түрде басқалардан сәл төмен болғаны ең бір алаңдатарлығы бастаушы сала болып отыр. Өйткені жоғарыда айтқандай бастаушы сала яғни ауыл шаруашылығы, тау кен

өнеркәсібі қысқысын айтқанда шикізат өндіру болып отыр. Бұл сала дамыған және дамушы елдер тіпті әлемдік орталамада 7-8 ғана пайыздан аспай тұрса ТМД елдерінде 17.6 пайыз. Шетел инвестициясының мұншалықты бөлігін шикізат өндіруге бағыттау экономика үшін қаншалықты тиімсіз, шығын екені айдай анық. Жылжымайтын мүлік саласы бойынша әлемдік нарықта сонық ішінде дамыған мемлекеттерде енді дамып келе жатқанын әрі дамушы және өтпелі кезеңдегі мемлекеттердің әлемдік деңгейден қалыс қалғанын байқаймыз. Ал ары қарай бұл жағдай Қазақстан экономикасы үшін қандай көрініс тапқанын және экономикалық маңыздылығын келесі бөлімде толығырақ алып қарайтын боламыз.

2.2 Әлемдік трансұлттық компаниялар және оның әлеуметтік-экономикалық салдары

Қазіргі жаһандық экономиканың даму үрдісінде негізгі халықаралық экономикалық қатынастар құрылымында тек өндірістер емес банктер мен қаржылық ұйымдар, қызмет көрсету салалары трансұлттану үстінде. Көптеген дамыған мемлекеттерде ТҰК-лардың дамуы өз кезегінде ұзын эволюциялық жолдан өтті. Мәселен АҚШ-тың ТҰК-лары ХХ-ғасырдың алғашқы жартысында пайда болды. Әрине әр мемлекетте корпорациялар трансұлттық болмас бұрын алдымен өз мемлекетінде жеткілікті деңгейде дамуы тиіс. Тек дамудың нақты бір циклін өткеннен кейін ғана корпорациялар өз қызметтерін кеңейтуге және өндірістік процесстің бір бөлігін шет мемлекеттерде жүргізуге тура келеді. Қазіргі ТҰК-лардың барлығы өз кезегінде кіші компаниялардан құралған, өз қызметтерін ішкі нарықта жүргізіп кейіннен халықаралық бизнеске айналып содан ТҰК-лар туындаған деп айтсақ болады.

ТҰК дамуының әрбір кезеңі өзіндік ерекшеліктерге ие. Жетекші ТҰК қызметінің нақты ерекшеліктерінің талдауы қазіргі кезеңнің келесі негізгі тенденциялары мен олардың дамуын атап көрсетуге мүмкіндік береді. Қазіргі әлемдік экономикада трансұлттық сектор шамамен 110 мыңға жуық негізгі компаниялар мен 950 мыңнан аса еншілес компаниялары мен олардың еншісіндегі шетелдік үлестес компаниялардан тұрады. Мәселен, 90-жылдардың басында әлемде 36 мыңнан аса ТҰК-лар мен 174 мыңнан аса олардың шетелдегі филиалдары болды. Соңғы жиырма жылдың ішінде ТҰК-лар саны үш есеге ал олардың шетелдегі филиалдары саны алты есеге өскені төмендегі суретте көрсетілген [60, 69-73 б].



Сурет 7 – 1993-2012 жылдар ТҰК-лар мен олардың шетелдегі филиалдары саны, (мың. дана)

Ескерту – [86] автормен құралған


Бұл мәліметтер соңғы жиырма жылдың ішінде негізгі компанияларға салыстырғанда олардың шетелдегі еншілес компанияларының саны әлдеқайда қарқынды өскенін көрсетеді. Осы уақыт аралығында ТҰК-лар саны жылына орташа 12% өссе филиалдар саны жылына орташа 23% өскен. Сонымен қоса 90-жылдардың басында орта есеппен бір ТҰК-ға 4,2 еншілес компаниялар тиеселі болса 2004 жылы ең шарықтау шегі 15-ке жетсе 2012 жылы бұл көрсеткіш 8-9ға жетіп тұрақталған.

Шағын өндірістің жоғары технологиялық негізін қамтамасыз ете отырып жаһандық ТҰК дамуын және оның трансұлттануына жағдай туындайды. БҰҰ сарапшылары шетелдегі қызметтерін белсенді дамытушы аса ірі емес компаниялардың санының артып отырғандығын атап көрсеткен болатын. Ұлыбританияда 20-дан 499-ға жұмысшылары бар бұндай «шағын ТҰК» барлық трансұлттық компаниялардың 80% құрайды, Францияда - 89%, АҚШ-та «шағын ТҰК» үлесі - 44%, ал Жапонияда барлық ТҰК-дың 23% құрайды [62]. Менеджмент саласындағы атақты американдық маман П.Друкер пікірі бойынша болашақ орта көлемдегі компанияларда (жұмысшылар саны 200-ден 4000-ға дейін), олар нарыққа икемді, шағын және ірі соммаларды инвестициялау, жаңалықтарды енгізуге тиімді болып табылады. Сондықтан болар бүгінгі күні компания қызметінің іріленуі, әртараптануымен қатар оптималды көлемі азайып, мамандандыру деңгейі жоғарылай түсуде. Соңғы 5 жылда ТҰК-лар салыстырмалы түрде тұрақтанып шетелдік филиалдары нақты ауытқудан өткен. ТҰК-лардың шетелдік филиалдарының тұрақтануында әлемдік экономикада трансұлттық сектордың сапалық дамуын көрсетеді.

Кесте 8 - Ұлттық режимге өзгерістер енгізілу, 1991-2012 жылдар, (өзгерістер санымен)

Өзгерістер / жылдар	1991	1994	1997	2000	2003	2006	2009	2012
Өзгеріс енгізген мемлекеттер саны	35	49	76	70	82	91	50	74
Енгізілген өзгерістер саны	82	110	150	150	242	177	102	149
Либерализация/қолдау	80	108	134	147	218	142	71	101
Реттеу/ шектеу	2	2	16	3	24	35	31	48
Ескерту – [86] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған								

Бұл тұрақтанудың негізгі себебін кесте 8-дегі өзгерістермен түсіндіруге болады. Әлемдік жаһандану, мемлекеттердің интеграциялануы, экономика мен өндірістің трансұлттануы қарқындалған осындай кезеңде әрбір мемлекет өз экономикасына жағымды жағдай жасап тиімді инвестицияларды тартуды көздейді. Осы мақсатқа жету жолында көптеген заңдық құқықтық режимдер қайта қарастырылып, екі немесе көп жақты келісімдер жасасып, экономикада басқа мемлекеттердің капиталы жан-жақты тиімді жұмыс жасауына көптеген шектерлер немесе қолдаулар көрсетіп жатады.



Сурет 8 - Ұлттық режимге өзгерістер енгізілу, 1991-2012 жылдар, (%)

Ескерту – [86] UNCTAD, Investment policy database автормен құрастырылды

Жоғарғы көріністен қортындылайтынымыз мемлекеттер өздерінің шетелдік инвестицияларды тартудағы ұлттық режимдеріне өзгерістер енгізуде және өзгерістер саныда үнемі көбейуде. Алайда бұл өзгерістердің көпшілігі шетел инвесторларына қолайлы жағдайлар туындату мақсатында

либерализациялау және қолдау шарттары болса сонымен бірге көптеген қайта реттеу немесе шектеулер арқылы өз мүдделерін толықтырулар байқалады.

Бұған нақты мысалы ретінде кейбір мемлекеттердегі өзгерістерді атай кетейік. Көп ұлтты Боливия үкіметі мемлекеттік ұлттандыруды әсіресе зейнетақы жүйесінен бастады [63]. Эквадор үкіметі жаңа көміртегі заңын қабылдады. Бұл жеке мұнай компанияларының өнім өндірудегі қызмет көрсету туралы бөлімін қайта қарауды талап етеді. Үкімет жұмысын Бразилияның ұлттық мұнай компаниясы Petrobras мұнай кен орындарынан бастап нәтижесінде лицензиясынан айырды [64]. Қазақстан Республикасы мемлекеттік мүлік туралы заң қабылдады. Бұл заң ұлттық қауіпсіздік жағдайындағы мемлекеттік мүлікті реттеуді қамтамасыз етеді [65]. Қырғызстан шетелдіктер бақылауындағы мемлекеттегі ең ірі банктердің бірі Азия Универсал Банкін ұлттандырды. Ресей Федерациясы ресейде автомобиль жинақтаушы шетелдік өндіруші заводдарға талаптарын күшейтті. Мұндай өндірушілер сырттан кіргізіп келген толықтырушы бөлшектерге баж салығынан босатылуды жалғастыру үшін олар жалпы Ресейдегі өндіріс көлемін белгілі деңгейде көтеруге және детальдардың ұлттық өндіріс деңгейін жоғарлатуға міндетті [66]. Венесуэла Республикасында зардап шеккен бірқатар салаларды мемлекет қамқорына алды, мәселен ауыл шаруашылық және электроэнергия [67].

Кесте 9 - Ұлттық режимге сала бойынша өзгерістер енгізілу, 2012 жылы (%)

	Либерализация/қолдау	Реттеу/ шектеу
Барлығы	67	33
Көп салалы	84	16
Ауыл шаруашылық	38	62
Өндеу өнеркәсібі	7	93
Өндіріс	50	50
Электрик, газ, су	75	25
Қаржылық қызмет	59	41
Басқа сала	61	39

Ескерту – [86, 87] UNCTAD, Investment policy databasемәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Ал осы ұлттық режимдердегі өзгерістерді сала бойынша алып қарасақ шектеулердің көпшілігі өндеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылық салалары болса либерализациялар көп салалы инвестициялар мен коммуналдық салалар екені көрініп тұр.

Трансұлттық корпорациялар – бүгінгі таңда әлемдік деңгейде экономикалық және саяси тұрғыдан үстемдік етіп отырған, бір немесе оданда көп мемлекеттерде қызмет ететін аса ірі кәсіпорындар. Мысалы ретінде General Motors және Ford сынды әлемдік екі алпауыт автомобиль корпорацияларының жылдық біріккен табыстары бүкіл саб-Сахар Африкасының ЖІӨ-не тең келеді.

Ал Mitsubishi, Mitsui, ITOCHU, Sumitomo, Marubeni және Nissho Iwai сияқты Жапонияның топ алты сауда компанияларының жылдық табысы Оңтүстік Американың ЖІӨ-не тең келеді. Сонымен қоса АҚШ-тың үздік 500 корпорациясының жылдық табысы әлемдік ЖІӨ-нің 60 пайызына тең келеді. Жалпы ТҰК-лар әлемдік технологиялар мен өнім патенттерінің 90 пайызын иеленсе, әлемдік сауда айналымының 70 пайыз соларға тиеселі [59].

Қазіргі таңда әлемдік экономикадағы өндірістің трансұлттануының негізгі тенденциясы ретінде қазіргі әлемдік экономиканың дамуында негізгі рольді халықаралық қаржы капиталдарының алпауыт топтары, оның ішінде қозғаушы күші ретінде қалыптасқан трансұлттық құрылымдар иеленеді. Олардың негізгі стратегиясы жоғарғы инновациялық белсенділікпен және даму динамикасымен, әлемдік нарықтың жекелеген сегменттерін ғана емес, өндіріс пен өнім өткізудегі әлемдік экономиканың негізгі бағыттарын жаулап алуға бағытталуымен ерекшеленеді. Бүгінгі таңда ТҰК халықаралық экономикалық қатынастарға қарқынды түрде әсер етуде. Трансұлттық құрылымдар ұлттық экономикаларды тереңдетілген өндірістік салалар арқылы жалғайды. Ал, «Трансұлттану»-соңғы онжылдықта экономикалық әдебиеттерде кеңінен орын алып жүрген салыстырмалы түрде жаңа термин, яғни Трансұлттану- бұл әлемдік және аймақтық сипаттағы түрлі институттар арқылы жүрілетін мемлекет аралық интеграция. «Трансұлттану» үрдісі бір жағынан трансұлттық корпорациялар немесе трансұлттық банктер сияқты терминдердің жинағы ретінде қолданылғынымен, келесі жағынан халықаралық экономикалық қатынастардың интерұлттануы сияқты жалпы құбылыстарын сипаттайды.

Әлемдік шаруашылықтың айырылмас бөлігі болған трансұлттық корпорациялардың қызметтерін талдай келе БҰҰ әлемдік алып ТҰК-лар қызметтеріне айырықша көңіл бөліп қарайтынын көруге болады. Оның айғағы ретінде «Business Week» журналы жыл сайын нарықтағы құны бойынша әлемдік ең ірі 1000 корпорацияны жарияласа «Industry Week» журналы жыл сайын (бұрын Dun & Bradstreet and Moody's Investors Service қазір Thomson Financial) агенттігімен ең ірі 1000 өңдеуші өнеркәсіптік өндірістік корпорацияларды жариялайды. Сонымен бірге көптеген талдаулар мен болжауларға негіз болған UNCTAD (БҰҰ сауда және даму конференциясы) жыл сайын әлемнің ең ірі 100 ТҰК-лары, дамушы мемлекеттердің ең ірі 50 ТҰК-лары және Орталық және Шығыс Еуропаның (2001 жылға дейін Орталық Еуропа) ең ірі 25 ТҰК-лары туралы талдауларды жариялайды. Біздің талдауымызда UNCTAD-дың жыл сайынғы мәліметтер базасында негізделген. Төмендегі Кесте 10 шетелдегі активтері бойынша әлемнің ең ірі қаржылық емес 20 ТҰК-лары көрсетілген.

Бүкіләлемдік банктің ақпараты бойынша әлемнің 189 мемлекеттің алғашқы 20-сының ЖІӨ-дері әлемнің ең ірі ТҰК-нан үлкен яғни 685 мың млрд. доллардан көп. Бір сөзбен айтқанда осы ең ірі ТҰК General Electric Co әлемнің 21-і экономикалық құрылым деп айтуға болады. Сондай-ақ Кесте 10 - бойынша шетелдегі активтері бойынша әлемнің ең ірі қаржылық емес 20 ТҰК-ларының активтерінен олардың қаншалықты алып екенін және барлығыда

дамыған мемлекеттердің үлесінде екенін байқаймыз. Тіпті 2012 жылғы ҚР ЖІӨ көлемі 203520,6 млн.доллармен салыстырғанда біздің ұлттық экономикамызданда үлкен алып ТҰК-ды көре аламыз.

Кесте 10 - Шетелдегі активтері бойынша әлемнің ең ірі қаржылық емес 20 ТҰК, 2012 жылы, (млн.доллар)

1	Трансұлттық корпорация	Негізгі мемлекет	Өндіріс саласы	Активтері		ТНІ
				Шетелдегі	Барлық	
2	3	4	5	6	7	
1	General Electric Co	АҚШ	Электрондық бұйымдар	338 157	685 328	52,5
2	Royal Dutch Shell plc	Нидерландия /Ұлы Британия	Мұнай	307 938	360 325	76,6
3	BP plc	Ұлы Британия	Мұнай	270 247	300 193	83,8
4	Toyota Motor Corporation	Жапония	Авто көлік	233 193	376 841	54,7
5	Total SA	Франция	Мұнай	214 507	227 107	78,5
6	Exxon Mobil Corporation	АҚШ	Мұнай	214 349	333 795	65,4
7	Vodafone Group Plc	Ұлы Британия	Телекоммуникация	199 003	217 031	90,4
8	GDF Suez	Франция	Коммунальдық қызметтер	175 057	271 607	59,2
9	Chevron Corporation	АҚШ	Мұнай	158 865	232 982	59,5
10	Volkswagen Group	Гермения	Авто көлік	158 046	409 257	58,2
11	Eni SpA	Италия	Мұнай	133 445	185 493	63,3
12	Nestlé SA	Швейцария	Тамақ өнімдері	132 686	138 212	97,1
13	Enel SpA	Италия	Коммунальдық қызметтер	132 231	226 878	56,6
14	E.ON AG	Гермения	Коммунальдық қызметтер	128 310	185 601	65,0
15	Anheuser-Busch InBev NV	Бельгия	Тамақ өнімдері	115 913	122 621	92,8
16	ArcelorMittal	Луксембург	Металл/метелл бұйымдар	112 239	114 573	91,1
17	Siemens AG	Гермения	Электрондық бұйымдар	111 570	139 252	77,9
18	Honda Motor Co Ltd	Жапония	Авто көлік	110 142	144 811	73,4
19	Mitsubishi Corporation	Жапония	Авто көлік	109 657	153 044	40,6
20	EDF SA	Франция	Коммунальдық қызметтер	103 015	330 582	30,8

Ескерту – [86] UNCTAD, World investment report 2013.

* Коммунальдық қызметтер (Электрик, су және газ)

Жалпы активтерінің 70-90 пайызға дейін басқа шетелде орналасқанын көруге болады. қызмет көрсету саласы бойынша ең көп мұнай өңдеуші болса ары қарай коммуналдық қызметтермен авто көлік индустриясы болып жалғасады.

Статистикаға сүйенсек әлем бойынша жалпы 110 мыңға жуық ТҰК-лар және олардың 956 мың филиалдары немесе еншілес компаниялары бар. Өкінішке орай бұлардың әрқайсысын жеке даралап зерттеу мүмкін болмағандықтан БҰҰ, әлемдік банк және Forbes журналдарының рейтингтік жүйелері қалыптасқан. Негізгі тенденцияны бақылау үшін топ 100, топ 500 немесе топ 2000 сынды рейтингтері тек ақпараттық талдау ғана емес осы компаниялар үшін стратегиялық маңыздылығыда артуда. Соның ішінде ТҰК үшін кең қолданылатын ол әлемдік ең ірі қаржылық немесе қаржылық емес 100 ТҰК рейтингі. Мәселен 10 кестені 2012 жылғы активтері бойынша ең ірі қаржылық емес 20 ТҰК осының мысалы ретінде қарауға болады. 2011 жылмен салыстырғанда активтерінің көлемі айтарлықтай өскенмен құрамы бойынша аса көп өзгермеген. 2011 жылы бұл топқа Honda Motor Co Ltd және Mitsubishi жапониялық екі автокөлік корпорациялары қосылған. Испаниялық Telefonica SA және Германиялық Deutsche Telekom AG телекоммуникация корпорациялары керісінше қалыс қалды.

Осы компаниялардың қызметтерін бағалаушы және рейтинг беруші негізгі әдіс ол жоғарыда аталғандай ТҰК-лардың трансұлттану индекстері. БҰҰ-ның нұсқауы бойынша әлемдік жетекші трансұлттық корпорациялардың трансұлттану индекстері арқылы олардың трансұлттану деңгейлерін анықтауға, оларды бір-бірімен салыстыруға және даму тенденциялары мен өзгерістерін анықтауға болады [68, 37-386]. Яғни активтерімен сату көлемі және қызметкерлерінің шетелдік үлестерінің арифметикалық ортылығымен есептелетін бұл көрсеткіште ТҰК үшін маңызды болып келмек. Аталмыш кестеде осы алып компаниялардың трансұлттану индекстері көрсетілген. АҚШ-тың General Electric Co үшін TNI=52.5% болса келесі активтері әлдеқайда аз Royal Dutch Shell plc корпорациясы үшін TNI=76.6% болып әлдеқайда жоғары. Егер бұл индекс 100-ге тең болса ТҰК толығымен қызметтерін шетелдерде жүргізеді немесе керісінше 0-ге жақын болған сайын қызметтері өз мемлекетінде шоғырланған дегенді білдіреді. Яғни, компания ірі болған сайын трансұлттану жоғару болуға міндетті емес.

Трансұлттық корпорациялардың негізгі тағы бір критериялары бірі ретінде компания қызметінің бір жақты бағытталуын немесе нақты бір ғана мемлекеттің мүддесін қорғауды алдын алу мақсатында жоғары ұйымдастырушылық қызметтегілердің құрылымы маңызды болып табылады. ТҰК-лардың басқарушы қызметтегілердің көпұлттылығын қамтамасыз ету үшін шетелдік филиалдар орналасқан мемлекеттерде кадрларды даярлау қажет. Алайда, ісжүзінде филиалдар орналасқан мемлекеттерде де негізгі шығарушы мемлекеттердің мүддесін қызықтаушы кадрлар басқарып жатады. Мысалы Швейцарияның тамақ өнімдері бойынша алып «Nestle» ТҰК-сында шетелдік қызметкерлердің үлесі 97,2% құрайды. Мұндай жағдайларда негізгі ұлттық


нарықтарын сыртқы мемлекеттерген жаңадан ашып отырған өтпелі кезеңдегі экономикадағы елдердің мемлекеттік саясаттары терең ойластырылған, тиімді және икемді макроэкономикалық саясат талап етіледі.

Жоғырда атап өткендей әлемдік өндірістің трансұлттану үрдісінің негізгі тенденциясын білдіруші ең ірі 100 ТҰК-ларды БҰҰ-ның ақпараттары бойынша трансұлттану көрсеткіштерін және трансұлттану тенденциясын келесі сурет және кестелерден көруге болады. Кесте 10 - мәліметтері бойынша ірі корпорациялардың активтері, сауда көлемі және жұмысшы күшінің 50-60 пайызы шетелдік филиалдары үлесінде екенін көруге болады. Әр қайсысына жеке тоқтала кетсек ТҰК-лардың активтері 2000 жылы 50,3% болса 2012 жылы 76% жеткен. Сауда көлемі үлесі 49,6%-дан 65%-ға ал жұмыс күші үлесі 47,8%-ден 57%-ға жеткен. Әрине бұл көрсеткіштер өсу үстінде, ТҰК-лар қызметтерін өз мемлекеттерінен көп шетелдерде жалғастыруда. Алайда пайыздық үлеспен бұл көрсеткіштердің бір қалыпты көрінгенімен осы жылдар аралығында ТҰК жалпы активтері 2 есе өссе немесе 200% өссе жалпы жұмысшылар саны тек 18 пайызға көбейген.

Кесте 11 - Әлемдік ең ірі қаржылық емес 100 ТҰК-лардың трансұлттану көрсеткіштері, 2000-2012 жылдар, (млрд.доллар, жұмыс орны мың)

Көрсеткіштер	2000	2002	2004	2006	2008	2010	2012
ТА	6184	6891	8852	9239	10790	12075	12841
FA	3113	3317	4728	5245	6161	7512	7698
Шетелдегі үлесі	50,3	48,1	53,4	57	57	62	76
TS	4748	4749	6102	7088	8406	7847	8726
FS	2356	2446	3407	4078	5168	5005	5661
Шетелдегі үлесі	49,6	57,5	55,8	58	61	64	65
TE	14197	14332	14850	15388	15729	15489	16875
FE	6791	7036	7379	8582	9008	8726	9845
Шетелдегі үлесі	47,8	49,1	49,7	56	57	56	57
Ескерту – [86] UNCTAD, World investment Report series 1992-2012							

Кесте11 - толықтырып әлемдік ең ірі қаржылық емес 100 трансұлттық корпорациялардың трансұлттану индексі өсу динамикасы Сурет 9-да анық көрінеді. 2000 жылы трансұлттану индексі 51,8 болса 2009 жылы ең жоғары 61,6-ға жетіп кейіннен тұрақтану тенденциясы байқалуда. Мұның себебін 2008 жылғы әлемдік қаржылық дағдарыс кезеңінде алпауыт корпорациялардың шетелдегі көбінесе дамушы мемлекеттердегі салаларына қызметтерін бағыттауымен түсіндіруге болады. Осы көрсетілген үш көрсеткіш бойынша ТҰК активтерінің ең көп шетелдерде орналасқанын байқаймыз. Атылмыш ең ірі компаниялардың активтері 76%, сату көлемі және қызметкерлері сәйкесінше 65% және 57% құрап отыр.



Сурет 9 - Әлемдік ең ірі қаржылық емес 100 ТҰК трансұлттану индексі динамикасы 2000-2012 жылдар (TNI)

Ескерту –[86] UNCTAD, World investment Report series 2000-2012 мәліметтері бойынша автормен есептелген

Жалпы әлемдік өндірістің трансұлттану тенденциясын көрсететін осы әлемдік ең ірі қаржылық емес 100 ТҰК-лардың трансұлттану индекстері динамикасы жоғарыда көрсетілген. Бұл индекс сәйкесінше 2000 жылы 51,8, 2009 жылы 61.6 және 2012 жылы 61 болып өсті. Яғни осы корпорациялардың шетедік қызметтері 61 пайызға жеткенін айтады.

Кесте 12 - Трансұлттану индексі ең жоғары әлемдік ТҰК, 2012 жылы

№	ТҰК	Негізгі мемлекеті	Саласы	TNI
1	Anheuser-Busch InBev NV	Бельгия	Тағам, сусын және темекі	96,9
2	Hon Hai Precision Industries	Тайвань	Электрондық бұйымдар	93,9
3	Novartis AG	Швейцария	Фармацевтика	93,5
4	Honda Motor Co Ltd	Жапония	Авто көлік	92,4
5	British American Tobacco PLC	Ұлы Британия	Тағам, сусын және темекі	91,7
6	Caterpillar Inc	АҚШ	Құрылыс	91,4
7	Deutsche Post AG	Германия	Көлік және тасымал	91,2
8	E.ON AG	Германия	Коммунальдық қызметтер	90,5
9	Volvo AB	Швеция	Авто көлік	90,2
10	GDF Suez	Франция	Коммунальдық қызметтер	90,2

Ескерту – [86] UNCTAD, World investment report 2012

Жыл өткен сайын әлемдік ірі ТҰК-лардың трансұлттану деңгейінің артуы әлемдік шаруашылықтың біртұтастануының айғақ белгісі. Тіпті кейбір алып ТҰК-лар қызметтерін тек шетелдерде жүргізіп өз мемлекеттерінде тек ұйымдастырушылық жұмысты басқарады. Оған дәлел Кесте 12 - де 2012 жылы Трансұлттану индексі ең жоғары топ 10 ТҰК. Мұнда көшбасшы болып тамақ өнімдерін өндіруші Бельгиялық «Anheuser-Busch InBev NV» компаниясы 97 пайызбен әлемдік орташа трансұлттанудан 36 пунктке жоғары тұр[61, 148 б]. Қызметтерінің 97 пайызын шетелде атқарады. Кесте 10 активтері ең көп ірі ТҰК ретінде мұнай және газ саласы, ірі автомобиль өндірушілер байқалса шетелдердегі белсенділер қатарында көпшілігі тұтынушылық тауарлар мен қызмет көрсетушілерді атауға болады.

ТҰК-лар тек көпұлттық корпорациялар емес өндірістік және қызмет көрсету салалары бойынша әртараптанған болып келеді. АҚШ-тың ең ірі 500 ТҰК-ларының әрбірі орташа есеппен 11 сала бойынша маманданып қызмет етсе, аса алып трансұлттық корпорациялар 30-50 өндірушілік салаларды қамытып жатады. Ұлы Британияның ең ірі 100 өнеркәсібінде 96, Германияда – 78, Францияда – 84 ал Италияда – 90 әртүрлі салаларда маманданған. Мысалы, Швециялық «Volvo АВ» автомобилдік концерн катерлерге мотор жасаудан бастап авиациялық құралдармен бөлшектерге дейін өндіреді. Бұл корпорация Швеция және басқада мемлекеттерде әртүрлі профилдегі 30-дан аса еншілес компаниялардан құралған[69, 211-215 б].

Кесте 13 - Ең ірі 100 ТҰК трансұлттану деңгейі 2012 жылы


Ғаламдық ең ірі 100 ТҰК			Дамушы және ӨКЭ ең ірі 100 ТҰК		
Негізгі мемлекеті	TNI	ТҰК саны	Негізгі мемлекеті	TNI	ТҰК саны
Барлығы	61	100	Барлығы	48,9	100
ЕО	67,6	56	Африка	58,8	9
Франция	66,6	14	Латин америка	42,5	9
Германия	56,9	10	Батыс Азия	50,6	7
Ұлыбритания	75,5	14	Шығыс Азия	51,1	47
Жапония	50	8	Оңтүстік Азия	57,9	5
АҚШ	58,1	22	Оңтүстік-Батыс Азия	47,5	15
Дамушы және ӨКЭ	50,7	7	Оң.Батыс Европа/ТМД	27,2	8

Ескерту – [86] автормен құрастырылды

Әлемдік ең ірі 100 ТҰК және дамушы мен өтпелі экономикалы мемлекеттердің ең ірі 100 ТҰК арасындағы трансұлттану айырмашылықтарды да ескере кеткен жөн. 2012 жылғы жағдаймен әлемдік 100 ТҰК-лардың 56-сы Европалық одақтан және олардың трансұлттану деңгейі 61 және 67.6

сәйкесінше. Ал дамушы және ӨКЭ елдердің ең ірі 100 ТҰК-лардың 47-сі Шығыс Азияға тиеселі болса трансұлттану деңгейлері 48 және 51 сәйкесінше.

Компаниялар өз қызметтерін харықаралық деңгейде кеңейткен кезде технологияларын жергілікті шарттарға бейімдеуге және өнімдерін қабылдаушы мемлекет нарығында сәтті іске асыруға тиіс. Көптеген жағдайда бұл үшін белгілі деңгейде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын (ҒЗТКЖ) интернационалдандыруға тура келеді. Мәселен дәстүрлі түрде ТҰК-лар ҒЗТКЖ-тарын негізгі өз мемлекеттерінде жүргізсе қазіргі интерұлттану және трансұлттану үрдістерінің негізінде көптеген жаңа ерекшеліктермен тенденциялар пайда болды. Көбінесе ТҰК-лар ең алдымен ҒЗТКЖ-тарын жергілікті нарыққа бейімдеуді талап етпейтін дамыған мемлекеттерге шығарады. Ал, көптеген дамушы мемлекеттерде, Оңтүстік-Шығыс Европа елдері, Европа және ТМД елдерінде ТҰК-лар ҒЗТКЖ-тарын әлемдік нарыққа бағыттауға, өз инновациялық қызметтерін интеграциялауға тура келеді.



Сурет 10 - ТҰК пайда көлемі мен пайдалылық деңгейі, 2000-2012 жылдар

Ескерту – [88] негізінде автормен құралған

*Thomson One Banker мәліметтеріне негізделген. 2498 ТҰК қамтылған

Әлемдік банктің 2498 ірі ТҰК пайда көлемі және пайдалылық деңгейіне талдауында қарқынды өсу байқалады. Пайдалылық деңгейі жиынтық табыстың жалпы саудадаға қатынасымен есептелген. ТҰК-лар үлесінде әлемдік ҒЗТКЖ-тарға жұмсалған шығындардың жартысы және әлемдік маркетингтік зерттеулер шығынының 2/3 немесе 2011 жылдың жағдайымен 450 млрд. долларына жеткен. Сонымен қоса ТҰК-лар жаңа технологиялық ноу-хау патенттері мен

лицензиялардың 80 пайызын иеленетіндігі олардың қаншалықты күш алғандығын көрсетеді [60].

Осылардың негізінде БҰҰ экономикалық институттарының мәліметтері бойынша XI ғасырдың алғашқы онжылдығындағы ТҰК негізгі даму тенденциялары келесідей негізгі даму тенденцияларын бекітуге болады:

- ТҰК және олардың филиалдарының жалпы санының артуы анық байқалады;

- соңғы бес жылда ТҰК жалпы саны 1,8 есеге артқан бас компаниялардың прогресивті өсімі орын алды;

- еншілес компаниялар өсімі 5,5 есені құраған қалыптастыру саласында да ерекше өзгерісті байқауға болады.

Біздің ойымызша еншілес компаниялар санының қарқынды артуы ТҰК-дың шетелдегі қызмет салаларының кеңеюі, әлемдік бәсекелестік жағдайында тік және көлделен интеграцияға ұмтылуы, сонымен қатар әрі қарайғы экспансия мен бәсекелестерге сәтті қарсы тұру мақстанында деп түсіндіруге болады.

Шығу тегі бойынша трансұлттық компаниялар бұрынғымен салыстырағанда интернационалды болып табылады. Мысалға 1970 жылдары БҰҰ тіркелген барлық 7 мыңнан асатрансұлттық корпорациялардың тең жартысынан көбі екі ғана елге – АҚШ және Ұлыбританияға тиеселі болса, бүгінгі таңдағы 110 мың ТҰК жартысынан көбі әлемнің оншақты елдерінің еншісінде, ал ірі ТҰК негізгі мемлекеттердің қатарында Қытай (Ганконг), Үндістан, Бразилия, Жапония, Аргентина, Корея Республикасы және т.б. дамушы мемлекеттер кіреді. Сала бойынша да олар қызмет көрсету, жоғары технологиялар, электроника және электротехникалық өнеркәсіп, мұнай-газ - энергетикалық сектор, химиялық-фармокологиялық өнеркәсіп, машина жасау, үлестіру сияқты кең ауқымды қамтиды. Сондықтанда болар ТҰК үздіксіз зерттеу мен сараптауды талап ететін ұлттық экономиканың маңызды жүйекұрушы факторына айналды.

2.3 ҚР экономикасына шетелдік ТҰК-лардың инвестициялау процесін талдау

Шетелдік инвестициялар кез келген мемлекеттің экономикасында өте маңызды рөл атқарады, ал донор елдер инвестициялық ахуалды жақсартып, отандық экономиканы дамытуға көмектеседі. Қазіргі уақытта шетелдік капиталды тартудың құқықтық негізін шамамен 30-ға жуық заң және нормативті құқықтық актілер, соның ішінде салық салу, монополияға қарсы қызмет, сақтандыру, банкроттық, банк қызметінің банктері, ипотека, зияткерлік меншік, бағалы қағаздар, қор биржасының құрылуы мен қызмет етуі және т.б. туралы заңдар реттейді. Қазақстандағы актілерге сәйкес шетелдік инвестициялар кез келген объектілерге және барлық рұқсат етілген ұйымдастыру-құқықтық нысандардағы қызмет түрлеріне салына алады.

ҚР қолданыстағы заңына сәйкес ҚР аумағындағы шетелдік инвесторларға толық және шартсыз құқықтық қорғаныс көрсетіледі. Мысалы, 1994 жылғы 27

желтоқсанда қабылданған №266-ХІІІ «Шетелдік инвестициялар туралы заң» ҚР экономикасына шетелдік инвестицияларды тартудың құқықтық және экономикалық негіздерін айқындайды, мемлекеттік кепілдіктер мен шетелдік инвестицияларды қорғауды бекітеді. Шетелдік қатысумен кәсіпорындар шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам, сонымен қатар ҚР заңына қайшы келмейтін өзге де нысандарда (кооперативтер) құрыла алады. Шетелдік қатысумен кәсіпорындар заңды тұлғалар қалай құрылса, сондай тәртіппен құрылады.

Қазақстанның арнаулы инвестициялық заңы келесідей негізгі нормативтік актілермен ұсынылған: 1994 жылғы 27 желтоқсандағы «Шетелдік инвестициялар туралы заңымен», 1995 жылғы 19 қаңтардағы «ҚР экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту процестерін мемлекеттік басқару мен реттеудің тиімділігін арттыру бойынша шаралар туралы», 1995 жылғы 15 қыркүйектегі «Министрлер кабинеті жанындағы шетелдік капиталды пайдалану бойынша Комитетті құру туралы», 1996 жылғы 26 қаңтардағы «Арнаулы экономикалық аймақтар туралы», 1997 жылғы 28 ақпандағы «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы», 1997 жылғы 5 наурыздағы «Бағалы қағаздар нарығы туралы», 1997 жылғы «ҚР инвестициялық қорлар туралы», 1995 жылғы 24 сәуірдегі «Салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» заңдық күші бар ҚР Президентінің жарлықтары, сондай-ақ Салық кодекстері мен басқалары республиканың инвестициялық ахуалына оң әсерін тигізді.

«Шетелдік инвестициялар туралы» ҚР Заңы Қазақстан экономикасына шетелдік инвестицияларды тартудың құқықтық және экономикалық негіздерін, шетелдік инвесторлардың қатысуымен дау-дамайлы мәселелерді шешу тәртібін айқындайтын басты заң болып табылады.

Шетелдік инвестициялар кез келген объектілерге және осындай инвестицияларға ҚР заңымен тыйым салынбаған қызмет түрлеріне салына алады. 1997 жылғы 19 маусымда қабылданған «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңына сәйкес шетелдік ұйымдар шағын кәсіпкерлік субъектілері бола алады, яғни осындай фирмаларда жұмыс істейтіндердің саны 50-ден аспайды және бір жылға активтерінің құны 60 мың айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Инвестиция туралы Заң қабылданғаннан кейін ҚР экономикасына шетелдік инвестициялар тартыла бастады, бұл өндіріс потенциалының артуына игі ықпалын тигізіп, шекарадан техникалық және басқарушылық дағдылардың өтуінің маңызды құралы болып табылды.

Шетелдік инвесторлардың жарғылық капиталға жарналары ҚР заңымен белгіленген тәртіппен ғимараттар, құрылыстар, құрал-жабдықтар және басқа да материалдық құндылықтар, жерді, суды және басқа да табиғи ресурстарды пайдалану құқығы, сонымен қатар, зияткерлік меншікке құқықты қоса алғандағы өзге де мүліктік құқықтар түрінде салына алады.

Шетелдік инвесторлармен келісім-шарттар жасасуды ретке келтіру мақсатында 1997 жылдың 21 наурызындағы «ҚР экономикасының басым

секторларына инвестициялық қызметті жүзеге асыратын инвесторды мемлекеттік қолдау мен ынталандыру шараларын беру туралы Келісім-шартты бекіту туралы» №1-206 Қаулысында көрініс тапқан келісім-шарттардың бірыңғай ережелері, ұғымдары мен рәсімдеу шаралары белгіленді [70].

1997 жылдың 5 сәуірінде ҚР Президентінің №3444 «Тікелей отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін ҚР экономикасының басым секторларының тізімін бекіту туралы» қаулысы қабылданды [71]. ҚР Мемлекеттік комитеті 2000 жылға дейінгі кезеңге отандық және шетелдік инвестицияларды тартуға ең мұқтаж деген өндірістердің тізімін жасаған болатын, ол ең маңызды деген өндірістерді және қызмет салаларын талғамалы қолдауды, инвестициялық қызметті белсендіруді, тікелей инвестициялар ағынын барынша қолайлы ету тәртібін жасауды қамтамасыз етуі тиіс болатын, бұл ұлттық экономика құрылымының шикізаттық бағыттылығын жеңіп шығуға мүмкіндік берер еді [72].

Бірінші кезең (1992-1997) – Қазақстан экономикасының ашықтығы кезеңі мен шетелдік инвестицияларды тарту кезеңі, бұл кезеңде біздің көзқарасымыз бойынша, келесідей белгілі бір тенденциялар пайда болды:

біріншіден, Қазақстан экономикасына шетелдік инвесторлардың капиталды әкелу барысында және мемлекеттің кепілдік етуімен берілетін инвестициялардың белгілі бір түрін таңдау кезінде байқалатын аңдап басушылық;

екіншіден, елдің айналымына тартылған салымдардың артып келе жатқан қарқыны. 1993 жылдан бастап (сол жылдың бірінші кварталын есепке алғанда) елге 27 млрд доллар шетелдік инвестициялар тартылған. ҚР негізгі капиталына салынған шетелдік инвестициялардың үлесі 1994 жылғы 1%-дан 1997 жылы 20%-ға дейін өсті;

үшіншіден, инвестициялық ресурстарға қанағаттанбаған сұраныс пен өңдеуші, отын, металлургия тәрізді өнеркәсіптің маңызды салалары инвестициялау объектісі бола отырып, ондаған миллиард долларды талап етті. Инвестицияға жоғары сұранысты жеңіл мен азық-түлік өнеркәсібінің кәсіпорындары, сондай-ақ аграрлық сектор да қажетсінді;

төртіншіден, біріккен кәсіпорын нысанындағы шетелдік қатысумен құрылған кәсіпорындар басым сипатта дами бастады. Ұлттық статистика агенттігінің мәліметтеріне сәйкес 1998 жылы ҚР-да шетелдік қатысумен 1475 кәсіпорын әрекет етті, оның 60%-ға жуығы біріккен кәсіпорын нысанында қызмет еткен;

бесіншіден, 1998 жылы тікелей шетелдік инвестицияларды тарту барысында мұнайгаз саласы (64,9%) жетекші орында болды, екінші болып энергетикалық кешен (8,7%) тұрды. 1995-1997 жылдар кезеңіндегі донор елдер арасынан Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Жапония, АҚШ жетекші орында болды. Ал 1998 жылдың бірінші жартысында-ақ АҚШ инвестициялары басым түсе бастады (19,5%), ал Оңтүстік Корея корпорациялары керісінше өз қызметінің аясын қысқарта бастады [85].

Екінші кезең 1998 жылдан басталады да, 2007 жылды қоса алып, камтиды. Бұл кезеңде Қазақстанның ұлттық экономикасына инвестициялау процесі жүрді. Бұнымен қоса бұл кезең екі қосалқы кезеңнен тұрды: 1998 жылдан 1999 жылға дейінгі аралықтан және 2000 жылдан 2007 жылға дейінгі белсенді өсу кезеңінен тұрды.

Қазақстан экономикасына шетелдік инвестициялау процесін дамытудың бұл кезеңінде төмендегідей ерекшеліктерді атап өту керек:

- ұлттық тәртіпті және шетелдік капиталды қабылдауды қажетті базаға келтірудің қарқынды процесі. Тиісінше, бұл процесс аса жетілген заң жүйесімен реттеледі. Нәтижесінде Қазақстандағы кәсіпорындардың инвестициялық қызметі «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы», заң күші бар «ҚР Президентінің Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы», «Салықтар мен бюджетке өзге де міндетті төлемдер туралы», «Шетелдік инвестициялар туралы» заңдарымен, сонымен қатар «Банкроттық туралы», «Концессиялар туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы», «Сырттан қарыз алу мен сыртқы қарызды басқару туралы», «ҚР-дағы инвестициялық қорлар туралы» заңдарымен және бірнеше өзге де қабылданған нормативті актілермен реттеледі. Заңмен сонымен қатар 2003 жылдың 2 шілдесіндегі «Бағалы қағаздар нарығы туралы» және 2004 жылдың 7 шілдесіндегі «Инвестициялық қорлар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына өзгерістер енгізілген. Жасалған қолайлы ахуал, сонымен қатар экономиканың жоғары қарқынмен өсуі, «көп мұнайдың» болуына, саяси тұрақтылыққа байланысты елдің геостратегиялық ерекшеліктері қазақстандық экономикаға шетелдік инвесторлардың белсенді инвестиция салуына негіз болды.


Үшінші кезең стагнацияның басталуы кезеңінен және өсу қарқынының едәуір төмендеуінен, дағдарысқа қарсы реттеу кезеңіне енуімен бастау алады. Бұл кезең Қазақстанның әлемдік аренадағы орнын терең түсінуімен, инвестициялық саясат процесіне кемелденген көзқараспен қарауымен, ұлттық экономиканы дамыту стратегиясында жаңа парадигманы жүзеге асырумен және елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасаумен сипатталады.

Зерттеуден Қазақстан экономикасына шетелдік инвестициялау барысында **келесідей тенденциялар мен ерекшеліктер** пайда болғандығын атап көрсетуге болады:

Біріншісі – тартылатын инвестициялардың тоқтаусыз өсуі. Ең төменгі инвестиция ағыны 1994 жылы (600 млн долл.), ең жоғарғысы – 2012 жылы (28 мың млрд долл.) байқалды. Барлық қаржыландыру көздері есебінен күрделі қаржы салымдары көлемінің жыл сайынғы төмендеуі 1992-1996 жылдар кезеңіне тән болды, соның ішінде: 1993 жылы - 39%-ға, 1994 жылы - 33,5%-ға, 1995 жылы - 17%-ға және 1996 жылы - 43,9%-ға төмендеді.

Бұнда Қазақстан Республикасына тікелей шетелдік инвестициялар ағынының тоқтаусыз өсу тенденциясы байқалды, сурет -11 қараңыз. 2001 жылы 4547 млн.долларына рекордтық түрдегі жоғарғы деңгейге жеткеннен

кейін, және содан кейін 2002 және 2003 жылдары айтарлықтай төмендегеннен кейін 2004 жылы республикаға тікелей шетелдік инвестициялар ағыны 8424,0 млн. долларын құрап, 2003 жылмен салыстырғанда 82,8%-ға ұлғайды. 2008 жылдан кейін жылдық 20 млн. доллардан көп инвестициялар тартылуда. Ал 2012 жылы 28 мың млн. долларға дейін жетіп жиынтық 171 млрд. долларды құрады.



Сурет 11 - ҚР экономикасына тартылған ТШИ динамикасы 1993-2012 жылдар, (млн.доллар)

Ескерту –[85] негізінде автормен құрастырылған

Одан кейінгі жылдары Қазақстанға ТШИ түсімдерінің көлемі қарқынды түрде артып отырды. Бұнда 2006 жылғы ағын динамикасында 10566,7 млн.долларына дейін айтарлықтай өсу байқалды, ол 2005 жылғы деңгейден 59,7%-ға асып түсті. Осыған ұқсас ТШИ көлемінің өсуі 2007 жылы да байқалды, ол кезде Қазақстанға 10 669,1 млн.доллары келіп түскен болатын, бұл 2012 жылғы көрсеткіштен едәуір жоғары болды.

Бүтіндей алғанда, 14-кесте мәліметтерінен көрініп тұрғандай, ТШИ өсу қарқыны елдің ЖІӨ-інен, 2004 және 2005 жылдарды қоспағанда, анағұрлым артып отырды. Яғни ТШИ –лары ЖІӨ –мен салыстырғанда әлдеқайда жылдам өсіп отырғанын көреаламыз.

Кесте 14 – ҚР-сы ЖІӨ өсу қарқыны және ТШИ құйылуы, (2000 жылы= 100)

Көрсеткіштер	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
Өсу қарқыны ТШИ	100	163	147	166	299	238	382	445	547	687	703	730	790
ЖІӨ өсу қарқыны	100	113	124	136	149	163	181	197	203	206	221	243	256

Ескерту: [84] негізінде автор құрастырған

Атап өту керек, Қазақстан шетелдік инвестицияларды экономикаға тарту деңгейі бойынша посткеңестік кеңістікте көшбасшылардың бірі болып табылады. Сонымен, 1993 жыл мен 2012 жылдар аралығында Қазақстан 171,8 млрд.долларында тікелей шетелдік инвестицияларды немесе халықтың жан басына шаққанда 10 мыңнан астам доллар тартты.

Кесте 15 - Қазақстанға келген шетелдік тікелей инвестициялардың экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ағыны, 1993-2012 жылдар (млн.доллар және пайызбен)

Қызмет түрінің атауы	1993		2000		2012		1993-2012	
	млн. доллар	%	млн. доллар	%	млн. доллар	%	млн. доллар	%
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	-	-	3,8	0,1	18,3	0,1	103,6	0,1
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	921,5	72,5	2 035,5	73,2	4 385,9	19,5	51 748,7	30,2
Өңдеу өнеркәсібі	44,7	3,5	246,9	8,9	1 874,4	8,3	17 438,9	10,2
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	-	-	41,3	1,5	264,4	1,2	918,7	0,5
Сумен жабдықтау және т.б.	-	-	-	-	0,1	0,0	9,8	0,0
Құрылыс	-	-	12,3	0,4	1 053,9	4,7	3 598,4	2,1
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	-	-	46,8	1,7	2 245,3	10,0	10 745,0	6,3
Көлік және қоймалау	-	-	86,0	3,1	376,1	1,7	1 860,4	1,1
Тамақтану бойынша қызмет көрсету	-	-	10,1	0,4	31,3	0,1	383,4	0,2
Ақпарат және байланыс	-	-	2,3	0,1	2 111,4	9,4	3 192,1	1,9
Қаржы және сақтандыру қызметі	5,7	0,4	29,9	1,1	2 440,7	10,9	9 859,9	5,8
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	-	-	4,3	0,2	90,9	0,4	1 001,7	0,6
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	55,3	4,3	253,0	9,1	7 550,7	33,6	66 436,0	38,8
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	-	-	0,8	0,0	36,4	0,2	341,7	0,2
Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет, өнер, ойын-сауықтар және демалыс	-	-	5,6	0,2	- 118,4	- 0,5	156,6	0,1
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	-	-	-	-	107,8	0,5	3 068,1	1,8
Жоғарыда көрсетілген санаттарға жатқызылмаған қызмет түрлері	244,2	19,2	3,3	0,1	-	-	360,8	0,2
ЖИЙНТҒЫ	1 271,4	100	2 781,8	100	22 469,3	100	171223,6	100
Ескерту – [85] негізінде автормен құрастырылды								

Тікелей инвестициялар құрылымына келетін болсақ, 15-кестені қараңыз, Қазақстандағы мына жағдайды атап өту керек. 2000 жылдан бастап тікелей инвестициялардың акционерлік капиталға және реинвестицияланған пайдаға қарағанда өсу қарқынының төмендегенін көруге болады. Мысалы, тікелей инвестициялар 4 еседен астамға артса, акционерлік капитал мен реинвестицияланған пайда 6.56 есеге өсті.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін 1993 жылы ел экономикасына тартылған 1271,4 млн.доллар ТШИ-ларының 72,5 пайызы кен өндіру өнеркәсібіне тартылған. Ал 2000 жылы бұл көрініс аса көп өзгеріс таппай 73,2 пайызды құрады. Алайда соңғы 5 жылда басқа салалардың да үлестері арта бастады, мәселен 2012 жылы кен өндіру 19 %, көтерме сауда, ақпарат байланыс және қаржылық сақтандыру салаларына әрқайсысы шамамен 10 %, ғылыми және техникалық қызметтер 33 % дейін үлестері арта бастады. Теориялық тұрғыдан әрине экономикалық тиімді өзгерістер байқалады. Алайда осы аталмыш ғылыми және техникалық қызметтердің 80 пайызы геологиялық барлаулар мен ізденістер бойынша қызметтерге жататынын айта кету керек. Яғни тікелей шетел инвестициялары әліде болса инвестициялардың келу бағытын толық өзгерте алмай отырмыз.

Негізгі капиталға инвестициялар жылдам қарқынмен өсіп келеді, сонымен, олардың өсімі 2011 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 12,6%-ды құрады. 2012 жылы шетелдік инвестициялар көлемі 27007 млн.долларды құрады, бұнда жалпы республикалық көлемде шетелдік инвестициялардың ең көп үлесі Атырау және Батыс Қазақстан бірге 70% жуық 40 облыстарына келді.

2012 жылы инвестиция салу үшін басымдылықты салалар жылжымайтын мүлікке байланысты операциялар (негізгі капиталға жалпы инвестиция көлемінің 23,6%-ы), осы облыстарда мұнай мен табиғи газ өндіру және қызметтер көрсету (21%), көлік пен байланыс (17,4%), өңдеуші өнеркәсіп (8,9%) болып саналды.

Шетелдік инвестициялаудың **екінші ерекшелігі** институционалды құрылыммен алдын-ала белгілі болды. Бұл жерде шетелдік инвесторлар жекелеген шетелдік жеке тұлғаларды; шетелдік заңды тұлғаларды; шетелдік мемлекеттерді, олардың органдарын және халықаралық ұйымдарын ұсынды.

2012 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша инвестициялармен операцияларды іске асыратын кәсіпорындарды бөлуден мынаны көруге болады: басқа мемлекеттердің, сонымен қатар олардың заңды тұлғалары мен азаматтарының меншігі 33%-ды құрады. Сонымен қатар олардың арақатысы жыл сайын экономиканың тұрақтануы мен дамуына қарай өзгеріске ұшырап отырады. Мысалы, Қазақстан экономикасына бейрезиденттердің жалпы инвестицияларының жинақталған қоры 2012 жылдың соңында 2011 жылдың аяғындағы 50,4 млрд доллармен салыстырғанда 87,4 млрд. долларын құрады.

Процестегі **үшінші тенденция** түрлі құрылымдағы инвестициялардың меншік нысандары бойынша түсуіне байланысты болды. Негізгі капиталға жалпы инвестиция көлеміндегі меншік нысандары бойынша тартылатын

шетелдік капиталдың құрылымының өзі ел экономикасының нығаюына қарай құрылымның үздіксіз сапалы өзгеруі туралы мәлімдейді.

Басқаша айтқанда, ел экономикасының өсуіне, оның экономикалық потенциалының нығаюына қарай негізгі капиталға инвестициялардың жиынтығындағы шетелдік инвестициялардың үлесі бірте-бірте төмендеу үстінде және отандық мемлекеттік және жеке капиталдың үлесі арта түсуде. Мысалы, бүгінгі жағдайда кәсіпорындар, ұйымдар мен халықтың қаражаттары инвестиция көлемінің 60%-ын қаржыландырса, ал шетелдік инвестициялар - 26%.

Төртінші тенденция түрлі динамикадағы шетелдік капиталдың әртүрлі типтері мен түрлерінің болуымен және оның негізгі нысандары бойынша тартылатын инвестициялардың арақатысымен анықталған. Сонымен, Ұлттық статистика агенттігінің 1992-2012 жылдарға жедел ақпараты бойынша Қазақстан Республикасына тікелей қоржындық инвестициялар, несиелер мен қарыздар түрінде 15 млрд-тан астам доллары тартылды [73].

Жалпы игерілген шетелдік инвестициялар мөлшерінің 61,3%-ын несиелер, ақшалай сұраныстар, шетелдік инвесторлардан жекелеген кәсіпорындар мен ұйымдар салалар шеңберінде алған инвестициялық пайдасы; 22%-ын акционерлік капитал; 14,4%-ын банкаралық қысқа мерзімді несиелік келісім-шарттар мен қарыздар; 2,3%-ын бюджетке инвестициялар құрайды.

Тартылған капитал ағыны өз құрылымы жағынан ерекше болды және тікелей шетелдік инвестициялардың үлесі қоржындық және басқа да инвестицияларға қатысында экономиканың әл-ауқатына байланысты өзгеріп отырды. Мысалы, 2012 жылдың қорытындысы бойынша олар келесідей болды: тікелей инвестициялар - 37,13%, қоржындық - 12,6 %, басқа да нысандары - 25,6%, ал 2012 жылдың басында, тиісінше, 41,1%; 12,4% және 46% болды.

Кесте 16 - Қазақстанның инвестициялық әлеуетіндегі міндеттемелер жүйесі, 2000-2012 жылдар, млн. доллар

Көрсеткіштер	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011
Міндеттемелер	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
Тікелей инвестициялар	64,1	67,3	67,1	60,6	57,7	50,7	31,2	36,0	37,7	39	39,9	41,1
Портфельді инвестициялар	4,4	3,8	1,4	2,0	3,4	5,4	12,6	11,8	11,4	11,1	12,3	12,4
Өндірістік қаржылық құралдар	0	0	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,3	0,4	0,5	0,5	0,5
Басқа да инвестициялар	31,5	28,9	31,4	37,3	38,8	43,8	50,1	51,9	50,5	49,4	47,3	46
Ескерту: [85] негізінде автор құрастырған												

Экономикада шетелдегі өнеркәсіптік, ауыл шаруашылықтық, көліктік, несиелік және басқа да кәсіпорындарға ұзақ мерзімді қаржы салуды білдіретін «қоржындық» инвестициялар ерекше орынды алады.

Зерттелініп отырылған кезеңде қоржындық инвестициялар да өсіп отырды (16-кесте).

Қоржындық инвестицияларының мәнісі шетелдік акционерлік компаниялардың акциялары мен облигацияларын сатып алуда жатыр, бірақ олар инвесторларға кәсіпорындар қызметіне толық бақылау жүргізу құқығын немесе оларды иелену құқығын бермейді, және де олардың мөлшері әдетте кәсіпорынның акционерлік капиталының 10%-ынан аспайды. 1997-1998 жылдары қоржындық инвестициялардың кенеттен өсуі белсенді жүргізілген жеке жоба бойынша жекешелендіруге байланысты болды. Осы процестің 1999 жылы тоқталуынан кейін қоржындық инвестициялардың үлес салмағы бірте-бірте төмендеп, екіншілік бағалы қағаздар нарығы ақырындап дами бастады.

Сонымен, шетелден келетін капиталдың жалпы көлемінің таза ағынындағы таза шетелдік қоржындық инвестициялардың үлесі үш жыл көлемінде 3%-дан 12%-ға дейін өсіп кетті. Қазақстандық кәсіпорындар мен банктердің шығарған корпоративті бағалы қағаздарын бейрезиденттер тек 27 млн.долларына ғана сатып алды.

Қаржылық есеп операциялары бойынша 2008 жылға қаржылық ресурстардың нетто-ағыны 2012 жылдағы 8,4 млрд долларындағы нетто-ағынмен салыстырғанда 1,3 млрд долларды құрады.

2012 жылы бейрезиденттерге қарыз капиталы түрінде берілген банк жүйесінің шетелдік активтерінің өсуі 1,6 млрд долларын құрады. Банктердің сыртқы қарыздық міндеттемелерінің төмендеуі 6,5 млрд долларын құрады, соның ішінде қоржынды инвестициялар бойынша - 0,6 млрд долл., басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша - 2,9 млрд долл. және қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша – 3,0 млрд долл құрады.

Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың таза түсімі 171 млрд-тан астам долларды құрады. Қазақстандық резиденттердің еншілес шетелдік кәсіпорындарға инвестицияларының артып келе жатқан көлемі кезінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша оң баланс 10,7 млрд долларын құрады. Шетелге тікелей инвестициялар бойынша ресурстардың нетто-шығуы 3,8 млрд доллардан асып түсті.

Қоржындық инвестициялармен операциялар бойынша капиталдың нетто-шығуы 9,5 млрд долларын құрады. Бұл көрсеткішке Ұлттық қордың 6,4 млрд долларға активтерінің өсуі кірді, банк секторының шетелдік қоржындық активтерінің 0,3 млрд долларына төмендеуі, және жеке банктік емес сектордың шетелдік активтерінің 1,1 млрд долларына өсуін көрсетеді.

Қазақстандық экспорттың негізгі тауарларына әлемдік бағалар, инфрақұрылымдық жобаларды шетелдік қаржыландыру көлемдері және сыртқы қарызға қызмет көрсету Қазақстанның төлем балансы үшін анықтаушы факторлар болып қалуда. 2012 жыл үшін төлем балансының ағымдық

операциялары есебінің оң сальдосы 7,0 млрд долларды құрады (2010 жыл қорытындысы бойынша 8,2 млрд долларға тапшылық болды).

Төлем балансының жіктелуі бойынша тауарлар экспорты (кеден статистикасының мәліметтеріне түзетулер енгізуді есепке алғанда) 72 млрд долларды құрады және 2011 жылмен салыстырғанда 49%-ға артты. Ресми экспорт (кеден статистикасының мәліметтері бойынша) шамамен 71,2 млрд долларды құрады, соның ішінде 43,5 млрд доллары мұнай мен газ конденсатын экспорттауға келеді (ресми экспорттағы үлес салмағы 61%). Табиғи көлемдерді қысқарту кезінде бағалық фактор есебінен қара металдарды экспорттау құны 67%-ға артып, түсті металдар экспорты 3%-ға ұлғайды.

2012 жылдың 4 кварталында жылу өткізушілерге әлемдік бағалардың төмендеуіне қарамастан, бүтіндей 2008 жыл ішінде тауарлардың таза экспорты 2008 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 92,2 млрд долларға дейін жетіп, 30% дейін өсті. Сол арқылы ол ағымдық операциялар есебінің басқа да құраушылары бойынша ресурстардың нетто-шығуының орнын толығымен толтырды.

Халықаралық қызметтер импортының 5,4%-ға қысқаруы басым жағдайда Теңіз кен орнында екінші ұрпақтың зауыты құрылысының аяқталуына байланысты болды. Соның нәтижесінде халықаралық қызметтер балансының тапшылығы 18%-ға қысқарды.

Кірістер балансының 18,9 млрд долларға қалыптасқан тапшылығы, ең алдымен, тікелей шетелдік инвесторларға табыстарды төлеудің өсуіне (16,6 млрд долл.) және банк секторының сыртқы борыштық міндеттемелері бойынша сыйақыларына (3 млрд доллардан астам) байланысты болды.

Әжептәуір экспорттық түсімдер мен нақты секторды қаржыландыру көлемдері шетелдік валютаға сұраныстан ұсыныстың артып кетуіне жағдай туғызды, бұдан төлем балансының операциялары бойынша оң сальдо (талдама жағынан алғанда) 2008 жыл үшін 2,2 млрд долларын құрады.

2012 жылы елдің экономикалық өсуінің динамикасы әлемдік экономикалық өсудің бәсеңдеуі әсерінен; қазақстандық экспорттың негізгі позицияларына бағалардың жоғары құбылмалылығынан; айтарлықтай шығындар мен қаржы институттарының банкроттығы жағдайында барлық түрдегі қарыз алушылар үшін несие жағдайларын қатаңдатудан; инвестициялар мен іскер белсенділікті ақырындап төмендетуден қалыптасты. Бұнда, бір жағынан, әлемдік тауар нарықтарында 2012 жылдың 3 кварталына дейін жоғары бағалардың сақталуы капитал ағынының балансын едәуір жақсартуға және елдегі экономикалық өсу қарқынын сақтауға мүмкіндік берді. Екінші жағынан, халықаралық қаржы нарықтарындағы шектеулі өтелімділік, сондай-ақ қарызға алу құнының артуы сыртқы міндеттемелерді қайта қаржыландыру бойынша қазақстандық банктердің мүмкіндіктерінің төмендеуін тудырды. Шикізаттық тауарларға әлемдік бағаларды едәуір түзету жағдайында инвесторлардың дамушы елдерге қатысты тәуекелдерін қайта бағалауы осы эмитенттердің бағалы қағаздарына инвестицияланған капиталын жаппай қайтып алуына әкеліп соқтырды, ал бұл дефолт тәуекелін және қазақстандық

эмитенттердің бағалы қағаздарының бағалық параметрлерін бағалауын тудырды.

Соның нәтижесінде көптеген қазақстандық кәсіпорындар жаңа технологияларды енгізу үшін немесе өндірістік қуаттылықтарды жаңарту үшін қажетті қаржылық ресурстарға аса зәру болып саналуда.

1992-2012 жж. өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс пен көліктің үлесі қысқартылд, сонымен қатар сауда үлесінің өсу қарқыны да кеміді, сонымен қатар жеңіл және азық-түлік, химия және мұнай-химия, құрылыс материалдары өнеркәсібінде айтарлықтай серпініс байқалады.

Соңғы жылдары ЖІӨ өсімі қарқыны өткен жылдармен салыстырғанда бәсеңдеу байқалады, негізінен, тауарларды өндіруге инвестициялаудың қысқаруы кезінде қызмет көрсетулер санының арта түсуі есебінен іске асырылды. 2012 жылы ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің жедел мәліметтері бойынша ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және құрылыс тәрізді салаларда инвестициялардың аздап төмендеуі байқалған. 2012 жылы сырттан қаржыландырудың келу ағыны алдыңғы жылмен салыстырғанда біршама азайды. Өткен жылғымен салыстырғанда республиканың келесідей үш аймағында негізгі капиталға инвестициялар көлемі артты: Атырау (62%-ға), Ақтөбе (26%-ға), Алматы (11%-ға). Ең көп арту (5 есеге) Ақмола облысында байқалды. Инвестициялар көлемінің қысқаруы Қарағанды (38%), Павлодар (51%), Солтүстік Қазақстан (52%) облыстарында орын алды. Ең көп құлдырау (58%-ға) Жамбыл облысында деп атап көрсетілді.

Сыртқы ресурстарды пайдаланудағы ең ұнамды түрі тікелей инвестиция болып саналады, ол ұлттық экономиканы әлемдік экономикалық жүйеге ендірудің ең келешегі мол және тиімді әдістерінің бірі болып табылады.

Инвестициялау процесіндегі **бесінші тенденция** келіп түсетін шетелдік инвестициялардың елдік векторлылығымен сипаттамалады, 17-кестені қараңыз. Кестеде келтірілген мәліметтерден белгілі болғандай, ҚР шетелдік инвесторларының құрылымында Қазақстан экономикасына салымдарының жиынтық көлемі 171,3 млрд. долларына тең Нидерланды, АҚШ және Ұлыбритания елдері ҚР-дағы шетелдік инвестициялардың жалпы көлемінің 46%-ын құрайтын жетекші елдер болып саналады. 1993-2012 жж. аралығында шығу елдері бойынша тікелей шетелдік инвестициялардың құрылымы келесідей берілді: Қазақстан тікелей шетелдік инвестициялардың ең үлкен көлемін Нидерландыдан – 43 235,0 млн. доллар немесе 25,3% , АҚШ-тан – 24163,3 млн. доллар немесе 14,1% , Ұлыбританиядан – 11714 млн. доллар немесе 6,8% құрап алғашқы үштікте көрініп отыр.

Кесте 17 - Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны, 1993-2012 жылдар (кезеңдегі, млн.доллар және пайыз)

Елдер	1993		2000		2012		1993-2012	
	млн. доллар	%	млн. доллар	%	млн. доллар	%	млн. доллар	%
НИДЕРЛАНД	0,0	0,0	114,4	4,1	7 414,0	33,0	43 235,50	25,3
АҚШ	966,9	76,1	951,2	34,2	1 336,6	5,9	24 163,30	14,1
ҰЛЫБРИТАНИЯ	0,0	0,0	481,8	17,3	541,8	2,4	11 714,40	6,8
ФРАНЦИЯ	0,0	0,0	33,2	1,2	1 042,0	4,6	10 081,60	5,9
ҚЫТАЙ	5,0	0,4	90,1	3,2	2 042,2	9,1	7 940,20	4,6
ВИРГИН АРАЛДАРЫ (БРИТАНДЫҚ)	0,0	0,0	17,8	0,6	435,6	1,9	7 734,90	4,5
ШВЕЙЦАРИЯ	0,0	0,0	20,6	0,7	1 946,9	8,7	6 390,30	3,7
РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ	0,0	0,0	162,9	5,9	392,8	1,7	6 369,00	3,7
ИТАЛИЯ	0,0	0,0	351,0	12,6	50,4	0,2	5 829,80	3,4
КАНАДА	0,0	0,0	157,3	5,7	742,6	3,3	5 498,70	3,2
КОРЕЙ РЕСПУБЛИКАСЫ (ОҢТҮСТІК)	0,0	0,0	56,8	2,0	391,5	1,7	4 469,60	2,6
ЖАПОНИЯ	0,0	0,0	18,1	0,6	417,0	1,9	4 463,70	2,6
ЖИЫНТЫҒЫ	1 271	100,0	2 781	100,0	22 469	100,0	137 891,00	80,5

Ескерту – [85] негізінде автормен құрастырылды

1993 жыл мен 2012 жылдар аралығында Қазақстанға келген осы 171,3 млрд. доллары тікелей шетелдік инвестицияларының жиынтық ағынында жоғарыда аталған 12 мемлекет 80,5% ел экономикасына құйып отыр. Елдік құрылымы бойынша ары қарай тізімді Франция 10081 млн. доллармен жалғастырса 5 пайыздық үлеспен Қытай және Виргин аралдары толықтырады. Швейцариядан – 6390 млн. доллары 3,7%-дық үлеспен көршіміз Ресей қатыранда Италия мен Канада 3 %, Корея (4469 млн. доллар) және Жапония (4463 млн доллар) тұрды. Мәселен 2006 жылы тікелей шетелдік инвестициялардың жиынтық көлемі 10,4 млрд. долларын құрады, бұл 2005 жылғы деңгейден 57,7%-ға жоғары болды. Қазақстан Республикасы экономикасына өз капиталдарын салған басты инвесторлар АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Жапония, Оңтүстік Корея, Франция тәрізді ірі елдер және т.б. болып табылады. Өз кезегінде 2007 жылы Қытай Қазақстанға инвестициялар саны бойынша шетелдік инвесторлар тізімінде 10-орында тұрды (1910,5 млн. доллары). Алайда 1993-2012 жж. кезеңімен салыстыратын болсақ, жағдайдың едәуір өзгергенін көруге болады. Мысалы, Түркия, Қытайдың үлестері айтарлықтай төмендеп кетті.

Капитал ағыны елдер экономикаларының ашықтығына қарай және инвестициялық ахуал деңгейінің қалыптасуына қарай артып отырды. Шетелдік

компаниялардың қатысуымен мұнай мен газды өңдеу, тасымалдау мен барлау салаларында жобаларды жүзеге асыру Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялар ағынының жоғарғы деңгейін сақтауды қамтамасыз етеді. ТШИ игеру бойынша құрылымдық өзгерістер мұнай жобаларына қатысу үлестерін сату нәтижесінде жүріп отырды.

Жоғарыда келтірілген 16-кестеден көрініп тұрғандай, ТМД елдері арасынан тартылған капиталдың ең салмақты ағындары Ресей Федерациясымен салынған (6369 млн. доллары).

Басқа қауымдастық елдерінің салымдары оншалықты мәз емес. Мысалы, ТМД елдері арасынан Беларусьтің үлесі, айталық, 2002 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 7 есеге өсті. Қырғызстанның үлесі де көп емес, дегенмен, елге келіп түсетін инвестициялар мөлшері жыл сайын шамалы көлемде болса да, артып келеді. Ал Тәжікстанмен инвестициялық ынтымақтастық тұрақсыздық жағдайында және әлсіз деңгейде тұр.

Қазақстан Республикасы шетелдік инвесторлар үшін үлкен қызығушылық тудырады. Қазақстан нарығының инвестициялық тартымдылығы елдің стратегиялық орналасуы, ел ішіндегі тұрақты саяси жағдай мен тиісті заң базасының болуы құрайды. Бұл үшін инвестициялық тартымдылықты айтарлықтай жақсарту бойынша белсенді шаралар қабылданған болатын, соның нәтижесінде Қазақстан ТМД елдерінің арасынан жан басына шаққандағы тартылатын тікелей шетелдік инвестициялардың көлемі бойынша көшбасшы болды. Euromoney журналының бағалауы бойынша инвестициялық тартымдылық деңгейі жағынан Қазақстан ТМД-ның көптеген елдерінен асып түседі. Бүкіләлемдік Банктің «Doing Business 2012» баяндамасына сәйкес Қазақстан бизнесті жүргізу қарапайымдылығы жағынан елдер рейтингісінде бір жыл бұрынғы 51-орынмен салыстырғанда 50-орынды иеленді. Халықаралық Moody's, Standard & Poor's және Fitch рейтингілік агенттіктері Қазақстанға инвестициялық жоғары рейтингісін берді.

Қолайлы инвестициялық ахуал мен біздің еліміздің беделі турасында 1993 жылдан 2012 жылдың аяғына дейін Қазақстан экономикасына 171,3 млрд. доллары көлемінде тікелей шетелдік инвестициялар тартылғанынан көруге болады. Тек қана 2012 жылдың өзінде Қазақстан Республикасына келіп түскен ТШИ ағыны 14,1 млрд. долларын құрады, бұл 2005 жылғы деңгейден 57,7%-ға жоғары болып саналады.

Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері туралы сөз қозғағанда, отандық та, шетелдік те инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларын айтып өтпеске болмайды.

2003 жылы Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңы қабылданды. Ол инвестицияларды ынталандырудың құқықтық және экономикалық негіздерін толық түрде реттеп отырады. Бұл заң өтпелі экономикадағы елдерде ең тәуір деген заңдардың бірі болып саналады, және де 2005 жылы халықаралық кеңесшілер біздің инвестициялық заңымыздың ДСҰ-ның TRIMs нормаларына (Саудаға байланысты инвестициялық шаралар бойынша келісім) сәйкес келетіндігін таныды. Заң инвесторлар құқықтарын

толығымен қорғауға кепілдік береді және инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларын, инвесторлардың қатысуымен дау-дамайларды шешу тәртібін анықтаған.

Бұл жерде инвестицияларды мемлекеттік қолдау шаралары отандық та, шетелдік те инвесторларға тең дәрежеде таралатындығын атап өту керек.

Экономиканың шикізаттық емес секторларында жобаларды жүзеге асыру кезінде инвесторларға инвестициялық жеңілдіктер беріле алады. Соның ішінде, инвестиция көлеміне байланысты корпоративті кіріс салығын төлеуден (ол бізде 30%-ды құрайды) 10 жылға дейінгі мерзімге, мүлікке салынатын салықтан және жер салығынан 5 жылға дейін босатылуға мүмкіндіктері бар. Егер де сіз инвестициялық жобаны жүзеге асыру үшін құрал-жабдықтар мен оған қажетті жинақтаушыларды әкелетін болсаңыз, онда бұндай құрал-жабдық баж салықтарын төлеуден босатылады.

Инвестициялық жеңілдіктердің басқа да түрі заттай гранттарды беру болып саналады. Бұл дегеніміз инвесторларға инвестициялық жобаны іске асыруға қажетті келесідей түрлі мемлекеттік меншікті қайтарымсыз беру деген сөз: жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, машиналар, жабдықтар және басқалары.

«Инвестициялар туралы» Заң сондай-ақ инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың жұмыстарын өте нақты реттейді және жасалған келісім-шарттардың тұрақтылығына кепілдік береді. Бұдан басқа, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметі мен АҚШ Үкіметі арасында американдық компаниялардың инвестицияларына кепілдік беретін Инвестицияларды қолдау мен өзара қорғау туралы келісім өз күшінде.

Басым салалардың инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында Қазақстан кәсіпорындарды тіркеудің жеңілдетілген жүйелерін енгізуге, лицензиялаудың транспаренттік жүйелерін құруға, кәсіпорындарды халықаралық қаржы есебінің стандарттарына өтуге бағытталған шараларды жүзеге асыруда.

Қазақстанда инвестор елдер арасынан АҚШ, Нидерланды, Ұлыбритания тәрізді елдер жетекші орынды иеленуде. Реформалардың арқасында Қазақстан тұрақтылықты сақтай отырып, экономикалық өсудің нық қарқынына жетті. Тек өткен жылы ғана Қазақстанда ЖІӨ-нің өсуі Ресейдің 108%-ына қарсы 109,6%-ды құрады, өнеркәсіп өнімдерінің өсуі ресейлік 109%-ға қарсы 114,6%-ды құрады. Импорт 37%-ға өсіп, экспорт - 63%-ға артты. Негізгі капиталға инвестициялар 29,4%-ға ұлғайды. Тіркелген жұмыссыздар саны 8%-ға азайды. ЕҚДБ бағалауы бойынша Қазақстан ТМД елдері арасынан бірінші орынды және 11 млрд доллардан тұратын тартылатын шетелдік инвестициялар көлемі бойынша Шығыс Еуропа мен Балтық (Польша мен Венгриядан кейін) елдері арасынан бірінші орынды иеленді.

Жоғарыда айталғандар мен талдаулардың негізінде қорытынды ретінде Қазақстандық өндірістің трансұлттану деңгейіне және инвестициялық жағдайына келесідей SWOT талдау жасауға болады.

Кесте 18- Қазақстандық өндірістің трансұлттану деңгейіне және инвестициялық жағдайына SWOT талдау

Әлсіз жақтары	Күшті жақтары
<ol style="list-style-type: none"> 1. Мемлекеттік инвестициялық саясатты жүргізудің жүйесіздігі. 2. Мемлекеттегі құқықтық тұрақсыздық және заңды қадағалау мен келісімшарттық қатынасты бақылау механизмі болмауы. 3. ТШИ-ларын тартуда әлсіз бәсекелестік шарттар (салықтық, кедендік және валюталық режим). 4. ТШИ-ларын тартуды қамтамасыз етудегі инфрақұрылымның дамымауы (арнайы аймақтар, қаржылық, банктік, ақпараттық-аналитикалық, консалтингтік т.с.с.). 5. ТШИ-ларын тартуды мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақсыздығы. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Экономикалық және саяси тұрақтылықты қолдау аясындағы мемлекеттегі жағымды бизнес климат. 2. Табиғи және минералдық ресурстарға бай болуына байланысты жоғары инвестициялық тартымдылық. 3. Орталық Азия, Ресей, Индия және ҚХР сияқты алып тұтынушы нарығына шығуға тиімді географиялық тиімді орын. 4. Мемлекеттік инвестициялық саясаттың басымдылықтары. 5. Инвестициялық ағындарды тартуға бағытталған арнайы институттар мен олардың ресурс базаларының құрылуы.
Қауіптер	Мүмкіндіктер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Шикізаттық базаның таусылып қалуы нәтижесінде инвестициялық тартымдылықты әлсірету. 2. Экономикадағы шикізаттың және ТШИ-лары бағытының диспропорциялылығы нәтижесінде жоғары тәуекелді экономиканың сақталуы. 3. Негізгі капиталға инвестициялардың аздығынан мемлекеттік дамуда қалыптасқан өнеркісіптік-өндірістік потенциалды жоғалту. 4. ТШИ-ларын тартуда және іске асыруда нақты мемлекеттік саясаттың болмауынан мемлекеттің инвестициялық имиджіне кері әсер ету. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. ТШИ-ларын тартуда өңірлік көшбасшы атану. 2. Әлемдік капитал нарығында жағымды инвестициялық имидж қалыптастыру. 3. ТШИ-ларын тартуда жүйелі және тығыз мемлекеттік саясат құру. 4. ТШИ-ларын тартуда мемлекеттік және жеке тиімді инфрақұрылымды қалыптастыру.
<p>Ескерту – автормен құрастырылған</p>	

3 ҚАЗАҚСТАНДА ӨНДІРІСТІҢ ТРАНСҰЛТТАНУЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

3.1 Қазақстандағы өндірістің трансұлттануы және оның әлеуметтік-экономикалық салдары

Қазақстан Республикасы экономикасын нарықтық түрлендірудегі шетелдік инвестициялаудың рөлі турасында сөз қозғағанда келесідей төрт бағытта: республикалық деңгейде, салалық, аймақтық және кәсіпорын деңгейінде әсер ету кеңдігін қарастыру керек. Әсер ету өндірістің пайдаланылатын барлық факторларының, яғни адам ресурстары, капитал, материалдық және қоғам дамуының барлық бағыттары бойынша, соның ішінде, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық және т.б. басқа да факторларының жиынтығына іске асырылады. Бір жағынан, қаржылық құралдар, ноу-хау, басқару әдістері және т.с.с. түріндегі инвестициялар ағыны өндірісте және өндіріс факторларының өзге де қызмет түрлерінде пайдаланылатындардың өсуіне жағдай туғызды, шетелден сұралатын ағынның мөлшерін қанағаттандырды.

Екінші жағынан, мақсатқа сай қызмет пен өндірістің өзге де факторларымен жиынтығында олар көп түрлі салдарларды нақты табуға мүмкіндік берді. Жүргізілген зерттеу барысында ел экономикасының шетелдік инвестицияларды пайдаланудан түрлі салдарды шеккендігін төмендегі сипаттамалармен көрсетуге болады.

Экономикалық мазмұндағы салдар тобының сипаттамалары:

- **республика экономикасының өсуі.** Егер де Қазақстанның 2001-2012 жылдардағы жалпы ішкі өнімі көрсеткішінің өзгерісін қарастыратын болсақ және бірнеше есептеу операцияларын жүргізетін болсақ, онда пайыздағы номиналды өсу қарқыны 16-34 интервалында, ал нақты өсу қарқыны 8,9-10,5% деңгейінде болғандығын байқауға болады.

Шетелдік капиталдың ағыны Қазақстанның даму параметрлеріне және ішкі нарығына айтарлықтай мөлшерде әсер етті. Мысалы, төменде келтірілген кестенің мәліметтерінен көрініп тұрғандай Қазақстанда экономикалық қызметтің құрылымын белгілі бір құрылымдық жаңарту жүзеге асырылғандығын байқауға болады.

Капиталды тарту ел аймақтарының дамуына үлкен әсер етті, себебі тартылған құндылықтар облыстар, аудандар, қалалар және республиканың өзге де елді мекендеріне шоғырланған болатын. Ол облыс экономикасының динамикасы мен салалық құрылымын сипаттайтын жалпы аймақтық өнім өсуінің басты негізі болып саналды.

Егер де жалпы аймақтық өнім құрылымының өзгерісі бойынша салыстырмалы талдау жүргізетін болсақ, онда Маңғыстау, Қарағанды және Қызылорда облыстарында едәуір өзгерістер болғандығын атап өту керек.

Мысалы, Қызылорда облысы бұрын аграрлы маманданудағы аймақтар қатарына жатқызылатын. Егер де 1995 жылы облыстағы ЖАӨ 20388,2 млн

теңгені құраса, ал 2012 жылы ол 1180334 млн теңгеге жетті. Шетелдік капиталдың арқасында республика ауқымындағы облыс үлесі 2,6%-дан 4,8%-ға дейін артты. Тек 2004 жылдан бастап республиканың ЖАӨ-дегі облыс үлесі 3,1%-дан 2012 жылғы 3,9%-ға дейін көтерілді. Шетелдік капиталдың қарқынды енуінің салдарынан аймақ экономикасының құрылымы түбегейлі өзгерді, және ЖАӨ өндірісіндегі экономиканың жекелеген секторларының орны да өзгерді. Мысалы, 1990 жылы ЖАӨ құрылымында аграрлы сектор үлесі 38%-ды, индустриалды сектор – 28%-ды, ал қызмет көрсету секторы – 34%-ды құрады. 2012 жыл қорытындысы бойынша экономиканың осы секторлары арасындағы арақатынас 9% : 71% : 20% арақатынасын құрады. Қазіргі уақытта облыс индустриалды кеңістік түріне жақын болып келеді, себебі ЖІӨ құрылымында өнеркәсіп өнімдері басым түседі.

Бұл жөнінде облыстағы көптеген өндірістердің қызмет бейінінің айтарлықтай өзгеруінен көруге болады, соның ішінде өнеркәсіп өндірісінің 1991 жылы республиканың ЖАӨ құрылымындағы 1,2%-дан 2012 жылы 3,9%-ға дейін артқандығын, ал қазіргі уақытта 3,9%-ды құрағандығын байқауға болады. Егерде құрылымды меншік нысандарына қарай көрсететін болсақ, онда басқа мемлекеттердің, олардың заңды тұлғаларының және облыстағы азаматтардың меншік үлесі нәтижесінде 23,5%-ға жеткендігін айтуға болады.

Дегенмен, облыстағы барлық өзгерістер шағын кәсіпорындар және бәрлескен кәсіпорындар арқылы көп көлемдегі шетелдік қаржылық ағылулардың нәтижесінде мұнайгаз секторын қарқынды игеруге байланысты болғандығын мойындауымыз қажет.

- **шығарылатын өнім көлемінің өндірісін арттыру.** Шетелдік инвестицияларды салумен Қазақстанда шығарылатын өнім өндірісін қарқынды арттыру жүрді. Бірақ та мұнай қорын ашу мен игеру және инвестициялау саясаты белгілі бір деңгейде облыста өнеркәсіптің тиімсіз салалық құрылымын қалыптастыруға әкеліп соқтырды. 2002 жылдың басында тау-кен, өңдеуші өнеркәсіп, өндіріс пен электр энергиясын және суды тарату арасындағы арақатынас 92,5% : 5,2% : 2,3% құрады. Осындай тенденция, 2012 жылды қоса алғанда, осы жылдарда оншалықты өзгере қойған жоқ. Бұнда әрекет етуші ШК, БК және кәсіпкерліктің өзге де нысандары отандық нарықтың дамуына маңызды үлестерін қосты. Өнімді өндіру көлемінің көрсеткіштерін облыстағы және республикадағы бір кәсіпорынға алғанда салыстырудан облыстағы жағдайдың анағұрлым жақсы, тиімді екендігін көруге болады. Мысалы, егер де республика бойынша орташаланған көрсеткіш 237,18 млн теңгеге тең болса, яғни 1998 жылдармен салыстырғанда ол 1,6 есеге өссе, онда облыста бір БК-ға 5560,4 млн теңге келеді. Ал бұл облыстық БК 2,8 есеге қуаттырақ екендігін сөз етеді.

Республикадағы барлық дерлік БК Қазақстан Республикасын Үкіметінің импортты алмастыру саясатын қолдады және де олар өнімдер мен қызмет көрсетулер өндірісін кеңейтудің қайнар көзі болды.

- **мемлекеттік инвестициялық ахуалға ықпал етті.** 2012 жылы ұлттық экономикаға 14 млрд.доллар ТШИ тартылып ең көп инвестиция тартушы 20

мемлекеттің 19-на кіруіде кездейсоқтық емес. Сонымен қоса тартылған ТШИ – лары ЖІӨ-ге қатынасы 32% болуыда бей жай қалдырарлық жай емес. Айта кету керек ел экономикасына тартып жатқан ТШИ салалық және инвестор мемлекеттер ретінде де көптеген маңызды өзгерістерге ұшыраған.

- **аймақтық даму айырмашылықтар тудыру.** Біздің экономикаға тартылып жатқан инвестициялар салалар бойынша ерекше. Мәселен 1993 жылдары тартылған инвестициялардың 72-75% кен өндіру өнеркәсібінде, 4% ғана ғылыми техникалық қызмет саласына келген. Алайда 2012 жылдың жағдайымен бұл сәйкесінше 19% және 39% болды. Алайда бұл дегенміз отандық экономика шикізаттықтан қызмет көрсету саласына өтті дегенді білдірмейді. Аймақтар ретінде де инвестициялар негізгі ресурстар аймақтарына бағытталғанын айта аламыз. Сонымен қоса өңірлер айырмашылығын көрсету мақсатында аймақтар бойынша ЖІӨ, негізгі капиталға салым және ТШИ бойынша автормен есептелген Джини коэффициент әдістемесі осы көрсеткіштер бойынша аймақтарда абсолютті тепе-теңсіздік екендігін көрсетеді (Қосымша В).

Кесте 19 – Аймақтар бойынша экономикаалық негізгі көрсеткіштер, 2012 жылы

Аймақтар	Жан басына (мың.тенге)			Тенге
	ЖІӨ	Негізгі капиталға салым	Шетел инвестициялары	Орташа Жалақы
Республикалық	1807	323,7	823	101263
Ақмола	1112,5	196,2	7,98	74685
Ақтөбе	1928,1	544,1	74,28	90241
Алматы	749,7	197,1	7,44	77320
Атырау	5593,1	1862,3	1605,28	180406
Батыс Қазақстан	2798,9	266,6	236,17	90728
Жамбыл	727,4	142,5	1,62	72296
Қарағанды	1890,9	237,6	48,76	92382
Қостанай	1262,0	186,1	4,59	76647
Қызылорда	1624,2	352,2	58,77	93361
Маңғыстау	3491,2	698,2	217,05	157358
Оңтүстік Қазақстан	628,6	118,8	4,79	75467
Павлодар	1957,4	351,8	28,71	85844
Солтүстік Қазақстан	1171,2	169,4	0,7	68921
Шығыс Қазақстан	1263,7	191,0	8,75	84872
Астана қаласы	3491,7	793,5	17,82	148287
Алматы қаласы	3823,5	310,6	31,28	134378
max/min	9	16	2000	3
Ескерту: [84] негізінде автор құрастырған				

Аймақтық дамудың әртүрлілігі әрине көптеген факторларға байланысты алайда жоғарыда аталып өткендей экономикалық негізгі көрсеткіштер болып саналатын негізгі капиталға салым, ТШИ тартылуы және өндірістің орналасуы немесе ЖАӨ тепе-теңдіксіз таралуы аймақтық деңгейде жан басына шаққандағы көрсеткіштермен салыстырылады. Мәселен мұнайлы Атырау және Маңғыстау өңірлерінде орташа жалақы 150 мыңның үстінде болса ауыл шаруашылыққа негізделген Оңтүстік және Солтүстік өңірлерде ең төмен екенін байқаймыз. Сонымен қатар жан басына шаққандағы капитал салымы мен ТШИ-дің айырмашылығын осының салдарынан әлеуметтік – экономикалық даму деңгейлерінің айырмашылықтары туындайтынын айталамыз.

Әлеуметтік сипаттағы салдар тобы мыналарды сипаттайды:

- **әлеуметтік саясаттың шешілуін** сипаттайтын көрсеткіштер жұмысбастылықтың артуы мен жұмыссыздық мәселелерін шешу, жұмыскерлердің ағымдық кірістерінің өсуі тәрізді бірнеше бағыттармен және экономикалық жағдайдың деңгейімен және т.с.с. анықталады. Республикада жұмысбастылық деңгейі 1991 жылғы 36,8%-дан бастап он жыл ішінде 44,3%-ға дейін өсті, ал 2010 жылдың қорытындысы бойынша – 91,9%, 2012 жыл – 93,4% болды.

Жұмыспен қамтылған халықты кәсіпорындарда меншік нысандарына қарай бөлуден мемлекеттік нысандағы ұйымдар мен кәсіпорындарда 2001 жылы халықтың 25%-ы, 2010 жылы – 22,1% жұмыс істегендігін көруге болады. Егер де Қазақстанның жұмысбастылық құрылымында 57,7%-ды жалдамалы жұмыскерлер құрайтын болса, бүгінде ол көрсеткіш – 70%-ға жетті, ал өз-өзіне жұмыс істейтін жұмыскерлер 42,3%-ды және 2012 жылы 30%-ды құрады.

Жүргізілген талдаудан біріккен кәсіпорындарды құру тіркелген уақытында емес, нақты әрекет ету жылдарында белгілі бір деңгейде республика облыстарында тұрып жатқан халықтың жұмысбастылық деңгейінің артуына жағдай туғызғанын көруге болады. Жұмыс орындары құрылуда, халықтың кірісі арта түсуде, шетелдерде де, республиканың жоғарғы оқу орындарында да мамандарды қайта даярлау мен оқыту жүзеге асырылуда.

Бұл жалдамалы жұмыскерлер үшін осы аймақтың тартымдылығын растайды. Біріккен кәсіпорындардың құрылуы нәтижесінде облыстардағы жағдай өзгерді, мысалы, халықтың табысы барлық аймақтардағы күн көріс деңгейінен асып түсті, бірақ та республика территориясында сатып алу қабілеті әртүрлі болды: Астанада ол күн көріс деңгейінен 3,2 есеге жоғары болса, Қызылорда облысында - 1,2 есеге артық. Күн көріс деңгейінің өзі республика бойынша орташа алғанда 12364 теңгені құрайды, және ол Жамбыл облысында төмен де, Маңғыстау және Атырау облыстарында жоғары.

- **материалдық, қаржылық және басқа да құралдарды қоғамдастыру.** Өз мәртебесі жағынан біртекті меншік иелерінің материалдық және қаржылық құралдарын ШК мен БК біріктіретін болса, онда бұндай мәселелерді шешуде еш қиындық жоқ. Дегенмен, көбінесе, әртүрлі меншік иелерінің құралдарын біріктіру орын алады. Бұндай жағдайда «аналық» компаниялардың меншік сипаты әсер ете алады. Қарым-қатынастар билік етуші өндірістік қатынастар,

елдегі қоғамдық-саяси құрылым арқылы анықталады.

ШК мен БК түрлі елдердің бір немесе бірнеше заңды тұлғаларымен келісім-шарттар негізінде құрылады, және тіркеуден өткеннен кейін заңды тұлға құқығын алады. Бұнда кәсіпорынның ортақ иеленушілері өз құқықтарын ортақ қазанға олардың енгізген материалдық және қаржылық құралдарының үлестері негізінде де, осы үлеске сай келетін өндірілетін тауарлар мен қызметтерді сатудан түскен табыстарының бір бөлігі негізінде де сақтайды, 11-кестені қараңыз.

Бұл дегеніміз біріккен кәсіпорынның қатысушылары барлық өндірістік және сатушылық циклдарын бірлесіп басқаратындығын, ортақ тәуекелдер мен зияндар шегетіндігін, бірлесіп табысты бөлетіндігін және т.с.с. білдіреді.

Біріккен кәсіпорындар маңызды рөлді елдер арасындағы сыртқы экономикалық байланыстарды дамытуды қиындататын әртүрлі кедергілерді жеңіп шығу барысында атқарады.

Ұйымдастыру-технологиялық сипаттағы салдар тобына мыналар жатады:

- жаңа технологияны, ноу-хау мен өндірісті жаңарту мен басқаруды енгізу. Республика ауқымында ескірген құрал-жабдықты ауыстырудың, құралдарды жаңартудың, объектілерді қайта құрудың және жаңадан салудың белсенді процестері жүруде, техникалық қызмет көрсету мен техникалық қадағалауды жетілдіру шаралары қабылдануда және т.б. Бұған қоса бұл тек БК құрудан ғана қарқын алып келе жатқан жоқ, ол елдегі жүргізіліп жатқан индустриалды-инновациялық саясатқа да байланысты болып отыр. Сол себепті БК түріндегі ұйымдастыру шараларынан өндірістік аппараттың өзгеруін нақты өлшеуді қажет деп санаймыз.

- кәсіпкерлік қызметтің іскерлік белсенділігінің нәтижесінде **еңбек өнімділігінің артуы**. Зерттеулерден көрініп тұрғандай, біріккен кәсіпорындардың сандық жағынан өсуі облыстарда соңғы жылдары мардымсыз болды.

Бұған қоса тауарлар өндірісінде де, қызметтер көрсетуде де, және тиісінше, бүтіндей экономика бойынша да еңбек өнімділігінің артуында тұрақтылық тенденциясы рельефті түрде көрінуде.

Каспий аймағы бойынша Deloitte компаниясының Басқарушы серіктестігі Дэррила Хадевейдің бағалауы бойынша соңғы жылы қазақстандық экономиканың көрсеткіштері өнімділік пен тиімділік тұрғысынан жақсара қойған жоқ, ол, тіпті, нашарлай түсті.

Соған қарамастан бизнесті жүргізудің өзіндік құнының өзі тұрақты түрде өсіп келеді. Мысалы, бүгінде-ақ Қазақстандағы өз қызметкерлеріне Deloitte компаниясы Норвегиядағы, Даниядағы немесе Финляндиядағы компанияларының жұмыскерлеріне қарағанда көбірек төлейді. Бұған қоса технологиялар мен бизнеске инновациялардың енуінің өзі алдын-ала шығындар мен уақытты төмендетуге, сонымен қатар өнімдер мен қызметтер сапасын арттыруға әкеліп соқтыруы тиіс.

- **жұмыс орындарын құру мен еңбек ресурстарын пайдалануды оңтайландыру.** ШК, БК, еншілес және өзге де кәсіпорындардың жоғары мәнділігі кез келген реципиент елді дамыту үшін жаңа жұмыс орындарын құру мүмкіндігін жүзеге асыруға байланыстылығынан көрінеді. Бірақ та бұл жағдай БК құрылуының кезеңінде болатын. Егер де мұнай секторын алатын болсақ, көптеген мұнай БК өз қызметінің аймақтарында ең ірі жұмыс берушілер болып табылады. Дегенмен, зерттеу барысында белгілі болғандай, компанияның қызметкерлері, мысалы, Қызылорда облысында жұмыс істейтіндер, негізінен, жергілікті қызметкерлерден тұрады, ал ТОП-менеджерлердің басты бөлігі Қазақстанның өзге аймақтарынан да, шетелден де келіп, вахталық әдіспен жұмыс істейтін тартылған мамандардан тұрады.

Қазіргі уақытта бәсеке нәтижесінде және басқару әдістерін қатаңдату нәтижесінде, сонымен қатар дағдарыстық құбылыстардың нәтижесінде республиканың біріккен және шетелдік кәсіпорындарында жұмыс істейтін жұмыскерлер саны және 1 БК-ға есептегенде жұмыс істейтіндердің орташаланған көрсеткіші төмендеуі үстінде. Көбінесе, БК аймағында мұнайгаз салалары құрылған, ол жерлерде жұмыскерлер саны мәз емес (шамамен 200-300 адам).

- **кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі мен жаңа идеялар мен ноу-хаудың түсімдерін** берілген патенттер, өнертабыстар және т.с.с. талдау барысында көруге болады. 2010 жылы республиканың өнеркәсіптік кәсіпорындарында ҒЗТКЖ-да жұмыс істейтін ғылыми жұмыскерлердің саны тек 306 адамды құрағандығы белгілі, ал олардың жалпы жұмыскерлер санындағы үлесі 1,6%-ды құрайды. Бұған қоса, зерттеу көрсеткендей, бұл процесті кәсіпорындардың қалыптасқан есеп беру жүйесінің негізінде, 2010 жылы Қазақстанның ұлттық инновациялық жүйесінің қалыптасуының бірінші кезеңі аяқталғанына қарамастан, бақылап отыру қиынға соқты.

Дамыған елдерде ноу-хау сипаты бар технологиялар, өнімдер мен құрал-жабдықтар үлесіне бүгінде ЖІӨ өсімінің 70%-дан 85%-ына дейін келеді және көп жағдайда дәл осы фактор олардың жоғары бәсекеқабілеттілігінің кепілі болып табылады. Сол уақыттарда инновациялық саланың жеткіліксіз дамуы Қазақстанның әлемнің ең бәсекеқабілетті 30 мемлекетінің қатарына енуі үшін тежейтін кедергі болып табылуы мүмкін еді. Сонымен, соңғы жыл ішінде осы аймақтағы біздің рейтингіміз 65-позициядан 75-ке дейін төмендеді. Бізде инженерлік және ғылыми кадрлардың жетіспеушілігі (98-орын), сонымен қатар ғылыми-зерттеу институттары мен өнеркәсіп арасындағы ынтымақтастықтың әлсіз деңгейі (71-орын) байқалуда. Республиканың технологиялық дайындығы сондай-ақ алдыңғы қатардағы мемлекеттердің деңгейіне (барлығы 131 ел сараланды) сәйкес келмейді, бұл жерде Қазақстан 70-орыннан 77-орынға «күлдірады».

Сонымен қатар, БК қағидаларымен жұмыс істейтін ірі ТҮК-лардың ақпараты бойынша патенттер мен өнертабыстардың негізгі бөлігі әлем аймақтарындағы еншілес және басқа да бөлімшелерде тіркелген. Бұған қабылдаушы елдердің өзіндегі инновациялық қызметті есепке алудың болмауы

дәлел бола алады. Егер де инвестициялаудың басым салалары туралы сөз қозғайтын болсақ, онда бүгінде қорды жалпы қаржыландырудың 60%-ына дейінгісі ақпараттық технологиялар, азық-түлік өнеркәсібі, мұнайгаз секторы, биотехнология мен фармацевтика, сонымен қатар балама энергетика үшін технологиялар іспетті бағыттарға салынады. Бұнда жобаларды іріктеу критерийлері ретінде олардың нарықтағы талап етілушілігі мен коммерциялық қайтарымы ұсынылады, және бұндай тәсіл көзге көрінерлік қаржылық нәтиже әкеліп те үлгерді.

Қазақстандағы Ұлттық ақпарат жүйелері бастапқы кезде ашық түрдегі жүйе ретінде ойластырылған болатын, яғни осы арқылы білімдер ішкі ноу-хаулармен ғана емес, технологиялар трансфертімен де сусындап отырды. Осыған байланысты Ұлттық ақпарат қоры әлемдегі ең үздік инновациялық жұмыстардың көп мөлшердегі үлесі келіп құйылатын шетелдік венчурлік қорларға белсенді инвестициялайды: «Шетелдік венчурлік қорлардың жобаларын бағалай отырып, біз одан әрі кеттік, және де 2007 жылдан бастап шетелдік жоғары технологиялы start-up компанияларын сатып алуға инвестиция сала бастадық». Бүгінгі күні Ұлттық ақпарат қоры бес шетелдік венчурлік қордың, соның ішінде Wellington III Tech VC (инвестиция географиясы – Германия және Еуропаның өзге де елдері), Flagship ventures fund (АҚШ), Vertex III Fund L.P (Израиль), Mauban-JAIC ASEAN Fund (Оңтүстік Шығыс Азия) және CASEF қорының (Орталық Азия) акционері болып табылады. Ұлттық ақпарат қорының осы қорларға салымдарының жалпы көлемі 40 млн доллардан асып түседі, ал оларды капиталдандыру 1 млрд долларға жетті. Қазіргі кезде Ұлттық ақпарат қорының «Atlas venture» (АҚШ, Еуропа) халықаралық венчурлік қорына инвестициялау туралы құжаттарына қол қою кезеңі жүзеге асырылмақшы, бұл қорда 2 млрд доллар шоғырланған.

Қаржылық инфрақұрылымымен қатар Ұлттық ақпарат қоры табиғи инфрақұрылымдарды – лабораторияларды, технопарктерді, университеттік технологиялық бизнес-инкубаторларын да дамыту үстінде. Олар ірі кәсіпорын да, және жекелеген ғалым да салықтық жеңілдіктер алуға, өндірістік және кеңселік аудандарды жеңілдікпен жалға алуға, озық лабораториялық құралдарды, маркетинг пен патенттеу бойынша кәсіби кеңестерді алуға мүмкіндік беретін тиімді ортаны жасауға арналған.

Қазақстандағы инновациялық процестер нақты жұмыс істеуі үшін оған әлі де болса шешуі тиіс бірнеше мәселелер бар. Мемлекет алдында тұрған бірінші мәселе – бұл қалыпты, аса шынайы заң базасын қалыптастыру болып табылады. Бизнес заң шеңберінде не істеуге болады, нені жасауға болмайды деген сұрақтарға нақты жауап бере білуі тиіс. Бірақ та бұл жағдайда венчурлік қорлардың өкілдеріне тиімді болатындай жағдайлар жасау қажет. Бұл мәселе парламентте талқыланған болатын.

Тағы да бір мәселе ол батыс елдерінен айырмашылығында отандық венчурлік қорлардың дамуы қор нарығының дамуына байланысты болмайтындығында жатыр. Қазақстанда венчурлік қорлар венчурлік қорлар жобаларының басты сатып алушылары болуы тиіс тікелей инвестиция

қорларынан бұрын пайда болған.

Инновациялық инфрақұрылымды дамытудағы негізгі кедергілердің бірі ғылыми кешеннің өнеркәсіптік сектордан қашық болуы болып саналады. Дәлел ретінде ол келесідей статистиканы келтірді: 2010-2012 жылдары Қазақстанда 25 ғалымға 4 конструктор мен тәжірибелі өндірістің 1 қызметкері ғана келді. Сонымен қатар дамыған елдерде бұл арақатынас тиісінше 1:2:4 құрады [84].

Компаниялардың инновациялық қызметке қаражаттарының жетіспеушілігінің себептері қазақстандық кәсіпорындардың өздерінің дұрыс ұйымдастырылмағандығында жатыр. Олардың негізгі қорларының жай-күйін талдаудан толығымен тозған қорлардың үлес салмағы 20%-ға жеткендігін, соның ішінде 30%-дан астамы машиналар мен құрал-жабдықтар бойынша екендігін көруге болады. Күрделі жөндеуге шығындар әдетте өз инвестициялық қаражаттарының 40%-ына дейін құрайды. Нәтижесінде, ҒЗТКЖ-ға немесе инновациялық технологияларды сатып алуға кететін шығындар кәсіпорынның өз пайдасынан анағұрлым асып түседі.

Өнеркәсіптік сектор тарапынан инновациялық әзірленімдерге нақты сұраныстың болмауы қазақстандық Ұлттық ақпараттық жүйелерді құрушылардың барлық мәселелерінің түп тамыры болып саналатындығын атап өту керек. Жеткіліксіз бәсеке жағдайында ірі және орташа отандық бизнестің көпшілігі жаңа әзірленімдерге қосымша қаражаттар салуға оншалықты қызығушылық танытпай отыр. Бұл жерде мемлекет те инфрақұрылымды құру кезіндегідей директивалық әдісті тиімді қолдана алуы неғайбыл болып табылады.

Экономика-саяси және құқықтық маңызы бар салдар тобына кіретіндер:

- **Қазақстанның әлемдік экономикаға бірігу деңгейінің артуы.**

Халықаралық экономикалық ұйымдар келесідей екі жолмен дамитындығы белгілі: елдердің халықаралық еңбек бөлінісіне (ХЕБ) қатысуы арқылы және халықаралық өндірісті кооперациялау бойынша. Бірінші жол әлемде кеңінен таралған. Барлығы да халықаралық өндірісті мамандандыру мен айырбастың мынадай түрлі нысандарын біледі: бір сала немесе бірнеше саланың кәсіпорындары арасындағы мамандандыру мен тауарлар айырбасы, өтемақы негізінде ынтымақтастық туралы келісім, кейде, тіпті, шетелде құрал-жабдықты сатып алу үшін қарыз алу және өзге де келісімдер.

Жүргізілген зерттеу барысында елдің біріккендігінің деңгейін өлшеу қажеттілігі туындады. Сыртқы сауда айналымы жылдамырақ өскен сайын, ел экономикасының әлемдік шаруашылыққа бірігуі процесі жоғарырақ жүретіндігін нық сеніммен айтуға болады.

Ғалымдар есептеулерінде, әлемдік шаруашылық жүйеге бірігудің жиынтық коэффициенті 1999 жылы-ақ оң болғанын (+0,0125) және ол әр жыл сайын ұлғайып келе жатқандығын, 2010 жылы +0,488-ге жеткендігін айтуға болады. Бұл дегеніміз жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің өсуі мен тұтыну оңды болғандығын, және де 1999 жылдан бастап сыртқы сауда айналымының өсуімен қатар артып отырғандығын білдіреді. Есептеулер сондай-ақ

экономиканың байқалған тұрақтануын және оның өсу сатысында тұрғандығын дәлелдейді.

Елдің ХЕБ-қа қатысуының деңгейі ХЕБ коэффициентінің көмегімен және халықтың жан басына шаққанда келетін экспорт көлемінің көрсеткіші арқылы өлшенеді. Осы параметрлердің маңыздылығын кескіндеу үшін посткеңестік кеңістік елдерімен салыстырмалы талдауды пайдалануға болады немесе бүтіндей әлем бойынша орташа деңгейін алуға болады. Сарапшылардың мәліметтері бойынша әлем елдері бойынша орта есеппен алғандағы халықаралық еңбек бөлінісінің коэффициенті ғасыр соңына қарай 1,08 деңгейінде болуы тиіс; өнеркәсіптік дамыған елдер үшін – 1,15; ТМД елдері үшін - 0,8 шегінде болуы тиіс. Қазақстан болса бұл деңгейден 2000 жылдары-ақ өтіп кеткен, ол кезде халықаралық еңбек бөлінісі динамикасының коэффициенті 0,831-ден асып кеткен болатын.

- **сыртқы экономикалық байланыстарды кеңейту.** Шетелдік капиталдың арқасында Қазақстанның ынтымақтастық ететін серіктес елдерінің контингенті едәуір кеңейіп, республикадағы экспорттық-импорттық операциялар артты, сонымен қатар халықаралық ынтымақтастық аймағындағы бағыттар одан әрі дамып, жаңа бағыттар пайда бола бастады. Соның нәтижесінде, 1995-2012 жылдардағы ҚР-дағы сыртқы экономикалық байланыстардың төмендегі келесі кестеде келтірілген тиімді дамуының көрсеткіштері оң тенденциялар туралы мәлімдейді.

Кесте 20 - Негізгі кен орындарындағы әлемдік ірі ТҰК-лар үлесі

№	Кен орны атауы	Жобаға қатысушы компаниялар
1	2	3
1	Қашаған	КMG Kashagan B.V. -16,81 % (ҚазМұнайгаз еншілес кәсіпорны) Eni(Италия) -16,81 % Total (Франция) -16,81 % ExxonMobil(АҚШ) -16,81 Royal Dutch Shell(Ұлыбритания) -16,81 % ConocoPhillips (АҚШ) - 8,4 % Inpex (Жапония) - 7,56 %.
2	Қарашығанақ	«ҚазМұнайГаз» (Қазақстан) — 10 %. British Gas Group (Ұлыбритания) - 29,25 %; Eni (Италия) — 29,25 %; Chevron (АҚШ) — 18 %; Lukoil (Ресей) — 13,5 %;
3	Теңіз	«ҚазМұнайГаз» (Қазақстан) (20%), Chevron (АҚШ) (50%), Exxon Mobil (АҚШ) (25%) ЛукАрко (Lukoil) (Ресей) (5%).
Ескерту: [74, 75, 76] мәліметтер негізінде автормен құрастырылған.		

Жоғарыда кестеде Қазақстанның ғасыр жобалары, ұлттық экономикамыздың тірегі болған ең ірі үш кен орындарын игеру туралы мемлекеттердің үлесі көрсетілген. Өкінішке орай еліміздің қоржынында Қашаған 16.81%, Қарашығанақ 10% және Теңіз 20% екенін көріп отырмыз. Сонда қалған 80-аса пайызы шетелдік компаниялардың үлесінде. Әрине мұндай ТШИ арқылы жалпы ұлттық экономикаға, еңбек нарығына, технологиялар мен білікті мамандардың ағылуы деген сияқты классикалық теориялық жағымды жақтары бар. Алайда бұл жағдайда біздің өндірісіміз трансұлттанды ма жоқ әлде өзгелердің өндірістік трансұлттануының әсерінде біздің экономикамыз қозғалуда ма деген сұрақ туындайды. Жауап айтпасақта түсінікті бірақ осындай жағдайда шетелдік ықпалдың жағымды жақтарын көбейтіп тиімсіз жақтарын мүмкіндігінше азайту сонымен қоса өзіміздің ірі ұлттық және жеке компанияларды интерұлттандыру мәселесін қарастыру ұлттық экономикалық саясаттың бір тармағы болмақ.

Осылай ұлттық экономиканың бірнеше салаға дезинтеграциялануы жалпы экономиканың өндірушілік негізгі тепе-теңдігін бұзу мүмкіндігі бар. Яғни бұл қағиданың бұзылуы экономикалық қауіпсіздікке жаһандық факторлардың бірі болып табылады. Сонымен қоса осы зерттеу жұмысын жасау барысында туындаған басты қиындылық трансұлттық корпорациялардың есеп берудегі нақты бір формалары мен талаптарының болмауында. Олардың өнім өндіру көлемдері және ЖІӨ-дегі үлесітерін, салық және өзгеде түсімдері, тағы басқа ақпараттарды табу мүмкін емес. Сондықтан ҚР-дағы барлық ТҰК-лардың нақты ақпараттарына қол жеткізбегендіктен ең ірі ТҰК-лардың негізгі қаржылық көрсеткіштері төменгі кестеде көрсетілген.

Кесте 21 - Әлемдік ірі трансұлттық корпорациялар Қазақстан экономикасында

№	Атауы	Саласы	Ұлттық экономикадағы орны және сипаттамасы
1	2	3	4
1	ArcelorMittal	Кен өндіру	ArcelorMittal Қазақстанда, көмір, темір рудасы және энергетикалық базаны қамтитын тау кен – металлургия өндеуші өнеркәсібінің құрылымдық алып кешені болып табылады. 2010 жылы 3,3 млн.тонна болат, 10,9 млн.тонна көмір, 3,8 млн.тонна темір рудасын өндірді. Кәсіпорында 40000-ға жуық Қазақстандық жұмыс жасайды.
2	Cameco Corporation	Уран өндіру	Канаданың Cameco корпорациясы 1993 жылдан бері Қазақстанда қызмет етуде, оның қоржынында “Inkai” ЖШС уран өндіру компаниясының 60% болса 40 % ҚазАтомПром тиеселі. қоржынында. 2010 жылға дейін жалпы 350 млн.доллар инвестиция құйған. Қызметкерлердің 90 пайызы немесе 450 Қазақстандық қызметкерлері бар.

Кесте 21 – жалғасы

3	Chevron	Мұнай және мұнайгаз өнеркәсібі	1993-2010 жылдар ішінде Қазақстан экономикасына 25,7 млрд.доллар инвестиция салды. 2012 жылы Қазақстан Республикасының мүддесіне төленген тікелей төлемдер 14,2 млрд.доллар болса 2012 жылы Қазақстандық тауарлармен қызметтерді сатып алуға 1,8 млрд.долларды құрады. ТенгисШевройлдың 50%, Қарашығанақ кен орнының 18%, Каспи труба концорциумның 15%, Атырау полиэтилензауытының 100% акциясын ұстап отыр. Қызметкерлердің 95 пайызы Қазақстандықтар.
4	Eurasian National Resources Corporation	Кен өндіру және металлургия өнеркәсібі	Eurasian National Resources Corporation минералдық ресурстарды өңдеу, энергетикалық және логистикалық кәсіпорындардың кешенді топтарының әлемдік үздіктерінің бірі болып саналады. 2010 жылы компанияның ЖІӨ-ге үлесі 3% құрады.Кәсіпорында жалпы 70000-жұмысшылардың 65000-нан көбі Қазақстанда.
5	Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.	Мұнай және мұнайгаз өнеркәсібі	Қарашығанақ кәсіпорындарының табысты жұмыс жасауда «Би Джи Групп» (29,25%), «Эни» (29.25%), «Шеврон» (18%), «ЛукОйл» (13,5%), «ҚазМұнайГаз» (10%) мұнай компанияларының жоғары кәсіби біліктілігі және көп көлемдегі өндірістік тәжірибелеріне байланысты. Қарашығанық әріптестері кен орындарының қорларын максимальды тиімді пайдалануда ішкі және сыртқы мүмкіндіктерді рационалды қолданады.
	HSBC Bank Kazakhstan	Банктік қызмет көрсету	Әлемдік ең ірі қаржылық ұйымдардың бірі Қазақстанда 1998 жылдан қысмет көрсетеді 700-аса қызметкерлері бар.
6	Metro Cash & Carry	Сауда	2008 жылы жаһандық дағдарыс кезінде Европадағы көптеген филиалдарын жауып, Қазақстан, Ресей және Вьетнам елдерінде филиалдарын аша бастады. Жалпы пайдасының 80-пайызын осындай шетелдерден табады. Қазақстанда 2000-ға жуық қызметкерлері бар.
7	Microsoft	Ақпараттық технологиялар	Қазақстанда 2002 жылдан бастап қызмет етеді. Небары 30-дай жұмысшысы бар әлемдік үздік ІТ компаниясы Қазақстан нарығында осы саланың дамуына түрткі болды. ІТ технологиялары мен жоғарғы техникалар, ІТ өнімдер мен осы саладағы сауатты ашуға ат салысуда. Microsoft сарапшыларының есебі бойынша ІТ саласына салынған әрбір 1 доллар басқа салаға салынған 15 доллардың тиімділігімен бірдей деп санаған.

Кесте 21 – жалғасы

8	Philip Morris International	Табака	Қазақстан нарығында 1993 жылдан бері жұмыс жасайды және оның 6 филиалы бар. Осы жылдар ішінде Қазақстан экономикасына 400 млн.доллардан аса инвестиция салынды. Сонымен қоса ең ірі салық төлеушілердің бірі болып саналады, аталмыш кезең ішінде мемлекетке 1,1 млрд.доллар салық төлеген. Біліктілікті арттыруда отандық мамандарға 15 млн.доллардан аса инвестиция жұмсады. Жұмысшылар саны 900.
9	TeliaSonera	Телекоммуникация	Қазақстан нарығында 1998 жылдан бері қызмет етеді. Акциялардың 51% Швецияның Fintur Holding ұстаса Қазақтелеком АҚ үлесінде. 2010 жылға дейін отандық экономикаға 1.7 млрд.доллар инвестиция жасап, 1.8 млрд доллар салық төледі. Қазақстанда компанияда тікелей 1400 қызметкер болғанымен жанама түрде 40000 аса жұмыс орындарын ашты.
10	Petro Kazakhstan	Мұнай және мұнайгаз өнеркәсібі	«ПетроҚазақстан» вертикалды құрамдағы мұнай-газ топтар, акционерлері «Қытай Ұлттық мұнай Корпорациясы» және «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниялары болып табылады.
11	СНПС Ақтөбе мұнайгаз	Мұнай және мұнайгаз өнеркәсібі	Өндірістік-шаруашылық қызметтегі 15 жыл ішіндегі өндіріске тартылған инвестициялар көлемі 6,27 млрд.долларға жетсе, 2012 жылдың өзінде «СНПС Ақтөбе мұнайгаз» өндірістік көлемі 517 810 млн.тенгеге тең келген.
Ескерту: Компаниялардың ресми ақпараткөздері негізінде автормен құралған.			

Ел Президентінің жанында Шетел Инвесторлары Кеңесі деген негізгі үлкен аппарат бар. Мұнда Қазақстан экономикасында қызмет жасайтын әлемнің ең ірі 29 ТҰК-лар мүшелік етеді. Кеңестің негізгі мақсаты Қазақстанда инвестициялық климатты жақсарту, инвестициялық тартымдылықты арттыру Қазақстандық үлесті арттыру іс-шаралары жүргізіледі. Және осы іс-шаралары жоғарыда аталған ТҰК-лар қатысуымен шешеді.

Тіпті Қазақстан Республикасының шикізаттық емес секторына инвестицияларды тарту туралы мемлекеттік жоспарында әлемнің 159 ТҰК – ларын тарту жоспарланған (Қосымша Ә).Бейресми деректер бойынша Қазақстан экономикасында 2000 – нан аса ТҰК филиалдары орналасқан. Алайда тағы бір айтакетерлік жағдай ол әлемнің ең ірі 100 ТҰК –ларының 45 Қазақстан экономикасында жұмыс жасайды(Қосымша А). Ұйымдастырушылық формалары да әртүрлі олар филиалдарын ашу немесе басқа формаларда мысалы үкіметпен келісім, екі жақты келісім шарттар бойынша, өкілетті кәсіпорын, бірлескен кәсіпорындар,дистрибьютерлер т.б. Бұлда ұлттық мүддемізді қорғауда қалт жіберуге болмайтын бір жағдай. Сонымен қоса

Эксперт аналитикалық агентінің деректеріне сүйенсек сату көлемі бойынша Қазақстандағы ең ірі 20 компанияның тізімі берілген (Қосымша Б). Мұнда 10 мұнай компаниялары ал жалпы 15 шетелдік компаниялардың филиалдары немесе өкілеттері екендігін көруге болады. Бұлда әліде болса ел экономикасында шетелдік өндірістің үстемдігін көрсетеді.

3.2 Қазақстанда өндірістің трансұлттануын жетілдіру жолдары

Жүргізілген зерттеу барысында шетелдік капитал ел экономикасын ойдағыдай реформалау үшін пәрменді ниеттендіруші уәжі мен тетігі болғандығы белгілі болды. Инвестицияларды құю көп қырлы жүзеге асырылды, сол себепті біз оларды келесідей тәртіппен жүйелеп топтастырдық: ұйымдастырушылық, құрылымдық, технологиялық, институционалдық және инновациялық сипаттағы инвестициялар деп.

Қазақстан экономикасына инвестициялау процесі салдарларының ұйымдастырушы-ниеттендіруші сипаты, біздің көзқарасымыз бойынша, мыналардан көрінеді: біріншіден, ел экономикасына келіп түсетін шетелдік капитал капиталды қабылдаудың қажетті ұлттық тәртібін құру үшін импульс болды. Сонымен, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қажетті құқықтық базаның болмауы осы процесті тежеді. Соның ішінде, бірінші қабылданған шетелдік инвестициялар туралы заң басқа заңдарға сәйкес келмеді, айталық, жер қойнауы туралы, валюталық реттеу туралы және т.с.с., сол себепті оларды қысқа мерзімде әзірлеу мен қабылдау қажеттілігі туындады.

Қазақстан Республикасында қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру мен нығайту міндеті көптеген нормативті актілерді қабылдау мен нормативті құжаттарды айтарлықтай сәйкестендіруді талап етті. Сол арқылы заңдық-құқықтық база жетілдірілді, бірнеше келесідей үкіметтік құжаттар қабылданды: ҚР «Шетелдік инвестициялар туралы» заңы (1994 жылдың желтоқсаны), ҚР «Тікелей шетелдік инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» заңы (1997 жылдың ақпаны), ҚР «Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы» заңы (2001 жылдың қаңтары), «Инвестициялар туралы» заңы, оны қабылдаумен заңдық негізде отандық және шетелдік инвесторлар үшін тең жағдайлар бекітілді.

Екіншіден, шетелдік инвестициялау процесі институционалды сипаттағы белсенді қайта құруларды талап етті. Басқаша айтқанда, республикада субъектілік және объектілік қатынастарды қалыпқа келтіретін жаңа құрылымдық құрылымдар жүйесі құрылды. Сонымен, осы процесті басқару жүйесін құруға аса қажеттілік туындап, Қазақстанға құқықтық алаңды құру қиындығын бастан кешіруге тура келді. Шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттік (ШИҰА), Президент жанындағы Қазақстанның шетелдік инвестициялар жөніндегі комитеті (ҚШИК) іспетті институттарды қалыптастыру эволюциясын, Эксимбанктің қызметтері мен құрылымдық бөлімшелерін реттеуді еске түсіру жеткілікті болып саналады.

90-жылдардың ортасынан бастап Қазақстан Республикасында осы аймақта келесідей ұйымдастырушылық-құқықтық кадамдар жасалды: Инвестициялар жөніндегі ҚР Мемлекеттік комитеті құрылды, ол одан кейін ҚР ІІМ-дің қол астына беріліп, соңында ҚР Индустрия және сауда министрлігіне берілді; Қазақстан Республикасының «Шетелдік инвестициялар туралы» келесідей заңдары қабылданды: 1994 жылы «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы», 1997 жылы инвесторлар үшін жеңілдіктерді белгілеуді реттейтін, салық жүйесін жетілдіретін бірнеше нормативті-құқықтық актілер қабылданды, 2002 жылы ҚР «Инвестициялар туралы» заңы Парламентке бекітілуге ұсынылды. Кейінірек құқық алаңында Инвестициялар жөніндегі комитет, Казинвест, инвестициялық қорлар және т.б. пайда болды.

Капиталды қабылдаудың ұлттық тәртібінің қалыптасуы мен экономиканың реформалануына қарай инвестициялық алаң да кеңейе түсті, және де ішкі институционалдық инвесторлардың активтері өсе түсті, айталық, екінші деңгейдегі банктердің, жинақтаушы зейнетақы қорларының, сақтандыру ұйымдарының және инвестициялық қорлардың активтері арта түсті. Бағалы қағаздар нарығында жаңа институционалды инвесторлар – жинақтаушы зейнетақы қорларының (ЖЗҚ) пайда болуы ішкі жинақ ақшаларды жұмылдыру механизмін институционалдандыруға мүмкіндік берді. Зейнетақымен қамсыздандыру саясатын одан әрі жетілдіру барысында жинақтаушы зейнетақы қорлары ең ірі деген ұлттық қорларға айналады. Елдің ішкі нарығында инвестициялық ресурстардың бірнеше ірі потенциалды көздері қалыптасты, олар: Қазақстанның Даму банкі, екінші деңгейдегі банктердің депозиттік шоттарындағы ақша қаражаттары, зейнетақылық және өзге де қаржылық активтер.


Қазақстан Республикасы халқының әл-ауқатының артуы тұтынушылық сұраныстың артуына мүмкіндік берді, сол арқылы экономиканың өсу факторларының бірі ретінде көрінді. Бүтіндей экономиканың қарқынды өсуі отандық компаниялардың өсу келешегі үшін жақсы жағдай жасады, бұл республиканың қор нарығын дамыту үшін жағымды конъюнктура болып табылады.

Инвестициялық процестерді жандандыру тенденциясын орнатуға іскер белсенділіктің артуы, елдегі қолайлы инвестициялық ахуал, сыртқы және ішкі нарықтардағы конъюнктураның жақсаруы, сонымен қатар елдің қаржылық институттарының нығаюы жағдай туғызды.

Қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру мен нығайту, қазақстандық экономиканың энергетика саласындағы белсенді халықаралық ынтымақтастық пен Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің тиімді қызметінің нәтижесі жиынтығында Қазақстан мен әлемдік экономикалық қауымдастық арасындағы инвестициялық сенімділік шараларын жасау бойынша ортақ стратегиясындағы негізгі шаралар болып саналады.

Республикаға инвестициялау процесінің әлеуметтік-экономикалық нәтижелерінің құрылымдық сипаты тым көп қырлы болып табылады және негізгі оң бағыттары төмендегідей көрсетілген.

Бірінші бағыт. Қазақстандық экономиканың оңды жақтарын 1998-2012 жылдары ЖІӨ-нің табиғи көлемі 1,8 есеге артқанынан, ал ЖІӨ-нің ортажылдық өсімі 9,1% құрағандығынан байқауға болады. Бірақ та 2008 жылы әлемдік қаржылық дағдарыстың әсер етуі салдарынан ЖІӨ-нің өсуі болжалды 5-7%-ға қайшы келіп, 3,5%-ды ғана құрады.



Сурет 12- ЖІӨ нақты өсім динамикасы, 2000-2012 жылдар

Ескерту – [84] негізінде автормен құрастырылған

ЖІӨ-нің өсу көрсеткіштерінің 2009 жылы төмендеуі өнеркәсіп өнімдерінің өсу қарқынының бәсеңдеуіне, құрылыс көлемдерінің қысқаруына және негізгі капиталға инвестициялар көлемінің төмендеуіне байланысты болды.

Екінші бағыт. Шетелдік инвестициялау процесі белгілі бір шамада қалыптасып келе жатқан ел экономикасының құрылымын, өнеркәсіптің салалық құрылымын және өзге де салаларды айқындады. Экономиканың белсенді өсуі кезеңінде, соның ішінде ЖІӨ деңгейінің артуы, бірінші кезекте, елдегі мұнайгаз секторының, шикізаттық салаларының қарқынды дамуына және құрылыстың өсуіне байланысты екендігін атап өту керек. Мысалы, 2012 жылы мұнайгаз секторының жалпы қосылған құны ЖІӨ құрылымында 18,7%-ды құраса, шикізаттық сектордың жалпы қосылған құны, соның ішінде ауыл шаруашылығы мен балық шаруашылығы - 5,7%-ды және өнеркәсіп - 28,1%-ды (оның ішінде кен өндіру - 15,1% және өңдеуші өнеркәсіп - 11,5%) құрап, ЖІӨ құрылымында 33,9%-ды құрады.

Әлемдік нарықтардағы мұнай өнімдеріне және шикізатқа жоғары бағалармен қатар Қазақстандағы ЖІӨ-нің нақты өсіміне соңғы жылдары құрылыс пен қызмет көрсетулер секторының дамуы, дәлірек айтқанда, көлік қызметтерінің, жылжымайтын мүлікпен операциялардың және қаржылық қызметтердің дамуы мүмкіндік туғызды:

- құрылыс секторының жалпы қосылған құны ЖІӨ-нің жалпы құрылымында 2000 жылғы 5,2%-дан 2012 жылғы 9,4%-ға ұлғайды;

- қызметтер көрсетудің жалпы қосылған құны 2000 жылғы 48,4%-дан 2012 жылғы 54,2%-ға ұлғайды. Оның ішінде қаржылық қызметтердің ЖІӨ-і сол көрсетілген кезеңде 3,1%-дан 5,9%-ға дейін артты. Сонымен қатар көлік қызметтерінің ЖІӨ-нің жоғары өсімі де байқалуда, ол орта есеппен алғанда 9-10%-ды құрады, және де көрсетілген кезеңде жылжымайтын мүлікпен операциялар 14-15%-ды құрады.

Сонымен бірге көрсетілген кезең ішінде ЖІӨ құрылымындағы ауыл шаруашылығының үлесі кеміп келе жатқандығын атап өту керек. Мысалы, оның үлесі 2000 жылы 8,11%-ды, ал 2012 жылы 5,7%-ды құрады. Өнеркәсіп жағын да алып қарайтын болсақ, ЖІӨ құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіп үлесі 2000 жылы 16,5%-ды және 2012 жылы 11,5%-ды құрағандығы байқалды. Бұнда ЖІӨ құрылымындағы кен өнеркәсібінің үлесі 2001 жылғы 11,4%-дан 2012 жылғы 18,6%-ға дейін арту тенденциясы бар. Ең жоғарғы өсім 2001 жылы байқалып, 13,5%-ды құраса, ең төменгісі – 2008 жылы 3,2%-ды құрады.

Өсімге республиканың барлық экономика салалары дерлік дамуының негізінде қол жеткізілді, соның ішінде: кен өнеркәсібі (отын-энергетикалық пайдалы қазбаларды (көмір, мұнай, газ) өндіру); металл рудаларын өндіру (темір, мыс, алюминий, қорғасын, мырыш, марганец, хром); басқа да салалар (мрамор, гранит, әк, бор, құм, балшық, тұз, асбест) – 14%-ға, өңдеуші өнеркәсіп – 15%-ға, құрылыс – 27,4%-ға және қызмет көрсетулер секторы – 12,3%-ға артты. Бұнда ауыл шаруашылығы бүкіл көрсетілген 2000-2012 жылдар кезеңінде ең жоғарғы өсімді 17,1%-ды көрсетті.

Дегенмен, 2007 жылдан бастап ЖІӨ-нің табиғи көлемінің 8,9%-ға дейін өсуінің бәсеңдеуі байқалуда, және ол 2008 жылы 3,2%-ға дейін біршама төмендеді. Бұл жағдай әлемдік ипотекалық дағдарысқа байланысты болды, ол 2007 жылы басталып, 2008 жылы әлемдік қаржылық дағдарысқа ұласып кетті. 2007 жылдан бастап құрылыстың төмендеуі орын алды, ол 2006 жылғы 36,4%-дан 2007 жылы 16,9%-ға дейін және 2008 жылы 1,9%-ға дейін кеміді. Соның нәтижесінде, құрылыс секторының жалпы қосылған құны ЖІӨ құрылымында 2008 жылы 8,2%-ды құрады. Сондай-ақ қызмет көрсету секторының өсу қарқынының кенеттен төмендеуі байқалды, ол 2007 жылғы 13,2%-дан 2008 жылы 4,4%-ға дейін төмендеді. 2010 және 2011 жылдары экономикалық өсу 7 пайызды құраса 2012 жылы 5 пайызды қанағат тұтты.

Кесте 22- Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнеркәсіп өндірісінің нақты көлемінің индекстері, өткен жылға пайызбен

Көрсеткіш	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
ЖІӨ	109,8	113,5	109,8	109,3	109,6	109,7	110,7	108,9	103,2	101,2	107,3	107,5	105,0
Ауыл шаруашылығы, аң аулау, орман шаруашылығы, балық аулау	96,8	117,1	103,2	102,2	99,9	107,1	106	108,9	94,4	114,6	88,3	126,8	82,2
Кен өндіру өнеркәсібі	121	114	115,9	110,2	113,4	102,7	107	102,6	105,3	107,2	107,2	101,0	100,2
Өңдеу өнеркәсібі	117,4	115	108,1	107,9	109,2	107,6	108,1	107,8	97,5	97,1	113,9	107,7	100,7
Электр энергиясын, газ бен суды өндіру және тарату	105,8	108,6	101,9	110,3	102	104,4	102,8	109,2	106,4	99,0	104,9	108,6	107,3
Құрылыс	114	127,4	119,5	109,8	114,4	139,5	136,4	116,9	101,9	106,1	104,7	108,4	100,6
Қызмет көрсету саласы	108,4	112,3	109,8	111	110,8	110,4	110,9	113,2	104,4	106,7	105,2	104,3	105,6
Ескерту: [84] бойынша автор құрастырған													

Жалпы алғанда, Қазақстанда және бүтіндей әлемде де тұтыну деңгейінің төмендеуі республикада ішкі нарық үшін де, экспорт үшін де өндірілетін өнімге сұраныстың төмендеуіне әкеліп соқтырды. Соның салдарынан 2008 жылы өңдеуші өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, орман шаруашылығының және балық аулау өндірісінің көлемдерінің төмендеуі байқалды. Өңдеуші өнеркәсіптің дамуын 2000 жылдан бастап 2012 жылға дейін қарастыратын болсақ, 2007 жылға дейін табиғи көлем индексінің орташа өсу қарқыны жылына 10%-ды құрағандығын, бірақ та 2008 жылы 2,3%-ға төмендеу байқалғанын көруге болады. Бұл бірнеше факторларға байланысты болды, соның ішінде энергия ресурстарына, металдарға әлемдік бағалардың төмендеуі және әлемдегі жалпы экономикалық жағдай да әсер етті.

Сонымен, 2012 жылы ЖІӨ-нің жалпы құрылымында шикізаттық сектордың жалпы қосылған құны, оған ауыл шаруашылығын қосқанда, 5,2%-ды құраса, өңдеуші өнеркәсіп 11,4%-ды құрады. Бұнда кен өндіру өнеркәсібі 2010 жылы табиғи көлемінің 5,3%-ға артуын көрсетіп қана қоймай, ЖІӨ-нің жалпы құрылымында 18,6%-ды құрады.

2012 жылы өңдеуші өнеркәсіптің жалпы өндіріс көлемінің жартысына жуығы дерлік (45,4%) металлургияға (41,7%) келеді және дайын металл бұйымдарының өндірісі (3,7%) болды. Негізінен, осы берілген өнім шикізатқа жататындығын, немесе төменгі деңгейде өңделген өнім болып саналатындығын атап өту керек, бұл Қазақстан экономикасының пайдалы қазбаларды өндіруге жоғары тәуелділігін көрсетіп, ғылыми сыйымды өндірістердің төмен деңгейде екендігін білдіреді.

Сонымен қатар атап өтетін болсақ, табиғи көлемнің жинақталған индексі 2000 жылдан бастап 2008 жылға дейін осы өндіріс бойынша келесідей болды: металлургия өнеркәсібі бойынша – 22% және дайын металл бұйымдары өндірісі бойынша – 23%.

Өңдеуші өнеркәсіп құрылымында екінші орынды азық-түлік өнімдерінің өндірісі иеленеді, бұған сусындар мен темекі өндіру де (22,4%) кіргізілген. Осы өндіріс бойынша 2000 жылдан бастап 2012 жылға дейін жинақталған табиғи көлем индексі – 94%-ды құрады. Одан кейін машина құрылысы (8,8%), кокс, мұнай өнімдері мен ядролық материалдар өндірісі (7,0%), өзге де металл емес минералды өнімдердің өндірісі немесе құрылыс материалдары өндірісі (6,3%), химия өнеркәсібі (3,3%) тұрды.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген салаларға өңдеуші өнеркәсіптің барлық өндірісінің 93,2%-ы келеді. Қалған 6,8%-ы целлюлоза-қағаз, ағаш өңдеу, тоқыма, тері илеу тәрізді салаларға және т.б. жатады.

2000-2012 жылдар аралығында салалардың бүтіндей дамуын қарастыра отырып, азық-түлік, целлюлоза-қағаз өнеркәсібі мен өзге де металл емес минералдық өнімдердің (құрылыс материалдарының) өндірісі 2008 жылға дейін орташа өсу қарқынын көрсеткенін айтуға болады. Бірақ та 2008 жылы осы салаларда төмендеу байқалды, бұны келесі 21-кестеден көрнекі түрде көруге болады. Айталық, мынадай салалар бойынша: азық-түлік өнеркәсібі 0,3%-ға,

целлюлоза-қағаз өнеркәсібі 3,5%-ға, өзге де металл емес өнімдер 23,4%-ға төмендеді.

Қарастырылып отырылған кезеңде тоқыма өнеркәсібінде, ағаш өңдеу мен ағаштан бұйымдар жасау өндірісінде жылдан жылға өсу мен құлдырау секірістері орын алды, бұны осы салалардың дамуының тұрақсыздығынан көруге болады. Бұған қоса 2008 жылы өткен жылғымен салыстырғанда аталған салаларда табиғи өндіріс көлемінің индексінің өсуі, соның ішінде: тоқыма өнеркәсібі 14,1%-ға, ағаш өңдеу мен ағаштан бұйымдар жасау 10,5%-ға артуы байқалды.

Бүтіндей алғанда өңдеуші өнеркәсіптің құрылымы 2012 жылы 2000 жылмен салыстырғанда белгілі бір өзгерістерге ұшырағанын атап өту керек. Оны төмендегі берілген диаграммадан көруге болады.

Мысалы, 2012 жылы өңдеуші өнеркәсіп өндірісінің құрылымында төмендегідей бірнеше салалардың өндіру үлесінің ұлғаюы байқалуда:

- машина құрылысы – 3,3%-ға, яғни 5,5%-дан 8,8%-ға дейін (көлік құралдарының өндірісін іске қосу есебінен және кен өнеркәсібі үшін машиналар мен құрал-жабдықтар өндірісін ұлғайту есебінен);

- химия өнеркәсібі – 1,2%-ға, яғни 2,1%-дан 3,3%-ға дейін (сілтілер, минералдық химиялық тыңайтқыштар, фармацевтика өнімдерін өндіруді, цемент, құрылыс ерітінділері немесе бетондар, бояулар мен сырлар үшін қосымшаларды арттыру есебінен);

- құрылыс материалдары – 4,6%-ға, яғни 1,7%-дан 6,3%-ға дейін (құрылыс материалдары өндірісінің артуы құрылыс секторының қарқынды дамуына байланысты болды);

- целлюлоза-қағаз өнеркәсібі – 0,5%-ға, яғни 1,6%-дан 2,1%-ға дейін (қағаз бен картон, дәрет қағазы, кітаптар мен кітапшалар және т.б. өндіру көлемін ұлғайту есебінен);

- дайын металл бұйымдары – 2,4%-ға, яғни 1,3%-дан 3,7%-ға дейін (құрылыс жинағының металл конструкцияларын, орталықтан жылыту үшін, қазандықтарды, цистерналарды, бәктерді және канистрлерді, қара металдан раковиналар мен қол жуғыштарды өндіруді арттыру есебінен);

- резеңкелік және пластмассалық бұйымдар – 1,3%-ға, яғни 0,5%-дан 1,8%-ға дейін (трубалар, резеңке мен пластмассадан шлангілер; плиталар, қабаттар, пленкалар, фольгалар және пластмассадан жолақтар; полиэтиленнен қаптар мен сөмкелер; есіктер, терезелер, есіктерге арналған қоробкалар, терезе жақтаулары, есіктер үшін кіреберістер, жалюзилер өндірісінің көлемін ұлғайту есебінен).

Бұған қоса 2008 жылы бірнеше салалар бойынша төмендеу орын алды, атап айтқанда: азық-түлік өнеркәсібі 28,7%-дан 22,4%-ға дейін - 6,3%-ға; кокс, мұнай өнімдері 8,4%-дан 7%-ға дейін - 1,4%-ға; металлургия 43,8%-дан 41,7%-ға дейін – 2,1%-ға; тоқыма өнеркәсібі 4,3%-дан 0,7%-ға дейін төмендеді.

Осы аталған салалардың өңдеуші өнеркәсіптің жалпы көлеміндегі шығару үлесі өндіріс көлемін қысқарту есебінен емес, 8-9 жыл бойы қарқынды дамып келе жатқан өңдеуші өнеркәсіптің өзге де салаларымен салыстырғанда

біршама аз өсу қарқыны есебінен болғандығын атап өту керек. Өндіріс көлемінің артуы қарастырылып отырылған салалар үшін табиғи көлем индексінің «оң» мәнін көрсетеді.

Үшінші бағыт. Шетелдік капиталды тарту арқылы Қазақстан «кесірлі шеңберді» бұзып-жарып қана қоймай [79], халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуға бар күш-жігерін салды. Келіп түсетін шетелдік инвестициялардың үлкен мөлшері экономикаға валюталық түсімдердің ұзақ мерзімді қайнар көзі ретінде қызмет етеді. 2003 жылы олардың таза көлемі 2,2 млрд. долларына жетті, 2012 жылы – 8,5 млрд. долларын құрады. Бұдан басқа шетелдік капитал қызмет көрсетулер импорты мен сыртқы қарызға қызмет ету секілді экономикалық операцияларды қаржыландырудың маңызды көзі болып саналады. Біруақытта экспорттаушылардың кірістерін арттыру мен импорт мөлшерін азайту девальвация төлем балансын қалыпқа келтіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ белсенді ынталандыру кезінде импортты алмастыру мен ұлттық өндірушілерді қолдау саясатын біруақытта өндірістерді экспортқа бағыттаумен жүргізу де өз нәтижесін бермек.

Жүргізілген инвестициялау саясаты бірнеше «өсу нүктелерін» іздестірумен жалғасты, онда келесідей өндірістердің жандануы мен шаруашылық белсенділігі өсіп келе жатқандығы бақыланып отырылды:

- ұзақ мерзімді пайдаланылатын тауарлар өндірісі мен азық-түлік өнеркәсібі (өндірісі қатаң ресурстық шектеулерге ұшырамаған тауарлар топтары бойынша);

- қаржылық жағдайы жақсарған салалар, бұлар, ең алдымен, отын және мұнайгаз өнеркәсіптері. Әлемдік қуат көзі нарықтарындағы қолайлы конъюнктура да оң әсер етті;

- ұзын өндірістік циклы бар кәсіпорындар.

Төртінші бағыт. Инвестициялау салдарларына қазақстандық экономиканың интернационалдануы процестерін күшейту де жатқызылды. Ол отандық нарықта біріккен кәсіпкерлік секілді жаңа құрылымдық құрылымдарды құрудан көрінді. Шетелдік капиталдың қатысуымен түрлі нысандағы кәсіпорындарды құру арқылы ТҰК Қаржы-өнеркәсіптік топтары, концерндер, халықаралық корпорациялар тәрізді біріккен құрылымдарға ену.

Бесінші бағыт. Осының арқасында Қазақстан әлемдік нарықтағы өз позициясын нығайтты, ол халықаралық экономикалық қатынастардың толыққанды және мықты субъектісі ретінде көзге түсті. Осындай бірізді шаралар Қазақстанға инвестициялық ахуалының тартымдылық деңгейі бойынша рейтингісінде әлемде аса жоғары орынды иеленуге мүмкіндік туғызды.

Қазақстан әлем елдерінің ішінде тез дамып келе жатқан елдердің бірі болып саналады. Сонымен, 2012 жылы әлемдік ЖІӨ-нің 3,8%-ға өсуі кезінде (БҰҰ есептеулері) қазақстандық экономиканың өсу қарқыны 5%-ды құрады. Бұдан басқа Қазақстанға Орталық Азия аймақтарына тартылған барлық шетелдік инвестициялардың 80%-дан астамы келеді. Қазақстан соңғы жылдары ТМД елдерінің арасында жан басына шаққандағы тікелей шетелдік

инвестициялардың көлемі бойынша бірінші орында тұр. Бүтіндей алғанда экономикаға шетелдік инвестицияларды тарту деңгейі бойынша Қазақстан посткеңестік кеңістікте көшбасшы елдердің бірі болып табылады. Сонымен, 1993 жылдан 2012 жылға дейін Қазақстан 171,1 млрд.доллары мөлшерінде тікелей шетелдік инвестицияларды тартты немесе халықтың жан басына шаққанда 10 мың доллардан асады.

Қазақстан ТМД елдері арасында халықтың жан басына шаққандағы тартылатын шетелдік инвестицияларының көлемі бойынша жетекші орынды иеленеді. Жыл сайынғы тікелей шетелдік инвестициялардың жиынтық көлемі орта есеппен алғанда ЖІӨ-нің 8%-ы деңгейінде сақталады. Қазақстандағы қолайлы инвестициялық ахуалға келесідей жолдармен жетуге болады: саяси тұрақтылық пен болжалымдылықты сақтау; нарықтық қайта құруларға бағытталған реформаларды жақтау саясатын жүргізу және әлемдік экономикаға біріккен демократиялық зайырлы мемлекетті құру.

Шетелдік капиталдың қарқынды енуінің және капиталды тарту бойынша реципиент елдің өзімен жүргізілетін саясаттың нәтижесінде Қазақстанның потенциалы нығайды. Бірігу құбылыстары капиталдың келуі мен шығуына мүмкіндік берді, бұл туралы мәліметтер төмендегі келесідей 21-кестеде келтірілген.

Кесте 23– ҚР-на тікелей шетелинвестицияларының жалпы ағымы, 2004-2012 жылдар

Көрсеткіштер	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
Жалпы ағым	8 317	6 619	10 624	18 453	19 809	18 428,8	17 353,4	21 232,9	22500
Сыртқы ағым	425	307	1 292	2 635	4 239	3400	3400	3567	3700
Ескерту – [85] бойынша автор құрастырған									

Шетелдік инвестициялардың келуінің арқасында қысқа мерзімді кезеңде теңгенің тұрақтылығы нығайды. Жыл сайын Қазақстанға шығатын шетелдік валютаға қарағанда келіп түсетіндердің көлемі анағұрлым артып келеді, яғни долларға деген сұраныстан ұсыныс асып түседі, бұл олардың шектен тыс көп екендігін білдіреді. Мысалы, 2003 жылы сыртқы сауда және инвестициялық операциялар барысында ұсыныстың сұраныстан асып түсуі 1,5 млрд долларды құрады, ал 2004 жылы – 4 млрд доллар болды. Ұсыныс сұраныстан анағұрлым асады, осы арқылы теңгенің нақты бекітілуін ынталандырады. 2000 жылдан кейін ЖІӨ-нің жылдық орташа 9% деңгейіне өсуімен сипатталған экономиканың қарқынды өсуі елдің инвестициялық ахуалының жақсаруына жағдай туғызды. Осы уақыт кезеңінде сырттан қарыз алу да, ішкі инвестициялар да артты. Кең түрдегі инвесторлық база эмитенттер тарапынан ұсынысқа жоғары сұранысты кепіл етеді. Ең алдымен, бұл экономикалық саясатты ырықтандыру, яғни ұлттық нарықтарды ашу мен тікелей шетелдік инвестициялардың барлық түрлері үшін және бизнесті ұйымдастырудың барлық нысандары үшін еркін тәртіпті енгізу. Әлемдік тәжірибеден көрініп тұрғандай, әлемнің барлық елдері өз инвестициялық ахуалын инвесторлар үшін

тартымдырақ ету үшін жаңа заңдарды қабылдауда және реттеу нормаларын іске асыруда. Өз инвестициялық тәртіптеріне өзгерістер енгізген елдер саны: 2000 жылы – 70, 2005 жылы – 92, 2006 жылы – 91, 2007 жылы – 58, 2010 жылы – 74 ел. Бұнда, тиісінше, сонымен қатар ТШИ үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған реттеу тәртіптеріне 150, 203, 177, 98 және 149 өзгерістер енгізілді.

Бұдан басқа 20-дан астам елдер ТШИ көбірек тарту мақсатында компания кірістеріне салынатын салық мөлшерлемелерін төмендетті. Латын Америкасы мен Африканың бірқатар елдерінде шетелдік инвестицияларды реттеу тәртібін, әсіресе табиғи ресурстар саласында қатандату бойынша бірнеше саяси өзгерістер жүзеге асырылды.

Түрлі халықаралық келісімдер, әдетте, мазмұны жағынан күннен күнге күрделірек және кешендірек болып келеді, оларға көбінесе инвестициялармен байланысты бұрын қарастырылмаған мәселелерге қатысты ережелер енгізіледі. Халықаралық инвестициялық келісімдер санының артуымен қатар инвесторлар мен мемлекеттер арасындағы келіспеушіліктер де жиі ұшырасады.

Шетелдік инвесторлар тікелей инвестицияларды емес, қоржындық инвестицияларды жүзеге асыруға ынталы болып келеді. Мысалы, Ресейде шетелдік салымдардың үштен екісі – бұлар қоржындық инвестициялар. Тікелей инвестициялар үштен бірден аспайды, олардың ішінен 70%-ы шикізаттық салаларға салынады да, ал қайта өңдеуші салаларда (орман химиясы, қара және түсті металлургия, мұнайды қайта өңдеу, станок салу, энергетикалық машина құрылысы және т.с.с.) шетелдік капитал салымдары мүлде жоқ немесе өте аз мөлшерде ғана[77].

Жалпы алғанда, дәл осындай жағдай басқа да посткеңестік мемлекеттерде де орын алған: шетелдік инвесторлар біздің еліміздің экономикасын дағдарыстан құтқарады деген сенім-нанымнан толығымен арылды. Тәжірибе жүзінде дәлелденгендей, шетелдік инвесторлар өз қаражаттарын экономиканың артта қалған салаларына салғысы келмейді және де олар аз дамыған мемлекеттердің экономикалық дамуына қолдау көрсетудің жоғары идеясы үшін шығындалғысы келмейді.

Жалпы экономикалық әдебиеттерде және зерттеушілердің түрлі нәтижелері бойынша өндірістің трансұлттануының соның ішінде ТШИ қабылдаушы мемлекеттің ұлттық экономикасына әсері әртүрлі деңгейде әсер етеді деп қорытындалады. Мысалы Воренстейн пайымдауынша ТШИ жағымды әсері сол экономикадағы жоғары білікті мамандардың көп болуына байланысты [80] десе Баласабруманиан және басқалары ТШИ тиімділігі мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатына соның ішінде экспорттық потенциалына тікелей қатысты деп тоқталды [81]. Ал Гарвард университетінің профессоры Алфаро өз кезегінде капитал қабылдаушы мемлекетте ТШИ тиімді нақтырақ айтқанда жағымды болуы осы елде ТШИ тартылып жатқан салаларға тікелей байланысты яғни капитал сыйымды салаларда инвестициялар еңбек сыйымды саладан әлдеқайда тиімді әрі ұлттық экономиканың қарқынды өсуіне алып келеді деп дәлелдеді. Тіпті кейбір сала инвестициялары ұзақ мерзімде экономикаға теріс әсерінде тигізіп жатады [82].

Біз осы зерттеуімізде Алфароның қағидасын ұстанып БҰҰ нұсқауы бойынша салаларды жіктеп келесідей эконометрикалық модель құрастырдық. Бастапқы (primary) салаға ауыл шаруашылығы, кен өндіру және шикізаттық сала қамтылады. Өңдеуші салада өңдеу өнеркәсібі толық қамтылса қызмет көрсетуде аты айтып тұрғандай қызметтің барлық түрлері. Біз моделіміздің тиімділігін арттыру мақсатында есептеуде ос жоғарыда аталған көрсеткіштердің салыстырмалы көрсеткіші ретінде жұмыс күші қатынасына шаққандағы деңгейімен алдық. Яғни әрбір жұмыс күшіне шаққанда.

$$GDP = \alpha_1 + \alpha_1 * IP + \alpha_2 * IM + \alpha_3 * IS + \varepsilon$$

Мұнда:

GDP- жалпы ішкі өнім

IP – бастапқы (шикізаттық) салаға салынған ТШИ

IM – өңдеуші салаға салынған ТШИ

IS- қызмет көрсету саласына салынған ТШИ

Кесте 24 – Моделдің берілуі, ТШИ және ЖІӨ 2012 млн.доллар

	<i>IP</i>	<i>IM</i>	<i>IS</i>	<i>GDP</i>	<i>Ln(IP/L)</i>	<i>Ln(IM/L)</i>	<i>Ln(IS/L)</i>	<i>Ln(GDP/L)</i>
1993	921,50	44,70	305,20	11 404,30	11,79	8,77	10,69	14,31
1994	410,10	58,70	190,90	11 881,80	11,04	9,10	10,28	14,41
1995	477,80	239,50	267,00	16 639,70	11,20	10,51	10,62	14,75
1996	729,50	534,40	409,80	21 036,40	11,63	11,31	11,05	14,99
1997	1 318,90	370,10	418,00	22 165,20	12,22	10,95	11,08	15,05
1998	548,30	102,70	581,70	22 136,20	11,40	9,73	11,46	15,10
1999	1 403,20	169,30	279,60	16 871,90	12,35	10,23	10,73	14,83
2000	2 039,30	246,90	495,60	18 292,40	12,70	10,59	11,29	14,90
2001	3 093,90	642,70	820,00	22 152,10	13,04	11,47	11,72	15,01
2002	2 125,80	832,40	1 148,10	24 636,40	12,67	11,73	12,05	15,12
2003	2 189,90	1 000,70	1 433,90	30 832,80	12,66	11,87	12,23	15,30
2004	5 245,80	525,20	2 546,30	43 150,10	13,50	11,20	12,78	15,61
2005	1 797,80	310,80	4 510,00	57 123,70	12,42	10,66	13,34	15,88
2006	2 589,00	648,50	7 386,20	81 003,50	12,76	11,38	13,81	16,21
2007	5 543,10	1 066,50	11 842,90	104 853,50	13,50	11,85	14,26	16,44
2008	3 523,20	1 925,60	14 311,00	133 440,70	13,01	12,41	14,42	16,65
2009	4 382,80	1 795,20	12 839,20	115 306,10	13,23	12,33	14,30	16,50
2010	5 032,60	2 129,40	11 897,20	148 052,40	13,34	12,48	14,20	16,72
2011	4 075,60	2 921,30	14 059,00	186 586,60	13,09	12,76	14,33	16,91
2012	4 404,20	1 874,40	16 190,70	199 499,10	13,16	12,30	14,46	16,97

$$GDI = 9.54 - 0.18 * IP + 0.14 * IM + 0.54 * IS + \varepsilon$$

Мұнда шығатын қортынды, жалпы модель бойынша статистикалық мәндері $R^2=0.96$, Стандарттық қате деңгейі $=0.17$. Модельдің мәні ретінде әрбір жұмысшыға салынатын ТШИ 1% өсуі жалпы ЖІӨ осындай қатынасын немесе еңбек өнімділігін 0.18% азайтады. Ал өндеу өнеркәсібі бойынша әрбір жұмыс күшіне салынған инвестициялар әрбір жұмысшының үлесіндегі ЖІӨ –ді 0.14% және сәйкесінше қызмет көрсету саласынан 0.54% өседі. Яғни капитал сыйымдылығы жоғары салалар экономиканың өсуіне оң ықпалын ғана емес қарқынды түрде жағымда әсер ететінін аталамыз.

3.3 Өндірістің трансұлттануын жетілдіру және оның жағымсыз әлеуметтік-экономикалық салдарларын жою жолдары

Біріншіден, тартылатын шетелдік капитал құрылымы жағынан күрделі болып табылады, және де оның тартылатын нысандары мен түрлерін үйлестіруге байланысты өсу, экономикадағы қайшылықтар тәрізді әртүрлі нәтижелерді алуға болады.

Егер де шетелдік капиталды тарту ел үшін ең күрделі және бүркемеленген нысандардан тұратынын атап айтатын болсақ, артық айтқандық болмайды. Бұл шетелдік капитал ел экономикасына ене отырып, ең күрделі түр өзгерісіне ұшырайтындығын білдіреді, ол елдер арасындағы байланыстардағы оның мәні мен рөліне байланысты болады.

Тікелей шетелдік инвестициялар тәрізді капиталды тартудың осындай нысандарымен шетелдік инвесторларды маневрлеу ел қауіпсіздігі процестерін күрделендіре түседі. Олар мемлекеттің кепілдік етуінің объектісі болып саналмайды, бірақ олардың өндірісті басқарудың барлық деңгейлеріне қатысу деңгейі жоғары болады және де белгілі бір деңгейден өту кезінде саладағы барлық маңызды позицияларды ел жоғалтып алуы мүмкін. Сондай-ақ, қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді несиелер арасындағы арақатынасты үйлестіре білу қажет. Бұнда капиталды беру шарттарын есепке алу маңызды болып саналады.

Жүргізілген зерттеу барысында біз келесідей қайшы зардаптарды анықтадық, оларды ұйымдастырушылық, құрылымдық, технологиялық, институционалдық және инновациялық сипаттағы оң әсерлер деп жіктеуге болады.

Салдардың ұйымдастырушылық сипаты сипаттамалардың кең көлемін ұсынады, олардың арасынан, ең алдымен, мыналар бөлініп көрсетілген: біріншіден, шетелдік инвестициялау салдарынан қазақстандық кәсіпорындардың төмен деңгейде қатысуын көрсеткен қазақстандық мазмұнның төмен деңгейі, сонымен қатар кәсіпорындар қызметтерінің ішкі нарықтың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға бағытталуы. Соның әсерінен, қазақстандық құраушылардың үлесі өте төмен болып қалуда[78]. Төменде 2008 жылдағы ҚР мұнай нарығындағы ірі компаниялардың үлесін кескіндейтін мәліметтер келтірілген.

Екіншіден, шетелдік капиталдың ел экономикасына ену деңгейі аса маңызды болып саналады. Мысалы, оның стратегиялық маңызды салаларға аса көп енуі ұлттық қауіпсіздік үшін, тіпті, мемлекеттік басқару мен реттеуді ауыстыруға дейін қауіп-қатер тудыруы мүмкін. Экспорттық кірістер қазақстандықтардыкі болып атаулы түрде саналады, нақты жағдайда олар республикадағы мұнай өндірумен айналысатын шетелдік фирмалардың пайдасы болып табылады.

Капиталдың жоғары деңгейде енуінің болуы кезінде елдің өз мүдделерін қорғау аса қиынға түседі, ал шетелдік капиталдың тартылатын нысандары инвесторларға, ең алдымен, жоғары өтімділік, табыстылық, салынатын капиталдың тез қайтарымдылығы және т.с.с. ізін қууға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, айқын бағыттары жоқ ел сол немесе өзге де салаларға қаржы салатын шетелдік инвестордың айдауына түсе отырып, өзіне «голландтық ауру белгілерін» қамтамасыз етуі мүмкін. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұндай жағдай Қазақстан экономикасында байқалуда.

Бұндай шешім әлемдік капиталды пайдалана отырып, Қазақстанның реформа барысында күйреген салалар құрылымының алдын-ала алмағандығынан және тек қана кен өнеркәсібіне сала отырып, оны бір бағытта дамытудан шығара алмағандығынан жасалып отыр. Сол себепті инвестициялау нәтижесінде олар шикізаттық бағыттың алдын ала алмады.

Төртіншіден, Қазақстанға жөні түзу шетелдік инвесторлардың келуі де үмітті ақтамады. ҚР-да бүтіндей алғанда 1999 жылы 1500 шетелдік компаниялар жұмыс істеген. Олардың көпшілігімен келісім-шарттар бұзылуда, себебі инвесторлардың едәуір бөлігі өз міндеттемелерін орындамаған. Мысалы, Жаңажамбылдық фосфор зауытында (ЖФЗ) тәуелсіз жылдар аралығында 6 басқарушы инвестор ауыстырылды, Қарағанды металлургия комбинаты төрт рет қожайындарын өзгертті. Өз кезегінде, бірнеше инвесторлар Қазақстан үкіметін келісім-шарттың шарттарын әдейі бұзды деп айыптауда және де халықаралық соттар арқылы келтірілген зардаптардың орын толтыруға айтарлықтай өтемақылар талап етуге ұмтылуда. Сонымен, 2000 жылы Қазақстанның оңтүстігіндегі газды көлік жүйесінің концессиясын иеленуші бельгиялық «Трактебель» компаниясы Стокгольм сотына арыз берді.

Барлық ірі дерлік кәсіпорындар шетелдік капиталдың концессиясына берілгеніне қарамастан, елдегі жағдайдың түбегейлі өзгеруі болған жоқ. Қазақстан халқы «барлық табиғи монополияларды бөліп алған батыс компанияларына аса қайшы көзқараспен қарайды».

Бұдан шығатын қорытынды осы саланы және шетелдік инвестицияны тарту саясатын одан әрі реформалау қажеттілігі туындайды, бұнда ішкі тұтынуға жұмыс істейтін артта қалып келе жатқан салаларды әлемдік деңгейге дейін жеткізу үшін бірізділікпен жаңартудың және алға тартудың маңызды қаржыландыру көзі бола білетін бірінші кезектегі экспорттық салаларды жаңашылдандыруға және импортты алмастыратын салаларға бағытталу жүзеге асырылуы тиіс.

Қайшы зардаптардың құрылымдық сипаты, сондай-ақ, келесідей топтастыруға болатын бағыттардан тұрады:

- қазіргі уақытта ұлттық экономиканың салалары бойынша инвестициялық белсенділіктің тұрақты әркелкілігі байқалуда, 18 және 19 суреттерді қараңыз.

Келтірілген мәліметтер инвестицияларды тартудың 10 жылы ішінде ел салаларының құрылымында түбегейлі қайта құрулар орын алмағандығын суреттейді. Бұрынғысынша, басымдылықты салалар ретінде мұнай және табиғи газды өндіру (негізгі капиталға инвестициялардың жалпы көлемінің 33,9%-ы), жылжымайтын мүлікпен операциялар (21,1%), көлік пен байланыс (14,8%), өңдеуші өнеркәсіп (10,4%) салалары қалуда.

Қазақстан Республикасына ТШИ-дің жалпы ағынында олардың кен өнеркәсібіне жоғары деңгейде шоғырлануы орын алды. ТШИ-дің негізгі көлемі минералды-шикізат кешеніне бағытталды. Мысалы, 2002 жылы мұнайгаз саласына 3,3 млрд. долларынан астам (74%) салынды. Геологиялық және іздестіру қызметіне ТШИ көлемі шамамен 500 млн. долларын (10%), құбыр бойынша тасымалдауға 125 млн. долларынан (3%) астамын құрады.

Бұнда мұнайгаз өнеркәсібі мен кен металлургия кешені өнеркәсіптің ең ірі және қарқынды дамып келе жатқан салалары болып табылатындығын атап өту керек. Мұнайгаз саласында мұнай өндірудің өсімі тұрақты қамтамасыз етіледі, пайдалануға экспорттық мұнай құбыры Теңіз-Новороссийск (КТК) берілді. Каспий теңізінің қазақстандық қайраңында (шельф) ең ірі деген мұнайгаз кен орны ашылды, түсті металдардың негізгі түрлерін өндіру мен қара металлургия прокатының көлемін өндіру қалыпты түрде өсе түсуде. Сонымен қатар газ саласын 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы және елдің минералды-шикізат кешенінің ресурстық базасын дамыту бағдарламасы қабылданды.

Сонымен, Қазақстанның 100 ірі инвесторлар компанияларының салалық құрылымын сату көлемі бойынша ірілендіріп талдау негізінде мұнайгаз өнеркәсібіне (кен өндіру саласына) ең көп деген ірі инвестор кәсіпорындар саны келетіндігін көруге болады.

Отын-энергетика мен минералды-шикізат кешендерінің салаларында инвестициялық белсенділік ақырғы тұтыну өнімдерін өндіретін экономиканың нақты секторының көптеген кәсіпорындарында анағұрлым жоғары болып табылады.

Бүтіндей алғанда Қазақстанда халық табысын айтарлықтай поляризациялау байқалуда. Ал, халық табысын айтарлықтай поляризациялау ұлттық экономиканың өсуінің кертартпа факторы болып табылатындығы ғылыми дәлелденген. Егер де Қазақстан экономикасына бағытталған халықтың жан басына шаққандағы тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) бүтіндей жан басылық көлемін және ғылымдағы, білім берудегі және әлеуметтік саладағы халықтың жан басына келетін ТШИ-дің жиынтық ағынымен салыстыратын болсақ, онда орнықсыз және жыл сайынғы тұрақсыз динамиканы көруімізге болады.

ҚР экономикасына инвестициялар ағынының белгілі бір оң динамикасына қарамастан, инвестициялар құрылымында айтарлықтай өзгерістер болмай отыр.

Мұнай мен табиғи газды өндіру инвестициялардың өңдеуші өнеркәсіпке қарағанда негізгі капиталға орасан зор үлесін тартады. Қазақстан экономиканың мұнайгаз және металлургия секілді секторларында ірі коммерциялық жобаларды жүзеге асыруға қажетті аз көлемдегі жинақтар мен жеткіліксіз ішкі инвестициялардың салдарынан шетелдік инвестицияларға тәуелді болып саналады.

Жалпы жинақтар көлемі негізгі капиталға инвестициялар көлемімен салыстырғанда мардымсыз қарқынмен өсуде. Бұдан басқа индустриалды стратегияны жүзеге асыру инвестициялардың көбеюіне және жаңа қаржы құралдары көздерінің пайда болуына әкеліп соқтырады, олардың көпшілігі шетелдік болып табылады (Стратегияны жүзеге асыруға инвестиция көлемі жылына 1,2 млрд долларға жетеді, мемлекеттік қаражаттар 2002 жылғы бағалармен айтқанда 260 млн долларды құрайды). Сонымен, инвестициялық «гэп» көбею тенденциясын алуда.

Экономикада ішкі қаржылық қаражаттардың тапшылығы мен сапалы еңбек ресурстарының жетіспеушілігі орта мерзімді келешекте төлем балансындағы ағымдық шоттың мүмкін нашарлауын білдіреді, себебі шетелдік инвесторларға табыстарды төлеу есебінен, инвестициялық сипаттағы тауарларды импорттау есебінен, сонымен қатар шетелдік жұмысшыларға еңбекақы төлеу есебінен капиталдың шығуы жүретін болады.

Сонымен, 2007 жылдың сәуір айында ҚазМұнайГаз ЖШС БК «Қазгермұнай» мен холдингілік CCEL («Қаражанбасмұнай» АҚ иеленеді) компанияларының 50%-дық үлестерін сатып алды. Бұл сатып алу бойынша келісім ҚазМұнайГаз БӨ компаниясын Қазақстанда мұнай өндіру бойынша екінші орынға бір-ақ шығарды. Келісім сомасы 969 миллион долларын құрады.

Сатып алған кезден бастап ҚМГ БӨ тиесілі Қазгермұнай компаниясының жалпы өндіруден үлесі 2012 жылы 1570 мың тонна мұнайды құрады. ҚМГ БӨ сатып алғаннан кейінгі бір жыл ішінде Қазгермұнай компаниясынан 375 млн. доллары мөлшерінде дивиденд алды. ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру АҚ-ның депозитарлы жазбаларының мақсатты бағасы - 17,00 доллар, оны біз дисконтталған ақша ағындары үлгісінің (DCF) негізінде есептеп шығардық. Үлгі негізіне келесідей деректер салынған: Brent маркалы шикі мұнайдың 2009, 2010, 2011 және 2012 жылдардағы ортажылдық бағалары, тиісінше, бір баррельге \$52.50, \$70, \$80 және \$90 болса, 2009, 2010, 2011 және 2012 жылдардағы теңгенің/АҚШ долларының ортажылдық курсы, сәйкесінше, бір АҚШ долларына 151.25, 160.00, 150.00 және 150.00 теңге. Компанияның басты бөлімшелері - ӨзенМұнайГаз бен ЭмбаМұнайГаздың мұнай өндіру мен сатудың ортажылдық төмендеу қарқыны – жылына 3% деңгейінде. 2009-2012 жылдары экспорттық баж салығын алмастыратын Ренталық салықтың мөлшерлемесі 17-21% деңгейінде қалады, пайдалы қазбаларды өндіруге салық мөлшерлемесі 2009-2012 жылдары - 15%, күрделі қаржы шығындары 2010-2012

жылдары – жылына 300 млн доллар деңгейінде; дисконттау мөлшерлемесі - 15%; постболжалды кезеңде өсу қарқыны - 0% болады.

Бұндай үлгі компанияның тәуелді және бірігіп бақылайтын кәсіпорындарының – ҚазГермұнай мен CCEL (ҚаражанбасМұнай) капиталына қатысудан болатын мүмкін ақша ағындарын ескермейді. Компания осы кәсіпорындардың түсімдерін өз қаржылық есеп берулерінде көрсетпей, оларды үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алады. ҚазГерМұнай мен CCEL компанияларының ақша ағындары дивидендтер түрінде берілуі мүмкін, оларды алдын-ала болжау мүмкін емес. Бұл жерде сонымен қатар МаңғыстауМұнайГаз (51%), ПетроҚазақстан (33%), ҚазақОил Ақтөбе (50%) және ҚазТүрікМұнай (50%) компанияларындағы үлестерін мүмкін сатып алудан түсетін потенциалды ақша ағындары да есепке алынбайды. ҰК ҚазМұнайГаз бас компаниясынан ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру АҚ-ына аталған үлестерді беру шарттары мен келісімдері қалай жүргізілетіндігі жөнінде мәліметтер жоқ. Аталған компаниялар бұқара халықтық емес, сол себепті олардың ақша ағындарын есептеуге мүмкіндік жоқ.

ҚазМұнайГаз Барлау Өндіру АҚ-ның депозитарлы жазбаларын бағалаудың осындай үлгісінің тәуекелдері мыналардан тұрады, бірақ олармен шектелмейді: шикі мұнайға нақты әлемдік бағалардың болжалды бағалардан мүмкін ауытқулары; шикі мұнайды өндіру мен сатудың нақты көлемдерінің болжалды көлемдерден ауытқуы; нақты орташа тиімді салық мөлшерлемелерінің болжалды салық мөлшерлемелерінен ауытқуы; нақты капиталдық шығындар сомаларының болжамды сомалардан ауытқуы; капиталға қатысқаны үшін талап етілетін сыйақыны өзгерту (дисконттау мөлшерлемесін өзгерту). Аталған факторлардың әсерінен болжалды теориялық баға көп жағына қарай да, аз жағына қарай да ауытқуы мүмкін.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ы «Қазгермұнай» Біріккен кәсіпорны» ЖШС-на қатысудың 50%-дық үлесін сатып алу шарттарын айқындайтын сатып алу-сату келісім-шартына қол қойды. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-мен келісім-шартқа «Қазгермұнай» БК ЖШС-на 25%-дық қатысу үлесі бар RWE Dea AG компаниясы, 17,5%-дық қатысу үлесі бар EEG-ERDGAS ERDOL (Gaz de France еншілес компаниясы) және 7,5%-дық қатысу үлесі бар International Finance Corporation қол қойды. Осы келісім нәтижесінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «ПетроҚазақстан Құмкөл Рисорсиз» АҚ-мен паритеттік негізде ҚМГ иеленетін болады. Келісім нәтижесінде «ҚазМұнайГаз» өз ресурстық базасын ұлғайтады, ал Үкімет Құмкөл кен орны тобына әсер етудің қосымша құралын алады.

Инвестициялау салдарының қаржылық аспектісі Қазақстан Республикасы экономикасына шетелдік капиталды тарту барысында елден табысты тікелей де, жанама да әдіспен алып шығарудың белгілі бір каналдары анықталғанын көрсетті.

2001-2012 жылдар аралығында трансферттік бағалардан жоғалтулар, есептеулер бойынша, 14999,9 долларын құрады.

Жылдам ырықтандырумен ағымдық есептің нашарлауы мүмкін болуда, себебі экспорттық түсімдердің қайтарымсыздығы (капиталдың бейресми кетуі), шетелдік инвесторлар табыстарының елдеріне кетуі потенциалды түрде арта түседі.

Статистикаға сәйкес Қазақстанда жыл сайын тікелей инвесторлар табысы түріндегі капиталдың кетуі тауарлар мен қызметтер экспортының шамамен 10%-ын құрайды.

Тікелей шетелдік инвестициялар көлеміндегі тікелей инвесторлар табыстары үлестерінің ұлғаюы орын алуда: 2002 жылы – бұл көрсеткіш 47%-ды құраса, 2003 жылы – 66%, 2004 жылы – 41% болды. Басқаша айтқанда, Қазақстанға шетелдік инвестициялардың шамамен 50%-ы экономикадағы шетелдік валютаның көлемін қысқарта отырып, тікелей инвесторлар табыстары түрінде Қазақстаннан шығарылады.

«Қателер мен жіберілімдер» түрінде берілген капиталдың шығуы сауда балансының профициті артуымен өсе түскенін атап өту керек. Басқаша айтқанда, экспорттық табыстардың өсуі капиталдың бейресми кетуі түріндегі капиталдың шығуына жағдай жасайды. Экспорттың негізгі бөлігін отын-энергия тауарлары алатынын ескерсек, ал осы тауарлар категорияларын өндіретін компаниялар халықаралық консорциумдар мен шетелдік инвесторларға тиесілі екендігін ескеретін болсақ, осыдан-ақ экспорттық табыстардың үлкен үлесі экономикаға түспейтіндігін білуге болады. Деректер бойынша 2004 жылы 59,22 млн тонна мұнай мен газ конденсаты өндірілген, бірақ та, жалпы өндірілген көлемнің тек 14%-ы ғана «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясымен өндірілді. Басқаша айтқанда, экспорттық түсімдердің қайтарымсыздығы жөнінде орнықты алғышарттар бар деген сөз.

Сонымен, ырықтандырумен қаралған валюталық құндылықтармен операцияларды лицензиялау тәртібін толығымен алып тастау капиталдың шығуын қосқандағы күмәнді келісімдердің көлемін потенциалды арттырады.

Бұнда ырықтандыруды жүргізу аясындағы күмәнді келісімдерді бақылау жүйесі жасалып, жетілдіріле түскеніне қарамастан, осындай келісімдер ұлғая түсуде.

Бұдан басқа капиталдың миграциясымен байланысты тағы да бір зардаптардың бірі – елден капиталдың кетуі болып табылады. Қазақстаннан қаржылық қаражаттардың біршама көлемде кетуі («капиталдың қашуы») – бұл ұлттық экономикалық қауіпсіздіктің ең күрделі мәселелерінің бірі болып саналады. «Капиталдың қашуы» әртүрлі нысандарда және әртүрлі каналдар бойынша жүзеге асырылады. Біріншіден, ол қолма-қол ақша түрінде іске асырылуы мүмкін. Сонымен, қаражаттардың ресми кету нысаны шетелдік банктердің шоттарына коммерциялық банктердің едәуір мөлшердегі сомаларды аударуы болып табылады. Бейресми каналдар да бар, мысалы, экспорт кезінде бағаларды төмендету және импорт кезінде бағаларды көтеру арқылы. Әдетте, қолдан жасалған баға мен нақты баға арасындағы айырма шетелдік серіктестермен батыс банктердегі қазақстандық бизнесмендердің шоттарына аударылады. Көбінесе, импорттық аудару деп аталатынның кейде ешқандай да

импорт сипаты болмайды. Егер де сауда балансы қайшы болғандығын ескеретін болсақ, алдын-ала болжам бойынша жіберуге болады, және осы кезде сыртқы қарыз өсе түссе, онда тіпті қаржы қаражаттарының ресми кетуі 1993 және 1994 жылдары 3-4 млрд доллардан кем емес болды. Капиталдың көп бөлігі Қазақстаннан түрлі оффшорлы аймақтарға кетуде және кетуін жалғастыруда. Қазақстандық экспорт көлемі бойынша (Ресей мен Қытайдан кейін) әрқашанда Бермуд және Виргиния аралдарына шығатыны кездейсоқ еместігі жайдан жай емес. Осы қаражаттардың бір бөлігі есепке алынбаған импортты төлеуге кететіндігін болжауға болады. Дегенмен, егер қаражаттардың Қазақстаннан бейресми шығатынын да бағалайтын болсақ, онда капиталдың кетуінің жалпы мөлшері бәрібір жоғары болады. Сол себепті капиталдың шығуы Қазақстан экономикасына үлкен зиян келтіреді және де капитал салымдарын қысқартудың маңызды себептерінің бірі болып табылады, бұдан шығатыны, экономикалық құлдыраудың да себептері болып саналады.

Сарапшылардың мәліметтері бойынша жыл сайын мұнай инвестицияларының жалпы көлемінен шамамен он миллиард доллары бізде өндірілуі әбден мүмкін тауарлар мен қызметтердің орнына әкелінетін тауарлар мен қызметтерге айырбас ретінде республикадан «шекара асып» кері қарай кететін болады. 2015 жылға қарай бұл «кету» 100 миллиард долларды құрауы мүмкін! Ел бюджетінен тысқары кететін жылына он миллиард доллар – бұл өте таңғаларлық сан. Салыстыру үшін келтірсек: біздің Қытаймен өткен жылғы тауарайналымымыз сегіз миллиард долларды құрады.

Сыртқы қарыз бен осыған байланысты әлемдік несие берушілермен есептесу қажеттілігі кейбір қазақстандық кәсіпорындар үшін оларды реформаторлық жүйені, әсіресе, қаржылық саладағы реформаторлық жүйені ұстап тұруға мәжбүрлейтін, тәртіпке шақырушы фактор болып қалғандығы айдан анық, дегенмен тартылған ресурстарды тиімді пайдалану мәселесі сол күйінде қалып отыр.

Шетелдік капиталды тарту экономикалық қауіпсіздіктің басты қатерлерінің бірі болып табылатын сыртқы қарызды тудырудың негізі болып табылады. Егер қарыз ресурстары, әсіресе, экспортқа жұмыс істейтін салаларға озық технологияларды енгізу үшін белсенді пайдаланылатын болса, онда ол қауіп тудырмайды. Ол қарызды өтеу үшін валюталық түсімнің көзі болып табылады және экономиканы құрылымдық қайта құрудың катализаторы болып саналады. Егер де сырттан қарыз алу артта қалған өндірістерді қолдауға және ағымдық тұтынуға бағытталатын болса, онда бұл қатер көзі бола бастайды. Тікелей сыртқы қарыздың жалпы сомасы 1994 жыл соңында 2,7 млрд долларға бағаланды, бұл ЖІӨ-нің 28%-ын құрады. Бұл шама сол кезеңдерде жалпы алғанда Қазақстан экономикасының қарқынды дамуы жағдайында қалыпты деп саналып, оның қауіпсіздігі үшін аса қобалжуды тудырмады. Дегенмен, ресми деректер бойынша 1999 жылдың 31 желтоқсанында-ақ Қазақстанның «жалпы сыртқы қарызы» 7,893 млн долларды немесе ел ЖІӨ-нің жартысын (49,9%) құрады. Бұдан «мемлекеттік және мемлекетпен кепілдік етілгендер» – 4 млрд долларды құрады. Қазақстанның әрбір тұрғынына есептегенде бұл 527

долларды құрады. 1999 жыл ішінде қарыз 330 млн долларға қысқарды, бірақ бұл қысқару оның «мемлекеттік бөлігіне» тиіспеді [86].

1992 жылы КСРО барлық қарызды өзіне алған нөлдік нұсқадан кейін Ресей, Қазақстан жыл сайын қарызға 1 млрд доллардан алды. 2000 жылғы 5 мамырда Ұлттық банк ХВҚ алдындағы қарызын мерзімінен бұрын және толығымен өтейді (400 млн. доллары). Бұл тезисті Президент Н.Назарбаев та: «біз жақын арада ХВҚ барлық қарыздарды мерзімінен бұрын қайтардық ... бұл тарихтағы осыған ұқсас жағдайдың екінші рет орын алуы (бірінші жағдай Оңтүстік Кореяда болған)» деп қайталап айтты.

Бірақ та, бір аптадан кейін Қазақстан 350 млн доллар мөлшерінде 7 жылдық қарыздық еурооблигацияларының кезекті пакетін шығару жөнінде жариялады. Осымен біруақытта дерлік үкімет Қазақстанға Азия даму банкімен (АДБ) берілетін 400 млн долларына қарыз туралы келісім-шарт жасасты.

Сонымен, бір қарызынан құтыла отырып, Қазақстан үкіметі қайтадан қарыз алады. Бар болғаны 1999 жылы-ақ Қазақстан 500 млн доллары сомасына еурооблигацияларды шығарып орналастырды. 2000 жылдың наурыз айында Қазақстанның БҰҰ-ны қосқанда түрлі халықаралық ұйымдар алдындағы 20 миллиондық қарызы сақталып қала берді. 80-нен астам осындай құрылымдардың мүшесі бола отырып, Қазақстанға мүшелік жарналарын төлеуге оңай соқпайды, әрі уақтылы төлеп отыруға шамасы келе бермейді. Көп еңбек кеткен келіссөздердің арқасында қазақстандық Сыртқы істер министрлігі ҚР-ның БҰҰ-ға жарна пайызын 0,35%-дан 0,048%-ға дейін төмендете алды. Халықаралық еңбек ұйымы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікке республика толыққанды серіктес бола алмай, ресми түрде дауыс беру құқығынан айрылды.

Сонымен, қарыз динамикасының ерекшелігі оның құрылымының өзгеруі, оның жаңадан құраушылармен толықтырылуы болып саналады. Соның ішінде, дәстүрлі қарыздарға – Париж клубы санатындағы халықаралық қаржы ұйымына (үкіметаралық келісім-шарттар бойынша несиелер) және Лондон клубы санатындағы халықаралық қаржы ұйымына (шетелдік коммерциялық банктер несиелері) қоса бүгінде жаңа қарыздар да қосылды. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

- соңғы жылдары орналастырылған еурооблигациялар бойынша қарыз,
- ішкі қарыздың валюталық облигациялары бойынша (бейрезиденттер),
- мемлекет кепілімен алынған несиелер бойынша кәсіпорындардың мерзімі өтіп кеткен сыртқы қарызы,
- ГКО бойынша ішкі қарызды интернационалдандыру (ішкі және сыртқы қарыз арасындағы шекті жою).

Жағдай былай болатын: экономика қарызын өтеу үшін жұмыс істеуін барған сайын арттыра бастады. Жаңадан тартылған несиелер өндірісті дамытуға және жаңартуға емес, бұрын алынған несиелерді өтеу үшін жұмсалды.

2000 жылдан бастап жағдай түбірімен өзгерді. Қазақстан жоғары даму қарқынын көрсете бастады, елдің жағдайы дұрысталып, қарыз мәселесі шешіле

бастады. Мысалы, 2008 жылдың аяғында Қазақстан Республикасының жалпы сыртқы қарызы 107,8 млрд долларға бағаланды (2007 жыл соңында ол 96,9 млрд доллар құраған болатын), осылайша ол ЖІӨ-ге қатысында 81,5%-ды құрады.

Қазақстан резиденттерінің қарыздық міндеттемелерінің құрылымындағы қысқа мерзімді қарыздың үлесі (1 жылға дейінгі бастапқы өтеу мерзімі бар міндеттемелер) 2012 жылғы 12,3%-бен салыстырғанда 9,9%-ды құрады. Үкімет пен Ұлттық Банк міндеттемелерінен тұратын мемлекеттік сыртқы қарыздың үлесіне жалпы сыртқы қарыздың жалпы көлемінің 2%-дан азы келеді, яғни ол 1,7 млрд долларды құрайды. 2010 жылдың екінші жартысынан бастап банк секторының сыртқы міндеттемелерін қаржыландыру ағынын кенеттен қысқартудан және өтеу бойынша едәуір көлемдегі төлемдерді азайтудан банк секторының қарыз деңгейі 2008 жылдың ортасына дейін өзгеріссіз қалды деп айтуға болады. 2008 жылдың ортасынан бастап республиканың банк секторының сыртқы міндеттемелері төмендей бастап, 2012 жылдың аяғында 39,2 млрд долларға бағаланды немесе жалпы сыртқы қарыз көлемінің 36,4%-ын құрады (2007 жылдың соңында сәйкесінше 46 млрд доллар немесе 47,5%). Банк секторы қарызының құрылымында ұзақ мерзімді міндеттемелер (1 жылдан аса бастапқы өтеу мерзімі бар міндеттемелер) басым түседі, олардың банктердің борыштық міндеттемелерінің құрылымындағы үлес салмағы 2012 жылдың соңында 92%-ды құрады (2011 жыл соңында 86,6%).

Жеке банктік емес сектордың сыртқы қарызы 2012 жылдың соңында 67 млрд долларды құрады, ол бір жыл ішінде 17,5 млрд долларға артты. Осы қарыздың жартысынан астамы тікелей инвестициялау операцияларына байланысты міндеттемелерге, яғни фирмааралық қарызға келеді. 2008 жылдың соңындағы жағдай бойынша бейрезиденттер алдындағы фирмааралық қарыздың көлемі 36,9 млрд долларға бағаланды немесе жалпы сыртқы қарыз көлемінің 34,2%-ын құрады (2011 жыл аяғында 30,1 млрд доллар немесе 31,0%). Аффилиирленбеген (неаффилированными) несие берушілер алдындағы сыртқы міндеттемелер 2012 жылдың басынан бастап 10,7 млрд долларға артты және 2012 жылдың соңында 30 млрд долларды немесе жалпы сыртқы қарыз көлемінің 27,9%-ын құрады, бұнда осы соманың төрттен бір бөлігіне жуығы, негізінен, сауда несиелеріне байланысты қысқа мерзімді міндеттемелерге келді.

2012 жылы елдің орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешегінде төлемқабілеттілігінің индикаторы ретінде дәстүрлі түрде қарастырылатын сыртқы қарыздың параметрлеріне қатысты жақсару орын алды. Соның ішінде, жалпы сыртқы қарыздың ЖІӨ-ге қатынасы 2012 жылдың соңында бір жыл бұрынғы 92,1%-бен салыстырғанда 81,5%-ды құрады. Тауарлар мен қызметтер экспортының (ТҚЭ) өсу қарқынының артуы жалпы сыртқы қарыздың ТҚЭ-ға 141,2%-ға біршама жақсарғанын көрсетті (2011 жыл аяғында 186,7%) және жалпы сыртқы қарызды өтеу мен оған қызмет көрсету бойынша төлемдердің ТҚЭ-ға 40,8%-ға жақсарғанын көрсетті (2011 жылы 48,3%).

Дегенмен, шетелдік инвестициялаудың оң әлеуметтік-экономикалық

зардаптарын қалыптастыруға және қазақстандық нарықтың әлемдікке ойдағыдай бірігуіне жоғарыда аталғандардан басқа экономиканың дамуына қайшы әсер ететін бірнеше объективті шектеу факторлары қарсы әрекет етеді. Олардың қатарына мыналар жатады:

- Қазақстан ТМД елдері арасынан ең жоғарғы рейтингілік бағаға ие бола отырып, жоғары инвестициялық мүмкіндіктері және сыртқы қарызды төлеуге тұрақты мүмкіндіктері бар елдерге жатпайды.

- Инвестициялық процестерді реттеу аймағындағы заңдылықтың кемшіліктері, біздің көзқарасымыз бойынша, инвестицияларды, әсіресе, шетелдік инвестицияларды тартудағы, тиімді және ұтымды пайдаланудағы аймақтық факторды толығымен елемеу болып табылады.

- Аймақтық инвестициялық бағдарламаларды жасауда, ірі инвестициялық жобаларды қабылдау мен жүзеге асыруда, шетелдік қатысумен (әсіресе экспортқа бағытталған салаларда) кәсіпорындар қызметін ынталандыру мен реттеуде аймақтардың төмен рөлі мен қызметтері заңмен айқындалмаған, сол себепті шектелген.

- Аймақтық және жергілікті билік органдары шетелдік инвесторлардың инвестициялық және кәсіпкерлік қызметіне әсер етудің нақты нарықтық тетіктерін иеленбейді. Әсіресе шикізатты өндіру салаларына маманданған аймақтарда бұл кемшілік айқын білінеді.

- Аймақ территориясындағы пайдалы қазбалардың кен орындарын барлау мен пайдалану туралы, шетелдік серіктестермен өнімді одан әрі бөлісу туралы барлық дерлік келісімдер мен шарттар аймақтық билік органдарының қатысуынсыз орталықтанған түрде шешіліп отырылады.

Стратегиялық жағынан маңызды салаларға шетелдік инвестицияларды тарту туралы мәселені осындай мемлекеттік жолмен шешу өзін-өзі ақтады, әсіресе экономиканы нарықтық қайта құрудың бастапқы кезеңінде жақсы нәтиже берді. Бірақ та, тәжірибеден белгілі болғандай, шетелдік инвестицияларды аймақтық орналастыру, көбінесе, аймақтық қажеттіліктерді ескерусіз жүзеге асырылып отырылды, ал аймақтағы шетелдік инвесторлардың мүдделері аймақтың мүдделерімен және оны әлеуметтік-экономикалық дамыту бойынша аймақтық биліктердің күш-жігерлерімен сәйкес келмеді. Соның нәтижесінде, жергілікті жерлердегі шетелдік инвестициялар, әдетте, шаруашылықты пропорционалды дамыту мен ұтымды орналастыру, өндірістік, нарықтық инфрақұрылым мен тіршілік етуді қамтамасыз ету объектілерін құру, әлеуметтік саланы көтеру тәрізді аймақтық мәселелерді шешуге бағытталмады.

Сонымен қатар салық салудың сол кездегі жүйесі мен инвестициялық процестерді аймақ деңгейінде реттеу механизмдерінің болмауы жергілікті билік органдарын теңгерімді шаруашылық жүргізуді дамытуды және халықтың әлеуметтік мұқтаждықтарын қаржыландыру мүмкіндіктерінен айыруда. Осы мәселелерді шешусіз, жергілікті билік органдарының инвестициялық процестерді реттеудегі рөлін түбегейлі арттырусыз шетелдік инвестицияларды пайдалану тиімділігін көтеру, аймақтар мен ірі инвесторлардың мүдделерін келістіруді қамтамасыз ету қиынға соғады.

Қазақстандықтардың үлесінің төмен пайызда болуы аса ойландыруды талап етеді. 401 жер қойнауын пайдаланушылардан 175 компанияны тексеру барысында, соның ішінде мұнайгаз кешенінің 92 компаниясын және кен өндіру секторының 83 компаниясын бақылау кезінде 2012 жыл қорытындысы бойынша жер қойнауын пайдалану саласындағы тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің жалпы сатып алу көлемі 690 млрд теңге немесе 4 646 млн.доллары құрағандығын, ал қазақстандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтер 408,1 млрд теңге мөлшерінде немесе 750 млн.долларында болғандығын көрсетті. Жер қойнауын пайдалану саласындағы қазақстандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің үлесі 59,2 %-ды құрады.

Табиғи және өзге де ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдерде аса көп бөлігі үстеме пайдаға салынатын салыққа, бонустарға, роялти мен шикізаттық сектор ұйымдарынан роялтиге келеді.

Мысалы, 2011 жылы бонустар 951,8 млн теңгеге жетті, ал табиғи және өзге де ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер 107,1 млрд теңгеден асып түсті. Шикізаттық сектор ұйымдарымен жасалған келісім-шарттар бойынша өнімді бөлудегі Қазақстанның үлесі 10 пайыздық деңгейден айтарлықтай төмен деңгейде қалып қоюда.

2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда табиғи және өзге де ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер 12,1%-ға төмендеді, ең алдымен, роялти (79,0%-ға), бонустар (58,5%-ға) және шикізаттық сектор ұйымдарымен жасасқан келісім-шарттар жөніндегі бөлім бойынша Қазақстан Республикасының үлесі (37,3%-ға) азайды.

Табиғи және өзге де ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер құрылымында басты салық болып үстеме пайдаға салынатын салық саналады, оның үлесі 2012 жылы 42,9 пайызды құрады. Республикада үстеме салыққа салынатын салықтан түсімдердің бірқалыпты ұлғаюы сақталуда, бұны мұнайға бағаның өсуімен байланыстырады. Сонымен, 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда үстеме пайдаға салынатын салық 2,6 есеге артты.

Салық қызметінің органдары 1997 жылға дейін жасалған және жасасу күніне тұрақты салық тәртібі бар «Торғай Петролеум» АҚ-мен және «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ-мен жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары бойынша үстеме пайдаға салынатын салықты есептеу мен төлеу әдістемесін бекіту жөнінде шаралар қабылдаған жоқ. Есептік комитеттің бағалауы бойынша аталған шараларды қабылдамаудан республикалық бюджет тек қана «Торғай Петролеум» АҚ бойынша 10,3 млрд теңге мөлшерінде жоғалтты.

Мемлекет мұнай операцияларынан қосымша табыс табу мақсатында және мұнайгаз секторына салық салуды ұлғайту мақсатында 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап экспортталатын мұнайға жалгерлік салықты енгізді. Бұған қоса Салық кодексінің 304-3 бабын бұзғаны үшін Үкімет салық мөлшерлемесін анықтайтын шикі мұнайдың ұқсас сорттарының Тізімін жасаған жоқ. Сараптамалық бағалаулар бойынша көрсетілген Тізімді уақтылы жасаған

жағдайда 2011 жылдың республикалық бюджет кірісіне 1,5 млрд теңге сомасында экспортталатын мұнайға жалгерлік салық қосымша түсер еді.

Бүтіндей алғанда «ПетроҚазақстан» өзін Қазақстанда бизнес жасауға мүмкіндік берген елдің заңдарын ашық түрде сыйламайтын және барынша үлкен пайда табуға бағытталған «колониалды» компания ретінде көрсеткендігін бірнеше фактілер баяндайды. Бұл турасында компанияның кадрлық саясаты жөнінен-ақ айтуға болады (оны Шымкенттік МӨЗ-да жүздеген қызметкерлерді жұмыстан босатуға байланысты дау-дамайдан көруге болады), шетелдік басқарушылар тіпті төменгі қызметте де жұмыс атқарып, айтарлықтай үлесін иеленуде. Баспасөз беттерінен жиі көрініп тұрғандай, «ПетроҚазақстанның» жоғарғы басшылығында бір де бір қазақстандық жоқ, экономикамыздың бүгінгі даму деңгейін ескеретін болсақ, бұндай жағдайдың орын алуы көңілге қонымсыз болып саналады. Сонымен қатар ұлттық кадрларды даярлау бағдарламалары, кәсіпорындардың жұмыс істейтін аймақтардың экологиясына және өз әлеуметтік міндеттемелеріне мән беруі тәрізді мемлекетпен келісімдері ұзақ уақыт бойы «ауада қалқып» қалғанын да айтуымыз қажет. Жалпы алғанда республиканың ең ірі және ең көп халық шоғырланған аудан Оңтүстік Қазақстанның әлеуметтік мүдделерін ескермеуі және осы аймақта шетелдік компаниялардың бизнесті жүргізудің этикалық нормаларын көзді бақырайтып қойып бұзуы – бұл жай ғана орынсыз жағдай емес, ол саяси жағынан шиеленіске алып келетін оқиға болып саналады. Тек бір ғана экологиялық мәселенің өзі аймақтың әлеуметтік қызуын көтеріп жіберді. Шымкент пен Қызылордада бұл өткір мәселені қатты талқыға салуда. Шетелдік концессионердің бұл қылығын тек ас ішу кезінде ғана емес, үлкен жиналыстарда да көптеп ортаға салуда.

Компания, мәлім болғандай, факельдерде жүздеген миллион куб метр ілеспе газды жағуын жалғастыруда, сонымен бірге оның тарапынан бүгінде баспасөз беттерінде кеңінен жарияланған Қызылорданы газдандыру бағдарламасын орындамау әрекеті де орын алған. Өткен жылдың қорытындысы бойынша өндірілген газдың 71,8 пайызы факельдерде жанып кеткен. Газ турбинасы стансасын іске қосу ілеспе газды пайдаға жарату мәселесін жартылай ғана шешті. Компанияның өз газ турбиналық стансасының сепарация жасау және көгілдір отынды сығу мүмкіндігін пайдаланбайтындығы күмән келтіреді, себебі газды сығып, оны одан әрі сатып, ал қалдықтарын қайтадан жер қабатына айдауға әбден болады. Бұл инвестициялардан үнемдеудің нәтижесі екендігі айдан анық болып отыр. Бұған қоса сарапшылардың қорытындылары бойынша ілеспе газды ұтымсыз пайдалану экологияға да, Қазақстанның экономикасына да үлкен шығын келтіреді. Құмкөл газы құндылығы аса жоғары жеңіл көмірсутектердің (метан, этан, пропан, бутан және басқалары) үлкен көлемінен тұрады. «ПетроҚазақстан» жұмысының уақыты аралығында жағылған газдың жалпы көлемінен шыға отырып, Қазақстан Республикасының шығыны 235 млн долларға бағаланады.

Бұдан белгілісі, канадалық инвестордың республикадағы қызметінің ешбір әлеуметтік-экологиялық, экономикалық, технологиялық аспектілері

бүгінде мемлекеттің мүдделерімен қай жағынан алсақ та, сәйкес келмейтіндігін көрсетті. Бұл жерде жеткілікті түрдегі нақтыланған өзгертулер енгізу қажет. Бұнда мәселе, ақыр соңында, шетелдік компанияның мінез-қылығында жатқан жоқ, яғни жеке басқа қатысты мәселе орын алып жатқан жоқ, ол қандай да болсын компанияның пайда тапқысы келетіндігіне байланысты болып отыр. Тек, осындай әрекетке Қазақстанның қалай қарайтындығы бізді толғандыратыны айдан анық. Біз қандай шығындарға тап боламыз, біздің шетелдік серіктестеріміз неліктен осылай ойларына келгендерін істейді, оған не түрткі болды, басында қандай қателіктерді жіберіп алдық деген сұрақтарға жауап іздеуіміз қажет. Сол себепті инвесторға қатысты жауап ретінде заңға сәйкес келетін, сондай-ақ ақылға сыйымды, дұрыс қадамдар жасаудың кезі келді.

Шетелдік кәсіпорындар қазақстандық еңбек заңының нормаларын және жергілікті жұмыс күшін жалдауға және еңбекақыны есептеуге байланысты келісім-шарт шарттарын жиі түрде бұзады. Келісім-шарт бойынша шетелдік жұмыс күшінің нақты пайызы көбінесе онда көрсетілген көрсеткіштен асып түседі. Ал шетелдік жұмыс күшіне ұқсас дағдыларын іске асыратын, біліктіліктің күрделі және талап етілетін деңгейі бойынша жұмыстар атқаратын қазақстандық жұмысшылар болса анағұрлым төмен еңбекақы алып жүре береді. Бұл жерде Еңбек туралы кодекстің сақталуы, Кәсіпорынның еңбекті қорғау қызметі туралы типтік ережесінің, Еңбек тәртібі ережесінің, Еңбекке ақы төлеу, сыйақы төлеу және демалыс беру және т.б. туралы ережелердің сақталмауы туралы сөз болып отырған жоқ.

Бұған мысал ретінде «Шымкентмұнайоргсинтез» мұнай өңдеу зауытын, бүгінде «ПетроҚазақстан Ойл Продактсты» сатып алуды келтіруге болады. Сол кездегі «Харрикейн» зауытқа 150 млн. долларын инвестициялауға міндеттенген. Инвестицияның бір бөлігі ретінде канадалықтар астрономиялық жоғары баға – әрбірі 2,5 млн. долларына бағаланған екі жанар-жағар май құю стансасының зауытын балансқа және Қытаймен шекарадағы салынып бітпеген «Дружба» мұнай терминалын берген болатын. Бұл терминалдың құны 26 млн долларға бағаланып берілді, шын мәнінде үкіметтік комиссия оның бағасы баланстық құнынан бірнеше есе артық болып шыққандығын анықтады.

Белгілі болғандай, қазақстандық мемлекет тұрпатындағы серіктеспен осы тәріздес ойындар канадалық компания үшін қалыпты жағдай деп саналады. Үкіметтік комиссия «ПетроҚазақстан Құмкөл Рисорсизтің» экспорттық келісім-шарттарын зерттеу кезінде компанияның сыртқы нарыққа жеткізетін мұнай өнімдерінің декларацияланған құны Қазақстанның ішкі бағаларынан 39 пайызға төмен екендігін анықтады. Бұл дегеніміз 42,2 млн. долларына жуығы салық салудан сытылып кеткендігін білдіреді. Осы кездері Орта Азия елдеріндегі нарықтарда нақты бағалар қазақстандық бағалардан бір жарым-екі есе жоғары болатын. Егер де осы бағаларға сүйенер болсақ, онда Қазақстанның салық салуынан канадалықтар 63 млн. долларын шығарып үлгергендігін тұжырымдауға болады.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Рисорсиз» Торғай тобының кен орындарында өндірген мұнайын экспорттауды өзінің еншілес кәсіпорны «ПетроҚазақстан Маркетинг» арқылы жүзеге асыратынын айтып өту керек. Ол еншілес кәсіпорны Кипрде ресми түрде тіркеліп, 100 пайыздық оффшор болып табылады. «ПетроҚазақстан Маркетингтің» Қазақстан Республикасында ресми өкілдігі жоқ. «ПетроҚазақстан Құмкөл Рисорсизтің» өндіретін барлық мұнайы сыртқы нарықтарда одан әрі сатылу үшін тек қана «ПетроҚазақстан Маркетингке» сатылады. Оның қандай бағалармен сатылатыны, әрине, қызығушылықты тудырады. Соңғы уақытта «ПетроҚазақстан» өз бөлімшесі – ресейлік «Лукойлмен» біріккен «Торғай Петролеум» БК-на мұнай жеткізуді тоқтатуға байланысты корпоративті жанжалдың туындағаны белгілі. Оның неліктен тоқтатқанын, егер де екі кәсіпорынның бағаларына үңілетін болсақ, түсінуге болады. Айталық, қаңтардың қорытындысы бойынша «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» компаниясының мұнайын сатып алу бағасы 140,58 долларын құраса (ҚҚС есептеусіз), ал «Торғай Петролеум» мамандарының есептеулері бойынша ол 207,59 долларды құраған. Өткен жылы екі кәсіпорынның мұнай тоннасын бағалаудағы айырмасы бір тоннаға 91,29 долларға дейін жетті. Мұның мәнін оп-оңай түсінуге болады. Егер де «Торғай Петролеум» БК өзі шикізатының экспорттық бағасын әлемдік бағаларды негізге ала отырып бағалайтын болса, ал «ПетроҚазақстанда» ішкі корпоративті мүддені негізге алады, яғни мұнайды өз бөлімшесіне төмендетілген бағамен сатып, қаражаттардың едәуір көлемін салық салудан босатады. Салыстыру үшін қарастыратын болсақ, «ПетроҚазақстанның» ұсынған шикізатының бір тоннасына орташа баға (зауыттың ең арзан деген төрт мұнай өнімдерінің түрлері бойынша есептелген) өткен жылы 110,09 долларын құрады (ҚҚС есептемегенде), сол уақытта «Торғай Петролеум» маркетингтарының «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» шығаратын сегіз мұнай өнімдерінің түрлері бойынша есептеген орташа бағасы бір тоннасына 177,43 долларын құраған болатын.



Сурет 13- Өндірістің трансұлттануын жетілду жолдары

Ескерту –Автормен құрастырылған

Өндірістің трансұлттануы үшін немесе трансұлттық құрылымы дамуы үшін кез-келген бизнес келесідей кезеңдерден өтеді:

1. Ішкі нарықта үстемдік ету
2. Экспорттық қызмет жүргізу
3. Лицензия немесе тауар маркасын сату
4. Өкілетін орнату
5. Филиалын ашу
6. Бірнеше мемлекетте филалдарын ашу

Осылайша кез келген мемлекет өзінің инвестициялық саясатында өндірістік саясатты бірге алып жүруді көздеген абзал. Мемлекетімізде осы бағытта көптеген жұмыс бағдарламалар жасалды алайда олардың тиімді қызмет ету барысын анықтап талқылау уақыттың және біздің еншімізде. Мәселен «30 корпоративтік көшбасшы», «Қазақстандық үлес», «Кластерлік даму бағдарламалары» тағы басқаларды атауға болады.

Мәселен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қарашадағы № 1097 қаулысымен бекітілген «Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы» бағдарламасының негізгі көксегені мен алға қойған мақсаты осы Қазақстанның көшбасшы компанияларын әлемдік нарыққа шығуына жол ашу осы арқылы ұлттық экономикаға үлес қосу болып табылды [83]. Алайда аталмыш бағдармама 2009 және 2010 жылдарда қайта бекітіліп өзгерістер енгізілгенімен бүгінгі күні маңыздылығын жоғалтып отыр.

Қазіргі кезде KAZNEX агенттігі Қазақстан өндірісінің трансұлттануын үдетуші негізгі институт болмасада осының алғашқы бастамасы болатын экономикадағы табысты кәсіпорандардың экспорттық қызметін қолдаумен айналысады.

Қорытынды ретінде жалпы мемлекет өндірісінің трансұлттануы үшін мемлекет өндірістік даму саясаты мен бірге инвестициялық және сауда саясатын тығыз байланыстырып қараған жөн. Сонымен қоса осы үрдісте мемлекеттік даму институттарының да алар орындары ерекше аталып өтілмек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысын нәтижесінде келесідей қорытындылар жасауға болады:

1. Өндірістің трансұлттануы үрдісін зерттеулер түрлі теориялық мектептер мен бағыттардың өкілдерінің көзқарастары түрлі ағымдарының өкілдерімен жасалынды. Әрине, әрбір тиісті бағытқа және әртүрлі тарихи талаптарға сай өз басымдылықтары мен кемшіліктері бар. Барлық тұжырымдамалардың ортақ кемшілігі трансұлттық қызметті жандандыруды анықтайтын бір немесе бірнеше шешуші факторларды мүшелеуге ұмтылу болып саналады. Факторлардың мәні және олардың өзара ара салмағы өзгеріп тұрады, сол себепті барлық өзгерістерді бір кезеңде белгілеп отыру мүмкін емес. Біздің ойымызша өндірістің трансұлттануына басқаша көшқарас керек. Мәселен қазіргі ТҰК-лар жоғар технологияларға аса мән беретін және оны бәсекелік артықшылық ете алатын құрылымдар. Олар ұшып – қонған қаңбақ іспетті. Тұрақты орынсыз тек қай жерде тиімді экономикалық жағдай сол жерлерде мекендейтін дербес жаһандық экономикалық құрылымдарға айналуы.

2. Екіншіден осы трансұлттық құрылымдардан қазіргі заманға сай бірнеше негізгі тенденцияны атап өту керек. Ең алдымен әлемдік экономикада ТҰК мен құрылымдардың сандары мен активтерінің қарқынды өсуі жаһандық өндірістің трансұлттану үрдісін әлдеқайда жылдамдатты. Сонымен бірге дамушы және ӨКЭ елдер қатарынан әлемдік алпауыт ТҰК туындау тенденциясы әсіресе осы мемлекеттерде ұлттық компаниялардың трансұлттық құрылымдардың туындауына қолдаулар жасау ерекшеліктері.

3. Жалпы әлемдік және ұлттық экономикада трансұлттық корпорациялар арқылы ағылып жатқан тікелей шетел инвестицияларының сипаттамасының толық өзгеруі. Мысалы ретінде әлемдік экономиканың негізгі көрсеткіштері болып саналатын халықаралық өндіріс және әлемдік инвестициялық ағындары 2012 жылы 18% қысқарып 1,35 трлн. долларға жетті. Бұл құлдыраудың нәтижесі әлемдік экономиканың маңызды көрсеткіштері болып саналатын ЖІӨ, халықаралық сауда және еңбек нарықтары сияқты маңызды көрсеткіштерге де әсерін тигізбей қоймады. Мәселен, мұнда 1990 жылы әлемдік тікелей шетел инвестицияларының дамыған мемлекеттер 83 пайыз инвестицияларды өздерінің ұлттық экономикасына тартса және осы капитал қозғалысы көпшілігінде тек дамыған мемлекеттер арасында қарқынды ары-бері жүргізілген болса бұл сипат қазір 52 пайыз дамушы мемлекеттердің үлесінде. Өтпелі экономикалы мемлекеттер 2000 жылдан бастап 0,5%-дан 6,5% үлеспен көрінеді. Сәйкесінше дамыған мемлекет үлесінде тек 41% үлес. Яғни халықаралық капитал қозғалысының бетбұрысы дамушы және өтпелі кезеңдегі мемлекеттерге бағытталғанын айталамыз. Сонымен бірге Европа елдеріндегі қаржылық тұрақсыздықпен шығыс мемлекеттеріндегі саяси шиеленісте әлемдік капиталдың қозғалысына өз септігін тигізбей қоймай отыр. Ал қарқынды дамушы BRICS мемлекеттері (Бразилия, Ресей, Индия, ҚХР, Оңтүстік Африка) инвестор мемлекеттердің негізгі орны болды. Осы 5 елге ағылған ТШИ-лары

2000 жылдың жағдайымен 7 млрд.доллар болса 2012 жылы 145 млрд.доллар болып жаһандық инвестициялық көлемнің 10% қоржындарында қалдырды. Ал дамыған мемлекеттерге жалпы инвестициялар 32% төмендеп 561 млрд.доллар он жыл бұрынғы деңгейге жетуінің себебін Европа елдеріндегі бюджеттік тапшылықтармен байланыстарылады. Тіпті көптеген ТҰК-лар дамыған мемлекеттердегі филиалдарын жауып басқа мемлекеттерде ашуда.

4. Өндірістің трансұлттану көрсеткіштерінің есептелуі мен бағалануы. Әлемдік тәжірибеде барлық трансұлттық құрылымдарды қамту мүмкін болмаған соң тек активтері бойынша ең ірі ТҰК арқылы жалпы тенденцияны анықтайды. Біздің бағалауымыз бойынша ең ірі 100 ТҰК –дың трансұлттану индекстері тұрақты өсуде. Мысалы 2012 жылы TNI=61 болды. Яғни қызметтерінің 61 пайызы шетелдерде жұмыс жасайды, олар активтері, сатылу және жұмысшылар саны. Алайда 2000 – 2012 жылдар аралығында жалпы жұмысшылар саны 30 % ғана өскенде активтері 2 еселеген, яғни өндірістің трансұлттануы қабылдаушы жақтан гөрі негізгі мемлекеттерде активтерін ұлғайтудың басты бір жолы. Корпорация ірі болған сайын TNI жоғары болуға міндетті емес. Тіпті активтері бойынша ең ірі АҚШ-тың General Electric Co үшін TNI=52.5% болса келесі активтері әлдеқайда аз Royal Dutch Shell plc корпорациясы үшін TNI=76.6% болып әлдеқайда жоғары. Трансұлттану индексі ең жоғары көшбасшы болып тамақ өнімдерін өндіруші Бельгиялық «Anheuser-Busch InBev NV» компаниясы 97 пайызбен әлемдік орташа трансұлттанудан 36 пунктке жоғары яғни қызметтерінің 97 пайызын шетелде атқарады. Егер бұл индекс 100-ге тең болса ТҰК толығымен қызметтерін шетелдерде жүргізеді немесе керісінше 0-ге жақын болған сайын қызметтері өз мемлекетінде шоғырланған дегенді білдіреді.

5. Әлемдік көлемде тартылған шетел инвестицияларының сала бойынша құрылымына 1990-2012 жылдар аралығында аса көп өзгеріс кірген. Жалпылай алып көрсек 1990 жылы бастаушы сала үлесі 9.4 болса 2007 жылы 7.9 пайыз, 2012 жылы 6% болып түскен. Ал өндірістік саланың үлесіде сәйкес жылдарда 41 пайыздан 23.3 болып 18 пункт азайған. Ең көп өзгеріс үшінші яғни қызмет саласының маңыздылығы жоғарылаған. 1990 жылы 48.8 пайыз болса 2007 жылы 60.8 пайызға дейін 2012 жылы 63 пайызға дейін жалпы көлемнің жартысынан көбін иеленді. Яғни әлемде қызмет саласының дамуы басым болғандығын көрсетеді. Бұл тенденция дамыған және дамушы мемлекеттерге тартылған ағындада байқалады.

6. Қазақстан 2012 жылы тікелей шетел инвестицияларын ең көп тартушы 20 елдің қатарына 2011 жылмен салыстырғанда 9 пункт көтеріліп 14 млрд.доллармен 19 рейтингке кіруде еліміздің инвестициялық тартымдылығымен шетел инвесторларына деген жағымды инвестициялық климаты және ұлттық экономикасының тұрақты дамуын білдіреді. Сонымен қоса инвестор мемлекет ретінде кестенің оң жағында сыртқы мемлекеттерге инвестициялаушы елдер көрсетілген. 2012 жылы Қазақстан инвестор мемлекет ретінде 1,5 млрд.доллармен 45 орында тұрақтады. Тағы бір айтәкетерлік жай ол 1998 жылы әлемдік жалпы шетел инвестициясы көлемі 690 млрд.долларды

құраса ҚР-сы соның 0.17 пайызын иеленсе 2012 жылы 1350.9 млрд.доллардың 1.0 пайыз үлесі Қазақстан еншісіне тигені әлемдік деңгейде маңыздылығының сәлде болса артқанын көрсететін тағы бір дәлел.

7. Қазақстан Республикасына тікелей шетелдік инвестициялар ағынының тоқтаусыз өсу тенденциясы байқалады, 2008 жылдан кейін жылдық 20 млн.доллардан көп инвестициялар тартылуда. Ал 2012 жылы 28 мың млн.долларға дейін жетіп жиынтық 171 млрд.долларды құрады. 1993 жылы ел экономикасына тартылған 1271,4 млн.доллар ТШИ-ларының 72,5 пайызы кен өндіру өнеркәсібіне тартылған. Ал 2000 жылы бұл көрініс аса көп өзгеріс таппай 73,2 пайызды құрады. Алайда соңғы 5 жылда басқа салалардың да үлестері арта бастады, мәселен 2012 жылы кен өндіру 19 %, көтерме сауда, ақпарат байланыс және қаржылық сақтандыру салаларына әрқайсысы шамаман 10 %, ғылыми және техникалық қызметтер 33 % дейін үлестері арта бастады. Алайда осы аталмыш ғылыми және техникалық қызметтердің 80 пайызы геологиялық барлаулар мен ізденістер бойынша қызметтерге жататынын айта кету керек. Яғни тікелей шетел инвестициялары әліде болса инвестициялардың келу бағытын толық өзгерте алмай отырмыз.

8. Тіпті Қазақстан Республикасының шикізаттық емес секторына инвестицияларды тарту туралы мемлекеттік жоспарында әлемнің 159 ТҰК – ларын тарту жоспарланған. Бейресми деректер бойынша Қазақстан экономикасында 2000 – нан аса ТҰК филиалдары орналасқан. Алайда тағы бір айтқандерлік жағдай ол әлемнің ең ірі 100 ТҰК –ларының 45 Қазақстан экономикасында жұмыс жасайды. Ұйымдастырушылық формалары да әртүрлі олар филиалдарын ашу немесе басқа формаларда мысалы үкіметпен келісім, екі жақты келісім шарттар бойынша, өкілетті кәсіпорын, бірлескен кәсіпорындар, дистрибьютерлер т.б. Бұлда ұлттық мүддемізді қорғауда қалт жіберуге болмайтын бір жағдай. Сонымен қоса Эксперт аналитикалық агентінің деректеріне сүйенсек сату көлемі бойынша Қазақстандағы ең ірі 20 компанияның тізімі берілген. Мұнда 10 мұнай компаниялары ал жалпы 15 шетелдік компаниялардың филиалдары немесе өкілеттері екендігін көруге болады. Бұлда әліде болса ел экономикасында шетелдік өндірістің үстемдігін көрсетеді.

9. Біз осы зерттеуімізде Алфароның қағидасын ұстанып БҰҰ нұсқауы бойынша салаларды жіктеп келесідей эконометрикалық модель құрастырдық. Бастапқы (primary) салаға ауыл шаруашылығы, кен өндіру және шикізаттық сала қамтылады. Өңдеуші салада өңдеу өнеркәсібі толық қамтылса қызмет көрсетуде аты айтып тұрғандай қызметтің барлық түрлері. Біз моделіміздің тиімділігін арттыру мақсатында есептеуде ос жоғарыда аталған көрсеткіштердің салыстырмалы көрсеткіші ретінде жұмыс күші қатынасына шаққандағы деңгейімен алдық. Яғни әрбір жұмыс күшіне шаққанда. Мұнда шығатын қортынды, жалпы модель бойынша статистикалық мәндері $R^2=0.96$, Стандарттық қате деңгейі $=0.17$. Модельдің мәні ретінде әрбір жұмысшыға салынатын ТШИ 1% өсуі жалпы ЖІӨ осындай қатынасын немесе еңбек өнімділігін 0.18% азайтады. Ал өңдеу өнеркәсібі бойынша әрбір жұмыс күшіне

салынған инвестициялар әрбір жұмысшының үлесіндегі ЖІӨ –ді 0.14% және сәйкесінше қызмет көрсету саласынан 0.54% өседі. Яғни капитал сыйымдылығы жоғары салалар экономиканың өсуіне оң ықпалын ғана емес қарқынды түрде жағымда әсер ететінін аталамыз. Сондықтанда болар еліміздің инвестициялық және өндірістік даму стратегиясын үйлестіру, тығыз қатынаста жұмыс жасау абзал.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мадиярова Д.М. *Внешнеторговая деятельность Республики Казахстан: теория, методология и практика ориентации в условиях глобализации мирохозяйственных связей.*// Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора экономических наук по специальности 08.00.14 – Мировое хозяйство и международные экономические отношения. Алматы, 2004
- 2 Хойч А., “Тікелей шетел инвестициясының әлемдік тенденциясы”, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ-2008: Жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының материалдар жинағы.-Астана, 2008.-2 бөлім. 235-237б.
- 3 Hymer S. [1960] *The International Operations of National Firms: A Study of Direct Foreign Investment.* Ph.D. Thesis. — Cambridge, MA: MIT Press, 1976.
- 4 Koyima K. *Direkt Foreign Investment.* L. 1978.
- 5 Kindleberger C.P., “*International Business Abroad*”, Yale university Press, New Haven, 1969.
- 6 P.Hirst, G.Thompson: “*Globalization in question. The international Economy and the Possibilities of Governance*”, Cambridge 1966.
- 7 Penrose E.T., *The theory of the Growth of the firm.* Oxford: Blackwell, 1959.
- 8 Dunning J.Y. *Multinational Enterprises in the 1970*// *European Merger control* / Ed. By Hopt K.J., European University Institute- Berlin, N.Y., 1982-Vol 1.
- 9 Vernon R. G. *International Investment and International Trade in the Product Cycle* // *Quarterly Journal of Economics*, May 1966. — № 80. -P. 190-207.
- 10 Mainardi S. *An Appraisal of Different Theoretical Approaches and International Trade*// *Riv. Intern di Scieze Econ. e Commerciali Milano*, 1987. - Vol.34, #5, p452
- 11 Фишер П. *Прямые иностранные инвестиции для России: стратегия возрождения промышленности.* М: Финансы и статистика, 1999. 28б.
- 12 Aliber R.Z., “*A theory of foreign investment*”. *The international corporation*, Cambridge, MIT press,1970, pp17-34
- 13 Rugman A.M.. “*Inside the multinationals: The Economics of Internal markets*”, Columbia University Press, New York, 1981.
- 14 Knickerbocker F.T., *Oligapolistic reaction and multinational Enterprise*// Harvard business School Press. Boston. 1978.
- 15 Coase R., “*The nature of the firm*”, *Economica*, London, Allen and Unwin, pp 331-51
- 16 Медведков С. Ю. *Транснациональные корпорации и обострение капиталистических противоречий.* М., 1982.
- 17 Грязнов Э.А. *КТНК в России. Позиции крупнейших в мире транснациональных корпораций в российской Экономике.* М.: ОООФирма «Инфограф»; 2000. 14б.
- 18 *Multinationals and the Restructuring the World Economy.* (Ed. by Taylor M. Trift N. L., etc. Groom Helm, 1986. - VIII - (The Geography of Multinational; Vol.2) 389p
- 19 Kojima K., Ozawa R. *Micro- and Macroeconomics Models of Direct Foreign*

- Investment: Towards a Synthesis// Hitotsubashi J. of Economists. Tokyo, 1984. - Vol.25, #1 p, 1-20
- 20 Dunning J.H., "International production and Multinational enterprise", Allen and Unwin, London, 1981.
- 21 Reinelli M. Firmes Multinationales et Structures de Marche P., 1989. p105-106.
- 22 Dunning J.H. Multinationals, Technology and Competitiveness. L. etc.: UnwinHuman, 1988. - XX
- 23 Портер М. Международная конкуренция: Пер с англ. / Под ред. и с предисловием В.Д. Щетинина. -М.: Международные отношения, 1993.
- 24 Schneider F., Frey B. Economic and Political Determinants of Foreign Direct Investment // World Development. Oxford, 1985. - Vol.13 #2
- 25 Nigh D., Schollhammer H. Foreign Direct Investment, Political Conflict and Cooperation: the Assymetric Response Hypothesis // Managerial and Decision Economists. Philadelphia, 1987. - Vol.8, #4 p309
- 26 Ting W. Multinational Risk Assessment and Management: Strategies for Investment and Marketing Decisions. N.Y. etc. Quning Books, 1988. - XVI. p 2.
- 27 Ohlin B. "Interregional and international trade". 1967 edition. Cambridge, Harvarduniversity.
- 28 Nurkse R. Causes and Effects of Capital Movements// In Dunning J. H., ed. InternationalInvestment. — Harmondsworth: Penguin, 1972. - P. 97 -116.
- 29 Iversen C. International Capital Movements. — London: Frank Cass, 1967.
- 30 Mundell R. A. International Trade and Factor Mobility // AmericanEconomic Review, 1957. — Ns 47. — P. 321—335.
- 31 Buckley Peter J. Foreign Direct Investments and Multinational Enterprises. - Macmillan Press LTD, L., 1995.
- 32 Caves Richard E. Multinational Enterprises and Economic Analysis. Second Edition Cambridge University Press, 1996, N.Y., USA . p 23 p 108-109
- 33 Империи финансовых магнатов (транснациональные корпорации в экономике и политике империализма). Отв. редактор д.э.н. И.О.Иванов.- М: Мысль, 1988
- 34 Широков Г.К. Парадоксы эволюции капитализма. (Запад и Восток). -М.: Институт востоковедения РАН, 1998, б155
- 35 Правила рынка: инвестиции, транснациональные корпорации. Под ред. В.Д.Щетинина, М: Международные отношения.-1997, Щетинина В.Д., Роль транснациональных корпораций в мировом хозяйстве и их воздействие на международную конкуренцию /Politeconom 1997 №3-4
- 36 Белоус ТЛ. Транснациональные компании Запада в условиях глобализации.// Глобализация мирового хозяйства и место России / Отв. редактор В.П.Колесов, М.Н.Осьмова. М: Экономический факультет МГУ, ТЕИС, 2000. б 139
- 37 Мовсесян А.Г. Философия транснационализации // Вестник академии. М: Финансы и статистика,-2000г. №3, б-37
- 38 Buckley P.J., Casson M. The Economic Theory of the Multinational

- Enterprise: Sel. Papers L.: Basingstoke; Macmillan, 1985. - XII
- 39 Современный капитализм: хозяйственный механизм и НТП / С.М.Никитин, В.М.Усокин, А.А.Дынкин и др. М: Наука, 1989. б-169.
- 40 Вафина Н.Х. Транснационализация производства в свете теории самоорганизации экономических систем: Монография М.: Финансовая академия при Правительстве РФ; Казань: Издательство КГФЭИ, 2002.
- 41 Земцов А. Фракталы в бизнесе // Финансовый бизнес, -1995г №8
- 42 Шмелев А.Г. Продуктивная конкуренция. Опыт конструирования объединительной концепции М.: ИЧП «Издательство Магистр», 1997.
- 43 WIR 2005
- 44 Блази Дж Р., Круз Д.Л. Новые собственники (наёмные работники — массовые собственники акционерных компаний) Пер. с англ. М.: Дело Лтд, 1995
- 45 J.H. Dunning: Multinational Enterprises and the Global Economy, Wokingham 1992, p.3.
- 46 H.V. Perlmutter, D.A. Heenan, Multinational Organization Development, Reading 1979. p16.
- 47 D. Sullivan, Measuring the Degree of Internationalization of a firm, Journal of International Business Studies, 1994, Vol.25, No. 2, p331.
- 48 C. Bartlett, S. Ghoshal, Managing across Borders. The transnational Solution. Boston. 1989.
- 49 R. Schmidt, Measuring the internationalization of enterprises, Berlin 1981, pp57-70.
- 50 G. Ietto-Gillies. “Different Conceptual Frameworks for the Assessment of the degree of internationalization”, Transnational corporations, 1998, Vol.7, pp17-39.
- 51 WIR 1998. 43p. WIR 2004. 37-38p.
- 52 WIR 1995. New York
- 53 Хойч А., “Шетел инвестицияларын тарту қабылдаушы мемлекеттің экономикалық дамуына ықпал етуі”, ХАБАРШЫ. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2009.- №3 (70).- 373-376б.
- 54 Байжолова Р.А., Жаһандану және ұлттық еңбек нарығы: өзара байланысы мен жұмыспен қамтылу мәселесі, 2012, 236.
- 55 Долгов С.И. Глобализация экономики: новое слово или новое явление? М.: Экономика, 1998
- 56 Alan M. Rugman, 2007, Yale University Press. “Multinationals and development”.
- 57 Хойч А., “Әлемдік тәжірибеде: трансұлттық компаниялардың эволюциясы, даму кезеңдері”, ҒЫЛЫМ ЖАРШЫСЫ. Экономика және техникалық ғылымдар томтамасы.- Астана: С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, 2011.- № 1 (68). 54-59б.
- 58 Егізбаева Ж.Т., Мұнай компанияларының экономикалық қауіпсіздікке әсерін бағалау., Алматы. 2011. б.31.
- 59 World Investment Report 2011: Non-Equity Modes of International Production and Development— UNCTAD, NY and Geneva, 25б.

- 60 Хойч А., “Трансұлттық корпорациялардың қазіргі даму тенденциясы”, ХАБАРШЫ. – Астана: Еуразия гуманитарлық институты, 2012.-№ 1-2.-69-73б.
- 61 World Investment Report 2010: Investing in a Low-Carbon Economy– UNCTAD, NY and Geneva, 266., 148
- 62 UN, 2007, “World Investment Report”.
- 63 Law No.65, 10 December 2010.
- 64 Government press release, 23 November 2010.
- 65 Law on State Property, No. 413-IV, of 1 March 2011.
- 66 Ministry of Industry and Commerce, Ministry of Economic Development and Ministry of Finance, Joint Order No.678/1289/184Н, 24 December 2010.
- 67 Decree No. 7.394, 27 April 2010; Decree No. 7.700, 4 October 2010; Decree No. 7.713, 10 October 2010; Decree No. 7.751, 26 October 2010.
- 68 WIR 1998. 43р. WIR 2004. 37-38р.
- 69 Хойч А., “Әлемдік ең ірі трансұлттық корпорациялар және олардың трансұлттану тенденциялары”, ҚАЗАҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАЛАРЫ.-Астана, -2012.-№ 1-2.- 211-215 б.
- 70 Постановление № 1 - 206 от 21 марта 1997 года “Об утверждении Рамочного контракта о государственной поддержке и предоставления мер стимулирования инвестору, осуществляющему инвестиционную деятельность в приоритетные сектора экономики РК”
- 71 Указ Президента РК от 5 апреля 1997 г. №3444 «Об утверждении перечня приоритетных секторов экономики РК для привлечения прямых отечественных и иностранных инвестиций
- 72 Куанышбаев Б. Приток иностранных инвестиций в экономику Казахстана, пути их привлечения //Экономика Казахстана. – 1997, сентябрь,
- 73 Дюсенова Г. Инвестиционный аспект в увеличении экспортного потенциала национальной экономики \ \ Экономика Казахстана. – 1997. сентябрь – с.63
- 74 <http://www.ncoc.kz/ru/ncoc/co-venturers.aspx>
- 75 <http://www.kpo.kz/parent-companies.html?&L=2>
- 76 http://www.tengizchevroil.com/ru/about/the_tco_field.asp
- 77 Ручкина Г.Ф. Инвестиционная деятельность: проблемы и перспективы развития // Гарантии прав физических и юридических лиц в Российской Федерации: сб. материалов международной конференции. – М.: Российский государственный гуманитарный университет, 2004. С. 1
- 78 Казахстан Сегодня , Алматы. 11 декабря 2009
- 79 Сэнтеш Т . Третий мир: проблемы развития. Прогресс. 2005 г.
- 80 Borenztein, E., De Gregorio, J. and Lee, J.-W. (1998). “How does foreign direct investment affect economic growth”, *Journal of International Economics*, 45: 115-135.
- 81 Balasubramanyam, V. N., Salisu, M., and Sapsford, D., (1996), “Foreign direct investment and growth in EP and IS countries”, *Economic Journal* 106: 92–105.
- 82 Alfaro, L. (2003), “Foreign direct Investment and growth: Does the sector matter?”, Harvard University, Harvard Business School, Working Paper.

- 83 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қарашадағы № 1097 қаулысымен бекітілген «Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы» бағдарламасы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/R080000224>
- 84 ҚР СА деректер базасы www.stat.kz
- 85 ҚР ҰБ деректер базасы www.nationalbank.kz
- 86 UNCTAD, FDI/TNC деректер базасы www.unctad.org/fdistatistics
- 87 Халықаралық валюталық қоры деректер базасы www.imf.org
- 88 Әлемдік банк деректер базасы www.worldbank.org

ҚОСЫМША А

Әлемдік ең ірі қаржылық емес 100 ТҮК Қазақстан экономикасында

№	ТҮК	Негізгі мемлекеті	Саласы	Қазақстандағы өкілеті	TNI ^b (Per cent)
1	ArcelorMittal	Luxembourg	Metal and metal products	АҚ "АрселорМиттал Темиртау"	76,7
2	BAE Systems plc	United Kingdom	Aircraft	ЖШС "BAE SYSTEM Kazakhstan"	41,7
3	BASF SE	Germany	Chemicals	ЖШС "БАСФ Центральная Азия"	78,4
4	BG Group plc	United Kingdom	Electricity, gas and water	Үкіметпен келісімшарт	57,1
5	BMW AG	Germany	Motor vehicles	«Астана Моторс» ресми дистрибьютор	87,4
6	BP plc	United Kingdom	Petroleum expl./ref./distr.	ЖШС "BP Kazakhstan"	54,5
7	Caterpillar Inc	United States	Construction	«Катерпиллар С.А.Р.Л.» өкілеті	91,5
8	Chevron	United States	Petroleum expl./ref./distr.	Chevron Eurasia Business Unit	
9	China National Petroleum Company	China	Petroleum expl./ref./distr.	АО "СНПС-Актобемунайгаз"	
10	CITIC Group	China	Diversified	Үкіметпен келісімшарт	71,4
11	ConocoPhillips	United States	Petroleum expl./ref./distr.	Үкіметпен келісімшарт	54,1
12	Dow Chemical Company	United States	Chemicals	"Дау Юроп ГмбХ" ТМД өкілеті	49,6
13	EADS N.V.	France	Aircraft	EADS Kazakhstan келісімшарт	35,4
14	Enel SpA	Italy	Electricity, gas and water	Келісімшарт	60,3
15	Eni SpA	Italy	Petroleum expl./ref./distr.	ЖШС "Agip Caspian Sea B.V."	34,0
16	Exxon Mobil Corporation	United States	Petroleum expl./ref./distr.	"Exxon Mobil Kazakhstan Inc." танытушы компания	71,9
17	General Electric Co	United States	Electrical & electronic equipment	ЖШС "Lokomotiv-Leasing"	46,1
18	Hewlett-Packard Co	United States	Electrical & electronic equipment	Hewlett-Packard ресми өкіл	36,4
19	Hitachi Ltd	Japan	Electrical & electronic equipment	«Астана Моторс» ресми дистрибьютор	58,9
20	Honda Motor Co Ltd	Japan	Motor vehicles	ЖШС "ВостокАвтоМоторс" ресми дистрибьютор	58,3
21	Hutchison Whampoa Limited	Hong Kong, China	Diversified	Үкіметпен келісімшарт	62,1
22	Hyundai Motor Company	Korea, Republic of	Motor vehicles	ЖШС «Hyundai Auto Kazakhstan»	73,3
23	Johnson & Johnson	United States	Pharmaceuticals	"ІНСС" партнер компания	68,1
24	Kraft Foods Inc	United States	Food, beverages and tobacco	ЖШС "Kraft Foods Kazakhstan"	59,2
25	Mitsubishi Corporation	Japan	Wholesale trade	ЖШС «Риком-Каз» - ресми дистрибьютор	64,8

Қосымша А – жалғасы

26	Mitsui & Co Ltd	Japan	Wholesale trade	«Астана Моторс» ресми дистрибьютор	89,5
27	Nestlé SA	Switzerland	Food, beverages and tobacco	ЖШС «Нестле Фуд Казахстан»	77,5
28	Nissan Motor Co Ltd	Japan	Motor vehicles	«Астана Моторс» ресми дистрибьютор	82,5
29	Nokia OYJ	Finland	Electrical & electronic equipment		55,2
30	Procter & Gamble Co	United States	Diversified	ЖШС "Procter & Gamble Kazakhstan"	83,3
31	Renault SA	France	Motor vehicles	Дилерлік компания	30,7
32	Royal Dutch Shell plc	Netherlands/United Kingdom	Petroleum expl./ref./distr.	Шелл Казахстан Девелопмент Б.В. Өкілеті	53,0
33	Samsung Electronics Co., Ltd.	Korea, Republic of	Electrical & electronic equipment	Samsung Electronics ресми өкілет	50,4
34	Sanofi-Aventis SA	France	Pharmaceuticals	ЖШС «Санofi- авентис Казахстан»	87,6
35	Schlumberger Ltd	United States	Other consumer services	ЖШС "Шлюмберже"	56,4
36	Siemens AG	Germany	Electrical & electronic equipment	ЖШС "Siemens"	82,0
37	Sony Corporation	Japan	Electrical & electronic equipment	Ресми өкілі	44,2
38	TeliaSonera AB	Sweden	Telecommunicati ons	Келісімшарт	85,7
39	The Coca-Cola Company	United States	Food, beverages and tobacco	ЖШС Coca-Cola Almaty Bottler	88,9
40	ThyssenKrupp AG	Germany	Metal and metal products	ThyssenKrupp Group Representative Office	37,7
41	Total SA	France	Petroleum expl./ref./distr.	ЖШС "Total E&P Kazakhstan"	36,9
42	Toyota Motor Corporation	Japan	Motor vehicles	«MERCUR AUTO» ресми дистрибьютор	52,6
43	Unilever PLC	Netherlands/United Kingdom	Diversified	ЖШС Unilever PLC	51,4
44	Vodafone Group Plc	United Kingdom	Telecommunicati ons	ЖШС Vodafone Group Plc	87,0
45	Volkswagen Group	Germany	Motor vehicles	«MERCUR AUTO» ресми дистрибьютор	74,7

2010-2014 жылдарында Қазақстанға инвестиция тартуға жоспарланған ТҰК- лар (78 компания)

Мұнай өнімдерін өндіру	Металлургия және металл өнімдері	Химия	Ауыл шаруашылық өнімдері	Машина және машина құралдары	Резина және пластика	Көмірсутегі, энергетика	Жеңіл өнеркәсіп
<ul style="list-style-type: none"> - Corporation Repsol YPF - Idemitsu Kosan - British Gas Group - SASOL - ExxonMobil - Total - Royal Dutch Shell - BP - CNPC - Chevron 	<ul style="list-style-type: none"> - Vedanta Resources - Alcoa - Norsk Hydro - Rio Tinto Group - Techint - Alcan - ArcelorMit - POSCO - Thyssen Krupp - Rusal 	<ul style="list-style-type: none"> - Air Liquide Group - AkzoNobel - BASF - Royal Dutch Shell - Dow Chemical - BP - Mitsubishi Corp - SABIC - Total - Bayer 	<ul style="list-style-type: none"> - Heineken - Charoen Pokphand Group - PepsiCo - Altria Group - SABMiller - Diageo - Cargill - Smithfield foods - Coca Cola - Nestle 	<ul style="list-style-type: none"> - Liebherr - Sandvik - Danieli - Siemens - Caterpillar - ABB - Deere & Co - Komatsu 	<ul style="list-style-type: none"> - Michelin - Bridgestone - Pirelli - Continental - Goodyear - Yokohama Rubber - SABIC - Sumitomo Group - GE - Bayer 	<ul style="list-style-type: none"> - E.On - RWE - Vattenfall' - GDF SUEZ - ESB - OMV - AES - Enel - Sumitomo Group - EDF 	<ul style="list-style-type: none"> - Inditex - H&M - Mango - Adidas - LVMH Group - VF Corporation - New Yorker - Geox - Marks & Spencer - C&A

2015-2020 жылдарында Қазақстанға инвестиция тартуға жоспарланған ТҰК- лар (81 компания)

Транспорт	Құрылыс және құрылыс материалдарын өндіру	Тұтынушылық электроника	Биотехнология	Қаржылық қызметтер	Фармацевтика	Ақпараттық технологиялар	Альтернативті энергетика
<ul style="list-style-type: none"> - Gazprom - Deutsche Post - FedEx - DP World - UPS - TNT - AP Moller- Maersk - Nippon Yusen Kabushiki Kaisha - Mitsui OSK Lines - ExxonMobil 	<ul style="list-style-type: none"> - Italcementi - Orascom Group - Knauf - Cimpor-Cimentos Portugal - Weinerberger - Lafarge - Saint-Gobain - Holcim - Heidelberg - Cement - Cemex 	<ul style="list-style-type: none"> - Videocon Industries - LG - Electrolux Group - Whirlpool - SVA - Fresh Electric Home Appliances - BSH - Panasonic - Sony - Samsung 	<ul style="list-style-type: none"> - Ovaris - Genzyme - Lonza Group - Pfizer - Merc KGA - Abbott Laboratories - Abraxis BioScience - Creative Choice Group - OriGene - Johnson & Johnson 	<ul style="list-style-type: none"> - HSBC - Standard Chartered Group - Citigroup - DBS Group - Societe Generale - New York Life Insurance - Barclays - Allianz Group - Bank of East Asia - BNP Paribas 	<ul style="list-style-type: none"> - Novartis - Merck & Co - GlaxoSmithKline - Pfizer - Sanofi-Aventis - Eli Lilly & Co - Novo Nordisk - AstraZeneca - Roche Group - Amgen 	<ul style="list-style-type: none"> - ViaWest - Telmex - Atos Origin - Fraunhofer-Gesellschaft - Wataniya Telecom - Integra Telecom - Equinix - Millicom Int Cellular - Harris - Telefonica 	<ul style="list-style-type: none"> - Duke Energy - E.On - RWE Group - Energias de Portugal - Endesa - Dong Energy - Areva Group - Iberdrola - Enel - EDF

Сату көлемі бойынша Қазақстандағы ең ірі 100 компаниялар рейтингі:

ҚОСЫМША Б

2012	Компания	Саласы	Сату көлемі 2011 ж. (млн тенге)	Сату көлемі 2010 ж. (млн тенге)	Өсу қарқыны (%)	Сату көлемі 2011 ж. (млн долл)	Салыққа дейінгі пайда көлемі 2011 ж (млн тенге)	Таза пайда 2011 ж. (млн тенге)
1	ФНБ "Самрук-Казына"	көп салалы холдинг	4 402 926	3 609 215	22	30 030	686 021	330 035
2	ЖШС "Тенгизшевройл"	мұнай және мұнай-газ өнеркәсібі	3 706 864	2 624 069	41	25 282	1 977 593	1 384 315
3	ENRC	Тау кен өнеркәсібі	1 129 707	973 247	16	7 705	403 938	289 428
4	Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.	мұнай және мұнай-газ өнеркәсібі	1 054 370	730 452	44	7 191	799 271	533 957
5	АҚ "ПетроКазахстан"	мұнай және мұнай-газ өнеркәсібі	727 946	504 240	44	4 965	239 050	138 410
6	АҚ "СНПС-Ақтобемұнайгаз"	мұнай және мұнай-газ өнеркәсібі	691 398	487 091	42	4 716	226 356	151 532
7	АҚ "Мангистаумұнайгаз"	мұнай және мұнай-газ өнеркәсібі	594 669	424 213	40	4 056	208 619	157 345
8	Корпорация Kazakhmys Plc	Тау кен өнеркәсібі	522 407	476 972	10	3 563	237 964	136 357
9	АҚ "АрселорМиттал Темиртау"	Тау кен өнеркәсібі	416 136	320 766	30	2 838	84 254	68 306
10	ЖШС "СП "Казгермұнай"	мұнай және мұнай-газ өнеркәсібі	345 179	224 966	53	2 354	147 226	92 204
11	ЖШС "Казцинк"	Тау кен өнеркәсібі	323 906	265 624	22	2 209	65 852	50 457
12	АҚ "Казкоммерцбанк"	банктік қызмет	270 799	312 489	-13	1 847	31 177	20 877
13	ЖШС "Санойл"	Сауда	241 697	н/д	-	1 648	н/д	н/д
14	АҚ "Тургай-Петролеум"	мұнай және мұнай-газ өнеркәсібі	237 688	202 814	17	1 621	110 183	77 574
15	АҚ "Народный Банк Казахстана"	банктік қызмет	206 988	213 608	-3	1 412	48 019	39 391
16	АҚ "Каражанбасмұнай"	мұнай және мұнай-газ өнеркәсібі	201 016	136 208	48	1 371	49 100	31 312
17	АҚ "Kcell"	телекоммуникация және байланыс	178 786	149 447	20	1 219	н/д	67 395
18	ЖШС "КазРосГаз"	мұнай және мұнай-газ өнеркәсібі	160 390	174 852	-8	1 094	н/д	78 955
19	ЖШС "ЕР САЙ Каспиан Контрактор"	инжиниринг	137 481	106 023	30	938	н/д	н/д
20	ЖШС "Каракудукмұнай"	мұнай және мұнай-газ өнеркәсібі	137 369	100 625	37	937	60 882	36 461

ТШИ-лары мен халық саны: Джини коэффициент

	FDI	Population	% FDI	% Pop	Cum FDI	Cum Pop	Total
Қазақстан Республикасы	1377448	16204617,0					
Ақмола	5866	735135	0,000	0,045	0,000	0,000	0
Ақтөбе	56720	763589	0,003	0,047	0,003	0,002	5,07657E-06
Алматы	13664	1836563	0,001	0,113	0,003	0,066	0,000215285
Атырау	836323	520982	0,039	0,032	0,039	-0,081	-0,003187719
Батыс Қазақстан	142612	603858	0,007	0,037	0,045	0,005	0,000231277
Жамбыл	1674	1034624	0,000	0,064	0,007	0,027	0,00017718
Қарағанды	65683	1346938	0,003	0,083	0,003	0,019	5,99687E-05
Қостанай	4054	883365	0,000	0,055	0,003	-0,029	-9,21577E-05
Қызылорда	40493	689038	0,002	0,043	0,002	-0,012	-2,46775E-05
Маңғыстау	109232	503265	0,005	0,031	0,007	-0,011	-7,92916E-05
Оңтүстік Қазақстан	12022	2511698	0,001	0,155	0,006	0,124	0,00069423
Павлодар	21372	744363	0,001	0,046	0,002	-0,109	-0,000168243
Солтүстік Қазақстан	414	592746	0,000	0,037	0,001	-0,009	-9,4162E-06
Шығыс Қазақстан	12239	1398219	0,001	0,086	0,001	0,050	2,90532E-05
Астана қаласы	11566	649139	0,001	0,040	0,001	-0,046	-5,08331E-05
Алматы қаласы	43514	1391095	0,002	0,086	0,003	0,046	0,000116499
	1377448	16204617	1,000	1,000			-0,002083768
	GINI coefficient						1,00

Негізгі капиталға салым және халық саны: Джини коэффициент

	Investment	Population	% inv	% Pop	Cumulative	Cumulative	Total
Қазақстан Республикасы	4653528	16204617,0					
Ақмола	106864	735135	0,023	0,045	0,000	0,000	0
Ақтөбе	364496	763589	0,078	0,047	0,101	0,002	0,000178
Алматы	306605	1836563	0,066	0,113	0,144	0,066	0,009549
Атырау	1105401	520982	0,238	0,032	0,303	-0,081	-0,02463
Батыс Қазақстан	233599	603858	0,050	0,037	0,288	0,005	0,001472
Жамбыл	146797	1034624	0,032	0,064	0,082	0,027	0,002173
Қарағанды	211085	1346938	0,045	0,083	0,077	0,019	0,001482
Қостанай	120850	883365	0,026	0,055	0,071	-0,029	-0,00204
Қызылорда	246867	689038	0,053	0,043	0,079	-0,012	-0,00095
Маңғыстау	372039	503265	0,080	0,031	0,133	-0,011	-0,00152
Оңтүстік Қазақстан	262595	2511698	0,056	0,155	0,136	0,124	0,016903
Павлодар	185492	744363	0,040	0,046	0,096	-0,109	-0,0105
Солтүстік Қазақстан	51203	592746	0,011	0,037	0,051	-0,009	-0,00048
Шығыс Қазақстан	144670	1398219	0,031	0,086	0,042	0,050	0,002092
Астана қаласы	396557	649139	0,085	0,040	0,116	-0,046	-0,00538
Алматы қаласы	398408	1391095	0,086	0,086	0,171	0,046	0,007822
	4653528	16204617	1,000	1,000			-0,00383
	GINI coefficient						1,00

ЖІӨ мен халық саны: Джини коэффициент

	GDP	Population	% GDP	% Pop	Cumulative	Cumulative	Total
Қазақстан Республикасы	21647666	16204617,0					
Ақмола	577157,1	735135	0,027	0,045	0,000	0,000	0
Ақтөбе	1151446,5	763589	0,053	0,047	0,080	0,002	0,000140213
Алматы	977886,6	1836563	0,045	0,113	0,098	0,066	0,006513028
Атырау	2791960,7	520982	0,129	0,032	0,174	-0,081	-0,014138115
Батыс Қазақстан	1042029	603858	0,048	0,037	0,177	0,005	0,000905795
Жамбыл	453896,5	1034624	0,021	0,064	0,069	0,027	0,001836968
Қарағанды	1844649,9	1346938	0,085	0,083	0,106	0,019	0,002046421
Қостанай	860486,4	883365	0,040	0,055	0,125	-0,029	-0,003574847
Қызылорда	840779,7	689038	0,039	0,043	0,079	-0,012	-0,000942444
Маңғыстау	1422875,3	503265	0,066	0,031	0,105	-0,011	-0,00119879
Оңтүстік Қазақстан	1135902,8	2511698	0,052	0,155	0,118	0,124	0,014650084
Павлодар	1077965,7	744363	0,050	0,046	0,102	-0,109	-0,011153749
Солтүстік Қазақстан	456904,5	592746	0,021	0,037	0,071	-0,009	-0,000663391
Шығыс Қазақстан	1269612,5	1398219	0,059	0,086	0,080	0,050	0,00396435
Астана қаласы	1796679,1	649139	0,083	0,040	0,142	-0,046	-0,006547746
Алматы қаласы	3947433,7	1391095	0,182	0,086	0,265	0,046	0,0121493
	21647666	16204617	1,000	1,000			0,003987078
	GINI coefficient						0,99